

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ

Абасилов А. М.

Мұстафа Шоқай естелігінің тілдік және стилдік ерекшелігі.....12

Абдирасилова Г. Қ.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелеріндегі
біріккен сөздердің орфограммасы.....24

Абдирасилова Г. Қ., Дүйсенова Ш. Д.

Латын графикасына өту жағдайындағы кірме сөздердің орфограммасы....33

Ағалиева Н. Б., Құралқанова Б. Ш., Қадырова Б. М.

С. Әбенев шығармашылығының тақырыптық-идеялық ерекшелігі42

Ағалиева Н. Б., Ж. Арқалық М. М. Ж.

Қазақ әдебиетінде Роза Мұқанованың алатын орны53

Ақтанова А. С., Аймухаметова Н. Ж.

«Абай жолы» романындағы Абай бейнесіндегі «Толық адам» концептісі ...62

Ақтанова Ш. С., Еспенбетов А. С.

Э. Хемингуэй романдарындағы «Жоғалған ұрпақ» мәселесі.....73

Алимбаева А. Т., Таева Р. М., Таубаев Ж. Т.,

Оңғарбаева М. С., Дайрабекова Г. К.

Мерзімді басылымдардағы ағылшын тілінің
академиялық лингва франка ретінде қарастырылуы84

Анесова А. Ж., Сахариева А. Ж., Анесова Г. Ж.

Қазақстандық саяси дискурстың лингвистикалық ерекшеліктері.....94

Атабаева М. С., Салихова С. К.

Су нысаны атаулары мазмұнындағы ұлттық дүниетаным көріністері.....102

Аязбаева Б. К., Серикова М. К., Рымкулова Ж. Н.

Оқулықтың шығармашылық жаттығулар негізінде коммуникативтік
күзінеттілікті қалыптастыру туралы..... 111

Әбдірасилова А., Рустемова Ж. А.

Ислам дәуірі әдебиетіндегі адам мәселесі.....121

Балмагамбетова Ж. Т., Кәрімбек А. Е.

Туризм саласындағы терминдердің қалыптасу ерекшеліктері.....129

Беркинбаева Г. О., Ильясоева Н. Ә.

Қазақ және ағылшын лингвистикасындағы
салыстырымдық синтагмаларды зерттеудің заманауи мәселелері.....140

Боранкулова Б. Е.

Медициналық мәтіндерді аударуға қажетті кәсіби күзінеттіліктер149

Гурсу У., Шахажанова Г. К.

Ғалым С. Қасқабасовтың қазақ мифі туралы зерттеулері.....158

Ермекова Т. Н., Молдағали Б.

Ұлттық сананы жаңғырту арқылы емле ережелерін түзудің маңызы166

Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф.

Окказионал метафоралардың тілдік табиғаты.....174

Жумабекова Г. А., Муталиева Р. М. Әбіш Кекілбай көсемсөзіндегі қазақ тілі мәселелері	184
Жұмабекова Ф. Б., Головчун А. А. Қашқынбекова А., Еркімбаев Т., Габдрахман А. Жағдайлық модельдеудің технологиясына негізделген шетел тілінің болашақ оқытушысының интернационалдық – мәдени қарым-қатынасын қалыптастыру	194
Жүнісова М. Қ., Айтбаева Б. М., Саяжанова А. Ж. Өңгіме жанры мәтінінің бастапқы және соңғы сөйлемдеріндегі бейнелеуші құралдар	204
Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ. Абай және Мәшһүр Жүсіп	215
Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н. Илияс Жансүгіровтың шеберлігі	223
Жусупова Г. К., Жусупов Е. К., Қуандық З. Е. Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы сюжет төркіндігі	232
Зейнулина А. Ф., Ибраева А. Т. Хакім Абай Ғақлиясы хақында	240
Ибраева А. Т., Жүсіпов Н. Қ. Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық жанрлар жүйесі мен сипаты	251
Имамбаева Ф. Е., Шахметова Н. А., Ахметова А. Б. Көркем шығарма тіліндегі ырықсыз етістің функционалдық сипаты	264
Қадыров Ж. Т., Таласпаева Ж. С., Бейсенбаева Е. С., Иманбаев А. С. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романының көркемдік құрылымы	278
Канальянов К. Н. М. Ж. Көпеев поэзиясын басқа тілдерге түсіндіру мәселелері	290
Капанова Д. Е., Рахимбекова Г. О. Ағылшын лингвомәдениетіндегі «BLACK» концептісі	304
Қапасова Б. Қ., Елікпаев С. Т., Жұманбаев Р. О. 1960-90 ж.ж. қазақ балалар прозасындағы көркемдік ерекшеліктер	313
Қожахметова А. Т., Алдабердіқызы А. Оқыту үрдісінде ағылшын тілінде сөйлесім дағдыларын бағалау өлшемдері	323
Құсайынова Ж. А. «Өкіну» модальді реңкінің жасалу тәсілдері	331
Мансұров Н. Б. Қажы – мұсылманның құрметті атағы	339
Ниязова А. Е., Иманова Д. Б. Ағылшын тілі сабағында аутентті мәтіндермен жұмыс жасау аспектілері	349
Нұртаева А. Б., Абдирасилова Г. Қ. Энантисемия түрлері және олардың мағыналарын шектеуші құралдар	360

Оспанов С., Мырзағалиева К. Ыбрай Алтынсарин жер мәселесі жайында	369
Рысбаева Г. Қ., Досжан Р. А., Исаева Ж. Т., Тунгушбаева Ф. Ж., Алиева С. А. «Жаратушы күштер» концептісіне байланысты тілдік құрылымдар	376
Сағындықұлы Б., Қуатбеков Н. Поэзиядағы сыршылдық пен сабақтастық	387
Сәрсенқызы А., Қадыров Ж. Т., Бейсенбаева А. С. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы окказионализмдер	399
Сейсенбиева Э. С., Мәдібаева Қ. Қ. XIX ғасыр қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр	409
Сейітова Ш. Б., Қасымова А. А., Доскеева Ш. А. Салыстырмалы аймақтық ономастика кеңістігі (Шығыс Қазақстан, таулы Алтай, Баян өлгей өңірлері негізінде)	420
Сүтжанов С. Н., Құралқанова Б. Ш., Имантай А. Тарихи романдағы шындық пен көркемдік шешімнің үйлесімі	432
Шнайдер В. А., Резуанова Ф. Қ. Кейбір түркі тілдеріндегі S, Š, Z, Ž дауыссыз дыбыстардың қолданылу ерекшеліктері	441
Ысқақұлы Д., Сағатова Ш. А. Байтұрсынов аудармаларының әлеуметтік сипаты	451
Авторлар туралы мәлімет	463
Авторларға арналған ережелер	488
Жарияланым этикасы	499

СОДЕРЖАНИЕ

Абасилов А. М. Языковые и стилистические особенности воспоминаний Мустафы Шокая.....	12
Абдирасилова Г. К. Орфограмма слитных слов правописания казахского языка на основе нового алфавита	24
Абдирасилова Г. К., Дуйсенова Ш. Д. Орфограмма заимствованных слов при переходе на латинскую графику	33
Ағалиева Н. Б., Куралханова Б. Ш., Кадырова Б. М. Тематико-идеологические особенности творчества С. Абеннова	42
Ағалиева Н. Б., Арқалық М. Ж. Роль Розы Муқановой в казахской литературе	53
Актанова А. С., Аймухаметова Н. Ж. Концепция «Целого человека» в образе Абая в романе «Абай жолы»	62
Актанова Ш. С., Еспенбетов А. С. Проблема «Потерянное поколение» в романах Э. Хемингуэя	73
Алимбаева А. Т., Таева Р. М., Таубаев Ж. Т., Онгарбаева М. С., Дайрабекова Г. К. Английский язык как академический лингва франка в периодических изданиях.....	84
Анесова А. Ж., Сахариева А. Ж., Анесова Г. Ж. Лингвистические особенности Казахстана политического дискурса.....	94
Атабаева М. С., Салихова С. К. Проявление национальных мировоззрений в названиях водных объектов	102
Аязбаева Б. К., Серикова М. К., Рымкулова Ж. Н. О формировании коммуникативной компетенции на основе творческих упражнений учебника	111
Абдирасилова А., Рустемова Ж. А. Проблема человека в литературе исламского периода	121
Балмагамбетова Ж. Т., Кәрімбек А. Е. Особенности формирования терминологии в сфере туризма	129
Беркинбаева Г. О., Ильясова Н. А. Современные проблемы исследования релятивной синтагмы в лингвистике казахского и английского языков	140
Боранқулова Б. Е. Профессиональные компетенции, необходимые для перевода медицинских текстов	149
Гурсу У., Шахжанова Г. К. Исследования ученого С. Каскабасова о казахском мифе	158

Ермекова Т. Н., Молдағали Б. Значимость орфографических правил в возрождении национального самосознания.....	166
Есиркепова С. Г., Канапина К. К. Языковая природа окказиональных метафор	174
Жумабекова Г. А., Муталиева Р. М. Проблемы казахского языка в публицистике Абиша Кекильбая.....	184
Жумабекова Г. Б., Головчун А. А., Кашкынбекова А. Еркимбаев Т., Габдрахман А. Формирование межкультурной коммуникативной компетентности будущего учителя иностранного языка на основе технологии ситуационного моделирования	194
Жунусова М. К., Айтбаева Б. М., Саяжанова А. Ж. Образно-выразительные средства в начальном и заключительном предложениях жанра рассказа	204
Жусип К. П., Жусупов Н. К. Машхур Жусип и Абай.....	215
Жусип К. П., Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Мастерство ильяс жансугурова	223
Жусупова Г. К., Жусупов Е. К., Қуандық З. Е. Общность сюжета в восточной литературе и произведениях М. Ж. Копеева	232
Зейнулина А. Ф., Ибраева А. Т. Слова назидания Абая	240
Ибраева А. Т., Жусупов Н. К. Система и описание фольклорных жанров в исследованиях Бекмурата Уахатова	251
Имамбаева Г. Е., Шахметова Н. А., Ахметова А. Б. Функциональная природа страдательного залога в языке художественной литературы	264
Кадыров Ж. Т., Таласпаева Ж. С., Бейсенбаева А. С., Иманбаев Е. С. Художественная структура романа Г. Мусрепова «Улпан»	278
Канапьянов Қ. Н. М. Ж. Көпеев поэзиясын басқа тілдерге түсіндіру мәселелері.....	290
Капанова Д. Е., Рахимбекова Г. О. Концепт «Black» в английской лингвокультуре.....	304
Капасова Б. К., Еликпаев С. Т., Жуманбаева Р. О. Художественные особенности казахской детской прозы 1960–90 гг.	313
Кожаметова А. Т., Алдабердіқызы А. Критерии оценивания говорения на английском языке в процессе обучения	323
Кусаинова Ж. А. Способы образования модального оттенка «Раскаяние»	331
Мансуров Н. Б. Хаджи–почетное звание мусульманина.....	339

Ниязова А. Е., Иманова Д. Б. Аспекты работы с аутентичными текстами на уроках английского языка	349
Нуртаева А. Б., Абдирасилова Г. К. Виды энтаниосемии и средство ограничения их значения	360
Оспанов С., Мырзагалиева К. Ибрай Алтынсарин о земельном вопросе	369
Рысбаева Г. К., Досжан Р. А., Исаева Ж. Т., Тунгушбаева Г. Ж., Алиева С. А. Языковые структуры связанные с понятием «Сверхъестественная сила»	376
Сагындыкулы Б., Куатбеков Н. Лиричность и преемственность в поэзии.....	387
Саркенқызы А., Кадыров Ж. Т., Бейсенбаева А. С. Окказионализмы в поэзии Магжана Жумабаева.....	399
Сейсенбиева Э. С., Мадиева К. К. Религиозные традиции казахской литературы в XIX веке.....	409
Сейитова Ш. Б., Касымова А. А., Доскеева Ш. А. Сравнительное региональное ономастическое пространство (На материалах Восточного Казахстана, Баян Олгей и Горно-Алтайского края).....	420
Сутжанов С. Н., Куралканова Б. Ш., Имантай А. Художественный вымысел и действительность в историческом романе	432
Шнайдер В. А., Резуанова Г. К. Особенности применения гласных S, Š, Z, Ž в некоторых тюркских языках	441
Ысқақұлы Д., Сагатова Ш. Социальный аспект переводов А. Байтурсынова	451
Сведения об авторах.....	463
Правила для авторов	488
Публикационная этика	499

CONTENT

Abasilov A. M. Linguistic and stylistic peculiarities of the memories of Mustafa Shokay	12
Abdirasilova G. K. Spelling of merged words of the Kazakh language spelling based on the new alphabet	24
Abdirasilova G. K., Duisenova Sh. D. Orthography of borrowed words in the transition to the latin script	33
Agaliyeva N. B., Kuralkhanova B. Sh., Kadyrova B. M. Thematic and ideological features of the works of S. Abenov	42
Agaliyeva N. B., Arkalyk M. Zh. Roza Mukanova's role in kazakh literature	53
Aktanov A. S., Aimukhametova N. Zh. The concept of «The whole person» in the image of Abai in the novel «Abai zholy»	62
Aktanov Sh. S., Espenbetov A. S. The problem of «The lost generation» in the novels of E. Hemingway	73
Alimbayeva A. T., Tayeva R. M., Taubayev Zh. T., Ongarbayeva M. S., Dairabekova G. K. English as an academic lingua franca in periodicals	84
Anessova A. Zh., Sakhariyeva A. Zh., Anessova G. Zh. Linguistic features of kazakhstan political discourse	94
Atabayeva M. S., Salikhova S. K. The manifestation of the national worldviews in the names of water bodies.....	102
Ayazbayeva B. K., Serikova M. K., Rymkulova Zh. N. On the formation of communicative competence based on creative exercises of the textbook	111
Abdrasilova A., Rustemova Zh. A. The problem of man in the literature of the islamic period.....	121
Balmagambetova ZH. T., Karimbek A. E. Features of formation of terminology in tourism	129
Berkinbayeva G. O., Ilyassova N. A. Modern research issues of relative syntagmas in linguistics of the Kazakh and English languages	140
Borankulova B. E. Professional competencies required for translating medical texts.....	149
Gursu U., Shakhazhanova G. K. Research of scientist S. Kaskabasov about Kazakh myth	158
Ermekeva T. N., Moldagali B. The importance of spelling rules in the revival of the national consciousness	166

Esirkepova K. K., Kanapina S. G. The linguistic nature of occasional metaphors	174
Zhumabekova G. A., Mutaliev R. M. The problems of the Kazakh language in journalism of Abish Kekilbay	184
Zhumabekova G. B., Golovchun A. A. Kashkynbekova A., Yerkimbayev T., Gabdrakhman A. The formation of the intercultural communicative competence of the future teacher of a foreign language on the basis of situational simulation technology.....	194
Zhunosova M. K., Aitbaeva B. M., Sayazhanova A. Zh. Figurative and expressive means in the initial and final sentences of the story genre.....	204
Zhussip K. P., Zhussupov N. K. Mashkhur Zhussip and Abai	215
Zhussip K. P., Zhussupov N. K., Baratova M. N. The skill of Ilyas Zhansugurov	223
Zhussupova G. K., Zhussupov Y. K., Kuandyk Z. E. Commonality of plot in eastern literature and works of M. Zh. Kopeev	232
Zeinulina A. F., Ibrayeva A. T. Socialization of modern world religious sites.....	240
Ibrayeva A. T., Zhussupov N. K. System and description of folklore genres in studies of Bekmurat Uakatov.....	251
Imambayeva G. E., Shakhmetova N. A., Akhmetova A. B. The functional nature of the passive voice in the language of literary fiction ..	264
Kadyrov Z. T., Talaspaeva Zh., Beisenbayeva A. S., Imanbayev E. S. The artistic structure of the novel by G. Musrepov «Ulpan».....	278
Kanapyanov K. N. Problems of interpretation of M. Zh. Kopeev's poetry into other languages.....	290
D. E. Kapanova, G. O. Rakhimbekova Linguocultural concept «Black» in the English linguistic	304
Kapasova B. K., Yelikpaev S. T. Zhumanbaeva R. O. Artistic features of kazakh children's prose of 1960–90	313
Kozhakhmetova A. T., Aldaberdykyzy A. Assessment criteria of speaking skills in the learning process.....	323
Kussaiynova Zh. A. Methods of forming a modal shade of «Repentance».....	331
Mansurov N. B. Haji – the honorary title of muslim	339
Niyazova E., Imanova D. B. Aspects of working with authentic texts in english lessons	349
Nurtayeva A. B., Abdirasilova G. K. Types of entaniosemia and ways of limitation of their meaning	360
Ospanov S., Myrzagalieva K. Ibray Altynsarin on the land issue.....	369

Rysbayeva G. K., Doszhan R. A., Issayeva Zh. T., Tungushbayeva G. Zh., Aliyeva S. A. Language structures associated with the concept «Supernatural forces»	376
Sagyndykuly B., Kuatbekov N. Lyricism and continuity in poetry	387
Sarkenkyzy A., Kadyrov Z. T., Beisenbayeva A. S. Occasionalisms in the poetry of Magzhan Zhumabayev	399
Seysenbieva E. S., Madibayeva K. K. Religious traditions of kazakh literature in the 19th century	409
Seiitova Sh.B., Kassymova A. A., Doskeeva Sh. A. Comparative regional onomastic space (Based on materials from East Kazakhstan, Bayan Olgey and the Gorno-Altay regions).....	420
Sutzhyanov S. N., Kuralkanova B. Sh., Imantai A. Fiction and reality in a historical novel.....	432
Schneider B. A., Rezuanova G. K. Features of using vowels S, Š, Z, Ž in some Turkic languages.....	441
Yskakuly D., Sagatova Sh. Social aspect of A. Baitursynov's translations	451
Information about the authors.....	463
Rules for authors	488
Publication ethics.....	499

<https://doi.org/10.48081/FHJP8596>

А. М. Абасилов

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕСТЕЛІГІНІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ СТИЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада естеліктерді тек тарихи және әдеби жағынан ғана емес, лингвистикалық тұрғыдан да зерттеудің маңыздылығы айтылады. Өйткені естелік тілін зерттеу барысында тілдік бірліктердің түрлері, қызметі мен жұмсалыу ерекшеліктері зерттеліп, автордың стилдік сөзқолданысы анықталады. Осы бағытта Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегіне лингвистикалық талдау жасалады. Алдымен естелік мәтінінде жиі кездесетін антропоним, этноним, топоним және эргонимдер талдауға түседі. Одан соң естеліктегі кірме сөздер, көнерген сөздер, атаулық мағынадағы сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, эпитеттік, синонимдік, антонимдік сөзқолданыстар, сондай-ақ кейбір морфологиялық тұлғалар және синтаксистік құрылымдардың стилдік ерекшеліктері жеке-жеке қарастырылады. Қорытындысында қазақ эмигранттары естеліктерін лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп талдаудың мәні зор деген тұжырым жасалады.

Кілт сөздер: ономастикалық бірліктер, кірме сөз, әлеуметтік-саяси лексика, атау, ұғым

Кіріспе

Естелік жазушы өзінің көрген-білгенін, куә болған оқиғаларын өзінің өмірімен байланыстыра отырып, қорытынды жасайды. Естелігін бірінші жақта баяндай отырып, өзі куә болған оқиғаға немесе саяси жағдайларға баға береді, өзі өмір сүріп отырған қоғамға деген көзқарасын білдіреді. Осының барлығы айналып келгенде өмірлік тәжірибе мен дүниетанымға байланысты [1, 55]. Олай болса, естелік тілін зерттеу барысында автордың баяндаушылық шеберлігіне және тілдік құралдардың мүмкіндігін қаншалықты пайдаланғандығына талдау жасалып, өзіндік ерекшелігі

көрсетілуі қажет. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» [2] атты еңбегіндегі тілдік бірліктердің (ономастикалық атаулардың, лексика-фразеологиялық бірліктердің және кейбір грамматикалық формалардың т.б.) жұмсалымына жекелей тоқталып, автордың тілдік құралдарды қолдануының стилистикалық ерекшеліктерін айқындауға талпынамыз.

Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» еңбегінде көптеген ономастикалық бірліктер қолданылған. Біз осылардың ішінде алдымен естелік мәтінінде жиі кездесетін антропоним, этноним, топоним және эргонимдерді жеке-жеке қарастырамыз.

Естелікте 70-тен аса антропоним қолданылған. Олардың барлығы да естелік авторымен тұстас, қатар өмір сүрген, сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға тікелей қатысқан нақты адамдардың есімі. Автор бұл есімдерді тек жай ғана атап қоймай, олардың өзі баяндап отырған кезеңдегі тарихи оқиғаларға қатысын, сол тұста атқарған қызметін, тұлғалық мінездемелерін беріп, таныстырып отырады. Бұлар автор естелігінің тарихи-деректік және танымдық-тағылымдық мәнін ашады. Мұнда кейбір тарихи тұлғалар туралы басқа деректерде байқала бермейтін жаңа мәліметтер де кездеседі. Айталық, М. Шоқай өз естелігінде А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ө. Бөкейхан, М. Тынышбай, Серәлі Лапин т.б. жөнінде тың деректер береді. Сондықтан бұл естеліктердегі антропонимдерді тұлғатану мәселесі жағынан өз алдына зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл әсіресе Кеңес үкіметінің қысымынан елден кетуге мәжбүр болған қазақтың тұңғыш саяси эмигранты М.Шоқайдың және екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түсіп, Отанына оралмай қалған Еуропадағы қазақ эмигранттарының естеліктерін жан-жақты талдауды қажет етеді.

Зерттеудің нысаны: Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» еңбегі.

Зерттеудің пәні: тілдік және тарихи маңызы бар шығармалар.

Мақсаты: Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегіне лингвистикалық талдау жасау. Алдымен естелік мәтінінде жиі кездесетін антропоним, этноним, топоним және эргонимдер талдау. Одан соң естеліктегі кірме сөздер, көнерген сөздер, атаулық мағынадағы сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, эпитеттік, синонимдік, антонимдік сөзқолданыстар, сондай-ақ кейбір морфологиялық тұлғалар және синтаксистік құрылымдардың стилдік ерекшеліктері жеке-жеке қарастыру.

Міндеттері:

- тілдік бірліктердің жұмсалымына жекелей тоқталып;
- автордың тілдік құралдарды қолдануының стилистикалық ерекшеліктерін айқындау

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Мемуарлық шығармада, оның ішінде естелікте автордың айтпақ болған ойын ашуда, кейіпкердің характерін, мінез-құлқын т.б. жағдайын жеткізуде диалогтің қызметі зор. Бұл сондай-ақ суреттеп отырған жайға, оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді диалогқа түсіріп, өмір шындығын көрсетудің бір әдісі болып табылады. Жалпы кейіпкер сөзі – бұл стильдік құрал. Онда қоғамның жаңалығын танытатын тіл элементтері, кейіпкердің жеке басының ерекшелігіне, өскен ортасына, біліміне, кәсібіне, жынысына қарай жұмсалатын сөздер мен сөз тұлғалары, сөйлеу үлгілері кездеседі. Естелік тіліндегі кейіпкер тілі мен автор сөзі нақты дерек пен мәліметтерді көпшілікке таныстырудың, болып жатқан оқиғаларға автор тілі арқылы баға берудің, кейіпкер тілі арқылы өмір құбылыстарын дәл берудің құралы болып табылады. Мысалы: «Уақытша үкіметтің басшысы және Ішкі істер министрімен арнайы кездесу кезінде Ташкент қалалық кеңесінің сайлауында көпшілік дауыс алған топтың қала басқармасының төрағалығына манархист сайланғанына өкінетінімді айттым. Мол революциялық тәжірибесі бар Ішкі істер министрі маған: «Сіз сонда сол кертарпа ғұлама көпшіліктің ұсынысын қолдайсыз ба?» – деген сұрақ қойды. Мен: «Әрине, қолдаймын, бәріміз қолдамыз, өйткені мұның көбісі Ташкент тұрғындары, халқымыздың бір бөлігі тарапынан еркін сайлауда сайланды», – деп жауап бердім. Бұған ол: «Жарамсыз революционер екенсіз», – деп салды. Мен: «Солай болуы да мүмкін. Сіздің орыс революционерлерінің ұғымында революционерден гөрі ұлтшыл болып көрінетінімді түснемін», – дедім» [276 б.].

«Агапов мұнымен тынбай, сөзін одан әрі сабақтай келіп өз серіктестеріне қарап: «Солай емес пе, революцияшыл жұмысшы және солдат жерлестер?» – деді. Жолдастары: «Солай, солай!» – деп қайталап, оның сөздерін мақұлдады. Агапов өзі біздің арамыздан тартып алған сатқын Хұсан Ибраһимге мойынын бұрып: «Солай емес пе, Хұсан жолдас?» – деді. Сұркия Түркістандық Хұсан мұны мақұлдады...» [285 б.].

«Чхеидзенің біздің бастаған жұмысымыздың жайы туралы сұрағына мен: «Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз. Сондықтан автономияға әзірлік жасап жатырмыз», – деп жауап қайтардым.

Чхеидзе менің жауабымнан шошып кетіп:

Құдай сақтасын, Шоқайұлы жолдас, еліңіздегі жерлестеріңіз арасында автономияны ауызға алмаңыз. Біріншіден, қазір бұл туралы сөз қозғау ерте. Екіншіден, сіздің Түркістан сияқты елде автономия дереу дербестік алып, бөліну деген мағынаны аңғартады, – деді [288 б.].

Жоғарыдағы мысалдардан көрініп тұрғандай, естелік тілінде ерекше сипаттағы диалогтар кездеседі. Мұнда әртүрлі сөйлеу субъектілері өзара қарым-қатынасқа түседі. Оларды былайша топтастырып көрсетуге болады: автор – кейіпкер, кейіпкер – кейіпкер, кейіпкер – оппонент.

М. Шоқай естелігінде жай сөйлем түрлері, оның ішінде жақты, жақсыз және сұраулы сөйлемдер жиі қолданылады. Жақты жай сөйлемнің естелікте жиі қолданылуы ой иесінің кім екендігін білдірумен байланысты. Жақты сөйлемдер, біріншіден, хабарланып отырған жайтқа автордың қатысын анық байқатса, екіншіден, естелік авторының оған сырттай бақылаушы екенін көрсетеді. Үшіншіден, хабарланып отырған мәселенің жалпыға бірдей екендігін танытады. Басқаша айтқанда, бірінші жақ – автордың анық көрінуі болса, екінші жақ автордың сырттай бақылаушы ретінде өз бейнесінің берілуі болып табылады. Автор естелікте тек бірінші жақтың жекеше түрі арқылы ғана емес, оның көпше түрі арқылы да, сондай-ақ екінші жақтың жекеше түрі түрі арқылы да көрініп отырады. «Мен» есімдігі естеліктегі автор-баяндаушының сөйлемдегі анық көрінісі болып табылады.

Естеліктегі лексикалық бірліктердің келесі тобын топонимдер мен этнонимдер құрайды. Бұл атауларды зерттеу қазақ тілі ғылымының аса күрделі мәселерінің қатарына жатады, сол себепті ономастика оның құрамдас бөлігі, топонимика, жайындағы түйіндер қазіргі таңда Қазақстандағы тіл саясатының басты бағыттарының бірі ретінде үлкен маңызға ие болып отыр [3, 20 б.]. Естелікте 40-қа жуық топоним және 12 этнонимдік атау қолданылған. Топонимдердің басым бөлігі ел (мемлекет), қала, аймақ, облыс, аудан, ауыл т.б. атаулары болса, этнонимдерге жекелеген ұлт, этнос атаулары жатады. Бұлар естеліктің географиялық кеңістігін, фактілік-аргументтік дәлдігін анықтайды.

Естелікте 30-ға жуық әр түрлі нысан, мекеме, саяси ұйым, қоғамдық ұйым т.б. аттарын белгілейтін эргонимдер қолданылған. Олар: Мемлекеттік Дума, Мемлекет және қоғам қауіпсіздігін қорғау міндетін атқаратын уақытша комитет, Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері, Уақытша үкімет, Бүкілресей егіншілер одағы, Түркістан басқармасы, Бүкілқазақ құрылтайы, Жұмысшылар әскери кеңесі, Облыс комиссары, Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, Торғай губернаторы, «Шораи ислами» қоғамы, Ұлттық басқарма, Түркістан өлкелік атқару комитетінің бірінші құрылтайы, Ақмешіт қалалық ұлттық кеңесі т.б. Эргонимдік лексика ономастикада айрықша орынды алады және жеке топқа бөліп қатастыратын өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Олар қолданылуы мен әр алуандық типі жағынан өзге онимдік лексикадан, мысалы осы уақытқа дейін барынша түбегейлі зерттеліп келген антропонимдер мен топонимдерден бірде-бір кем түспейді. Десек те, тілші-ғалымдар эргонимдердің пайда болуының лингвистикалық факторларын атау таңдауда өзіндік әсері бар экстралингвистикалық себептермен қатар қарастыруды біртіндеп қолға ала бастады [4, 85 б.]. Сондықтан естеліктердегі эргонимдік лексиканы да өз алдына қарастырудың мәні зор.

Естелікте 50 шақты кірме сөз кездеседі. Олардың барлығы дерлік тілімізге орыс тілі арқылы енген. Бұл сөздердің қолданысын естелік тақырыбымен байланыстырған жөн. Өйткені естелік 1917 жылғы елдегі әлеуметтік және саяси өмірді, онда болған оқиғаларды баяндауға арналған. Сондықтан да кірме сөздердің басым бөлігін әлеуметтік-саяси лексика құрайды. Олар: революция, материал, депутат, кінәз, талаба (студент), станция, телефон, комиссар, жалба, пристав, жандарм, монархист, режим, процент, реформа, партия, мандат, комиссия, митинг, марксизм, большевик, социал-революционер, автономия, делегат, бомба, минөт, прогресс, принцип, прокурор, село, анархист, элемент, граф, офицер, пулемет, горнизон, түрікшіл (пантуркист), юнкер, кадет, декрет, аппарат, цифр, гектар, федерация, республика т.б.. Бір ескерте кетерлік жайт, М. Шоқайдың естелігі өзбек тілінен аударылғандықтан кейбір кірме сөз-терминдер мен атауларды аудармашылар қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына лайытап қолдануы да мүмкін. Денмен автор естелігінде қолданылған орыс және өзге тілдер сөздері, біріншіден, қазіргі қазақ тілінде терминдік, атаулық, ұғымдық жағынан әбден орнығып қалыптасқан тіл бірліктері. Екіншіден, олар осы қалыптасқан шеңберден шықпайды, тіл шұбарлау, сөз ластуаға қатысы жоқ. Қайта автор оларға стильдік жүк артқан.

Қандай да бір мәтінде көнерген сөздер өткен дәуірдің куәсі ретінде не болған тарихи оқиғаларды суреттеуде, не шығармаға шынайлық пен көркемдік әр беруде пайдалынады. М. Шоқай естелігінде ұшырасатын көнерген сөздер: әмбеге аян, қаусет, ұзын-шұбак, дүрбелен, жадитшілік, қадитшілік, шеменде, кәдік, мақұрым қалу, мәшһүр, көзі қамасатыны, көзіміз қамасып, қарықтыру, ләзім, шамшылдау т.б. Бұл сөздердің кейбірі сол тұста әлі де көнелене қоймаған актив сөздер қатарынан орын алуы да мүмкін. Өйткені олар қазірдің өзінде мәтін ішінде өзге сөздердің тіркесуімен түсініктілігін жоя қоймаған.

Естелікте төменегідей атаулық мағынадағы сөздер мен сөз тіркестері кездеседі: әскери қашқын, орыс революцияшыл демократтары, орыс қоныстанушылары, түркістан жұмысшылары, ұлттық қозғалыс, орыс әкімшілігі, майданға қара жұмысқа жіберілген жұмысшылар, тілмаш, кәсіпестер, қара жұмысшы-мердігер, қазіргі заманғы саяси құрылыс, саяси қызмет, түпкілікті халақ, село мұжығы т.б. Бұлар да сол уақыттағы әлеуметтік-саяси өмірді сипаттайтын актив қолданыстағы лексикалық бірліктер болып табылады. Оларды қазақ әдеби тілінің даму тарихымен байланыстыра зерттеудің маңызы зор.

Естелікте қазіргі тілімізде сирек қолданылатын сөздер де бар. Олар: аулағырақ, әмбеге аян, үдету, уақ, тәржімашылық, обрлар, тәптіштеу, қауқарсыз, зәрулік, бейқамдық, шерменде, мақұрым қалдыру, кикілжін,

титтей ықыласы жоқ, жолдастар, самырқаулық, бейбастақтық т.б.. Бұл сөздер қазіргі лексикалық қорымыздың пассив қабатын құрағанымен естелік мәтінінде қолданысы жиі сөздер қатарынан орын алады.

Автордың дүниетанымындағы ғаламның тілдік бейнесі көбінесе ұлттық тілдің мәйегі болып табылатын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы анық беріледі. Өйткені бұл тілдік қабатта ұлт өкілінің дүниеге деген көзқарасы, әлеуметтік ортаға деген қарым-қатынасы, сондай-ақ жинақталған халық даналығы болады. Демек, дүниені танып білуде тұрақты тіркестердің маңызы ерекше. Естелікте мынадай тұрақты тіркестер қолданылған: опат болу, дүние салу, лап қойды, бейілі кең, шеңгелінен құтқарып қалу, шеңгеліне түсп қалу, шеңгелінен шығу, көзіне шыққан сүйел, тыжырына қарау, қаусет тарату, үдете беру, баланың ойны сияқты, құлақ аспау, жіті аңғару, көзді ашу, тауқымет тартқызу, қасірет қартқызу, ауыр азабын тарту, аспандағы айды алу, көктегі айды алуды армандау, көз салып тұру, мақұрым қалу, әліптің артын бағу, қайта қазбалау, өңменінен итеру, қайыры тиетін адам, өрши түсу, арыз-шағым жауып жату, ынтымақты табу, зіл тастау, таяқ жеу, желпініп қалу, ішкі шерін тарқату, түймедей жаңсақтығын түйедей ету, көдеге (көдесіне) жарау, дән риза болу, үні өшу, әмбеге аян, шеккен зиян (зиян шегу) т.б. Естелік мәтінінде мақал-мәтел пайдаланылмаған, бірақ қазақ салт-дәстүрінде қалыптасқан «Өзі қадірлі кісінің баласын да сыйлау керек деген» ұғым қолданылған.

Естелік публицистикалық стилде жазылғандықтан автор оқырманның құлағына таныс, барынша кең түрде қолданылатын эпитеттерді пайдаланумен қатар авторлық қолданыстағы жаңа эпитеттер де жасайды. Олардың басым көпшілігі естелік иесінің өзі куә болған оқиғаға немесе саяси жағдайларға баға беруден, өзі өмір сүріп отырған ортаға көзқарасын білдіруден туындаған сөз саптаулар болып табылады. Мұндай эпитеттер автордың өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымын танытады. Олар: байтақ ел, жас түркістандық, ұлттық қасірет, күрескер тұлғалар, қуатты қозғалыс, кең қанат жайған тегеурінді революция, қалың ел, ұлттық тағдыр, ұлттық тәуелсіздік, ішкі ұлт басқармасы, тәтті үміт, өзіміздің түркістандық, межелеген жер, ұмыт қалған түркістандықтар, біздің қазақ, қуатты қалам, қалың елді аузына қаратқан «Қазақ» газеті, қыр қазағы, ыстық лебіз, қарт делгат, сенімді өкілі, сенімді қорғаны, азғын тілмаш, жақсы тілмаш, әділ тілмаш, бір абзал азамат, уақ хатшы, уақ тілмаш, сұрқия техникалық қызметкер, сұрқия тілмаш, ақылсыз орыс, бітіспес дұшпан, сауатсыз қарулы солдаттар, ең заңды талаптарын жүзеге асыра алмайтын көпшілік, қолы түркістандықтардың пәк қанына боялған осындай шерменделер, кертарпа ғұлама көпшілік, елдің ұлттық сезіміне қадалған қанжар әрі жүрекке құйылған у, желіккен орыс жұмысшылары мен солдаттары, керексіз кісілер, ерсі қылық, салиқалы

серіктестіктер т.б.. Көріп отырғанымздай, Мұстафа Шоқай қолданысындағы осы эпитеттер – тұтас бір кезеңнің қоғамдық-саяси ақуалын, тыныс-тіршілігін бейнелейтын тілдік құралдар.

Естелікте кейбір ауызекі сөйлеу тілінің элементтері де кездесіп қалады. Мысалы: «Облыстық комитет Ақмешіт жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің әрекеті ауыр қылмыс екенін көрсетпекші болды. Олардың өз істерінің жансақтығын мойындамағаны былай тұрсын, бәрін «революция заңына» сәйкес жасадық деп соқты... [286 б.]. Халық қатты күйзелген еді. Тек ашық жиындарда сөз сөйлеп, желпініп қалатын [286 б.]. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарықтырып, көп сандалдық [293 б.]. Біз, автономияшылар, Түркістан сот мекемелері Ресейдегіден басқашарақ болар деген ойда едік [294 б.]. Ал, Липовский бүлік басталысымен Ташкенттен тайып тұрған еді [315 б.].

Естелікте автор өз ойын оқырманына салыстырмалы түрде түсінікті, нанымды жеткізуде мәндес сөз - синоним сөздерді қолданған. Мысалы, «Тек ұлтқа жанашырлығымыз бен революциялық ынтамыз бар». «Ғұлама қоғамы» мен «Шораи исламия» арасындағы араздық біздің жалпы ұлттық күресімізді қожыратып, жұмысымызды былықтырды» [274 б.]. Дәрменсіздігіміз, саясат саласындағы шорқақтығымыз әрі жұмыстың жөнін білмегеніміз, саяси мәселелерді өмірдің басқа мәселелерінен айыра алмағанымыз өзімізге соншалықты қиынға соқты» [275 б.]. «Тәртіпсіздік және жүгенсіздікпен айыпталған солдаттар мен жұмысшылар да осы жиында еді» [284 б.].

Естелікте антоним сөздер стильдік мақсатта сәтті қолданылады. «Ал басқа жерлердегі жұмыс бізді күйіндіріп, Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерін сүйіндіретін жағдайда еді» [272 б.]. «Ал біз мұндай комитетке сүйеніш болғымыз келмеді... Елпілдеп, ықылас көрсетпедік, үкімет комитетіне қарсылық та жасамадық» [279 б.]. «Халық, достар күйініп, дұшпан сүйінеді» [289 б.].

Естелікте көптеген қос сөздер және қосар сөздер қолданған. Қос сөз – лексикалық бірлік болса, қосар сөз – жекелеген авторлардың қаламынан шығатын тілдік бірлік болып табылады. Қосар сөздерді автор қандай да бір ұғымды күшейте түсу үшін, оған өзінше бір рентік өң беру үшін стильдік мақсатта жұмсайды. Бұл – көркем әдебиет стилінде қалыптасқан құбылыс, оған тән стильдік категория десе де болғандай. Бұл ғылыми зерттеулерде жеке атаумен – танасуб деп аталып жүр. Танасуб – бір-бірімен мағыналас, өзара ұғымы жақын сөздерді қосарлап, шоғырлап қолдану әдісі дегенді білдіреді. М. Шоқай естелігінде қолданған қосар сөздерді М. Әуезов публицистикасының тілін арнай қарастырып, зерттеген Қ. Ө. Есенованың диссертациясындағы семантикалық бөліністі негізге ала отырып: мағыналас қосар сөздер (ұзын-шұбақ, ықылас-ілттипат, жер-жерден, ашу-ыза т.б.) және

тақырыптас қосар сөздер (айла-шарғы, мақсат-мұрат, зорлық-зомбылық, мұсылман-түрік қоқан-лоққы, жай-жағдай т.б.) деп қарастырдық [5, 17 б.].

Естелікте бірнеше қосарлы айқындауыштар кездеседі. Олар: жұмысшы-солдат кеңесі, социалист-революционер, генарал-губернатор, генарал-комисар, мұсылман-түрік одағы, татар-башқұрт солдаттары, ұлт-азаттық қозғалыс т.б. Сондай-ақ біріккен сөздер де ұшырасады: келіссөз, бүкілқазақ құрылтайы, бүкілресейлік құрылтай, жеделхат, тілекхат, дуанбасы т.б. Бұлардың барлығы сол тұстағы қоғамдық, саяси лексикалық атаулардың қуәгерлері болып табылады.

Естелікте «Әттең», «Апыр-ай» деген екі көңіл-күй одағайы орындалмай қалған арман мен орны толмас өкініштерді білдіруде стилдік жүк арқалап тұр. Мысалы, «Әттең! Баяғы сол бейқамдығымыз, жөнді техникалық күштеріміздің тапшылығы, халық арасында саяси түсініктің жетіспеуі тағы да алдымыздан шықты» [291 б.]. Апыр-ай, Түркістанның Ресей ішінде қалғанын қалайтын бұл топ Түркістанның шариғат туралы шешімдерін қорғайтын арнаулы мекеме жоқ екенін іс Ресейге арнап шығарылған заңдар негізінде ғана басқарылатынын білмегені ме?» [294 б.].

Естелікте демеулік шылаулардың өзіндік стильдік қызметі арықша көрінеді. Бірнеше мысалдарға назар аударайық. «Көп делегаттар айқын талаптар көрсетілген мандатпен (қуәлікпен) келген-ді» [269 б.]. «Бұл округтардың бәрінде де орыстардың саны өздеріне дербес делегат сайлайтындай дәрежеде емес-ті» [276 б.]. «Осындай арыздардың Қазалы ауданының казактарынан келген-ді» (282 б.). «Осы күресіміздің кейбір оқиғаларын қысқаша еске салып өтейін. Қоқан қаласына оқ жауа бастаған-ды. «Ұлттық орталықтарымызға да заң мекемесінің жобасын жолдап, бұл жөнінде де пікір сұрап жатқан-ды» [294 б.]. «Билер мен қазылардың әділетсіздігі жайында Түркістандықтардың арыз-шағымдары да аз емес-ті» [295 б.].

Айтайын деген ойды жай хабар хабар түрінде беруге де болады. Бірақ сұрақ қою және оған жауап беру – ойдың сатылы дамындағы бір баспалдақ, жаңа ойды берудің ұтымды тәсілі. М. Шоқай өз естелігінде де сұраулы сөйлемдерді осындай стилдік мақсатта сәтті пайдаланады. Сұрау қою арқылы арқылы оқырманға ой тастап, үзіліс жасайды. Сосын оған жауап бере отырып, болған оқиғаның себебін мазмұндап түсіндіреді. Бірнеше мысалдар келтірейік. «Ташкенттегі жағдай қандай болар екен? Бір қызығы – жергілікті Жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері байырғы халыққа жасап жатқан қиянаты мен өктемдігін Ташкентте қабылдаған шешіммен тоқтатып, әділет орнату мүмкін бе? Егер Жұмысшы-солдат депутаттарының өлкелік кеңесі де Ақмешіт бөлімшесінен асып түсе алмаса қайтеміз» [267 б.]. «Үкімет комитеті дегеннің өзі не еді? Бұл сұраққа жауаптың мәні зор» [277 б.]. «Үкімет комитетінде біз, Түркістандықтар, наразы болдық. Біз

Уақытша үкіметке Түркістан комитетінің құрамында өзгеріс енгізуге, оған өзіміздің сайлаған кісілерімізді қою жөнінде ықпал жасай алар ма едік?» [279 б.]. «Түркістан автономиясын құру үшін жергілікті орыс өкілдерінің де қатысуы керек болды. Бірақ Түркістан автономиясын орнату жолында бізге бірігетін орыс өкілдері қайда?» [290 б.]. Сонымен М. Шоқай естелігінде қолданылған сұраулы сөйлемдердің стилдік қызметі сөйлесу, қарым-қатынас жасау жанрына айналдыру, оған диалогтік сипат беруде, оқырманмен тығыз байланыс орнату, пікір алысу жағдайын туғызуда, автордың кейбір өзіндік ой-түйіндерін, эмоциясын беруде көрінеді деп тұжырым жасауға болады. Осыған қарағанда автор қолданысындағы сұраулы сөйлемдердің таза грамматикалық қызметінен гөрі стилдік қызметі басым екендігі байқалады.

Қорытынды

Сонымен осы айтылғандарды қорытындылай келсек, М. Шоқай естелігі тарихи деректілігімен де, әдебиеттанудағы жанрлық әр алуандығымен де, әлеуметтанушылық сипатымен де, дүниетанудың, тұлғатанудың этнопсихологиялық және лингвистикалық аспектілерімен де сипатталатын, зерттелетін кешенді жүйе екен. Біз осының тек лингвистикалық жағын, яғни тілдік және стилдік мәселелерін ғана сөз еттік.

1 Естеліктің тілдік ерекшеліктері ретінде ономастикалық бірліктер, яғни естелік мәтінінде жиі кездесетін антропоним, этноним, топоним және эргонимдер қарастырылды. Бұлар автор естелігінің тарихи-деректіктік, этнотанымдық, мекендік-кеңістіктік, және танымдық-тағылымдық мәнін ашуда үлкен жүк арқалап тұрғандығы анықталды.

2 Естеліктегі тілдік бірліктеріді кірме сөз, көнерген сөздер, біріккен сөздер, атаулық мағынадағы сөздер мен сөз тіркестері және сирек қолданылатын сөздер деп қарастырып, олардың тілдік жағы мен стилистикалық ерекшеліктеріне сипаттамалар жасадық.

3 Естелік авторының сөз қолдысын, өзіндік стилдік ерекшелігін танытатын құралдар ретінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, эпитеттік қолданыстар, авторлық қосар сөздер, көңіл-күй одағайлары мен демеулік шылаулардың жұмсалуды, синонимдік, антонимдік қолданыстар, сұраулы сөйлемдердің, диалогтердің стилдік жүгі талданды.

4 Мұндай тілдік бірліктердің қызыметі мен жұмсалуды ерекшеліктерін болашақта қазақ эмигранттарының естеліктеріне қатысты жан-жақты зерттеп талдаудың мәні зор.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Жолмаханова, А. Б.** Қазақ эмигранттарының естеліктері және мемуарлық шығармаларды оқыту. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Қызылорда, 2019. – 164 б.

2 **Шоқай, М.** Таңдамалы. – Алматы : Қайнар, 1999. – Т. 2. – 520 б.

3 **Атабаева, М. С., Егембай, Ж. Н.** Жер-су атауларының тарихи-әлеуметтік қабаттарындағы ұлттық дүниетанымның көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы. – № 2(68). – 2019. – 18–23 б.

4 **Абасилов, А., Мадалхан, Д.** Қызылорда қаласының эргонимдері // Тіл және қоғам» № 4(42). – 2015. – 85–93 б.

5 **Есенова, Қ. Ө. М.** Әуезов публицистикасының тілі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001.

6 «Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер» (құрастырған Ө. Такенов, М. Койгельдиев). – Ыстамбұл, 1997.

7 «Мұстафа Шоқай. Таңдамалы» (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1–2 том. – Алматы : «Қайнар», 1998–1999.

8 **Әбдізақпа Қара** «Мұстафа Шоқай». – Алматы : «Арыс», 2004.

9 **Қыдырәлі, А.** «Мұстафа Шоқай : өмірі, танымы, күресі». – Анкара, 2001 (түрік тілінде).

10 **Есмағамбетов, Қ.** «Әлем таныған тұлға». – Алматы : «Дайк-пресс», 2008.

References

1 **Jolmahanova, A. B.** Qazaq emigrantтарының estelikleri және memýarlyq shyǵarmalarydy oqytý. Filosofía doktory (PhD) dárejesin alý úshin daiyndalǵan disertasia. [Memoirs of Kazakh emigrants and teaching of memoir works. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)]. – Kyzylorda, 2019. – 164 p.

2 **Shoqai, M.** Tańdamaly. [Selected worbs]. – Almaty : Kainar publ., 1999. – Vol. 2. – 520 p.

3 **Atabaeva, M. S., Egembai, J. N.** Jer-sý ataýларының tarıhı-áleymettik qabattaryndaǵy ulttyq dúnietanymnyń kórinisi [Reflection of the National worldview in the historical and social strata of land and water names] // Abai atyndaǵy QazUPÝ-niń Habarshysy, «Fılologia ǵylymdarynyń» seriasy. – № 2 (68), 2019. – 18–23 b. Bulletin of Abai KazNPU, series «Philological Sciences», № 2 (68). – 2019. – 18–23 p.

4 **Abaslov, A., Madalhan, D.** Qyzylorda qalasynyń ergonimderi // Til jáne qoǵam» [Ergonyms of Kyzylorda] // [language and Society] – №4 (42). / 2015. – 85–93 p.

5 **Esenova, Q. Ó.** M. Áuezov pýblisistikasynyń tili. Filologiya ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin dáryndalǵan disertasiynyń avtoreferaty. [Language of journalism M. Auezov. Abstract of the dissertation prepared for the degree of Candidate of Philological Sciences]. – Almaty, 2001.

6 «Mustafa Shoqai. Maria Shoqai. Estelikter» (qurastyrǵan Á. Takenov, M. Koigeldiev). [«Mustafa Shokai. Maria Shokai. Memories» (compiled by A. Takenov, M. Koigeldiev)]. – Istanbul, 1997.

7 «Mustafa Shoqai. Tandamaly» (aýdaryp qurastyrǵan Aitan Núsiphan). – 1–2. – Almaty : «Kainar», 1998–1999. [«Mustafa Shokai. Tandamaly» (translated by Aitan Nusipkhan), Volume 1-2, Almaty : Kainar», 1998–1999.]

8 Ábdıyaqap Qara «Mustafa Shoqai», Almaty, «Arys», 2004. [Abduakap Kara «Mustafa Shokai», – Almaty: «Arys», 2004.

9 **Kydyralı, A.** «Mustafa Shokai : life, knowledge, struggle». [«Mustafa Shoqai : ómiri, tanymy, kúresi»]. – Ankara, 2001.

10 **Esmagambetov, Q.** «Alem tanyǵan tulǵa». [«A person recognized by the world»]. Almaty: Dyk-press, 2008.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

A. M. Abasilov

Языковые и стилистические особенности воспоминаний Мустафы Шокая

Қызылординский государственный университет имени Коркыта ата, Республика Казахстан, г. Қызылорда.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматривается значимость воспоминаний не только с литературной и исторической позиции, но и со стороны лингвистики. В ходе изучения языка воспоминаний исследуются виды используемых языковых единиц, особенности их использования, определяется их стилевое применение автором. В этой связи был сделан лингвистический анализ работы Мустафы Шокая «Отрывки из воспоминаний 1917 года». В первую очередь были исследованы наиболее часто встречающиеся в тексте воспоминаний антропонимы, этнонимы, топонимы и эргонимы. Далее подробно рассмотрены используемые в тексте вводные слова, архаизмы, слова и сочетания слов, относящиеся к собственным наименованиям,

фразеологизмы, пословицы и поговорки, эпитеты, синонимы, антонимы, а также некоторые морфологические и синтаксические особенности. В результате мы пришли к выводу, что изучение и анализ трудов казахских эмигрантов с точки зрения лингвистики имеет большое значение.

Ключевые слова: ономастические единицы, входное слово, социально-политическая лексика, название, понятие

A. M. Abasilov

Linguistic and stylistic peculiarities of the memories of Mustafa Shokay

Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Kyzylorda, Kazakhstan.

Material received on 18.09.20

This article presents the importance of studying memories not only from the literary and historical point of view, but there is also linguistic side in need to be investigated. The types of language units, their functions and peculiarities of use are investigated in the process of studying the language of memories; furthermore, the author's stylistic utilization is determined. Based on this direction, we linguistically have analyzed the work of Mustafa Shokay «Fragments from the 1917 year's memories». First, the most common anthroponomy, ethnonym, toponym and ergonym have been analyzed in the memory texts. Afterwards, borrowings, obsolete words, words and word combinations in nominative meaning, phraseological unites, proverbs and sayings, use of vocabulary as epithets, synonyms, antonyms in memories have been studied in detail, as well as some morphological and stylistic peculiarities of syntactic structures. In the result we came to the conclusion that in linguistic terms, the analysis of memories of Kazakh immigrants is of great importance.

Keywords: onomasticheskoe unit, the input word, socio-political vocabulary, the name, the concept.

<https://doi.org/10.48081/BMQM2177>

Г. Қ. Абдирасилова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАСЫ

Мақалада жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелеріндегі біріккен сөздердің жазылуын қарастырады. Латын негізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыратын, дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын басты нормативті қағидалар болып саналады. Сөздерді бірге не бөлек жазудың жазу тарихы басталғаннан бергі қиындығы бар екендігі мәлім. Біріккен, кіріккен сөздердің емле ережесіндегі жазылу ерекшеліктері мен кейбір қиыншылық тудыратын мәселелері сөз болады. Қазақ тілінің сөзжасамына орыс тілінен калькалау арқылы алынған сөздер біршама өзгеріс енгізгені белгілі. Мысалы, «аралық» сөзі орыс тілінен «меж, между» деген тұлғаларымен аударылған терминдерде көптеп кездесіп, бірге жазылатын болды.

Кілтті сөздер: жаңа әліпби, қазақ тілі емлесінің ережелері, біріккен сөздер, жазылуы.

Кіріспе

Латын графикасына көшу қазақ орфографиясындағы мәселелердің шешілуіне жаңа мүмкіндік туғызады. «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы № 569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленді. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері (Ереже) – латын графикасындағы қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазуды көрсететін құқықтық күші бар құжат. Ережеде алдымен ұлттық тілдің жазу-сызумен байланысты: тілдің жалғамалылығы; тілдің ықшамдалуы; тіл дыбыстарының үндестігі; дауыссыздардың бір-бірімен үйлесімділігі, т.б. негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктері ескерілді. Ереженің негізгі ұстанымы үшін

фонематикалық принцип басшылыққа алынды. Сонымен қатар қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы көне және кірме тілдік қабаттардың кейбір түрлерінің емлесіне қатысты дәстүрлі және фонетикалық, ал төл сөздердің күрделі түрлері үшін морфологиялық принцип те қолданылды.

Ереже түзуде ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы, техникалық жақтан қолдануға оңтайлы, жинақы болуы, халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтылуы, жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталуы ерекше назарға алынды. Сонымен бірге бұған дейінгі жазу тәжірибесі, тұрақталған нормалары, латыннегізді әліпбиді қолданған және қолдана бастаған түркітөктес халықтардың емле тәжірибелері ескеріледі [1].

Зерттеудің нысаны: Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелеріндегі біріккен сөздердің орфограммасы.

Зерттеудің пәні: Латын графикасы және қазақ жазуы

Мақсаты: Қазақ тілі лексикалық қоры халық өмірінің барлық түріне тән сөздер құрамында біріккен сөздер елеулі орын алады. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелеріндегі біріккен сөздердің орфограммасының репрезенттілігін анықтау.

Міндеттері: – әр жылдарда шыққан орфографиялық сөздіктердегі біріккен сөздердің жазылу ерекшеліктерін саралау;

– ғылым мен техниканың әр алуан саласына қатысты терминдік мағынаға ие болған сөз тіркестерінің (пәндік терминология) жазылуы және өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарлар әлеміндегі номинацияланған атаулардың орфограммасы;

– Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелеріндегі біріккен сөздердің жазылу көрінісі.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Біріккен сөз – екі я одан да көп сөздер бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз. Мысалы, тасбақа тас+бақа, Талдықорған Талды+қорған, орын + басар – орынбасар, көк+өніс – көкөніс, бала+бақша – балабақша, жан+ұя – жанұя, бал+мұздақ – балмұздақ т.б. Қазақ тілінде орыс тіліндегі байланыстырушы дауыстылар сияқты сөзді біріктіретін морфемалар жоқ. Сөз ешбір қосымшасыз бірігеді. Біріккен сөз екі түрлі: 1) кіріккен сөз, 2) біріккен сөз.

Кіріккен сөз деп – сыңарлары түрлі дыбыстық өзгеріске түсіп, бір-бірімен дыбыстық жағынан үндесіп, ықшамдалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздерді атайды. Мысалы, биыл-бұл жыл, бүгін-бұл күн, қол+қап – қолғап, алып+бер – әпер, қайын+іні – қайын, ендігіден+әрі – ендігәрі, қара+ала+құс – қарлығаш т.б.

Біріккен сөздер деп құрамындағы сыңарлары дыбыстық құрамын сақтай отырып, бір лексикалық мағына беретін біртұтас сөзге айналған сөздер аталады. Мысалы, сая+жай – саяжай, ақ+қу– аққу, ай+балта – айбалта, көк+жөтел – көкжөтел т.б. Біріккен, кіріккен сөздер бірге жазылады. Біріккен сөздер сөздік қорды байытады.

Қазақ емлесіндегі тың өзгерістер, жаңа қағидалар және олардың ғылыми негіздемесі ортологиялық құралдарда жан-жақты қамтылады. Емле ережесінің IV тарауы «Бірге жазылатын сөздер емлесі» тоқталмақшымыз. Тарау 9 тараушадан тұрады.

«Біріккен сөздер мен сөз тіркесінің орфографиялық сөздігінде» Г. Жәркешова «Кез келген тіркестерді біріктіріп жазу тәжірибемізден туған қиындықты еске ала отырып, тек талассыз, басы ашық, бірге жазылуы қалыптасып әдетке айналған сөздерді ғана біріктіріп жазуды, әрі орфографиямыз морфологиялық принципке негізделгендіктен және соңғы кездегі қазақ тілі грамматикасына орфоэпия (сөздерді дұрыс айту формасы) енгізілуіне байланысты біріккен сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылуын мақұлдаймыз. Атап айтқанда, мынадай сөздерді ғана бірге жазу керек», – дей отырып, 6 тармақтан тұратын біріккен сөздердің түрлі үлгілерін ұсынады [2, 22–23].

Г. Жәркешованың сөздігінде алты атар, қара ала, сары ала, өлі ара сөздері осылайша бөлек жазылса, одан кейінгі сөздіктерде (1963, 1978) түбірін сақтап, бірге жазу, ал соңғы 1988 жылғы сөздікте алтыатар, өліара, сары ала, қара ала түрінде жазу ұсынылған. Ал 1996 жылғы анықтағышта шаруашылық, тұрмыстық, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал – жабдық, ұғым атаулары мен мамандық, кәсіп, қызмет иелерін атайтын сөздер бірігіп жазылады деген ереже заңдастырылады.

Сонымен қатар, қазақ тілі лексикалық қоры халық өмірінің барлық түріне тән сөздер құрамында біріккен сөздер елеулі орын алады. Ал бұлардың бәрін біріктіріп жазуға негіз болып отырған – алдыңғылардай тарихи дәстүрлі принцип қана емес семантикалық принцип болса керек. Яғни бұл сөздер атаулық мәнге ие болғандықтан, біріктіріп жазылған. Біріккен сөздердің жазылуы сөздерді біріктіру арқылы жаңа мағыналы сөзжасалымынан әр түрлі атаулық мәнге ие болған сөздердің, ғылым мен техниканың әр түрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған атауларды түгелдей біріктіріп жазылған.

Біріккен, кіріккен сөздердің жазылуы жайында ғалым Р. Сыздыкова былай көрсетеді: «Қандай сөздерді біріккен деп тауып, біріктіріп жазу керек деген мәселеге сөздіктерде кіріккен, дәстүрге айналған біріккендерден басқа «екі сөз бірге айтылғанда, жеке тұрғандағы мағыналарынан алыстап, екеуі қосылып, басқа бір мағына беретін болса, бірге жазылады» немесе «олардың

бір сынарының мағынасынан айрылып, түсініксіз болып кеткендері бірігіп жазылады» [3; 7].

§30. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: kókónis, shekara, jertóle, baǵdarsham, beinebaian, sýsabyñ, kereñqulaq (өс.), itsandyq (өс.), kelteshash (өс.).

§31. Екінші сыңары -lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, -ar (-er) қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, -lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter) қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, -qysh (-kish, -ǵysh, -gish) қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, -ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q) қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: ortaazialyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýyzashar, atqaminer; ashatauaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter; kespekeskish.

§32. Ásire, bir, kóp, jalpy, бей және avan, avia, avto, agro, anti, aero, gidro, giper, eýro, izo, infra, kino, mega, mini, radio, tele, trans, últra, foto, elektr сияқты сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ бей қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: ásiresolshyl; birqalypty, birmáñdi; kópmáñdi, kópmúshe; jalpyulttyq, jalpymemlektetik; beikúná, beihabar; avansahna; aviamektep; avtojol; agrokeshen.

§33. Екінші сыңары aralyq, qumar, jandy, taný, tanym, jai, hat, aqy, ishilik, sumaq сияқты сөздермен келген атаулар бірге жазылады: halyqaralyq; ataqqumar; ultjandy; jaratylystaný; tiltanym; jylyjai; ashqhat (ashyqhat sylyá); zemetaqy; mekemeishilik; ákimsymaq. Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: ashuq hat, qyzmettik hat.

Қазақ тілінің сөзжасамына орыс тілінен калькалау арқылы алынған сөздер біршама өзгеріс енгізгені белгілі. Аралық сөзі орыс тілінен меж, между деген тұлғаларымен аударылған терминдерде көптеп кездесіп, бірге жазылатын болды. Аралық сөзінің арнайы формантқа айналуы халықаралық сөзінен бастау алып, ауыларалық, буынаралық, жоларалық, еларалық, сыныпаралық, салааралық, пәнаралық, мектепаралық сияқты атаулармен жалғасады. Аралықтың сөзжасамдық қабілеті сол – ол кез келген сөзге жалғана бермейді. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси кешенді нысандар (мектеп, ауыл, мемлекет, сала) төңірегіндегі жалпы атаулар осы формантты постпозицияда алуға бейім.

§34. Esh, ár, kei, bir, qai, qaisy, álde сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: eshkim; árkim; ártúrli; keibir; birdeñe; qaibir; qaisybireýler; áldeqalai.

§35. Бірінші сыңары aq, qara, sary, kók, qyzyl, ala, boz тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады: aqyq (құс), aqshabaq (балық); qaraqus, qaraaǵash (өс.); saryandyz (өс.), sarygúl;

kókqutan (құс), kókbasshóp (өс.); qyzylqasqut (аң), qyzylbıdai, alabuğa (балық), alabulbul (құс); bozbetege (өс.), boztorǵai. Үш құрамнан тұратын ботаникалық, зоологиялық атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады: aqbas sıyt, sarıbas julan. Бір ғана анықтауыштық сипаттағы сөздерден жасалған (ала, ат, ит, қара, қоңыр, қоян, түйе) өсімдік құс атауларының бірінің бірге, екіншісінің бөлек жазылуының себебін түсіндіруде біршама бағыт беретін түсініктемені ғалым Р. Сыздықованың анықтамасынан табамыз [3].

Өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарлар әлемінде ақ, қара, сары, боз, теңбіл сияқты сын есімдермен келген бір ғана өсімдік түрінің немесе бір ғана аң-құстың, жәндіктің т.б. атаулары жиі кездеседі. Бұлардың қосылып не бірге жазылуында да қиындықтар ұшырасып жүр. Олардың бірге де, бөлек те жазылатын реттері (заңдылықтары) бар. Әдетте түсті, қасиетті білдіретін сөздердің жеке өзі белгілі бір аңның, өсімдіктердің, жәндіктердің құстың тұқымын айырып көрсету үшін қолданылса, олар бөлек жазылады. Мысалы, ақ аю, қара аю, қоңыр аю дегендердегі аңның аты – аю, оның алдындағы сын есімдер аюдың тұқымдарын (түрлерін) айырып атайды, сондықтан бөлек-бөлек жазылған да, қара ала қанат көбелек – бірге жазылған. Сол секілді сары ала бөлек жазылып, сарыбас қурай, сарыбауыр жылан, сарықанат көбелек дегендердегі сары бірге берілген. Мұнда сын есімдер түсті білдіріп тұрса, бөлек жазылады, терминге айналса, бірге жазылады деген принцип ұсталғаны байқалады. Әйтсе де, қурайдың аты сарыбас, көбелектің аты сарықанат, жыланның аты сарыбауыр болғаны ма? деген сұрақ туады. Егер солай болса, онда ол сөздерге қурай, жылан, көбелек сөзін тіркестірудің керегі не? Біздіңше, мұндағы «сарылар» да түр-түсті білдіріп тұр. Алдыңғы сыңары түр-түсті білдіретін сын есімдер (ақ, сары, қызыл, қара), немесе мал, аң-құстардың жалпы атаулары (қой, сиыр, түйе, қоян т.б.) я болмаса тау, шел, құм, дала, су, тас, у деген секілді сөздер болып, екінші сыңарлары нақты есімдік немесе аң-құстардың аты болса, бұлармен жасалған сөздер, терминдер ретінде қосылып жазылады. 1988 жылғы сөздікте бөлек берілген: құмтөбе, қоянжоңышқа, қойқарақат, түйебұршақ, үкекіре, балқанбақ, аққайың, итбадам, т.б. [4, 50].

§36. Лексикалық мағынасынан ажыраған qoi, sıyt, tıue, bota, qozy, at, qoıan, aıy, bógi, qasqut, it немесе qum, sý, bal, ý, sog сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады: qoıjýsan (өс.), sıytjoınyshqa (өс.), aıybadam (өс.), bógiqaraqat (өс.), qasqutjem (өс.), itbúldirgen (өс.).

Ал кейбір атауларда түсті, қасиетті білдіретін сын есімдер немесе солармен тіркесетін негізгі сөздер өздерінің лексикалық негізгі мағынасынан айырылып, екеуі бірігіп, бір ғана аңның, құстың, өсімдіктің, т.б. жалпы атауларын білдіреді. Мысалы: ақбауыр (құс), аққайран (балық), ақсары (құс) дегендегі ақ сын есімі өзі тіркескен сөзімен бірге жазылады, өйткені

бұл жердегі балық, құсатардың атаулары бауыр, қайраң, сары емес, бұл сөздер ақ сөзімен тіркесіп барып қана жалпы атау болып тұр. Демек, ақ сөзі де тек қана түсті білдіріп, айырымдық қызмет атқарып тұрған жоқ, сондықтан бұлар бірге жазылады. Әрине, кез-келген сәтте бұларды бірден тану оңай емес. Мұндай алуан кітаптарда, сөздіктерде, энциклопедияларда бұндай күрделі атаулардың жазылуында бірізділігі болмай келеді. Бұлардың орфограммасын таңбалануын мүмкіндігінше реттеу – емле сөздіктерінің міндеті. Бірақ мұнда да едәуір қиындықтар болатын мойындаймыз», - дейді ғалым Р.Сыздықова [3, 17].

§37. Екінші сыңары shóp, gúl, tiken, jaryraq, tamyr, qus, balyq, qurt, jidek, jemis, qat сөздерімен келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады: emenshóp, altqyzyljidek, itjidek; tamyrjemis, torjemis; qaraqat, qyzylqat.

1) биология ғылымының терминдері: алабота, кәрікыз, ақиық, қарақұрт, бірқазан, тозаққап;

2) физика-математика мен өндіріс, техника саласына жататын терминдер: көпмүше, майбалшық, сегізжақ т.б.

3) медицина, ветеринария терминдері: шорбуын, қыркұлақ, қоянжел;

4) Мәдени-ағарту, өнер, әдебиет, тіл саласының терминдері: құйтабақ, қылқалам, қолтаңба, сегізаяқ, сөзжасам;

5) Спорт терминдері; бессайыс, ойынсерік (партнер), жанкүйер. 6) химия, биология, металлургия терминдері: оттек, сутек, қостотық, теміртас, таскөмір.

7) астрономия терминдері: кемпіркосақ, оңтүстік, шоқжұлдыз, құсжолы.

Әсіресе, ғылым мен техниканың әр алуан саласына қатысты терминдік мағынаға ие болған сөз тіркестерін қосылып жазылатындығы баса көрсетілген. Екі түбірден құрылып, техника, ғылым саласына байланысты қалыптасқан сөздер бірге жазылады.

§38. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады: aqsaqal, erjúrek, erjúrektik, janpıda, janpıdalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústı, atústilik.

Ғалым Р. Сыздықова біріккен, кіріккен сөздердің жазылуы хақында: «Жазуда қиындық туғызып келе жатқан жайт – ереженің өзі емес сол ережеге бағынатын біріккен сөз категориясын ажыратуда болып келе жатыр» – дейді [3, 10–14]. Бұл пікір К. Күдеринованың «Бірге бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері» атты диссертациялық еңбегінде теориялық тұжырым тапты. Ол құрама сөздерді бірге түлғалауда мынадай тілдік факторлардың әсері барын көрсетті:

– тұлғалық фактор: құрама сөз сыңарлары грамматикалық формалардың элизия, редуциялануы, екі сыңар ұластырғыш жалғаулықтардың болуы, сыңарлардың фонетикалық-контаминацияға ұшырауы; бір екпінге бағынуы;

-мағыналық фактор: сыңарлар мағынасының лексика-семантикалық контаминацияға түсуі; ортақ мағына беруі [5,14].

Қорытынды

Сонымен, емлелік сөздіктерді бір жүйеге түсіру мен жазу принциптерін айқындалудың тілімізде сөзжасау заңдылықтарын орнықтыруға ықпалы зор болмақ. Жалпы әлемдік тәжірибеде әріп саны мен емле ережелерінің көптігі – ол әліпбидің әлсіздігін көрсететін факторлардың бірі. Сондықтан латын графикасына көшу арқылы, біріншіден, әріп санын, екіншіден, емле ережелерін қысқарту арқылы төл әліпбиімізді оңтайландыруға, жетілдіруге нақты қадам жасаймыз. Біздің жазуымыз фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, дәстүрлі принциптерге негізделгендіктен, осы жүйені сақтау да маңызды. Бірақ сауаттылық латын графикасына өткеннен кейін одан да маңыздырақ болатындығы айқын.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері // «Егемен Қазақстан» газеті. – 18.01.2019.
- 2 **Жәркешова, Г.** Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. – А., 1954.
- 3 **Сыздық, Р.** Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана : Елорда, 2000. – 532 б.
- 4 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – А., 2000.
- 5 **Күдерінова, Қ.** Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 380 б.
- 6 **Күдерінова Қ.** Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы, 2005. – 144 б.
- 7 **Жүнісбек, Ә.** Әліпби мәселесі [Электрондық ресурс]. – <http://old.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi>.

References

- 1 Qazaq tili emlesiniń negizgi erejeleri // [Basic Rules of spelling of the Kazakh language] / / «Egemen Qazaqstan» gazetі. [Newspaper In Egemen Kazakhstan]. – 18.01.2019.
- 2 **Járkeshova, G.** Birikken sózder men sóz tirkesteriniń orfografiyalıq sózdigi. – [Spelling dictionary of combined words and phrases]. – 1954. Almaty.
- 3 **Syzdyq R.** Qazaq tiliniń anyqtaǵyshy (emle, tynys belgileri, sóz sazy). – [Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, vocabulary)]. – Astana : Elorda, 2000. – 532 p.
- 4 Qazaq tiliniń orfografiyalıq sózdigi [Spelling dictionary of the Kazakh language] Almaty, 2000.

5 **Kúderinova, Q.** Qazaq jazúynyń teorialyq negizderi. [Theoretical foundations of Kazakh writing]. – Almaty : Center for the development of the state language, 2010. – 380 p.

6 **Kúderinova, Q.** Birge jáne bólek jazylatyn sózderdiń orfografiyası. – [Spelling of words written together and separately]. – Almaty, 2005. – 144 p.

7 **Júnisbek, Á.** Álipbi máselesi – [The problem of the Alphabet] // [electronic resource] <http://old.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi>.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Г. К. Абдирасилова

Орфограмма слитных слов правописания казахского языка на основе нового алфавита

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматривается правописание правил слитных слов казахского языка на основе нового алфавита. Алфавит с латиницей являются главными нормативными принципами, стабилизирующими орфографические нормы казахского языка, формирующие культуру правильного письма. Известно, что написание слов слитно или отдельно сложнее с начала истории написания. Речь идет об особенностях написания, в орфографических правилах объединенных и интегрированных словах, а также о проблемах, которые вызывают некоторые затруднения. Как известно, в словообразовании казахского языка, слова при калькулирования на русский язык, внесли ряд изменений.

Например, при переводе с русского языка слово «аралық» «меж, между» в терминах пишется вместе.

Ключевые слова: новый алфавит, правила правописания казахского языка, слитный слова, написание.

Г. К. Абдирасилова

Spelling of merged words of the Kazakh language spelling based on the new alphabet

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 18.09.20

The article deals with the spelling of the rules of merged words of the Kazakh language based on the new alphabet. The alphabet with the Latin alphabet is the main normative principles that stabilize the spelling norms of the Kazakh language, forming a culture of correct writing. It is known that writing words together or separately is more difficult since the beginning of the history of writing. We are talking about the peculiarities of writing, the spelling rules of combined and integrated words, as well as problems that cause some difficulties. As you know, in the word formation of the Kazakh language, words when calculating into Russian, made a number of changes.

For example, when translating from the Russian language, the word «aralyk» «between, between» is written together in terms.

Key words: new alphabet, spelling rules of the Kazakh language, merged words, spelling.

FTAMP 16.01.11

<https://doi.org/10.48081/GLES5779>

Г. Қ. Абдирасилова, Ш. Д. Дүйсенова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА ӨТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАСЫ

Мақалада латын графикасына өту жағдайындағы кірме сөздердің орфографиялануы жайында сөз болады. Қазақ әліпбиін латыннегізді графикаға көшіруде қазақ жазуында ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарының айқын көрініс табуына, тілдің дыбыстық қор әлеуетінің қамтылуына айрықша назар аударылады. Кирилл әріптерін жаңа әліпби бойынша қазақтың айтылым заңдылығына сөйкес икемдеп жазу қазақ тілінің табиғи қалтын сақтауға мүмкіндік береді. Шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық жүйемен, өзіміздің жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіру, игеру арқылы ұлттық болмысымызды сақтаймыз. Бұл орайда жаңа әліпбиді үйренудің де, өз дәрежесінде үйретудің де маңызы өте зор.

Кілтті сөздер: жаңа әліпби, қазақ тілі емлесінің ережелері, латын графикасына өту, кірме сөздер, орфографиялану.

Кіріспе

Елдің өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, тіліне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа өз мемлекет тілінде сапалы тәрбие мен білім беру бүгінгі заман талабы.

Елбасы 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде нақты тапсырма беріп, «...2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек», – деп қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің керектігін ескерткен болатын [1].

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшу арқылы біз мына нәрселерден ұтамыз. Біріншіден, жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер

қысқарып, тіл тазалығы сақталады. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан кезде басы артық таңбаларға қажетті емле, ережелер қысқарып, оған кететін уақыт пен қаржы үнемделеді. Үшіншіден, латын графикасына негізделген әліпбиге көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік береді. Төртіншіден, түркітілдес елдермен, мәдени, рухани және экономикалық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нысаны: латын графикасына өту жағдайындағы кірме сөздердің орфограммасы

Зерттеудің пәні: Латын графикасы және қазақ жазуы

Мақсаты: Елімізде соңғы жылдары жүріп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа да салалардағы өзгерістер, үш тілдік тұғыр саясаты тілімізде де өзгерістердің, соның ішінде ағылшын тілінен енген кірме сөздердің пайда болуы және латын әліпбиіне көшу – өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақты анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы кірме сөздердің жазылу ерекшеліктері.

Міндеттері: -Жазбаша жолмен енген кірме сөздер фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады. Тілге кірме сөздердің келуінің негізгі жолдары: транскрипция, транслитерация, калькалау және семантикалық кірмелерге сипаттама;

Кірме сөздерді зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасау;

Емле ережесі (жоба, 2) қабылданғаннан кейін өзгерістерге («Соңғы емле 9 тараудан, 107 тараудан тұрады) соның ішінде, VIII тарау «Шеттілдік сөздердің емлесі» тарауына талдама жасау.

Орыс тіліндегі сөздерде келетін «ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ» әріптерінің орнына жазылатын баламалары, таңбалану ерекшеліктері.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Кез келген тілдің сөздік құрамы үнемі жаңарып толығып, жаңаланып отырады.

Кірме сөздер – тілаларлық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т.б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Кірме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып

тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Мысалы, тіліміздегі заң-закон қос сөзінің заңы – орыс сөзі екені баршамызға белгілі, ал төл сөзіміздей болып кеткен заң болса – ерте замандарда қытай тілінен ауысқан лексема [2]. Алайда қазақ тіліне кірме сөздердің енуі жаңалық емес, себебі қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII–XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII–XIII ғасырларда монғол елдерімен, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен, бастап бүгінгі күнге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұзақ байланыстардан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында көптеген шетел сөздері пайда болған.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: араб тілі, парсы тілі, монғол тілі, орыс тілі. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер қазіргі кезде қазақ тілінің төл сөздеріндей болып кеткен. Кірме сөздер тілге ауызша және жазбаша жолмен де енеді. Ауызша жолмен енген сөздер тілге тез сіңіп кетеді де, жазбашалары өзінің фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады. Тілге кірме сөздердің келуінің негізгі жолдары: транскрипция, транслитерация, калькалау және семантикалық кірмелер.

Транскрипция – шетелдік сөздердің өз дыбыстық формасын сақтап қалуы. Мысалы: image, summit, trailer, briefing және т.б.

Транслитерация – шетелдік сөздердің жазылуында ана тілінің әріптерін қолдану. Мұнда сөздер қабылдаушы тілдің ережесі бойынша оқылады. Мысалы: пиар (PR), веб (web), провайдер (provider), мотель (motel).

Калькалау - шетелдік сөздердің қабылдаушы тілдегі сөздермен берілетін тура аудармасы.

Кірме сөздерді зерттеушілердің бірі А. Т. Исламованың «Шетел сөздерінің белгілері мен деректері» тақырыбындағы зерттеуінде қазақ терминологиясында шетел сөздердің келесі түрлерін ажыратуға болады дейді: 1) материалдар кірмелер; 2) калькалар; 3) аралас кірмелер (полилексемдік терминдер мен күрделі сөздерде) [3].

XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің көбінің еңбектерінде «кірме сөздер» термині қолданылады, алайда кейбір зерттеушілер кірме және калькалауды әр түрлі процесс деп қарастыруды ұсынады. Басқа тілден енген сөздердің тілге калька арқылы енуі қабылдаушы тілдің лексикасының толықтырып байытатыны жөнінде көптеген лингвисттер Б. Әбілқасымов, Б. Момынова өз еңбектерінде атап өтеді [4, 5].

Сөздік қорымызға күн санап еніп жатқан шет тіл сөздерді латын графикасымен игерудің орфографиялық, лингвоәлеуметтік және лингвопсихологиялық тұрғыдан профессор Н. Уәли, А. Фазылжанова, Қ. Күдерінова, А. Алдаш, Н. Әміржанова, т.б. орфограф-тілтанушы мамандар айналысып келеді. 2017 жылы шыққан «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ұжымдық монографияда бұл мәселенің алғышарттары зерттелген болатын. Ғалымдар қазіргі шет тіл сөздерді игерудің үш моделін көрсетіп отыр. Олар: әріп модель, тіркес модель және қосымша модель.

«Тіл – Қазына» ұлттық орталығы елімізде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу қызметін атқарып келеді. Емле ережелерінің өзі 9 тарауға бөлініп, тілдік ерекшеліктер нақты көрініс тапқан. Емле қабылданғаннан кейін өзгерістерге көз жүгіртіп шықтық: «Соңғы емле 9 тараудан, 107 тараушадан тұрады. Соның ішінде VIII тарау «Шеттілдік сөздердің емлесі» тарауы §76 мен §98 параграф аралығында 22 параграфты қамтып тұр. Шеттілдік сөз – жазба тұрпаты түпнұсқасынан үлкен айырмасы болмайтын өзге тілден енген сөз. Бұрынғы кирилл графикасына негізделген қазақ емле ережесін оқытуда қиындық тудырып жүрген, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін ц, щ, ю, я, э, ё, ь, ъ жат әріптерінен арыламыз.

Емледе шеттілдік сөздердің түп нұсқасы сақталуы басты орфографиялық талап болса, енді оларды қазақ тілінің ішкі табиғи ерекшеліктеріне бейімдеуге ерекше көңіл бөлінген. Сонымен бірге халықтың қазіргі жоғары сауаттылығына байланысты шеттілдік сөздерді көп өзгеріске түсірмей, халықаралық терминдер мен атаулардың тұрпатын сақтау арқылы жазу заңдылықтарын тым күрделендіріп жібермей, сол арқылы шетел тілдерін оқып – үйренуге де оңтайлы болу жағы ескерілгені байқалады. Мысалы, *rejisor, valy`ta, dizain, y`chilshе, piesa, film, sement, pa`rol, pitsa, komersia, moderator* [6].

Өз ана тіліміздің табиғатына сай жазу емлесін қалыптастыруды мақсат еткен бұл ережелер жобасындағы шеттілдік сөздер мен кейбір кирилл әріптерінің емлесі туралы жазылған қағидалар да жұртшылық көңілінен шығады. Себебі шығыс тілдерінен енген сөздердегі «х», «h» әріптерінің жазылуы, орыс тіліндегі сөздерде келетін «ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ» әріптерінің орнына жазылатын баламалары ғылыми тұрғыда дұрыс берілген. Әліпбиден шығарылып тасталған өзге тіл әріптерінің таңбалану ерекшеліктері дұрыс, қазақ тілінің табиғатына сай айтылған [7].

Қазақ тілінің кейбір төл сөздерінде (ұя, тақия, аю, ою, т.б.) және өзге тілдерден қабылданған шеттілдік сөздерде (ядро, сюжет, шётка, электр,

т.б.) жазылатын кейбір кирилл әріптері жаңа ұлттық әліпби негізінде қалай таңбалаңады?

Ё әрпінің таңбалануы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Латыннегізді жаңа қазақ жазуында ё әрпі ó әрпімен таңбалаңады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: Манёвр–manóvг (-diń,-i,-ge,-ler), бруцеллёз–brýselóz (-diń,-i,-ge,der), актёр–aktór (-diń,-i,-ge,-ler).

Ц әрпінің таңбалануы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Жаңа әліпби бойынша ц әрпі және сц әріп тіркесі s әрпі арқылы жазылады: Цирк–sirk, цифр–sifr, цилиндр–silindr, циркуль–sirkýl, дециметр – desimetr, медицина–medisina.

Қатар келген ц әрпі ts тіркесі арқылы таңбалаңады: Пицца–pítsa, Ницца–Nítsa -тч дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: Скотч–skoch,скетч–skech, матч–mach.

Щ әрпінің таңбалануы. Латыннегізді жаңа қазақ жазуында щ әрпі төл сөздерде shsh әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде sh әрпімен таңбалаңады: Ащы–ashshy, тұщы–tushshy, кешсе–keshshe, училище–úchilshе.

Э әрпінің таңбалануы. Жаңа қазақ әліпбиінде э әрпі е әрпімен жазылады: Элемент–element, элеватор–elevator, эпопея–eroreia, поэтика – poetika.

Ю әрпінің таңбалануы. Ю әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін jú әріп тіркесімен: Аю – айú, ою – оiú, Юпитер – Júpiter, Юрмала – Júrmala, каюта – kaiúta

Дауыссыз дыбыстан кейін ú әрпімен таңбалаңады: Парашют–parashút, абсолют– absalút, глюкоза–glúkoza, дебют–debút, продюсер – prodúser.

Сондай-ақ айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін де ú әрпімен жазылады: Компьютер–kompúter, тьютор–tútor, конъюктура–konúktýta, конъюктивит – konúktivit.

Ю әрпі үнемі дауыссыздардан кейін келе бермейді, кейде и әрпінен кейін де жазылады. Мұндай жағдайда ю әрпінің орнына ú жазылады: Қию – qiú, кию – kiú, дию – diú.

Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Я әрпінің таңбалануы. Латыннегізді жаңа қазақ жазуында я әрпі төл сөздерде және шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін ia әріп тіркесімен жазылады, сондай-ақ айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін ia әріп тіркесі арқылы жазылады: Яғни–iaғni, қоян–qoian, Ялта – Ialta, соя – soia, идея – ideia, альянс – alians.

Ал дауыссыз дыбыстан кейін á арқылы таңбалаңады: Аккумулятор–akútmýlá tor, муляж – mýláj, заряд – zará d, калькулятор - kalkýlátor.

И (i) әрпінен кейін тұрған я-ның орнына a жазылады: қияр – qiar, сия – sia, жария – jaia.

Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейді: Ансамбль – ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), пароль – paró l (-diń, -i, -ge, -der), асфальт-asfált (-tiń, -i, -ke, -ter).

Мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: Бронь–bron (-nyń, -y, -ǵa, -dar), монастырь-monastyr (-dyń, -y, -ǵa, -lar), гуашь-gúash (-tyń, -y, -qa, -tar).

Жіңішкелік белгісімен (ь) келген буын құрамында е, і әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буын үндестігіне сәйкес жалғанады: Акварель–akvarel (-diń, -i, -ge, -der), стиль - stil (-diń, -i, -ge, -der), лагерь -lager (-diń, -i, -ge, -ler), артикль – artıkl (-diń, -i, -ge, -der).

Ономастикалық атаулар мен кейбір мағынасына нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің (ь) орнына і әрпі жазылады: Пьер–Pier, пьеса–piesa.

Е әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (ь) латыннегізді қазақ жазуында ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады: Субъект–sýbekt, объект–obekt.

Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына ұқсас жазылады және оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: Модератор-moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), маркер-marker (-diń, -i, -ge, -ler), степлер–stepler (-diń, -i, -ge, -ler), ваучер-vaúcher (-diń, -i, -ge, -ler), айфон-aifon (-nyń, -y, -ǵa, -dar), банкнот-banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), банкомат-bankomat (-tyń, -y, -qa, -tar).

Дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: Менеджер – menejer (-diń, -i, -ge, -ler), джинсы - jınsy (-nyń, -sy, ǵa, -lar), джентельмен – jentilmen (-niń, -i, -ge, -der). -дж әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгертін жағдайда d әрпі сақталып жазылады: бюджет – búdjel лоджия – lodjy.

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі : Класс-klas (tyń, -y, -qa, -tar), холл-hol (-dyń, -y, -ǵa, -dar), балл-bal (-dyń, -y, -ǵa, -dar). Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: Комиссар–komısar, профессор–profesor, ассонанс–asonans, грамматика–gramatika, программист–programıs, металлургия–metalúrgıa, эллипс–elıps, спарринг–sparıń.

Шеттілдік сөздердің соңындағы а әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: Газета – gazet (-tiń, -i, -ke, -ter), минута – mınyıt (-tyń, -y, -qa, -tar), цифра – sıft (-dyń, -y, -ǵa, -lar), кардиограмма - kardıogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar).

Бірақ matematika, pedagogıka, statistıka, mehanıka болып жазылады. Сөз аяғындағы -ст, -сть, -зд әріп тіркесінің соңғылары түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: Журналист- júrnalıst (-tiń, -i, -ke, -ter), коммунист - komúnıst (-tiń, -i, -ke, -ter), манифест – manıfes (-tiń,

-i, -ke, -ter), энциклопедия - ensiklopedıst (-tiń, -i, -ke, -ter), Эверест - Everes (-tiń, -i, -ke, -ter), ведомость - vedomos (-tyń, -y, qa, -tar), повесть - povest (-tiń, -i, -ke, -ter).

Сөз соңындағы-нг әріп тіркесі ń әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: Паркинг-parkıń (-niń, -ge, -i, -der), боулинг - boylıń (-niń, -ge, -i, -der), брифинг- brıfıń (-niń, -ge, -i, -der).

Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер ú әрпімен жазылады: úatsap, úıki, úıkipedia, úeb-sait.

Әлемдік өркениет көшіне ілесіп қана қоймай, көшбасшылыққа ұмтылуды көздейтін талапшылдығымызға сәйкес, біз қашан да жаңалық атаулыны құптайтынымыз рас. Жаңа әліпбиді үйренуде кейбір кирилл әріптерінің және шеттілдік сөздердің жазылуында қиыншылықтар да кездесуі мүмкін. Бұл орайда латын әліпбиіне көшу барысында кездесетін проблемаларды жан-жақты талдай отырып дайындалған қазақ тілінің емле ережелерін, соған орай емле ережелерін жіті түсіндіріп, орфографиялық нормалар мен принциптердің негіздемесін айқындайтын «Қазақ тілінің анықтағышын» басшылыққа алу қажет.

Қорытынды

Латын әліпбиінің ұлттық жобасы талай мәрте ұсынылып, халық пен ғалымдардың қызу талқысына түсуде. Ендігі уақытта сол әліпбиге көшіп, елдігімізді нақтылай түсуіміз қажет. Ендеше, «мәңгілік ел болу үшін, оның мәңгілік тілі болу керек, мәңгілік тілі болу үшін, оның мәңгілік жазуы болу керек, мәңгілік жазуы болу үшін, оның мәңгілік әліпбиі болу керек, мәңгілік әліпбиі болу үшін, ол ұлттық болу керек.

Ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басында «асыл тіл, түзу емле қазақта» десе [8], бүгін біз ХХІ ғасыр басында, тәуелсіз қазаққа ұлттың басты рухани қазынасы ана тіліміздің, асыл тіліміздің тынысын ашатын ұлттық жазу, түзу емле қажет дегіміз келеді. Латын тілі - ғылыми техниканың тілі. Латын әліпбиіне көшу - заман талабынан туындап отырған бірден-бір қажеттілік. Себебі латын әрпі бүкіл әлемнің қатынас белгісі болып отыр.

Қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі біріншіден, қажеттілік, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде үлкен өркениетке жол ашады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Назарбаев, Н. «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» газеті. 2017 жылғы 26 сәуір.

2 Энциклопедия. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы : ISBN 5-7667-2949-9.

3 **Исламова, А. Т.** Шетел сөздерінің белгілері мен деректері. – Алматы, 2004. – 15 б.

4 **Әбілқасымов, Б.** Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы : Ғылым, 1971. – 73 б.

5 **Момынова, Б.** Газет лексикасы. – Алматы : Арыс, 1999. – 72 б.

6 **Сағындықұлы, Б.** Дұрыс ереже ең алдымен мектеп үшін // «Жас алаш» газеті. – № 63. 2019, 13 тамыз. – 5 б.

7 Қазақ емлесінің негізгі ережелері (Жобасы). ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде мақұлданды. – Алматы, 2018.

8 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992.

References

1 **Nazarbayev, N.** «Bolashakka bagdar: Ruhani zhangyru». In Egemen Kazakhstan newspaper. April 26, 2017.

2 Ensiklopedia [Encyclopedia]. – Алматы : – [Almaty chief editorial office of the «Kazakh encyclopedia», publishing house «Atamura»]: «Qazaq ensiklopediasynyń» Bas redaksiyası, «Atamura» baspasy. – ISBN 5-7667-2949-9.

3 **Islamova, A. T.** Signs and facts of foreign words. – Almaty, 2004. – p. 15.

4 **Abylkasymov, B.** Alǵashqy qazaq gazetteriniń tili [Language of the first Kazakh newspapers]. Almaty : Nauka publ., 1971. – p. 73.

5 **Momynova, B.** Gazet leksikasy [Newspaper vocabulary]. – Almaty : Arys publ., 1999. – p. 72.

6 **Sagindykuly, B.** Durys ereje eń aldymen mektep úshin [Correct rule first of all for the school] In newspaper «Zhas Alash», No. 63, August 13, 2019, P. – 5.

7 Qazaq emlesiniń negizgi erejeleri (Jobasy). QR Bilim jáne ǵylym ministrliǵı Ǵylym komiteti A. Baitursynuly atyndaǵy Til bilimi institutyńyń Ǵylymı keńesinde maquldandy. [Basic Rules (draft) of Kazakh spelling. The Scientific Committee of the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan approved the Scientific Council of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov].- Almaty, 2018.

8 **Baitursynov, A.** Til taǵylymy. [Language Teaching] – Almaty : Ana Tili, 1992.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Г. К. Абдирасилова, Ш. Д. Дуйсенова

Орфограмма заимствованных слов при переходе на латинскую графику

Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье рассматривается орфография заимствованных слов в условиях перехода на латинскую графику. При переводе казахского алфавита на латинскую графику особое внимание уделяется четкому видению особенностей и закономерностей национального языка в казахской письменности, охвату потенциала звукового фонда языка. Гибкое написание букв Кириллицы по новому алфавиту в соответствии с произношением казахского языка позволяет сохранить естественную форму казахского языка. Мы сохраним национальную самобытность, овладевая устными словами своей звуковой системы, своей системой письменной речи. В этой связи большое значение имеет и изучение нового алфавита, и обучение на своем уровне.

Ключевые слова: новый алфавит, правила написания казахского языка, переход на латинскую графику, вводные слова, орфография.

G. K. Abdirasilova, Sh. D. Duisenova

Orthography of borrowed words in the transition to the Latin script

Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 28.08.20.

The article deals with the spelling of borrowed words in the conditions of transition to Latin graphics. When translating the Kazakh alphabet into Latin graphics, special attention is paid to a clear vision of the features and regularities of the national language in the Kazakh script, and to covering the potential of the language's sound Fund. Flexible spelling of Cyrillic letters in the new alphabet in accordance with the Kazakh pronunciation language allows you to preserve the natural form of the Kazakh language. We will preserve our national identity by mastering our spoken words with our sound system, our writing system. In this regard, learning the new alphabet and learning at your own level is of great importance.

Keywords: new alphabet, rules for writing the Kazakh language, switching to Latin graphics, introductory words, spelling.

<https://doi.org/10.48081/KGOR8009>

Н. Б. Ағалиева¹, Б. Ш. Құралқанова², Б. М. Қадырова³

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
e-mail: ¹agalieva69@mail.ru; ²bota0975@mail.ru, ³masalim70@mail.ru

С. ӘБЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясының жас өкілі болып табылатын «Торғайлық ақын» Саят Әбенovтің шығармашылығы жан-жақты талданды. Зерттеушілер Саят Әбенovтің шығармашылығына көп қалам тарта қоймаса да, ақын өлеңдері халық арасына әлеуметтік желі арқылы кең таралды. Мақалада ақынның заман ағымын тиек еткен өлеңдерінің тақырыптық-идеялық ерекшелігі сөз етілді. Саят Әбенov шығармашылығы жастар тынысымен үндес тауып, өскелең ұрпаққа гибрат беретіні көрсетілді. Саят Әбенov шығармашылығы қазақ поэзиясының діңгегі болып табылатын Бұқар жырау, Абай, Шәкәрімдердің және Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мақатаев, Міржақып Дулатов шығармашылығынан сусындап, қазіргі заманның өткір саяси-әлеуметтік мәселелерін сол сарында қозғайды. Ақынның лирикалық өлеңдеріндегі ұлттық-эстетикалық ерекшеліктер мен оның поэзиядағы көрінісі ашылған. Осы ретте, ақын өлеңдері жанр бойынша топтастырылды, әр жанрға тиесілі бірнеше өлең мысалға алынып, тереңірек талданды. Талдау өлең мазмұны мен стилистикасы тұрғысында жүргізілді. Жанр бойынша топтастыру – ақын өлеңдерінің сан алуандығын танытты. Соның негізінде, Саят Әбенovтің ақындық позициясы халық позициясының айнасы болып табылатыны айқындалды.

Кілтті сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, заман ағымы, жастар тынысы, тақырыптық-идеялық ерекшелік, ақындық позиция.

Кіріспе

Бүгінгі таңдағы поэзия жарты ғасыр бұрынғы поэзия қалпынан тым ерек, себебі замана ағыны мен ақын да, оқырман да өзгерді. Өткен ғасыр еншісіндегі поэзия өкілдерін толғандырған тақырыптар ХХ ғасыр тақымында кетті: 70-80 жылдардағы поэзияға арқау болған тақырып тәуелсіздік таңы атысымен өз

өзектілігін жоғалтса, ХХІ ғасыр басындағы әлеуметтік тақырыптар бүгінгі поэзияны сусындата алмайды. Қазіргі ақындар өлеңдерінде тәуелсіздікті аңсау, таптық күрес, оқу-ағартуға үндеу жоқ. Осы кезекте саяси-әлеуметтік дағдарыс пен «жаһандану» деп ат-тонын шешіп берген адамзаттың рухани толастауы, экологиялық тақырып, ұлттық болмысты аңсау мен туған жерге ода немесе ұлы сезім машақаты сынды тақырыптар алға озды. Бұл – заман ағымына қарай өзгерген, ақынның көргені мен білгенінен жинақталған поэзия. Сонымен қатар өлең тілі мен көркемдік айшықтардың өзгергенін де жоққа шығара алмаймыз. Индивидуалды метафоралардың жасалауы азайып, мақал мен тұрақты сөз тіркесіне, қанатты сөз бен өмірлік ұранға айналатын өлең жолдары қазіргі ақындардан кездеспей жатады. Заман өзгерген соң, өлең де, оқырман да өзгереді. Бүгінде өлеңнен жан азығын іздейтіндер саны азайып барады. Десе де, қазіргі қазақ поэзиясының көшінде жүрген Қ. Сарин, Т. Толқынқызы, С. Әбенov т.б. оқырман қауымына жат емес. Әлеуметтік желінің құрсауында қалды-ау деген адам да «Торғайлық ақын» шығармашылығынан хабардар. Бірақ поэзияны дос көріп, оның қыр-сырын танығысы келетін жастарды кездестіру оңай емес. Сөз нақышын зерттеп, сынап, бағыттап жүргендер – аға буын, әдебиетті серік еткен адамдар. Қазақ поэзиясына қызығушылықтың төмендеуіне не себеп? Бұл қасиетті өнердің киесі кеткендігінің белгісі ме, әлде ақынның Абай айтпақшы «білімсіз, бейшаралығы» ма? Жоқ, әлде жаланы тағы жаһандану мен заманға жабамыз ба? Біздіңше, бұған себеп – бүгінгінің ақындары қоғамның тамырын таба алмай жүрген сияқты. Махаббат машақаты мен сезім сергелденін оқудан да, тыңдаудан да халық жалықты. Себебі жаңа заман адамына «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» шоғын маздататын жаңа леп керек. Ол лепті әдебиет пен мәдениеттен ғана аламыз. Әдебиет – адамды тәрбиелеудің құралы. Аға буын өскелең ұрпаққа бағыт сілтегенмен, жастарға қазіргі қоғам кеселдерді танытатын, қоғам ортасынан шыққан жас ақындар керек.

Зерттеудің нысаны: Жас ақын» Саят Әбенovтің поэзиясы

Зерттеудің пәні: Қазақ әдебиеті.

Мақсаты: Тәуелсіз қазақ әдебиетіне, оның ішінде қазіргі поэзияның жан-жақты дамуына жастар үлкен үлек қосып келе жатыр. Біз қазіргі жастар поэзиясының ішінде ақынның заман ағымын тиек еткен өлеңдерінің тақырыптық-идеялық ерекшелігін, әрі ақынның қаламгерлік ерекшеліктеріне мән беруді мақсат еттік.

Міндеттері:

- ақын өлеңдерін жанр бойынша топтастыру,
- әр жанрға тиесілі бірнеше өлеңдерін мазмұны мен стилистикасы тұрғысында талдау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми тұрғыдан талданып, сарапталуы, ғылыми жаңалығы, мақсат-міндеттері бүгінгі уақыт талабынан туындаған. Бұған тақырыптың теориялық негіздеріне жасалған шолу, өзіндік айқын түйінді ой-пікірлер, талдаулар дәлел болады. Мақалада келтірілген сілтемелер дәйексөздермен дұрыс үйлесім тапқан. Мақалада талдау, жинақтау, салыстыру және түсіндірмелі әдістерін қолдана отырып, мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткіздік:

Ақынның лирикалық өлеңдеріндегі ұлттық-эстетикалық ерекшеліктер мен оның поэзиядағы көрінісі ашылды;

– ақын өлеңдерін жанр бойынша топтастырылды,

– С. Әбенев өлеңдері мазмұны мен стильдік-бейнелілік жағынан талданды.

Сөз өнерінің аса қастерлі саласы – ақындық өнер, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы талантты, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша поэтиканы түйістіреді [1, 17]. Қазақ даласы ежелден-ақ ақындықтың талбесігі екені хақ, тамыры тереңде жатқан бұл өнердің бәйтерегін биікке бойлатқан ақындар дәстүр жалғастығын ұрпақтан-ұрпаққа асырып келеді. Ұрпақ сабақтастығының заманауи көрінісі – Саят Әбенев.

Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық Одағының мүшесі, айтыскер, торғайлық ақын Саят Әбенев 1988 жылы 10 ақпанда Торғайда дүниеге келген. 30 жастағы ақын халық арасына айтыс арқылы танылды. Кейінгі жылдары «Инстаграм», «Facebook» әлеуметтік желілері және ән сөздерінің авторы ретінде белгілі ақын жұртшылыққа «Торғайлық ақын» псевдонимімен танымал. Аталмыш псевдоним туралы 2016 жылдың 14 тамызында әлеуметтік желідегі жеке парақшасына салған постында былай жазады: «Әрбір өлеңімнің соңында «Торғайлық ақын» деп жазылып тұратынын жақсы білесіздер. Солай жазу кәдімгідей әдетіме айналып барады. Мүмкін, ондай атаққа лайықты емес шығармын?! Дегенмен әр өнер адамының өз псевдонимі болғаны дұрыс қой. Сондай-ақ бір тойда тоқсанға жасы келген қарияның «Торғайлық ақын балам...» деп берген батасы жүрегіме қатты әсер етті. Сол кісідей қария атанғанша, тіпті соңғы демім шыққанша осылай жазуды доғармаймын. Өтірік «Халық ақыны» болғанша, шынайы «Торғайлық ақын» болғаным – мың бір мәртебе!» [2]. Оқырманмен диалог орнатып, өзін халыққа таныстыру ниетімен Мұқағали Мақатаев сарынында «Менің анкетам» өлеңін жазды:

Қай жақтансыз?

Торғайданмын,

Тек Аллаға қол жайғанмын!

Руыңыз кім?

Бөлінбеймін...

Бөліну – ол өлім деймін... [2]

Мұқағали Мақатаевтың әр қазаққа белгілі «Менің анкетам» өлеңінде де оқырманмен танысу диалогі орын алады:

Туған жерін?

Ұланымын, Қарасаз деп аталатын ауылдың.

Туған жылың?

1931. Құрдасымын Шәмілдің [3].

Қос өлеңнің алғашқы тармақтарынан-ақ ақындық үндестік көрініс табады. С. Әбеневтің өлеңі М. Мақатаевтың өлеңімен аттас болғанымен, тақырыптық-идеялық аясы қазіргі заманға лайықталған. М. Мақатаевтың «Анкетасында» ақын заманының көрінісі – саяси салқындық леп береді:

Шыққан тегің?

Шаруамын.

Бар тірліктен бағалы оны санаймын [3].

Ал С. Әбеневтің өлеңі таптық не рулық бөліністен ада. «Бөліну – өлім» деп, халықты бірлікке шақырады:

Руыңыз кім?

Бөлінбеймін...

Бөліну – ол өлім деймін.

Одан бөлек С. Әбенев өз «Анкетасында» туған өлкесі Торғайдың қайта облыс дәрежесіне көтерілуі мәселесін қозғап, қазіргі таңдағы саяси өзгерістерді сөз етеді:

Арманыңыз?

Жасырмадым...

Торғайымның басында – мұң.

Тілейді жұрт сол Торғайдың,

Облыс боп ашылғанын! [2]

С. Әбеневтің жеке жыр жинағы жарық көрмесе де, қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты жазған туындылары халық арасына кең таралған. Ақын өлеңдерін саяси-азаматтық, махаббат және көңіл-күй лирикасына бөліп қарастыруға болады.

XXI ғасырда өзекті мәселеге айналған ажырасу, тіл мәртебесі, биліктегі олқылықтар, сыбайлас жемқорлық, телефонға тәуелділік, еркек пен әйел арасындағы көрінбейтін бәсеке, қыз тағдыры сынды мәселелер ақынның саяси-азаматтық лирикаға жататын өлеңдеріне арқау болды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!– деп [4] М. Жұмабаев жырлап өткеннен бері қазақ халқы талай тағдыр суын кешіп, өзіне тиесілі

егемендігіне қолжеткізіп, бірлігі мен қайраты арқасында бақ-арын сақтап қалды. Алайда, тіл мәселесі ұлттың жүрегін әлі де қан жылатып тұр. Осы ахуал талай ерең тұлғаларды налытады, бұл қатарда С. Әбенев те бар:

Мен қарсымын, мен қазақтың, тірімін,
Өзгелердің ішкізбендер ірінін.
Ғылымың мен біліміңнен не пайда,
Өз тіліңе жетпей жатса білімің... [5]

«Балаға қай тілде білім берсең, түбінде сол елге қызмет ететін болады» деген қоғам қайраткері М. Шоқайдың ойын қолдап:

Ана тілден нәр алғандар себебі,
Өзгелердің сілекейін жұтпайды! –деп, ана тіліміздің өзіне тиесілі мінбесінен түсірілуіне қарсылығын білдіреді.

Қазіргі саяси-азаматтық лирика үлгісі болып табылатын С. Әбеневтің «Ағаларға айтарым» өлеңі М. Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңінің тарихи жалғасы іспеттес. Тек бұл ретте С. Әбенев қазақтың арда азаматтарын саяси қитұрқылықтарға көзжұма қарамауға шақырады:

Ел сенген ағаларым, ояныңдар,
Міржақып енді бізді оятпайды! [6]

Ел ағаларын халыққа жақ болуға шақырумен қатар, С. Әбенев Елбасына да үндеу жолдайды:

Ұйқым да келмей, асым да тіпті батпайды,
Тек осы ғана басымда жүрген нақ қайғы.
Елімді сақта, жерімді сақта, Елбасы,
Тәңірім сонда жаулардан бізді сақтайды [6].

Ақынның бұл өлеңі Бұхар жыраудың Хан Абылайға арнаған толғауларымен үндеседі: Соғыспа деп жырлайды, Бұқар деген көріңіз! Соғыспен кетер сәніңіз, Жауластық жолды сүймеңіз. Мынау жалған сұм дүние Өтпейді менен деменіз [6].

Атам заманнан бері бұқара жұрт пен тақ арасындағы көпір болып, халықтың мұның ханға жеткізу парызы ақын-жырауларға бұйырған. Ол дәстүр осы күні де өз жалғасын тауып келеді.

Ақын-жыраулар үндестігі мұнымен толастамайды. Кезінде жырауларды толғандырған саяси ахуал күні бүгінге дейін өзекті. Бұқар жырау:

Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір кетер ақтарып

Көмулі көрден дененді, – [6] деп жырлап, тұғырлы елдің басына төнген қауіптің алдын-алуға шақырса, С. Әбенев «Қытайдан сақтан, қазағым!» атты өлеңінде халықты аласапыран заманда қамсыз қалудан сақтандырады:

Жеріңді берсең таптайды,
Қытайлар сонда қаптайды.
Құмырсқа жейтін ондай ұлт,
Құмырсқа құсап жатпайды... [6]

Жүрегі ұлтты деп соққан әр қазақтың көкейінде ұялаған үрейдің бетпердесін ысырып тастап, бүкпесіз көрсетеді. Бұл өлеңнен халық пен ақынның арасындағы рухани байланыс аңғарылады.

Ақын заманауи қоғамдық кеселдерді де өткір сынға алады. Біздің ғасырымыздың індетіне айналған телефон мен әлеуметтік желілерге деген тәуелділік «Смартфон», «Мылқау сезім» атты өлеңдерінен көрініс табады:

...Ұрпағымыз құшақтаған – смартфон,
Ұлт тамырын пышақтаған – смартфон.
Әлеуметтік желіменен әлек қып,
Ұлымызды ұсақтаған – смартфон... [6]

Осылайша ақын ұлт пен ұрпаққа зиянын тигізіп жатқан тәуелділіктің тамырына балта шаппақ ниетін аңғартады. Бұл туындыдағы замана қалпының өзгеруіне орай, ұлттың болашақ тағдырына алаңдаушылық Абай өлеңіне жалғас:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман [6].

Қоғамда белең алып бара жатқан ажырасу мәселесі де С. Әбеневті алаңдатпай қоймайды:

...Қидырған соң серт байласып некенді, Тағдырына коса көрме бөтенді.
Қу нәпсіңнің кесірінен түбінде,
Екі жаққа айырасың екі елді.
Ажырасу – берген емес еш пайда,
Соны ұғып түсінетін ес қайда... [6].

2017 жылғы статистика бойынша 140 мың неке тіркелсе, соның 51 мыңы заңды күшін жойған. Бұл шамамен 40% неке бұзылды дегенді білдіреді [7]. Осыған орай бұл ахуал Қазақстандағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы тақырыпта «Қара шуба», «Ажырасу», «Бақытсыз неке», «Біз еркектер...», «Әй, Әй, әйелдерге», «Еркек пен әйел», «Еркектердің ең әлсізі...» және «Үйленіп жатқан жігітке тілек» атты өлеңдер кең таралған.

Бұдан асқан қасірет жоқ фәниде,
Ұрыс-керіс болғанменен әр үйде,
Саған күйеу, оған әйел табылар,

Әке-шеше керек бірақ сәбиге [6], – деп ажырасудың ұрпақ тәрбиесіне де зор нұқсан келтіретінін ескертеді. Сондай-ақ ажырасудың белең алуында

саяси-әлеуметтік астардың барын «Қара шуба» сатиралық өлеңінде уытты жырмен айқындайды:

Қара шуба, құрғыр-ай, қара шуба,
Соны киген кімдердің бағы асуда?!
Несиеге алатын отбасы бар
Отырсада зар болып қара суға... [6]

Ажырасу салдары күллі ұлтты жұтататынын айтып, ер-азаматтарға үндеу өлең арнайды:

Үйренесін үй болуға қорықпа,
Үйленгендер айтшы жаман болып па?
Бір бұрышта енді аңдып тұратын,
Бойдақ күннен айналып өт, жолықпа! [6]

Саяси-әлеуметтік тақырыптан бөлек ақын махаббат пен жан толғанысын да жырлайды. Аталмыш тақырыптағы өлеңдерді махаббат пен көңіл-күй лирикасының айшықты үлгілеріне жатқызуға болады. С. Әбеновтің көңіл-күй лирикасы әлеуметтік желі қолданушылары арасында үлкен сұранысқа ие. Бұған себеп – ол өлеңдер мотивациялық сарында жазылып, оқырман жүрегіне жол таба білді.

Ең бастысы түсірме көңілінді,
Көкке жетсе, шығарып көр үніңді.
Өмір мынау – ешкімді еркелетпес,
Өзің сүйіп, еркелет өміріңді! [6]

Ақын өлеңдерінің мотивациялық ерекшелігі оқырманды рухтандырып, өмірден түнілмей, үміттен қол үзбей атар таңға сеніммен қарауға шақырады:

Бәрі сынақ өмір дейтін айдында,
Жолың болмай қалса сонша қайғырма.
Бір күндері айың туар онынан,
Көп берілме уайым жұтып жай мұңға [6].

Осы мотивациялық тақырып аясында жазылған өлеңдер қатарына жататын «Сен бақытты болсын...», «Күліп қара» өлеңдерінде автор қайталаудың анафора және эпифора тәсілдері ұтымды пайдаланған:

Күліп қара біреу сынап жатса да,
Күліп қара біреу кінә такса да.
Күліп қара ауыздарын ашса да,
Күліп қара ауыздарын жапса да [6].

Саят Бақытбекұлының махаббат лирикасы қазіргі қазақ эстрадасында жүрген әншілердің әндерінен көрініс тауып жүр. Қ. Нұртас, Е. Айдар, А. Шардарова, Н. Абдуллин, «Музарт life» тобы, «Алашұлы» тобының т.б. ондаған орындаушылардың репертуарындағы бірнеше ән сөзінің авторы – торғайлық ақын. Ол әндердің басым көпшілігі махаббат тақырыбында.

А. Шардарованың орындауындағы «Жүрегімнің иесі», Қ. Нұртастың орындауындағы «Жүрегіңнен бір орын бер», «Менде ғана бар» әндері халық арасында өте танымал.

Сен екенсің жүрегімнің иесі,
Уақытқа да, бақытқа да байландық.
Бізге берген бұл өмірдің сыйы осы.
Біз екеуіміз бір адамға айналдық... [8]

Бұл ән – әйел адамның ер адамға арнаған әні. Ақын сол сезімді шынайы әрі әсем жеткізіп, халықтың қолдауын және осы ән үшін «Ұлттық жыл таңдауы» – 2018 премиясында Алғыс хат алған болатын. Сонымен қатар «Иә, сен», «Жар іздеуге жарнама», «Мені күт» өлеңдерінен ақынның өмірлік махаббатын іздейтіні көрініс табады. «Мені күт» өлеңі:

...Сағындыр, сағынышқа шөлдейінші,
Уақытқа мейлі көңіл бөлмейінші.
Мені күт, күтпей кеткен бір бейнеңді,
Біреудің көздерінен көрмейінші [9].

Ақынға мектеп оқушыларымен кездесуде «Музаңыз кім?» деген сұрақ қойылған кезде ақын үнсіз қалып, осы сұрақтың жауабын білмейтіндігін айтады.

Ақындар қашанда халықтың үні болған қауым. Бүгінде тәуелсіз елімізде сөз бостандығы, ой еркіндігі өз деңгейінде болғандықтан, ақындар сөзі халық арасында беделге ие. С. Әбеновтің өлеңдері бір-біріне құрылысы, құрылымы, ұйқас түрі бойынша да ұқсамайды. Торғайлық ақынның бірнеше шумақтан тұратын өлеңдерімен қатар бір шумақтан тұратын өлең жолдары бар. Олардың барлығы бір жинақ болатыны анық. Ақын оқырмандары оған «Халық ақыны» мәртебесін осы күні беріп қойғаны белгілі. Әлеуметтік желі арқылы таралып жатқан өлеңдерінің жастарға аз да болса оң әсері бары анық. Бүгінгі таңда халыққа мұндай ақынның керегі даусыз.

Қорытынды

Ақындар мен жазушылар – халықтың мәдени көрсеткіші мен дауысы. Халық ішінен шығып шенділерді сынайтын да ақын, халық адасса, жол сілтейтін де ақын. Ақын оқырманын бірде ащы шындықпен қамшыласа, енді бірде сазды жырымен тербейді. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Сондықтан ақынның естісі өз заманын тәрбиелейді, өсіреді, қанаттандырады. Эгосы жеңген ақындар қалың жұрт «менің ішімде не бар екенін білсін, мен шермендемін» десе, енді бір ақындар «мені елімнің болашағы толғандырады, кім болмақпыз, жырым ел айнасы болсын, халық түзелсін, рухтансын, шабысын үдетсін» деп қолына қалам алады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми тұрғыдан талданып, сарапталуы, ғылыми жаңалығы, мақсат-міндеттері бүгінгі уақыт талабынан туындаған. Бұған тақырыптың теориялық

негіздеріне жасалған шолу, өзіндік айқын түйінді ой-пікірлер, талдаулар дәлел болады. Зерттеу нысанасына алынған Саят Әбенov шығармашылығы әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет арнайы зерттеліп отырғанын да айтқанымыз жөн. Ақынның лирикалық өлеңдеріндегі ұлттық-эстетикалық ерекшеліктер мен оның поэзиядағы көрінісі ашылды;

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Абай. Энциклопедия. – Алматы : «Атамұра», 1995. – 656 б.
- 2 **Әбенov, С.** Менің анкетам. Өлеңдер. [Электронды ресурc]. – https://vk.com/sayat_abenov
- 3 **Мақатаев, М.** Менің анкетам. Өлеңдер. [Электронды ресурc]. – <https://bilim-all.kz/olen/965>
- 4 **Жұмабаев, М.** Қазақ тілі. Өлеңдер. [Электронды ресурc]. – <https://bilim-all.kz/olen/1322>
- 5 **Әбенov, С.** Мен қарсымын! [Электронды ресурc]. – https://www.zharar.com/10673-sayat_men.html
- 6 **Әбенov, С.** Өлеңдер жинағы. [Электронды ресурc]. – <https://www.zharar.com/xfsearch/саят+әбенov+өлеңдері/>
- 7 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nekenn-40-payuizyi-ajyirasumen-ayaktaladyi-elmzdeg-otbasyi-413859/
- 8 **Әбенov, С.** Торғайлық ақын. Жүрегінен бір орын бер. [Электронды ресурc] – <https://www.instagram.com/tv/CErSqaYjxrE/>
- 9 **Әбенov, С.** Мені күт. [Электронды ресурc]. – https://www.youtube.com/watch?v=__eUKr1kDE
- 10 **Абыр, А.** Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеуметтік символика. [Электронды ресурc] – <http://aqparat.kz/newsread/>

References

- 1 Abai. Ensiklopedia. – Almaty : «Atamura». [The Encyclopedia]. – Almaty : «Atamura» 1995. – 656 p.
- 2 **Ábenov, S.** Meniń anketam. Óleńder. [My profile. Poems]. [Electronic resource]. – https://vk.com/sayat_abenov
- 3 **Maqataev, M.** Meniń anketam. Óleńder. [My profile. Poems]. [Electronic resource]. – <https://bilim-all.kz/olen/965>
- 4 **Jumabaev M.** Qazaq tili. Óleńder. [Kazakh language. Poems]. [Electronic resource]. – <https://bilim-all.kz/olen/1322>
- 5 **Ábenov, S.** Men qarсымын!! [I am against it!!] [Electronic resource]. – https://www.zharar.com/10673-sayat_men.html

- 6 **Ábenov, S.** Óleńder jınaғы. [Collection of poems]. [Electronic resource]. – <https://www.zharar.com/xfsearch/saiat+ábenov+óleńderi/>
- 7 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nekenn-40-payuizyi-ajyirasumen-ayaktaladyi-elmzdeg-otbasyi-413859/ [Electronic resource].
- 8 **Ábenov, S.** Torғайлық ақын. Жүрегінен бір орын бер. [The poet from the city of Torgau. Give a place in your heart.]. [Electronic resource]. – <https://www.instagram.com/tv/CErSqaYjxrE/>
- 9 **Ábenov, S.** Meni kút. [Wait for me]. [Electronic resource]. – https://www.youtube.com/watch?v=__eUKr1kDE
- 10 **Abır, A.** Qazirgi qazaq poeziyasındaғы áleymettik simvolika. [Social symbolism in modern Kazakh poetry]. [Electronic resource]. – <http://aqparat.kz/newsread/>

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Н. Б. Ағалиева¹, Б. Ш. Қуралханова², Б. М. Кадырова³

Тематико-идеологические особенности творчества С. Абенова

^{1,2}Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

³Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В данной статье широко рассматривается творчество молодого представителя современной казахской поэзии «Торғайского поэта» Саята Абенова. Несмотря на то, что творчество данного поэта в литературных кругах недостаточно рассмотрено, оно находит свой отклик среди читателей посредством социальных сетей. В статье имеет место быть, пояснения тематико-идеологических особенностей стихов о современном обществе. Было доказано то, что творчество Саята Абенова гармонирует с молодежью, служит напутствием для подрастающего поколения. Поэзия Саята Абенова берет начало с творчества таких основоположников, как Бухар жырау, Абай и Шакарим. На их примере поэт затрагивает острые социально-политические проблемы нашего времени. Исходя из этого, стихи поэта были разделены по жанрам, каждому из жанров было приведено несколько примеров, примеры были подробно разобраны. Литературный разбор был произведен исходя из содержания и стилистики стихов. Распределение по жанрам выявило разнообразие творчества поэта. В результате разбора

прояснилось, что поэтическая позиция Саята Абенова полностью отражает позицию народа.

Ключевые слова: современная казахская поэзия, течение времени, дыхание молодежи, тематико-идейная специфика, поэтическая позиция.

N. B. Agaliyeva¹, B. Sh. Kuralkhanova², B. M. Kadyrova³

Thematic and ideological features of the works of S.Abenov

^{1,2}Pavlodar State Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

³Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 18.09.20

This article widely discusses the work of the young representative of the modern Kazakh poetry «Torgay poet» Sayat Abenov. Despite the fact that the work of this poet is not sufficiently considered, in literary circles it finds its response among readers through social networks. The article has a place to be, an explanation of thematic and ideological features of poems about modern society. It was proved that the work of Sayat Abenov, in harmony with the youth, serves as a parting word for the younger generation. The poetry of Sayat Abenov originates from the work of such founders as Bukhar Zhyrau, Abay and Shakarim. On their example, the poet touches on the acute socio-political problems of our time. Proceeding from this, the poet's poems were divided into genres, several examples were given to each of the genres, examples were analyzed in detail. Literary analysis was carried out on the basis of the content and style of poetry. Distribution by genre revealed the diversity of the poet's work. As a result of the analysis, it became clear that the poetic position of Sayat Abenov fully reflects the position of the people.

Keywords: modern Kazakh poetry, the passage of time, the breath of youth, thematic and ideological specificity, poetic position.

FTAMP 17.01.11

<https://doi.org/10.48081/ZUKG4952>

Н. Б. Ағалиева, М. Ж. Арқалық

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ РОЗА МҰҚАНОВАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақалада қазақ әдебиетіне бірқатар айшықты туынды қосқан Роза Мұқанованың шығармашылық мұрасына талдау жасалған. Зерттеу барысында жазушының прозалық және драмалық туындыларындағы ерекшеліктер анықталып, қаламгердің қазақ әдебиетінде алар орнына аргументтер келтірілген. Сондай-ақ жазушы көркем туындылармен қатар қазақ әдебиетінің негізгі мәселелеріне арналған зерттеу еңбектерін де жазып шығарды. Бұл ғылыми маңызы бар еңбектер қазақ әдебиеттануының даму аясын кеңейтті. Мақалада жазушы, драматург, әдебиетші Роза Мұқанованың «Құбыжық», «Қаралы төбе», «Өзің», «Тұтқын», «Композитор», «Мұқағали» сынды психологиялық әңгімелері, «Сарра», «Фариза» драмалары сюжеттік, композициялық, идеялық және тақырыптық қырлары бойынша талданып, ғылыми дәлелдемелер келтірілген. Зерттеу процесі барысында индукция, дедукция, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылады.

Кілтті сөздер: Роза Мұқанова, жазушы, драма, аударма, проза, психологизм, трагизм.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиеті жаңаша сипатта дамып келеді. Жазушылардың көтерген тақырыптары мен жазу стилі өзгеріп, ерекше бағыттағы таң-тамаша туындыларын әдебиетке қосты. Тәуелсіздік алған кезеңде қазақ әдебиетіне ер адамдармен қатар әйел жазушылар келді. Олар әр түрлі бағыттағы терең де мазмұнды көркем шығарма жазумен айналысып, өздерінің стильдерін қалыптастырды. Солардың бірі – жазушы, драматург, әдебиетші Роза Мұқанова. Қазақ әдебиетіндегі бірнеше жанға қалам тербеп, сан алуан тақырыпта шығармаларды дүниеге әкелді.

Жазушының бойында бір емес, бірнеше қасиет тоғысқан. Ол бірде ғылыммен айналысқан әдебиетші, енді бірде көркем туындылар жазған жазушы, адамдарды тірілтіп, оларды сахнада түрлі бейнелермен ойнатқан драматург, әлемге әйгілі шығармаларды қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы ретінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкіліне айналды. Сонымен бірге шығармада түрлі тағдырларды қарастыра отырып, адамның ішкі сезімін берген психолог-жазушы деп айтуға толықтай негіз бар. Яғни, Роза Мұқанованың шығармашылығын үш бөлімге бөліп қарастыруға болады. Олар: әңгімелері, драмасы және аудармалары.

Ең алдымен Роза Мұқанованың прозалық шығармалары, қазақ әдебиетінде жазған туындыларын қарастырып көрейік. Қаламгер ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап әр түрлі көлемдегі прозалық туындыларды, әңгімелер мен повестер, романдар жазды. Шығармаларындағы ізденістер, психологиялық талдаулар, адамның ішкі рухани әлемін беруде жазушының көркем прозаға қосқан үлесі мол. «Жарық дүние», «Дүние кезек», «Құдірет кие» деген әңгімелер жинағы жарыққа шықты. Бұл жинақтардың басылымы 1994 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықты қамтиды.

Зерттеудің нысаны: қаламгер лабораториясы.

Зерттеудің пәні: тәуелсіз қазақ әдебиеті.

Мақсаты: көрнекті драматург, жазушы Роза Мұқанова шығармашылығы арқылы тәуелсіздік кезеңінің тақырыптық-идеялық мазмұнын, кейіпкерлері әлемін, әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің орнын ашу.

Міндеттері:

– Роза Мұқанованың шығармашылығының ерекшеліктерін прозалық, драмалық шығармаларына әдеби талдау жасау арқылы анықтау;

– қаламгер шығармаларының тақырыптық-идеялық сипаттарын көрсету, кейіпкер психологиясын суреттеудегі қаламгердің көркемдік әдіс-тәсілдерін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Зерттеуде әдеби талдау, салыстыру, баяндау әдістері қолданы.

Зерттеудің нәтижесі:

1) Роза Мұқанованың шығармашылығының басты белгілерінің бірі – прозаларында экологиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, махаббат тақырыптарын көтереді. Бұл тақырыптар трагедиялық шешіммен аяқталып отырады.

2) Кейіпкердің ішкі толғаныстары, сезім иірімдері мол алынады. Қаламгердің басты стильдік ерекшелігі – трагизм психологиялық толғаныс, философиялық ой, ақындық қуатпен де астасып кетеді.

Роза Мұқанованың әдебиетпен айналысып, жазушылыққа бет бұруына септігін тигізген – әкесі Қажығалым Қажыбайұлы Мұқанов. Бала кезінде

әдебиетпен сусындап, көптеген шығармаларды оқуға, әңгімелер жазуға ұстазы баулыды. Жастайынан әдеби әңгімелерді оқып, бойына сіңіріп өскендіктен бүгінге елімізге белгілі жазушыға айналды.

Роза Мұқанованың ең алғашқы жазған әңгімесі – «Үкі». Жазушының бұл шығармасы «Қазақстан пионерінде» жарияланған. Басты идеясы ұлттық құндылықтар мен танымымыздағы кие ұғымына бағытталады. Үкі – қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алатын қасиетті бейнелердің бірі.

«Шерменде», «Күнә», «Соқыр көзден жас шыққан», «Мұн», «Сормандай» әңгімелерінің бәрі де атауы, мағынасы жағынан ұқсас. Бұл шығармаларының астарында үлкен қайғы, мұң, шер сияқты сезімдер жатыр. Әрқайсысы трагедиялық оқиғаларға құрылған.

Одан кейін «Тұтқын», «Мұқағали», «Құбыжық» секілді әңгімелері бар. Бұл әңгімелерінде кейіпкер бойындағы «мен» ерекше асқақтап беріледі [1]. Олар өзіне тым сенімді қасиеттерімен ерекшеленеді. Шығармалардың атауына қарап-ақ, бұл сөзіміз дәлелдене түседі. Сол себепті де әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бейнесі қиындықты еңсерген немесе соған бойұсынған болып келеді.

Жалпы жазушы прозаларында экологиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, махаббат тақырыптарын көтерген. Олардың үндесетін тұсы трагедияға құрылғандығында болып тұр. Қай шығармасы болмасын қайғымен, трагедиямен аяқталады немесе азапты өмірді суреттейді. Бұл жаушының ерекшелігін көрсетеді.

Жазушының «Құбыжық», «Қаралы төбе», «Өзің», «Тұтқын», «Композитор», «Мұқағали» т.б. осы секілді әңгімелері психологиялық тақырыпта жазылған. Психологияға көп мән беріп, бұл мәселені қозғауына байланысты жазушы Жүсіпбек Қорғасбек былай пікір білдірген: «Роза Мұқанова шығармаларын адамның жанына үнілуден туындатады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар табады» [2]. Бұл пікірден Роза Мұқанованың психолог-жазушы, адам жанын зерттеуші қаламгер екенін анық аңғарамыз.

Кез келген тақырыпты көтергенде алдымен адамның ішкі сезіміне, оның жан дүниесіне үнілуге тырысады. Мәселен, экологиялық тақырыпты көтерген «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі Ләйләнің образын ашу үшін де осы әдісті қолданады.

«Өзің» деп аталатын әңгімесінде өнер адамының психологиясы, ішкі дүниесі, толғаныстары мен түрлі сезімдерін жазады. Жазушы оқиғаны, идеяны ашу үшін алдымен адамның жан дүниесін ашып, шығарманы психологиялық тақырыпқа құрады.

Ал «Сормандай» әңгімесіндегі кейіпкер Бану отбасылы бола тұра күйеуінің досымен көңіл қосады. Баласымен бірге тастап кетеді. Соңында оның қателік екенін түсініп, өзі де азапқа түседі. Осылайша әйел адамның жан тебіренісі, оның өз кінәсін ойлап қаймығуы, ажырасып, күйеуін тастауы сияқты әрекеттері соңында өзіне опық жегізеді. Шығарманың «Сормандай» аталуы да тегін емес. Сол арқылы кейіпкердің образын толық аша түседі. Қазақта бұл сөздің жүгі ауыр, терең. Сондықтан жазушы тақырып таңдауда сәтті қадамға барған.

«Мәңгілік бала бейне» әңгімесі Семей полигонынан азап шеккен адамның тағдырын бейнелейді [3]. Шығармадағы басты кейіпкері – Ләйлә, прототипі – Семейде дүниеге келген Еңлік деген қыз. Автор қыздың қиналысын аймен тілдесуі арқылы береді. Айдан пана тілеп, бар мұңын айға шағады. Бұл дүниедеге жарықты көрмеген зағип жанның қайғысын осылай жеткізеді. Жарық Ай ғана қыздың жанын түсініп, сырын сақтайды. Бұл әлемде қызды қорғап, оған демеу беретін Айдан басқа ешбір дүние жоқ секілді. Қыздың әрбір айтқан сөзі оқырманның жүрек қылын дөп басып, оның жанын түсінуге жетелеп, түрлі сезімдерге бөлейді. Әңгіменің басты идеясы Семей полигонының тұрғындарға тигізген зардабын көрсету еді.

«Үркек керім» әңгімесі әйгілі сері, әнші Ақанның өмірі жайында жазылған. Әңгімеде серінің жүрегінен ерекше орын алған Ақтоқты, Ұркия, Жамал есімді ару қыздармен болған оқиғалары беріледі. Ақтоқты Ақанның алғашқы сүйген аруы. Алайда екеуінің арасында баянды махаббат болмайды. Қыз тәкәппар, өр мінезімен жігітті жанына жуытпайды. Ақан қанша тырысса да, қыз алған мінезінен қайтпайды. Ақыры екеуі қосыла алмай кетеді. Ал Тінәлінің қызы Ұркияны алуға да Ақан сері ниеттенеді.

Соңғысы Жамал сұлумен де қосылмай, соңында қыз басқа елге ұзатылып кетеді. Бұл әңгіме Жамалдың ұзатылып, Ақан серіні еске алуымен аяқталады. Шығарма толықтай дерлік Ақан серінің өмірі мен өнеріне құрылған. Автор өз кейіпкерінің ішкі жан дүниесін ашу үшін түрлі әдістерді қолданады. Оңашада өз-өзімен тіледеседі, өміріне разы емес екенін айтып, жан сырын ақтарыла айтады. Өзі шығарған әнін күнірене айтып, сезімдерін солай сыртқа шығарады. Құлагерінен айырылған шағын да өкінішпен еске алады. Шығармада тарихи және көркемдік шындықтар үндеседі.

Р. Мұқанова өзінің «Үркек керім» әңгімесінде Ақанның өмірін суреттей отырып, қыз баласының бойындағы үркектік, тәкәппарлық, пандық, пәктік қасиеттерін жазады.

Жазушының әңгімелерінде тек психологизм ғана кездеспейді. Шығармаларынан трагизмді де көреміз. Қай кейіпкерінің тағдырын алсақ та, қиын да қиғаш кезенді өткерген. Автор трагедияға толы өмір кешкен және соны еңсеріп, күресуге ұмтылған кейіпкерлер сомдап шықты. Мәселен,

Ләйлә, Бану, Шөкіш, Сара сынды драмалық және прозалық кейіпкерлерінің күрделі тағдыры осыны аңғартады.

Роза Мұқанованың әдебиеттегі екінші қыры – драматургтық қасиеті. Бүгінде еліміздегі басты театрларда бірнеше драмалары сахналанды. «Мәңгілік бала бейне», «Қызжылаған» сынды драмаларының желісінде қойылымдар қойылды. Драматургтың «Сен», «Муза» атты драмалық хикаяттары бар. «Сарра», «Фариза» атты әйелдің жан дүниесін, ішкі сезімін беретін пьесаларын жазды.

«Сарра» драмасы әйел психологизмін, ішкі арпалысы мен күйзелісін дәл береді. Пьесада Ибраһим пайғамбардың бәйбішесі Сарра бір перзентке зар болып, талай жыл қиналып өтеді. Алайда өзі қаншама қиналса да, күйеуіне екінші әйел алып беріп, оның ұрпағын жалғастыруға көмектеседі. Күндесі Ажардың бала көтерген бақытына іштей налиды, кейде қуанып онымен сыр бөліседі. Драмада үш Сарра, үш Ажар беріледі. Басқа кейіпкерлер жоқ. Тек Ибраһим пайғамбар мен ұлын ғана қосады. Негізі оқиғадағы шиеленістер осы Ажар мен Сарра арасында жүреді. Үшеуі үш түрлі қасиетті, әйелдің қызғанышы мен мейірімін, кеңпейілділігі мен долылығын беруде ерекше рөл атқарады. Осылайша, қазақ драмасына әйелдің бейнесін ашу арқылы психологиялық, терең де тағылымды туындыны дүниеге әкеледі.

«Фариза» драмасы Ф. Оңғарсынованың әдебиеттегі, жалпы өмірдегі образын дәл береді. Ақынның сезімі, жан тебіренісі, қиындығы мен ой толғаныстарын ашуда драматург ерекше дүние жазып, оны саханаға лайықтап шығарады. «Фариза» спектаклінде ақынның өмірі мен өнерін ұштастырып, сол арқылы образын ашуға тырысады. Драматургияның негізгі қасиеті саналатын қақтығыстар мен шиеленістерді қолданып, ақынның өлеңдерінен философия мен трагедияны іздейді.

Драмада Ф. Оңғарсынованың тек өлеңдеріне қатысты оқиғалар беріліп қоймайды. Сонымен бірге автобиографиялық шығарма болғандықтан, ақынның өмірінде болған тарихи деректерді де қосады. Мұқағали мен Фаризаның үндестігі, сырлас дос болғандығы жайында эпизодтар қосқан. Мұқағали өмірінің соңғы жылдарында Фаризаны іздегені, алайда оған ақын қыздың бара алмауы сияқты оқиғалар беріледі. Осы арқылы драматург ақындар арасындағы ерекше байланыс, рухани үндестікті қозғайды. Бұл да драманың табиғатына тән шиеленіс пен қақтығыстарға құрылады.

«Мәңгілік бала бейне» шығармасы ең алдымен проза түрінде жазылған. Кейіннен драмаға ауысып, Болат Атабаевтың режиссерлық етуімен сахналанады. «Қызжылаған» деген атпен Алматыдағы М. Әуезов театрында қойылады. Спектакль қалың көрерменнің ерекше ықыласына бөленіп, бірнеше жыл бойы сахнадан түспей келеді. Драматург осы драмалық шығармасында кішкентай қыз Ләйләнің тағдырын суреттейді. Адамзат

тағдырындағы зобалаң, қауіп төнгізген Семей полигоны жас қызға зиянын тигізіп, мәңгі зағип жанға айналдырады.

«Мәңгілік бала бейне» әңгімесі негізінде спектакль ғана қойылған жоқ. Киноматорграфия саласында белгілі кино режиссер С. Нарымбетов «Қызжылаған» атты фильм түсіріп, шығарманың өміршендігін көрсетті. Бұл 2001 жылы Ш. Айманов атындағы киностудияның туындысы еді. Осылайша кітаптан қойылымға, қойылымнан киноға ұласты. Бұл қазіргі уақыттағы трансмедиялық баяндаудың жарқын үлгісі саналады. Алайда туындының фильм нұсқасы автордың көңілінен шықпаған.

Роза Мұқанова прозалық, драмалық шығармаларды жазудан бөлек, аударма ісімен де айналысты. Әлемдік деңгейдегі үздік шығармаларды қазақ тілді оқырмандарға жеткізді. Солардың бірі Рабғузидің «Қисса-сүләнбия» кітабын қазақ тіліне аударылуы еді. Р. Мұқанова 2001 жылы кітапты толық аударып шығады.

«Қисса-сүләнбия» шығармасы ислам дінін насихаттаған, жалпы әлемдегі пайғамбарлар мен әулие-әмбиелердің хикаялары жайында. Пайғамбарлардың өнегелі өмірі, олардың үлгілі сөздері мен насихаттары, игі істерін алғаш рет қазақ тіліне тәржімәлаған. Автор осы шығарманы аудару негізінде Ибраһим пайғамбардың өмірінен ерекше әсер алып, «Сарра» драмасын жазуға кіріседі. Осылайша аударма саласында жүріп, шығыстың үздік жауһарларымен танысады. Ислам әлеміндегі хикаяттарды оқып,

Роза Мұқанова драма мен прозаға қалам тербеп, аударма мәселесімен айналысып қана қойған жоқ. Әдебиетші ретінде әдебиеттану саласына арналған бірнеше ғылыми мақалалар, эсселер жазды. «Әдебиет айдыны» басылымында жарияланған «Көркем сөз көнерген сөзге айналмасын десек» мақаласында өзінің шығармаларындағы кейіпкерлер мен прозадағы көркемдік мәселесін сөз етеді[4]. Кейіпкер таңдауда автордың өз ерекшелігі мен құпиясы бар. Өзге жазушылардай өз кейіпкерін оқырманның тобығына тастай салғысы келмейді. Кейіпкер жазушының өзіне ұнаса, оған жан бітіріп, өзгелерден ерекшелендіріп, түрлі қасиеттер дарытады. Роза Мұқанова әдебиеттегі мәселелерді, өзінің жазушылық шеберлігін осы мақаласында бүкпесіз айтады.

Роза Мұқанованың шығармаларын оқи отырып аңғарғанымыздай, автор шығармаларының басым көпшілігінде өнер адамдарының образын ашуға тырысады. Мәселен, Ақан сері, Мұқағали, Фариза секілді қазақтың марғасқа тұлғаларының өмірін көркемдеп суреттейді. Мейлі драмалық жанр, не болмаса прозалық шығарма арқылы берсе де, оқырманға үлкен ой тастайды. Адам жанының ішкі құпиясын, сезімін, арпалысы мен трагедиясын шебер бере алады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Роза Мұқанованың қазақ әдебиетіндегі алар орны ерекше. 1991 жылы әдебиетке бір топ жаңа леп келсе, солардың көшін бастап

тұрған да қаламгер екені белгілі. Әдебиеттегі қай сала болмасын, қалам тербеп, қазіргі қазақ прозасының дамуына үлес қосты. Жазушы ұлттық таным мен құндылықтарды, ұлттық рух, адамның ішкі әлемі жайында қалам тербеп, прозаны жаңа деңгейге көтерді. Психологизм, трагизмді қолданып, әлемдік әдебиет бағыттарымен ұштастыра білді. Жазушының қай шығармасын алып қарасыңызда терең мұң бар. Адамның қасіреті мен өмірден көрген қиындықтары жайында айтылады. Өз заманындағы түрлі әлеуметтік мәселелерді көтеріп, қоғамдық тақырыптарды шығармаларына арқау етті. Осылайша, жазушы, драматург, аудармашы Роза Мұқанова қазақ әдебиетінің көрнекті өкіліне айналды.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Жалымбетова, А. М.** Роза Мұқанова әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер. [Электронды ресурсы]. – http://www.rusnauka.com/36_PVMN_2013/Philologia/8_154241.doc.htm

2 **Қорғасбек, Ж.** Мәңгілік бала бейнені іздеу // «Түркістан» газеті. – 2014. – № 19.

3 **Мұқанова, Р.** Муза. Әңгімелер мен хикаяттар жинағы. – Алматы : Жазушы, 2004. – 328 б.

4 **Мұқанова, Р.** Көркем сөз көнерген сөзге айналмасын десек // «Әдебиет айдыны» журналы – 2006. – № 47. – 7 б.

5 **Ривкин, Д.** Райан М. Әдебиет теориясы. – Астана : Ұлттық аударма бөлімі, 2019. – 292 б.

6 **Ердембеков Б., Айтмұхамбет Ж., Тұрысбек Р.** т.б. Қазіргі қазақ әдебиеті : Оқулық. – Алматы : ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 216 б.

7 **Тұрысбек Р., Байтанасова, Қ.** Қазіргі кезең әдебиеті. – Астана : Фолиант, 2014. – 360 б.

8 **Айтмұхамбет Ж., Алпысбаев Қ., т.б.** Тәуелсіздік тудырған романдар.– Астана : Мастер-ПО, 2012. – 224 б.

9 40 – 50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. Ғылыми басылым. – Алматы : Ғылым, 1997. – 398 б.

10 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2008. – Т. 10. – 832 б.

References

1 **Jalymbetova, A. M.** Roza Mukanova áńgimelerindegi kórkemdik izdenister [Artistic search in the stories of Roza Mukanova]. [Electronic resource]. – // http://www.rusnauka.com/36_PVMN_2013/Philologia/8_154241.doc.htm

2 **Qorǵasbek, J.** Mǎngilik bala beimeni izdeý [Eternal child image search] In «Turkestan» newspaper. – 2014. –No 19.

3 **Muqanova, R.** Mýza. Ángimeler men hıkarattar jınaǵy [Muza. Collection of stories and narratives]. – Almaty, 2004. – 328 p.

4 **Muqanova, R.** Kórkem sóz kónergen sózge analmasyn desek [Let the artistic word not turn into an archaic word. Field of literature]. – 2006. – No. 47. – 7 p.

5 **Rivkin D., Raian M.** Ádebiet teornasy [Theory of literature]. – Astana : Department of national translation, 2019.– 292 p.

6 **Erdembekov, B., Aitmuhambet, J., Turysbek, R. t.b.** Qazirgi qazaq ádebieti : oqýlyq. [Others. Current Kazakh literature : Textbook]. – Almaty : ZhShS RPBK «Dauir», 2012. – 216 p.

7 **Turysbek, R., Baitanasova, Q.** Qazirgi kezeń ádebieti. [Modern period literature.] –Astana:Folio, 2014. – 360 p.

8 **Aitmuhambet, J., Alpysbaev, Q.** t.b. Táýelsizdik týdyrǵan romandar. [Novels born by independence.] – Astana : Master-PO, 2012. –224 p.

9 40–50 jáne 60-jyldardaǵy qazaq ádebieti. Ğylymı basylym [Kazakh literature of the 40–60s. Scientific publication.] – Almaty : Science, 1997. –398 p.

10 Qazaq ádebietiniń tarihy [History of Kazakh literature.] – Almaty : KAZinform, 2008. – Vol. 10.– 832 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Н. Б. Ағалиева, М. Ж. Арқалық

Роль Розы Мукановой в казахской литературе

Павлодарский государственный педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье проанализировано творческое наследие Розы Мукановой, внесшее ряд ярких произведений в казахскую литературу. В ходе исследования были выявлены особенности прозаических и драматических произведений писателя, а также изложены аргументы вместо того, что писатель в казахской литературе мог бы занять место. Наряду с художественными произведениями, писатель также издал исследовательские работы, посвященные основным проблемам казахской литературы. Эти научные труды расширили сферу развития казахской литературы. В статье представлены психологические рассказы писателя, драматурга, литератора Розы Мукановой «Құбыжық», «Қаралы төбе», «Өзің»,

«Тұтқын», «Композитор», «Мұқағали», тақже драмы как «Сарра», «Фариза» по сюжетным, композиционным, идейным и тематическим аспектам. В процессе исследования используются методы и приемы индукции, дедукции, сравнения.

Ключевые слова: Роза Муканова, писатель, драма, перевод, проза, психологизм, трагизм.

Н. В. Ағалиева, М. Ж. Арқалық

Roza Mukanova's role in Kazakh literature

Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 18.09.20

The article analyzes the creative heritage of Roza Mukanova, who made a number of bright works in Kazakh literature. The research revealed the features of the writer's prose and dramatic works, as well as the arguments that the writer could take a place in Kazakh literature. Along with his works of fiction, the writer also published research papers on the main problems of Kazakh literature. These scientific works expanded the scope of development of Kazakh literature. The article presents psychological stories of the writer, playwright, writer Roza Mukanova «Kubyzhyk», «Karaly Tobe», «Ozin», «Tutkyn», «Composer», «Mukagali», as well as dramas such as «Sarra», «Fariza» on plot, compositional, ideological and thematic aspects. The research uses methods and techniques of induction, deduction, and comparison.

Keywords: Roza Mukanova, writer, drama, translation, prose, psychology, tragedy.

<https://doi.org/10.48081/EJSK9532>

А. С. Ақтанова, Н. Ж. Аймухаметова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ АБАЙ БЕЙНЕСІНДЕГІ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІ

Мақалада Абай Құнанбайұлының «толық адам» тұжырымы ақынның өз өлеңдері мен М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абай бейнесі арқылы дәйектеген. Абайдың «толық адам» тұжырымындағы негізгі түйінді ойға бүгінгі заман адамы көңіліне тұрғысынан талдап, пікір берілген. Авторлар өз ой-пікірлерін философия мен әдебиеттану бағытында жазылған зерттеулерге сүйеніп дәлелдеген. Романдағы Абай мен өмірдегі ақын тұлғасының бүтіндігі мен тұтас бейнесі туралы ой саралап, ақын шығармашылығы арқылы нақтылы көрсетеді. Адамзат қоғамындағы заманына лайықты өсу, өркендеумен адам жанының құлдырушылығы да қатар жүреді. Абай Құнанбайұлының «толық адам» ұғымының заманымызға лайықты бейнесіне арналған мақалада Абай Құнанбайұлының өз түптұлға лирикалық келбеті мен көркем шығармадағы бейнесінің тұтастығына арналған. Абай қарасөздеріндегі адамгершілік ұстанымдарының да ақын лирикалық тұлғасымен ұштасуы және «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейнедегі философиялық иірім де біршама талданған. Мақаладағы «хәл бүтіндігі» деген айдар арқылы берілген талдаулар де қазіргі қазақ қоғамындағы адамгершілік туралы сөз болады. Адамның ішкі әлемінің толықтығы, материалдық жағынан толықтығы бүтін адам бейнесін келтіруі керек екеніне назар аудартады. Рухани бүтіндіктің бастауы адамның ішкі жандүниесіндегі толығымен келетінін Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен ол туралы жазылған көркем туынды арқылы ашып көрсетеді.

Кілтті сөздер: «Толық адам» тұжырымы, Абай адамгершілігі, таза адам, романдағы бейне, ақын тұлғасы.

Кіріспе

Хәкім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы жаңа бастамалар мен тың зерттеулерге бастама болғаны анық. Көреген қазақ халқы үшін қараңғыда жанған шамшырақ саналатын хәкім Абайдың қазақ әдебиетінде, ұлт тағдырында атқарар орны ерекше. «Артыңнан сөзің менен ісін қалса өлсең де, өлмегенмен боласың тең», – деген Абай тек қана қазақ халқы үшін ғана емес, күллі ғалам үшін мәңгілік нұр шашатын алау сынды шексіз тұлға, шексіз тұжырым. Хәкімнің даналық иірімдері, әдеби еңбектері тек қана ұлттық ой айшықтарымен ғана шектеліп қалмаған. Жалпы күллі адам баласының бақытты өмір кешуі, толық адам болу шарттарына, өмірді мәнді сүру формуласына, адамзат игілігіне негізделген. Абайдың «имани гүлі» болсын, «толық адам» бейнесі болсын жан тазалығымен адам әрекетінің үндесуінде жатыр.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды [1].

Зерттеудің нысаны: М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абайдың көркем бейнесі мен ақын өлеңдеріндегі үндестік мәселесі.

Зерттеудің пәні: Әдебиет теориясы мен эстетикасы.

Мақсаты: М. О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында сомдаған Абайдың көркем бейнесіндегі «толық адам» ұғымы мен ақынның өз шығармаларындағы «толық адамның» үндестігін анықтау арқылы Абайдың ақындық тұлғасын айқындау.

Міндеттері:

М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша нақтылы мысалдар арқылы дәлелді тұжырым ұсыну;

Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы «толық адам» ұғымының ақынның өз тұлғасымен үндестігін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Абай Құнанбайұлының шығармашылығына заманауи көзқараста баға беру, жаңаша сипаттау, заманға лайықты түсіндіру барысында салыстыру, қорытындылау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің түпкі нәтижесі ретінде Абай Құнанбайұлының лирикалық тұлғасы мен көркем шығармадағы бейнесінің бүтіндігін анықтау.

Абай Құнанбайұлының бар ғұмырында арман қылып, насихаттаған «толық адам» бейнесі қандай? Неліктен Абай толық деген сөзді алды? Толу, толысу деген ұғымдардың мағынасын қалай саралады? Абайдың ақындық тұлғасы «Абай жолы» романында қалай көрінді?

Абай армандаған «толық адам» бейнесі жалпы адамзат бойындағы хал бүтіндігінің үйлесуінде жатыр.

Әл бүтіндігі. Рухани жағдайдың толықтығы. Яғни, жаратылғанның жаратушыны тануы, құдай мен адам арасындағы байланыс. Жаратқанның жаратылғанға аманатқа берген жүректің тазалығы, ой тазалығы. Абай айтып көрсеткендей, адам баласының өзімен бірге жалған дүниеден, мәңгілік, шынайы өмірге алып кететін حرکتтері. Мәселен, М. Мырзахметов: «Абайдағы толық адам ілімінің бастау көздерін тауып, оның тарихи жолдарын анықтау аса қажет болып тұр. Көпке дейін зерттеушілер Абайдағы толық адам ілімінің төркінін мұсылмандық шығыстан іздеп, «Кабуснамадағы» жәуанмәртлік туралы пікірмен ұштастырып келдік», – деп Абай іліміндегі толықтықтың бастауын ақын шығыс әдебиетінен ғана емес, қазақ халық ауыз әдебиеті мұрасынан және өзінен бұрынғы қазақ ақындарының шығармашылығымен байланысты екеніне тоқталады [2]. Адамның ішкі әлемінің толықтығы. Бұл – хәл бүтіндігі.

Бұл тұрғысында Абай өзінің 17 қарасөзінде анық көрсетеді. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгінеді. Әр қайсысы өзінің адам өміріндегі маңыздылығын көрсетуге, дәлелдеуге тырысады. «Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жаксылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. – Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табаның топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті (17 қарасөз) ». [3.104] Осылайша, хәкім, жүректің үстемдігін көрсетеді. Адам руханиятының толықтығында жүректің атқарар орны ерекше. Жүрек, жаратқанның жаратылғанға берген аманаты. Нұрдың мекені. Жүрек адам жаратылысындағы ең тұғырлы мүшелердің бірі. Ол, кешірілмес өкпені де, паң тәккаппарлықты да кешіре алатын, махаббатқа толы орган. Бастысы оны қарайтып не қатайтып алмау. Таза жүрек.

Хәкім, өзінің он төртінші қара сөзінде жүректің адам өміріндегі маңызын тереңнен тарқатады. Қазақтың түсінігіндегі жүректі кісі, батыр кісі екендігіне тоқталып жүректің басқа қырларына тоқталады. Әркімнің өзіне ойлаған игілігін өзгеге ойлауы, өзге үшін шын тілектес болуыда үлкен жүректің ісі. Адам қателікті ақымақ болғандығынан жасамайды, жүректе қайраттың болмауынан ағаттық жібереді. Яғни адам ақылы мен біліміне пана болатын, ұстамдылық пен мінездің, қайрат, жігердің мекені жүрек. Хәкімнің қара сөзді «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?» – деп, бастау себебі де осы.

1896 жылы жарық көрген «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (үш сүю) атты өлеңінде:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділеттің, – деп өзінің «үш сүюі» арқылы адам руханиятын таза ұстаудың тұтас формуласын көрсетеді. Алланы, адамзатты, әділетті сүю. Бұл, иманның және жүрек тазалығы мен ой тазалығының қақпасы істептес.

Кемеңгер ақынның ұлы мақсат-мүдделері бізге тамаша гуманистік еңбектері арқылы жетті. Абай қалдырған бұл мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамтыды, сол кезеңдегі қазақ елінің шын сырын ашты. Абайдың шығармалары – өз дәуірінің келелі мәселелерін реалистікпен суреттейтін, ағартушылық гуманистік мазмұнға бай, ізгі ниеттер мен терең ойларға толы, шебер тілді көркем туындылар [3].

Хал бүтіндігі. Адамның материалдық жағдайының толықтығы. Мал-мүлкі, киер киімі, ішер асы, жаратар ақшасының өз несібесіне негізделген баршылығы. Жалған дүниеге сынаққа жіберілгендерді жұрт қатарлы баршылықта өмір сүруге, әрекет етуге шақырады. Жаратылғанның әрекетсіздігі жанбай жатып сөнуімен бірдей екендігін тұжырымдайды.

Хал бүтіндігіне жетуді өз шығармашылығында білім алу және еңбек ету жолдарымен насихаттайды.

Білім алу. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, қолға түседі. Шала мейір шала байқалады» [4]. Білім ал, әлемді таны, оқы бастысы сол білім-ғылымға деген үлкен махаббатпен, салғырттықсыз сүйіспеншілікпен оқы.

Еңбек ету. Әрекет жаса. Өзінің екінші қара сөзінде еңбектің маңызын шебер суреттейді. Сарт, ноғай, орыс ұлттарына деген халықтың о, баста қалыптасқан теріс пікірі мен олардың бойындағы еңбекқорлық пен ізденісті қазақ бойындағы жалқаулықпен салыстырады. Яғни, ақын жәй ғана салыстырып қоймайды, сол арқылы қазақты бос мақтаннан ада болып еңбек етуге шақырады. «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі ұрлық. Ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Екінші бұзақылар, біреудің оында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Анттың, серттің, адалдықтың ұяттың бір тоқтаусы кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғынбайларды кім тыяды?» [4,1].

1896 жылы жарық көрген «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» атты төрт шумақтан құралған өлеңінде:

«Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.» деп, қорытындылайды. Еңбек, адамдықтың қалыбы екендігін көрсетеді. Еңбек ет, тек адал еңбек қыл. Алдап, арбама, өтірік айтпай, адал табыс табуға үндейді.

Өзінің өмір сүрген шағындағы қазақтың ұлтсыздануы, азып-тозуы, мінез-құлқының өзгеруі, тіпті бүкіл болмысының адамшылық сипаттан кете бастауы, жұрттың білімнен қашықтап, надандыққа ұрынуы – осының бәрі Абайдың тәнін емес, жанын ауыртады. Сондықтан да ол осы ащы шындықты барын-барша айтып, елді ширатуға, оятуға, намысына тиіп, қайраттандыруға тырысып, сыншылдыққа, шыншылдыққа толы, өкініші мол өлеңдер жазып, қара сөзбен ойланып, күйзелді [5,4].

Қазақ үшін қараңғыда жанған шамшырақ саналатын Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы «толық адам» бейнесіне тоқталар болсақ, 175 өлең, 45 қара сөз, 3 поэмада дәлелдеулер мен талдаулар көптеп табылып, таусылмайтын пәтуалы әңгімеге ұласпақ. Жоғарыда көрсетілген талдау арқылы Абай қалың халыққа насихаттап, арман еткен «толық адам» бейнесіне тоқталдық. Ендігі, Абай арқылы қазақты күллі ғаламға танытқан М. О. Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Абай бейнесіне тоқталсақ.

«Абай жолы» романындағы Абайдың хал бүтіндігі.

Романдағы хәкімнің халдық жағдайына үнілер болсақ, Абайда барлығы дерлік бар. Мал-мүлік, материалдық жағдай, киер киім, ішер ас ойшылдың бір басына сай қиюластырылған. Кемеңгерде бар дәулеттің барлығы әке мүлкі, Құнанбайдың мұрасы деген күннің өзінде, романда Абай өз шығармашылығында насихаттаған хал жақсартудың амалын толық дерлік орындайды. Яғни, білім алып, таным көкжиегін кеңейтеді. Шығыс, орыс ойшылдарының еңбектеріне әуес болып, оларды сүйіп оқиды.

Бастысы білім-ғылымға деген зор махаббатпен мейірленіп оқиды. Қаладан ауылға оралғаннан кейін, әке ісіне болысып, болыс болып еңбек етеді. Халық арасындағы мәселені шешім, көпшіліктің жоғын жоқтап, қалың бұқараны ізгілікке бастайды.

Романдағы Абай қаншалықты дәулетті болса да, дүниеқоңыздық, ашкөздік, көрсекызарлық, тойымсыздықсынды нәпсі қалауларынан ада суреттеледі. Романда ескіліктің бейнесі саналатын Құнанбай сынды байшондарлар қара халықты қанау арқылы өз дәулетін көтеріп жатқанда, Абай халық жанашыры ретінде бейнеленеді. Бірінші кітап пен төртінші кітап аралығы бала Абай мен дана Абайдың қалыптасу кезеңі. Абай бара-бара өмір тартысында шынығып, қауым, әлеумет істеріне араласа бастайды.

Оның Бөжей асындағы адамгершілік парызын өтеу әрекеттері, Байсал жылқыларын жайылымнан қуғысы келген шабармандардың зорлығына тыйым салуы, Құлыншақпен, Сүйіндікпен, Байдалымен парасат теңестіріп сөйлесулері үлкен тұлғаның қырларын аша түседі. Ол күшті мен тістіні танып, олардың озбырлықтарынан түршігіп қана қоймайды, кезі келгенде тежеусіз тонмойындыққа тойтарыс та береді. Әкесінің Байсалдан жалғыз қыстауды тартып алуға ниет ауғанын көріп, Абай алғаш рет табанды қарсылық білдіреді: «Тартып алғыштың басы, шынға келсек, Байсал емес, өзіміз ғой. Байсал алушы емес, алынушы болып келмеп пе еді бұл күнге шейін? Өмір бойы бір-ақ қыстау сұрап, емінген өзіңіз емес пе едіңіз? Сол бір қыстаудың зарынан сіздің қасыңызға еріп, қолыңызды қостап, тіпті анау Бөжейді сабауға да барғаны көні? Байсалға тиген бір қыстауды қуған – зорлық». Қаһарман мінезінің толысуы жағынан қарағанда осы эпизод Абайдың ересек кездегі ірі істерінің бастауы саналмақ. Романдағы Абай бейнесі, дәл өз өлеңдеріндегідей оқиды, жетіледі, дамыйды бастысы қоғамға болысады. Халқына хайырлы перзенттің образы.

«Абай жолы» романындағы Абайдың хал бүтіндігі.

Романдағы жазушының аса шебер байқампаздықпен нәзік суреттеген кейіпкері – Абай. Бас кейіпкер ой тазалығымен жүрек тазалығы үндесіп, көркем мінез қаһарман ретінде бейнеленеді. Туынды барысында болған оқиғалар мен халқының басына түскен қиын-қыстау сәттерді бар болмысымен сезініп, уайым кешеді, шешу жолдарын ізиді. Абай сөзі мен ісі соншалық нақты, әрбір әрекетіне нандыратын тұлға, заман мен халық қамын терең толғайтын үлкен ойшыл, ұлы ақын сипатында көрінеді. Хәкімнің ой тазалығы мен жүрек тазалығы, әдеби қайраткерге тән нәзік әрі ұстамды ішкі әлемі Абайдың бала жасынан бастап көрініс табады. Анығырақ, оқудан оралған Абай үшін Қодар мен Қамқа оқиғасы аса ауыр соғып, күйзеліске түседі, дертке шалдығады. Болған оқиғаны қабылдау, оның нәзік әлеміне, таза жүрегіне қиынға соғады. Бұл, Абайдың бозбала шағы. Есейіп ел ағасы атанатын жасқа жеткенде де, қараңғы қоғам бас кейіпкердің жүрегін қатайтып не болмаса қарайтып жібермиді. Бұл рухтың биіктігі. Сәлиқа қыздың тағдыры, Мәкен қыздың дауындығы ақынның әділдікті жақтауы, қала ішінде жұқпалы індет – оба тарап, халықтың мазасы қашқан сәттегі оның дүмше молдаларға қарсы шығып халық қамын ойлауы бәрі-бәрі дерлік терең ой мен уайымға салады. Болған оқиғалардағы бас кейіпкердің қабылдаған шешімдері жүрек тазалығымен тікелей байланысты. Қоғамда кездескен көптеген әділетсіздіктермен қараңғы ойлар оның ой және жүрек тазалығын бұза алмайды. Тобықты мен көкен елінің арасында болған жер дауында Абайдың тура биде туған жоқ деп әділетті шешім қабылдауы «толық адамның» бір бейнесі. Абай әділетті. Абай адамзатты сүйеді.

Ал, Абайдың жаратқанды сүйуі қалай бейнеленеді? Романды оқи отыра М. О. Әуезовтың «Абайдың діні – сыншыл ақылдың, адамгершіліктің діні» деген тұғырлы тұжырымына келісесіз [6]. Туынды барысында ақынға қатысты діни оқиғалар ашық суреттелмесе де, бас кейіпкердің өмірімен үндесетін сол кезеңнің діни жағдайын көрсететін элементтер кездеседі. Мәселен, әжесінің кәлімәмен немесе қара өлеңмен Абайды ұшықтауы, Оспанның бейіт басында ант байласуы, ас берілу, құран бағыштау, кезең аралық молдалардың бейнесі. Жеке Абайдың образына келетін болсақ, романдағы Абай, жаратқанның аманатына қиянат жасамаған адам.

Адал еңбек еткен, әділ шешім қабылдаған, өз ортасына хайырлы перзент болған, адамзаттың қамын ойлаған, өз жағдайын асыра пайдаланбаған, жаратқанның сегіз сипатының бірі саналатын ғылым мен біліммен әуестенген, қарапайым, көркем мінез кейіпкер. Мұның барлығы үлкен имандылықтың бейнесі. Осы тұста академик Ғарифолла Есімнің: «Қазақ топырағында Абайға дейін Алланы тану, яғни теология мәселесімен арнайы шұғылданған ойшыл болмаған. Өзін сопылармыз деп атаған тақуалар (әулиелер) де «Алла бір, пайғамбар хақ» дегеннен аспаған» деген пікірімен келісеміз [7,17]. Роман барысында Абай өзінің жаратқанға адалдығын өз әрекетімен және харекетімен дәлелдейді.

Романдағы М. О. Әуезов жасаған Абай бейнесі, Хәкім Абай өз ғұмырында арман етіп, қалың көпшілікке өз шығармашылығы ақылы насихаттаған «толық адам» бейнесімен дәлме дәл. Хал бүтіндігі мен хәл бүтіндігі шебер үйлеседі. М. О. Әуезов өзінің естелігінде Абай бейнесін жасауда ақынның өлеңдері көп көмектесті дейді. Тендіктің сақталу шартының бір белгісі осы.

Қорытынды

Тарихи принцип Абай творчествосының сол дәуірдегі қоғамдық өмірмен тамырластығын танып — білудің бірден-бірден бір қажетті шарты екенін мойындай отырып, ақын шығармаларын бүгінгі оқырмандар қалайда өздерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраттарын жалғастыра, жанастыра қабылдайтынын және жоққа шығара алмаймыз. Ендеше Абай шығармаларының қазіргі қоғамдық өмірде қандай орын алатынына, ой-санамызға қандай әсер беретініне, танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін айқындауға да көңіл аудармай болмайды. Осы бір-бірімен тығыз байланысты екі принциптің біреуіне ғана назар аударылып, екіншісі еленбесе, ол мәселе жан-жақты байыптау мүмкіндігін шектейді, қалайда үстіртін, жеңіл қорытынды түйін жасауға әкеліп соғады. Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірмен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнерінде не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың

әдебиеттің өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ ақын мұрасының өміршеңдігін, заман озған сайын маңызды, әсері қаншалықты күшейе түсетінін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат – қасиеттерін айқынырақ тани аламыз [8].

Туындыдағы бас кейіпкер адал еңбек етіп, аса үлкен сүйіспеншілікпен ғылыммен айналысады, өзі дамиды және қоғамды дамытуға тырысады. Нұрлы адам (хал бүтіндігі). Жартатқанды сүйеді, аманатқа қиянат жасамайды, адамзатты сүйеді, әділдікті сүйеді (хәл бүтіндігі). Бірінші кітап пен төртінші кітап арлығында бас кейіпкерде тұлғалық даму ғана орын алады. Оның өмірінде болған келеңсіздіктер, әділетсіздіктер, халықтың қараңғылығы Абайдың ойын және жүрегін қарайппайды. Бұл оқыған, көзі ашық көкірегі ояу азаматтың бейнесі [9]. Яғни идеал кейіпкер. Абай пәлсапасымен айтқанда, ішкі әлемі мен сыртқы әлемі әсем үндескен «толық адам». М. О. Әуезов «Абай жолы» романы арқылы әлем және қазақ әдебиетіне зор үлес қосып қана қойған жоқ хәкімнің бар ғұмырында қалау еткен «толық адам» бейнесін жасап, Абайдың арманын орындады. Роман барысында жасалған Абай бейнесі (идеал бейне, «толық адам») адамзат үшін хайырлы тұлға болудың бағдаршамы істептес.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы терең философиялық таным мен ұғымдарды қазіргі заман оқырманына лайықтап түсіндіру маңызды жұмыстардың бірі. Абай Құнанбайұлы шығармашылығын түсіндірудің жаңа бір жолы «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» электрондық оқу құралында берілген [10]. Ел игілігі мен болашағы үшін Абай бағдар алар темірқазық десек, оның шығармаларындағы өзекті ой мен сана жаңғыртатын

Пайдаланған деректер тізімі:

1 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газеті «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы. [Мәтін] // [Электрондық ресурс]. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

2 **Мырзахметұлы, М.** Абайтану – ХХІ ғасыр көгінде [Мәтін] // [Электрондық ресурс]. – abaikzportal@gmail.com

3 А. Құнанбайұлы Шығармаларының екі томдық толық жинағы (2-том) / - Алматы : Жазушы, 2005. – 366 б.

4 **Сүйіншалиев, Х.** Абай Құнанбаев [Мәтін] // [Электрондық ресурс]. // - <http://abai.kaznu.kz/?p=1094>

5 **Қасқабасов, С.** Абай және ұлттық идея / С.Қасқабасов // Егемен Қазақстан. – 2005, – 2 шілде. – 4 б.

6 **Омар, А.** «Абайдың діні» [Мәтін] [Электронды ресурс]. – <https://abai.kz/post/40531>

7 **Ғарифолла Есім.** «Хәкім Абай». – Алматы : Атамұра – Қазақстан, 1994.

8 **Ахметов, З.** Кемел ақын, кемеңгер ойшыл / Кітапта : (Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 336 б.

9 **Әуезов М. О.** «Абай жолы» Роман – эпопея. Бірінші кітап. – Алматы, «Жазушы» 2013, – 376 б.

10 **Қапасова Б. Қ., Елікбаев, С. Т.** XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: электрондық оқу құралы. – 2020

References

1 QR Prezidenti Qasym-Jomart Toqaevtyń «Egemen Qazaqstan» gazeti «Abai jáne XXI ғасырдағы Qazaqstan» maqalasy . [Mátin] [Article of the president of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev in the newspaper «Egemen Qazaqstan» «Abay and Kazakhstan in the XXI century.»] [Text] [Electronic resource]. – <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>.

2 **Myrzahmetuly, M.** Abaitany – XXI ғасыр kóginde [Mátin] [Abay studies in the XXI century [Text] // [Electronic resource]. – abaikzportal@gmail.com].

3 **Qunanbauly, A.** Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jinaǵy 2 tom. [A complete two-volume collection of A. Kunanbayuly's Works Volume 2]. – Almaty : 366 p.

4 **Súinshaliev H.** Abai Qunanbaev [Mátin] [Abay Kunanbayev [Text]. [Electronic resource]. – <http://abai.kaznu.kz/?p=1094>.

5 **Qasqabasov S.** Abai jáne ulttyq idea [Abay and the National idea] Ed. S. Kaskabasov In Egemen Kazakhstan. – 2005, – July 2. – 4.

6 **Omar, A.** «Abaidyń dini» [Mátin] [«Religion of Abai» [Text] [Electronic resource]. – <https://abai.kz/post/40531>.

7 **ǒartfollla Esim** «Hákim Abai». [«Hakim Abay»]. Almaty : Atamura – Kazakhstan, 1994.

8 **Ahmetov, Z.** Kemel aqyn, kemeńger oıshyl. Kitapta : [Kemel Akyn, the wise thinker In the book : (A complete two – volume collection of the works of A. Kunanbayuly. Volume 1]. – Almaty: Zhazushy, 2002. – 336 p.

9 **Áyезov, M. O.** «Abai joly» Roman-epopeia. Birinshi kitap. – [Novel-epic «The way of Abai». The first book] – Almaty: 2013. – 376 p.

10 **Qapasova, B. Q., Elikbaev S. T.** «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» : электрондық оқу құралы. [Electronic textbook] [«Kazakh literature of the XIX century»] : 2020.

Қазақ фольклортану ғылымында мифологияға қатысты ойлар болғаны анық. Бірақ олардың жүйеге түсуі мен, жан-жақты белгілері, даму кезеңдері мен мазмұны, формалық қалыптары т.б. ойларды нақтылап, ғылыми негізге түсіруімен С. Қасқабасов еңбектері артық екендігін айтуымыз керек. Осы тұста қазақ мифологиясын зерттеген С. Қондыбай қазақ мифтерінің мотивтері аңыз әңгімелерде, эпостарында, жұмбақтар мен тұрмыс-салт жырларында, тұрақты сөз тіркестері мен ертегілерінде кездесетіндігін айтады [4]. Осы тұрғыдан алғанда қазақ мифологиясының аясы кең.

С. Қасқабасов мифке анықтамада келесі белгілерін айтады. «Миф тек алғашқы қауымның ғана жемісі, ол кейінгі замандарда тумайды, керісінше, мифтік (яғни «киелілік») қасиетін жоғалтқан сонертегіге айналып кетеді.» [5, 130]. Ендеше миф ертегінің бастауы деп тануға болады. Мифте ғалым анықтамасынан ұғарымыз «киелілік» ұғым болады. Бұл «киелілік» адамнан жоғары санамен айқындалады.

Қазақ мифологиясындағы ғалымның еңбегінің басты ерекшелігі – қазақ мифтерінің ерешеліктері, түрлері, жанрлары, қаһармандар жүйесі, олардың кейінгі рухани әлемге, танымға ықпалы туралы нақты ойлар дәлелденеді.

Миф алғашқы қауымдық құрылыста пайда болып, кейіннен қаһарман бойындағы, қоршаған орта жайындағы, табиғат туралы «киелілік» қасиет жоғалады. Енді ол ертегіге айналады деп М. Әуезовтің ойы тереңдей талданып, нақты мифтік аңыздар арқылы себептерін көрсетеді.

Ғалым мифтің абстрактілі ой екенін айтады. Кез келген қоғамдағы рухани қажеттілік қоғам үшін қызметтер атқарады. Қызметтерінің өзі дінмен, өнермен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен байланысып кетеді. Бұл тұрғыда С. Қасқабасов мифтің түсіндірмелі, психологиялық, әлеуметтік түрлерін белгілеп, қазақ мифі, негізінен, түсіндірмелі екендігін айтады.

Міндеттері:

Қазақ мифтерінің қызметі түсіндірмелі екендігін келесі түрлері бюойынша белгілейді.

1 Фантастикалық түсінік. Құдайлар мен рухтардың қаһармандық бейнелері жүйесі.

2 Құдайлар мен қаһармандар туралы ауызша таралған әңгімелер.

3 Қазақ мифологиясында ырымдар да кездеседі.

4 Миф аңыз, хикаят, ертегі жанрлары түрінде де болады.

Ғалым қазақ мифологиясын типологиялық жағынан архаикалық-классикалық мифтер деп белгілейді. Бұл ретте Е. М. Мелетинскийдің:

1 Мифтің сюжеті заттың мәнінің пайда болуымен байланысты болады. Яғни әңгімелеу әдісі.

2 Қоршаған дүниені сипаттау немесе тарихи баяндау.

Осы Е. М. Мелетинскийдің ежелгі классикалық мифтер туралы анықтамасына ғалым келесі белгілерді қосады.

1 Мифтік уақыт және мифтік сана.

2 Мифтік ұғым және мифологиялық тұрғыда ойлау.

Бұл ретте архаикалық мифтердің ерекшеліктері:

1 Қоршаған орта мен аң, құс, жан-жануарлар ерекшеліктерін анықтайды.

2 Мифтік сана дамыған шақ. Осы дамыған мифтік сана – адамның өзін қоршаған ортадағы аң мен құс, жан-жануарлардан бөлек екендігін ұғынған шағы.

3 Миф осы ерекшеліктерді түсіндіру үшін, себебін іздеуден туады.

Осы типологиялық жіктеу әдісі арқылы ғалым қазақ мифтерінің шығу себептерін аша отырып, келесі мазмұныны ұғуға мүмкіндік береді. Бұл тұстағы мифтік санадағы рух пен табиғаттың ара-қатынасы алынады. Мифтік сана екі сатыдан өткен Бұл сатылар рух пен табиғаттың теңдігі және рух пен табиғаттың бір-бірінен алшақтап, теңдіктің бұзылуы. Алғашқы рух пен

табиғат тең деген тұста анимизм туғандығын, ал кейінгі тотемдік бейнелер құбылуға апаратын жол деп құбылу туралы ойды терең талдап көрсетеді. Мифтің мазмұнындағы басты тұс – құбылушылық туралы ойды талдайды.

Құбылудың өзінің бірнеше сатыларын жіктеп алуға болады.

1 «Мақсатты құбылуға апаратын жол» [5, 133]. «Бір жануарлар тобының тотемдік атасы – бір аң деп баяндалады» [5, 133].

Мақсатты құбылу кеіннен ертегілерде қалды.

2 Мақсатсыз құбылушылық.

Мақсатсыз құбылушылық дүниедегінің бәрін тең деп, бірдей деген ұғымнан туған мифтерде болады. Бұған мифтегі кейіпкердің шаршауы да себеп болады дейді. Бұған мысал ретінде шаршап ұйықтап кеткен қазақ батыры туралы мифті алады.

Құбылушылық арқылы мифтердің даму кезеңдерін анықтауға болады. Бұл тұрғыда ғалым адамның затқа, жан-жануарға айналуы мифтің дамуындағы заңдылық деп алады. Ал оның себептеріне шаршап ұйықтап кету, қарғыс алу, жазалы болу, қауіп-қатерден қашу т.б. қазақ мифтерінде көп кездесетін сюжеттік мотивтерді береді.

Қазақ мифтерінідегі құбылушылықтың негіздерінің бірі – себеп-салдарымен де анықталады. Сондықтан да құбылушылықтың 3 себебін белгілеп анықтайды.

1 Адам өте шаршап, ұйықтайды. Сол кезед тасқа, аңға, құсқа т.б. айналып кетеді.

2 «Адамның кінәлі болуы» [5, 134]. Бұл құбылушылық кінәлінің жазалануы деп түсіндіріледі. «Кінәлілік» (виновность) бұдан соңғы кезеңдерде «күнәлілікпен» (грех) ауысты дейді.

3 Құбылушылық себебі – қауіптен құтылудың жолы.

Алғашқы қауым кезіндегі мифтерде құбылушылық көп кездеседі, әрі оның түрлері де көп. Себептері де – бірнешеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Ғалым мифтердегі бұл құбылушылық кейінгі кезеңдерде дәстүрлі мотивтер ретінде фольклорлық көркем прозаға еніп, ертегі кейіпкерінің өзге жанға айналып кетуіне жол ашты дейді. Сонымен бірге құбылушылық сананың алғашқы шағындағы адамның табиғатпен бөлінбей тұрған тұсындағы ойы екендігін анықтайды. Яғни, адам табиғаттан бөлінбеген, ол да сол табиғаттың бір бөлшегі ретінде оның бір түрінен екінші түріне айнала береді деген түсінігін білдіреді деген оймен қорытады.

«Ал адамның аңға, тасқа, т.б. затқа айналуы оның кінәсіне байланысты деп түсіндіретін мифтер мифтік сананың кейінгі, дамыған дәуірмен байланысты. Мұнда адам өзі мен өлі табиғаттың арасында алшақтық бар екенін сезіп, адам мен жануар екі бөлек дүние екендігін білген. Сол себепті

адамның аң кейпіне, тасқа айналуы – оның өз рекінен тыс істелетін іс деп танылған. Ол – жаза, немесе қарғасы, ал бертіндегі дәуірлерде тәнір, құдай, алла ісі деп есептелген. Бірақ осының бәрі – алғашқы қауымдағы сөз құдіретіне сенушіліктің (магия ізі).» [5, 135].

Құбылушылықтың келесі түрі – мақсатты құбылушылық. Бұл адам санасының дамыған кезеңінің жемісі. Ғалым бұл кезеңдегі мифтердің этиологиялық түріне талдау жасайды. Бұндай этиологиялық мифтердің ерекшеліктері ертегілерде кездеспейді. Әсіресе жануарлар туралы мифтерде көп.

Адам санасы дамыған шақта туған мифтерді екінші сатыға жатқызады. Бұл сатыдағы мифтер адамның өзінің табиғаттан бөлек екендігін, табиғаттағы басқа бір затқа айналуы заңдылық емес екендігін түсінген шағында туғандары деп бөледі.

Мифті адам санасының өлшеуіші ретінде де қарастыруға болады. Ғалымның зерттеулерінен, туатын ой: мифтер арқылы адам мен табиғат қатынастары ашылады. Бұл қатынас адамның табиғатты қабылдауына қарай болады. Алғашқы тепе-теңдік кейінгі даму кезеңдерінде теңсіздікке әкелді. Осы тұста мифтердегі құбылушылық та өзгерді. С. Қасқабасов мифтер туралы ғылыми ойларындағы құбылушылық негізгі орта. Сол арқылы оқиғаның дамуы ғана емес, шешімі ғана емес, мифтік пайда болуы кезеңі, адам санасы мәселелері анықталады.

Ғалым қазақ мифтерін көне жанр деп анықтай отырып, оның дүние жүзі халықтарының мифтеріне типологиялық жағынан ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айғақтайды. Қазақ мифологиясының әлем халықтары мифтерінен өзгешеленетіні – қазақ қоғамының дамуына қатысты. Сондықтан да түпкі негізі классикалық түрден шығып, жүйеленбей басқа жанрға айналып кеткен. Бұның себебі қазақ қоғамының құл иеленушілік құрылыстан ада болып, феодалдық қоғамға өтуінде деген тұжырымды береді.

Қорытынды

Ғалым С. Қасқабасовтың қазақ мифологиясы жайындағы зерттеулері қазақ фольклортануындағы жаңашылдық ғана емес, ұлттық сана мен ойдың басты тірегі алғашқы өзегі туралы ойды негіздеуінде. Сонымен бірге қазақ мифтері арқылы таным мен сананың, ойдың өсуі мен дамуы, өзгеруі туралы деректерді беретін мифтер екендігін анықтауымен өзгеше.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 2 **Элиаде, М.** Миф о вечном возвращении / Пер. с фран. Е. Морозова (1, 2. глава), Мурашкинцев Е. (3, 4 глава). – 1998.

3 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 412 б.

4 **Тойшанұлы, А.** Түрік-монғол мифологиясы – Алматы: «Баспалар үйі» АҚ, 2009. – 192 б.

5 **Қасқабасов, С.** Ойөріс – Астана : Фолиант, 2009. – 320 б.

6 Мифы народов мира. Энциклопедия в 2-х томах Главный редактор С. А. Токарев. Т. 2. – М. : Советская энциклопедия, 1992. – 720 с. : с ил.

7 **Қасқабасов, С.** Алғы сөз. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. – Астана : Фолиант, 2011. – Т. 78 : Қазақ мифтері. – 448 б.

8 **Қондыбай, С.** Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы : Арыс баспасы, 2008. – 376 б.

9 **Қасқабасов, С.** Елзерде : Әр жылғы зерттеулер. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 504 б.

10 **Пропп, В. М.** Поэтика фольклора. (Собрание трудов В. Я. Проппа.) – М. : Лабиринт, 1998. – 352 с.

References

1 **Áyvezov, M.** Ádebiet tarıhy. – [Historia litterarum tempore praecesserunt]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 240 p.

2 **Eliade, M.** Mif o vechnom vozvrasheni / Per. s fran. E. Morozova (1, 2. glava), Myrashkinseva E. (3, 4 glava). – 1998. [Capitulum]., C. Murashkintseva (Caput III, IV), – 1998.

3 **Qoñyratbaev, Á.** Qazaq fólklorynyñ tarıhy. [Historia de Kazakh folklore]. – Almaty : Ana tili, 1991. – 412 p.

4 **Toishanuly A.** Túrik-moñgol mifologiasy «Baspalar úii» [Mongoli-Turkish mythology]. – Almaty : 2009. – 192 p.

5 **Qasqabasov, S.** Oıóris [Oyoris] – Astana : Foliant, 2009. – 320 p.

6 Mify` narodov mira. E`nciklopediya v 2-x tomax S. A. Tokarev T.2. – Moskva: Sovetskaya e`nciklopediya, 1992. – 720 s. s il. [Fabulis de gentibus orbis terrarum. Dictionary libri II] Editor-in-principes S. A. Tokarev T.2.] – Moscow: Soviet Encyclopedia, 1992. – 720 p.

7 **Qasqabasov, S.** Algy sóz. Babalar sózi. Júztomdyq. – Astana: Foliant, 2011. T. 78: Qazaq mifteri. – 448 b. [S. Kaskabasov Praefatio. Verba ex maiorum. Centum. - Astana: Foliant, 2011. C. LXXVIII: Kazakh fabulas autem convertentur. - CDXLVIII p.].

8 **Qondybai, S.** Qazaq mifologiasyna kirispe. – Almaty: Arys baspasy, 2008. – 376 b. [S. Kondybay Kazakh introductio in mythologia. - Almaty: Arys Press, 2008. - CCCLXXVI p.].

9 **Qasqabasov, S.** Elzerde: Ar jylgy zertteýler. – Almaty: Jibek joly, 2008. – 504 b. [S. Kaskabasov Elzerde: Genus investigationis. - Almaty: Silk Road, 2008. DIV p.].

10 **Propp, V. M.** Poe`tika fol`klora. (Sobranie trudov V. Ya. Proppa.) – Moskva: Labirint, 1998. – 352 s. [V. M. De Arte Poetica liber folklore. (Collectio opera V. Ya. Proppa.) - Moscow: vocantur, 1998. - CCCLII p.].

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

U. Gursu, G. K. Shakhazhanova

Исследования ученого С. Каскабасова о казахском мифе

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье обращается внимание на то, что исследования о мифах в казахском фольклоре тесно связаны с именем ученого С. Каскабасова. Анализируются мысли ученого о казахских мифах и связи мировой мифологии, влиянии и развитии общественных отношений. По мере развития и изменения общества в исследованиях за основу берутся идеи о классификации, в зависимости от того, какие события происходят, о изображении героев. Дано понятие о происхождении мирового мифа и происхождении казахского мифа. В то же время выявлены причины жанровоспецифичности мифа в исследованиях Каскабасова. В нем рассказывается о явлении в казахских мифах и его причинах. С топологической точки зрения археологические особенности казахских мифов описаны С. С. Каскабасов суммирует свои мысли. Сущность мифотворческой среды – казахские мифы – раскрывается научными выводами. Главной особенностью мифа является анализ основ реализма в абстрактном мышлении.

Ключевые слова: фольклор, миф, наследие, понятие.

U. Gursu, G. K. Shakhazhanova

Research of scientist S. Kaskabasov about kazakh myth

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 28.08.20.

The article draws attention to the fact that research on myths in Kazakh folklore is closely related to the name of the scientist S. Kaskabasov. The scientist's thoughts on Kazakh myths and the connection of world mythology, the influence and development of social relations are analyzed. As society develops and changes in research, ideas about classification, depending on what events take place, about the image of heroes, are taken as a basis. The concept of the origin of the world myth and the origin of the Kazakh myth is given. At the same time, the causes of the genre-specificity of the myth in the research of Kaskabasov were revealed. It tells about the phenomenon in Kazakh myths and its causes. From a topological point of view, the archaeological features of Kazakh myths are described by S. S. Kaskabasov summarizes his thoughts. The essence of the myth-creating environment – Kazakh myths – is revealed by scientific conclusions. The main feature of the myth is the analysis of the foundations of realism in abstract thinking.

Keywords: folklore, myth, heritage, concept.

<https://doi.org/10.48081/CSCM2746>

Т. Н. Ермекова, Б. Молдағали

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ АРҚЫЛЫ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Мақала соңғы кездері қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге қатысты туындаған бірқатар мәселелерге арналады. Бүгінгі жаһандану дәуірі ақпарат пен технологияның кең қанат жайып, қоғамның барлық саласы дерлік цифрлық жүйеге еніп, қарыштап дамуды бастан кешіп жатыр. Сан-салалы бағыттың замана көшіне ілесіп, даму үдерісінің қарқынды белең алуы дәл қазіргі уақыттың талабы болса керек. Олай болса, еліміздің дамуының басты өзегі болып табылатын тіл, жазу тағдыры өркендеу мен өсудің биік тұғырына әбден лайық мәселе болып табылмақ. Өйткені әрбір халық, қала берді ұлттың жалпы өмір сүру салты, қалыптасуы, даму жолы, кешегісі, бүгінгісі мен келешегі ана тілінің ахуалына тікелей байланысты екені айтпаса да түсінікті. Бұл – латын әліпбиіне көшу мәселесі. Әрине, латын әліпбиінің қабылдап, оған түбегейлі көшу үрдісі әлеуметтік-саяси, мәдени, экономикалық маңызы өте зор мәселе.

Әлем тілдеріндегі орфография, орфоэпия, транскрипция мәселелері қазақ тілінің табиғатына қалай үйлеседі деген мәселеде Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымына сүйену қажеттігіне мән беріледі. Бұл ұстаным кирилл әліпбиі мен оның емлесі санасына орныққан қазіргі буын үшін тосындау көрінетіні рас, бірақ ұлттық сананы жаңғырту арқылы бұл мәселені шешуге болады.

Кілтті сөздер: латын әліпбиі, емле, орфография, орфоэпия, транскрипция

Кіріспе

Елбасының қоғамда үлкен резонанс тудырған «Рухани жаңғыру» бағдаламасында негізгі міндеттердің бірі – қазақ тілін біртіндеп латын графикасына көшіру [1]. Қазір Қазақстан қоғамы латын қарпіне көшу процесіне кірісіп кетті. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру

жөніндегі Ұлттық комиссия құрылып, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін төрт арнайы жұмыс тобы құрылды:

орфографиялық (қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге орфография мен орфоэпия ережелерін дайындау үшін).

- әдістемелік (латын әліпбиін үйрету және оқыту әдістемесін жасап, оны білім беру жүйесіне біртіндеп енгізу үшін).

- терминжасам (латын графикасының негізінде қазақ тілінің терминологиялық базасын жүйелеу үшін).

- сараптамалық-техникалық (латын графикасын IT-технология талаптарына сәйкес келтіру үшін).

Аталған жұмыс топтары қазіргі таңда өз жұмыстарын аяқтау деңгейінде. Әліпби жобасы бірнеше рет ұсынылды. Дәл қазіргі таңда соңғы жетілдірілген нұсқасы әзірленуде. Қандай әліпби бекісе де, емле ережелерін қайта түзуге тура келеді. Өйткені әліпби ауыстыру әріп ауыстыру емес, сананы жаңғырту негізінде емле ережелерін де жаңғырту.

Материалдар мен әдістер

«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көргеніне бір жылдан аса уақыт өткенімен, тілші ғалымдар бір тоқтамға келе қойған жоқ [2]. Емле ережелерін талқылау, саралау, салыстыру әдістері арқылы қазіргі емле ережелеріндегі кейбір мәселелерге қатысты жан-жақты ойлану қажеттігін көрсетті. Емле ережелері Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанынан құрылған Орфографиялық топ мәжілістері мен баспасөз беттерінде талқыланып, сараланды [3]. Кирилл жазуы кезінде қолданып жүрген емле ережелерімізбен салыстыру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Елбасы мақаласы біздің лексиконымызға ұлттық код, қоғамдық сананы жаңғырту сияқты ұғымдардың қолданылу жиілігін арттырып қана қойған жоқ, санаға сілкініс жасады. Әліпби жобаларының көптеп ұсынылуы, бірнеше рет биік мінберден қайтып келуі, БАҚ құралдары мен әлеуметтік желілердегі талқылаудың молдығы т.т. бұл мәселенің талай елдің санасына қозғау салғанын айғақтаса керек. Әліпби мәселесімен айналысушы ғалымдарымыз бұл әліпбидің қолданыстағы әліпбиден өзгешелігі болатындығын бірден айтты. Ғалым Е. Қажыбек: «Кейбіреулер әліпби ауыстыру әріп ауыстыру деп ойлайды. Олай емес, бұл тек қана 1-2 пайызы ғана, оңай мәселе. Ең бастысы тіліміздің бүкіл заңдылықтарын өзінің табиғатына сай жасап шығаруымыз керек» [4] – десе, профессор Ә. Жүнісбек: «әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру

керек болады. Қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады. Өйткені әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды» [5], – дейді. Бұл мәселеде белгілі ғалым Н. Уәлидің пікірі де айқын, қазіргі жазудың олқылығын көрсетеді: «...қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды, менің ойымша, ұлттық сипаттағы жазу деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер (экономика, медицина, цех, футбол, т.б.) орыс орфографиясының ережесімен жазылып жүр. Бұл кезінде Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары». Кіндігі орыс тіліне байланып қалған мұндай қостілді жазу-сызуды ұлттық сипаттағы рухани дүниеміз деп тану екіталай. Сондықтан да даналықтың диқаншысы болған Ахаңнан тағылым ала отырып, қазақ жазуын түбегейлі реформалау арқылы оған ұлттық сипат беру кезек күттірмес өзекті мәселелердің бірі болып отыр» [6, 13].

Ғалымдардың бірауызды осындай тоқтамының нәтижесінде соңғы талқылауда жүрген әліпби кірме дыбыстарды бейнелейтін әріптерден түгелге жуық тазартылды. Барлық әріптер жаңа әліпбиде оң шешімін тапқанымен, 2-3 дыбыс пен оның таңбасына қатысты мәселе бар. Қиындық – орыс тілінде дауысты дыбыс болғандықтан, жасанды емле арқылы қазақ тіліне қасындағы дауысты дыбысты «жұтып» алып, қолданыстағы әліпбиімізге алшаңдай енген «дауысты» и мен у-да болып тұр.

Кезінде саясат ықпалымен енгізілген қазіргі қолданыстағы әліпбиімізге лайықталған емлеміздің дұрыс-бұрыс қағидаттарының санамызға орныққаны сонша – қазақ тілінің төл табиғатына үрке қарайтындар аз болмай тұр. Бұл мәселеде, жасыратыны жоқ, лингвистердің өз арасында «арқан тартыстың» басталып кеткеніне біраз болды. Бір жағында әліпби мен емле тіл табиғатына сай түзілуі керек, кезінде қолдан енгізілген жасанды дыбыстар мен осы дыбыстарды сіңіру үшін жасалған емле ережелеріне дәл қазіргі оңтайлы сәтте түзету жүргізіп алуды дұрыс деп санайтындар, екінші жағында қазақ тілінің табиғатында дауысты и мен у дыбыстарының жоқ екендігін мойындағанымен, одан бас тарту нәтижесінде орфографияда түйткілді мәселелердің көбейетінін, жазғанда да, оқығанда да автоматизмнің бөсеңдейтінін алға тартатындар тұр. Егер безбеннің бір жағына жазуды автоматтандыруды, үнем үшін кирилл жүйесіндегі «дауысты» и мен у-ды, екінші жағына қазақ тілінің төл табиғатына сай, дауысты дыбыстармен тіркесіп қана буын құрайтын дауыссыз й мен у-ды қойып таразылар болсақ, қай жағы батпан тартады? Төтеннен төрелік айтпай, Алланың қазақ

баласына берген үлкен сыйы, қазақ руханиятының көсемі, лингвистикалық түйсігі Еуропа университеттерін тәмамдаған ғұламалармен терезелес Ахмет Байтұрсынұлына жүгініп көрейікші. Ақаң әлемнің біраз тілдеріндегі әріп пен дыбыс сәйкесіміне талдау жасай келіп, қазақ, қырғыз тілдері туралы мынадай тұжырым айтады: «Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында да сәйкестік күшті болады. Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті боғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестік күшті... Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білу өте керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қоя білудің өзімен де үйренуші емілеміздің аз болса 60–70 %-ін біліп қалады» [7, 16]. Ақаң айтқан бұл ерекшелік – біздің тіліміздің кемшілігі емес, керісінше артықшылығы! Сондықтан да тіліміз осы уақытқа дейін орфоэпия мен транскрипцияға соншалықты тәуелді болмады (кейбір түбір мен түбір, түбір мен қосымша жігіндегі айтылым заңдылығын айтпағанда). Ақаң мұны да қолмен қойғандай жазып кеткен: «Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады» [10, 26]. Сондықтан да и мен у-ға қатысты естіліп тұрған дыбысты «үнемдеп, автоматтандыру» қағидасы арқылы орфоэпия мен транскрипцияға әсіреқұмарлықты, онсыз да икемі келіп тұрған тіл заңдылығына көпе-көрнеу тосқауыл қойып, жалған емле түзуге әсер етеді. Бастауыш сынып оқушысы мый, сыйыр, жый, сүү, түзүү деп жазса, мұның қате деп, оны орфоэпия мен транскрипцияда көрсетуіміз керек екен.

Шын мәнінде бала Ақаң айтқандай сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білгендіктен, оған сәйкес әріппен таңбалап тұр. Қазіргі қоғамда қалыптасқан жазудағы осы жаңсақ стереотипті бұзуды ауырсынып «жазуды қиындатып не керек?» деген ұстанымдағылар жоқ емес. Ойланып көрейікші, бірінші сыныптан бастап айтылуы мен жазылуында үлкен айырмашылығы бар ағылшын, орыс тілдерінің грамматикасын сол ұлт өкілдерімен бірдей (кейде артық) меңгерген қазақ баласына бұдан қандай салмақ түседі? XX ғасыр басында Ақаң айтқандай: «Кей жұрттардың әуелде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылуы мен айтылуы екі басқа ...Жазу үшін әріп алғанымен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, америкалық сияқты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы айрылып, алыс кеткендігі сонша, «ит деп жазып, шошқа деп оқиды» деген мақал болған жазу жүйесі нақ осылардікі». Міне, осы «ит деп жазып, шошқа деп оқитын» ағылшын тілін оқудан қиналмаған ұрпақ й мен у-дың алдындағы дауысты дыбысты жазғаннан «автоматтанбай» қалмайды. Оны «мына сөзді кирилл қарпімен 3 әріп арқылы жазатын едің,

енді 4-5 әріппен жазатын болдың» деп онсыз да күмілжіп тұрған социумның күдігін арттыру кімге пайдалы? Ақаң айтқан сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті қазақ тілінің ғажап табиғатын сақтап қалу үшін де санамызды жаңғыртайық. Рас, мұндай транскрипция мен орфоэпияға мұқтаж тілдер бар. Мысалы, сол ағылшын тіліндегі night — [naɪt], double [dʌbl], bird [bɜ:d] teacher ['ti:tʃə] door[dɔ:], salmon [sæmən] т.т. сөздердің жазылымында айтылымда естілмейтін әріптер тұр, бірақ ағылшынның жазылымы қиын деп үркіп жүрген бала жоқ, бәріміз үйренудеміз. Бұған қиналмаған адам й мен у-дың алдына естіп тұрған дыбысты таңбалай алмайды дегенге кім сенеді? Сондықтан кирилл таңбасына негізделген әліпби емлесіндегі осындай олқы тұстарды жөндеп алатын сәт туды.

Қорытынды

Бастысы – стереотипті бұзып, ұлттық сананы жаңғырта отырып, ұлттық кодты сақтау. Сананы жаңғырту күн сайын еніп, тіл иммунитетін әлсіретіп жатқан шеттілдік сөздерді игертуде де керек. Сананы жаңғырту биылғы мектепке баратын балалардың «Әліппесіне» де керек. ҚР Білім және ғылым министрі Қ. Аймағанбетовтің Тамыз конференциясында айтқан «Біз Әліппені қайтару керек деп есептейміз. Ол 2021 жылы, өздеріңізге жақсы таныс, қазақ тіліне бейімделген Ахмет Байұрсынұлының әдістемесі негізінде енгізілетін болады» [8] деген сөзін халық қалай қуана қабылдағанын, рух қалай көтерілгенін білесіздер. Ендеше «Әліппе» жазушылардан Ақанды қайта зерделеуді сұраймыз, министріміз айтқан, халық күткен «Әліппеде» қазақ тіліне тән, тән емес әріптерді тоғыта бере салу Ақаң салған сұрлеу емес, ешқандай сана жаңғыруы да емес, тек пәннің атын («Сауат ашу» - «Әліппе») ауыстыру болып шығатынын айтқымыз келеді. Егер жаңа «Әліппе» түзелсе, ол латын қарпіне оңтайлы көшудің берік іргетасы да болар еді.

XXI ғасыр ғылым мен білім берудегі қарама-қайшылықтардың жаһандануымен, олардың адамзаттың жалпы мәселелерімен байланыстарының күшеюімен сипатталады. Қазіргі әлемдік ғылым-білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына бойынша оқу процесінің басты тұлғасы, субъектісі - білімгерлердің функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігі болып саналады. Сондықтан латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиін, емле ережелерін оқытуда электрондық контент құрастыру білім алушылардың сауатты, бәсекеге қабілетті болуына өз септігін тигізе алады деген сенімдеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Назарбаев, Н.** Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2017, 12 сәуір.

2 <https://egemen.kz/article/180567-zhanha-alipbi-negizindegi-qazaq-tili-emlesinin-eredgeleri> [электронды ресурс].

3 Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді стратегиялық жоспарлау (тұжырымдама, бағдарлама, ақпараттар, анықтамалар, ұсыныстар, баяндамалар, есептер, слайдтар). – Алматы : А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 104 бет, 154 бет слайд.

4 https://lenta.inform.kz/ru/erden-kazhybek-alipbi-auystyru-arip-auystyru-emes_a3029972 [электронды ресурс].

5 <https://tilalemi.kz/article/591-.html> [электронды ресурс].

6 **Уәли, Н.** Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы : ... баспасы, 2018ж. – 250 б.

7 **Байтұрсынов, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст : Ф. Әнес. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

8 <https://qaztest.kz/post/view?id=219> [электронды ресурс].

9 **Битэм, Э. Шарп, Р.** Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны [Мәтін] / ауд. С.К.Омарова» Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры . – Алматы, 2019. – 328 б.

10 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.

References

1 **Nazarbaev, N.** Bolashaqqa baғdar : rýhani jaңgyry // «Egemen Qazaqstan» gazetі. 12 sáyr, 2017. [Orientation to the future : spiritual revival]. In «Egemen Kazakhstan» newspaper. – 2017, April 12.

2 <https://egemen.kz/article/180567-zhanha-alipbi-negizindegi-qazaq-tili-emlesinin-eredgeleri> [Electronic resource]

3 Qazaq tili álipbiin latyn grafikasyna kóshirýdi strategialyq josparlay (tujurymdama, baғdarlama, aqparattar, anyqtamalar, usynystar, barandamalar, esepтер, slaidtar). [Strategic planning of the translation of the Kazakh alphabet into Latin script (concept, program, information, references, recommendations, reports, reports, slides)]. – Almaty : A. Baitursynov Institute of Linguistics, 2017. – 104 p., 154 p. slide.

4 https://lenta.inform.kz/ru/erden-kazhybek-alipbi-auystyru-arip-auystyru-emes_a3029972 [Electronic resource]

5 <https://tilalemi.kz/article/591-.html> [Electronic resource]

6 **Ýalı N.** Grafika. Orfografiya. Orfoepiya [Graphics. Spelling. Orthoepy]. – Almaty : ... Publishing House, 2018. – 250 p.

7 **Baitursynov, A.** Qazaq til biliminiń máseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Compiled by G. Anes. – Almaty : Abzal-Ai Publishing House, 2013. – 640 p.]

8 <https://qaztest.kz/post/view?id=21> [Electronic resource]

9 **Bitem, E. Sharp, R.** Pedagogikany tsifrlyq dáýirde qaita zerdeley. XXI ғасырдағы оқыту дизайны [Mátin] [Re-examination of pedagogy in the digital age. Educational design in the XXI century] [Text] transl. Omarova S.K. Public Foundation «National Translation Bureau». – Almaty, 2019. – 328 p.

10 **Baitursynov, A.** Til taǵylymy.[Language lessons. – Almaty : Ana tili, 1992. – 448 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Т. Н. Ермекова, Б. Молдағали

Значимость орфографических правил в возрождении национального самосознания

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье рассматривается ряд актуальных вопросов, связанных с переходом казахского алфавита на латиницу. В эпоху глобализации информация и технологии распространяются, почти все слои общества входят в цифровую систему и переживают быстрое развитие. Необходимо идти в ногу со временем и ускорять процесс разработки. Таким образом, судьба языка и письма, являющихся стержнем развития страны, достойна высокого пьедестала процветания и роста. Само собой разумеется, что образ жизни, становление, путь развития, прошлое, настоящее и будущее каждого народа и города зависит от положения родного языка. Это проблема перехода на латинский алфавит. Конечно, процесс принятия латинского алфавита и его радикального перехода на него имеет большое социально-политическое, культурное и экономическое значение.

В статье акцент ставится на необходимости следовать позиции Ахмета Байтурсынова в вопросе орфографии, орфоэпии, транскрипции в мировых языках совместимы с природой казахского языка. Правда, нынешнему поколению, уходящему корнями в кириллицу и ее правописание, такая позиция может показаться удивительной, но решить эту проблему можно путем возрождения национального самосознания.

Ключевые слова: латинский алфавит, орфография, орфоэпия, транскрипция.

Т. Н. Ермекова, Б. Молдағали

The importance of spelling rules in the revival of the national consciousness

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 28.08.20.

The article deals with a number of recent issues related to the translation of the Kazakh alphabet into Latin script. In today's era of globalization, information and technology are spreading, almost all sectors of society are digitalizing and experiencing rapid development. You need to keep up with the times and speed up the development process. Thus, the fate of language and writing, which are the core of the country's development, deserves a high pedestal of prosperity and growth. It goes without saying that the general way of life, formation, path of development, past, present and future of each nation and city depends on the position of the native language. This is a matter of switching to the Latin alphabet. Of course, the process of adopting the Latin alphabet and a radical transition to it is of great socio-political, cultural and economic significance.

Emphasis is placed on the need to follow the position of Ahmet Baitursynov on how the issues of spelling, orthoepy, transcription in world languages are compatible with the nature of the Kazakh language. It is true that this position may seem surprising to the current generation, which is rooted in the Cyrillic alphabet and its spelling, but it is possible to solve this problem by reviving the national consciousness.

Keywords: Latin alphabet, spelling, orthography, orthoepy, transcription.

<https://doi.org/10.48081/LMAF4903>

К. Қ. Есіркепова, С. Ғ. Қанапина

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

ОККАЗИОНАЛ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Мақалада окказионал метафоралардың тілдік табиғаты, автор шығармаларындағы метафоралардың тілдік болмысы мен тілдегі қызметі, жалпы метафора құбылысын зерттеу объектісі ретінде қарастыру көзделген. Көркем шығармалардағы окказионал метафоралардың жасалуы, символдық мәнге ие болу мәні, тілдік тұлғаның басты ерекшелігін көрсететін тұстары және танымдық қызметі талданған. Әсіресе метафораның адам ойын қалыптастырушылық қызметі мен зерттеушілердің тұжырымдары зерделеніп, метафораның тіліміздегі сөз мағынасын кеңейтудегі маңызы қарастырылды. Сонымен қатар, жазушы шығармаларындағы ұшқыр қиял мен шеберлік арқылы бұрыннан бар атауға ұқсату, балау, салыстыру нәтижесінде жаңа атауға ие сөз қолданыстары, бір қолданар сөздердің жасалу жолдары мысалдар арқылы талдауға түсіп, көркемдік қызметі анықталды. Стилистикалық фигуралардың бірі – метафоралардың таным үдерісінде жаңа ақпарат ағынын тың ауыстырулармен қамтамасыз етудегі қызметі де, автор назарында болды. Х. Есенжановтың шығармаларындағы метафоралар, оның ішінде окказионал қолданыстар суреткердің көркем ойын бейнеленуінің тиімді құралы және сөз зергерлерінің стилін анықтайтын тілдік бірліктердің танымдық табиғатын ашатын, көркемдік құралдар екендігі анықталды. Сонымен бірге метафораның қалыптасу барысында көркем бейне туындайды. Метафораны қолдану барысында автор ұлттық дүниетанымда қалыптасқан дайын құрылымдарды – фреймдерді қоса отырып, әсіресе негұрлым әсер ететін нұсқасын пайдаланғанын байқауға болады.

Әрбір суреткер өз шығармасында метафораны қолданады және әр көркем сөз шебері алмастырудың осы түрін қолдануында өзіндік ерекшеліктері байқалады. Әсіресе окказионал метафоралардың

қаламгердің ойы мен танымын көрсетудегі қызметі айрықша байқалды.

Кілтті сөздер: окказионал, ассоциация, метафора, тілдік тұлға, дүниетаным.

Кіріспе

Тілді байытып дамытушы негізгі, маңызды арналардың бірі – ақын-жазушылардың тілі екендігі белгілі. Әр көркем сөз шеберінің метафораны қолдануда өзіндік ерекшелігі бар.

Зерттеудің нысаны: тілдегі окказионал метафоралардың стильдік қызметі.

Зерттеудің пәні: окказионал метафоралардың көркем мәтіндегі қолданыс ерекшелігі.

Мақсаты: Қазақ тіл біліміндегі окказионал метафоралардың зерттелуіне шолу жасап, ғалымдардың еңбектеріне тоқталу. Окказионал метафоралардың көркем мәтіндегі қолданыс ерекшелігіне, танымдық және стильдік қызметіне тілдік талдау жасау.

Міндеттері:

– окказионал метафоралардың танымдық және стильдік қолданысын анықтау;

– окказионал метафоралардың зерттелуіне шолу жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Метафора өз табиғаты бойынша антропоөлшемді, ал метафоралы ойлау қабілеті тек қана адамға тән, демек метафораны түсіне білу – адамның өзін-өзі түсіне білуі. Метафора өз кезегінде зерттеле, сараптала келе, келесідей түрлі сипаттарға ие екендігін байқатады: ол ойлау мен әлемді танудың қаруы, ол іргелі және мәдени құндылықтардың көрінісі, себебі мәдени-ұлттық әлемтану фундаментінде жасалады.

Метафора тек қана қаламгердің ойын жеткізу үшін ғана емес, күрделі, ерекше құбылыстар мен заттарды түсіну үшін қажет. Ол ойды жеткізу құралы ғана емес, танымның маңызды қаруларының бірі. Сонымен бірге метафора логикалық түсіну мен оны құрастыру, қиын идеяларға нақты форма беріп, оларды түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде Б. Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» еңбегінде: «Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде сөздің ауыс (мағынада) қолданылуы» деп метафораның түрлерін, қасиеттерін жан-жақты атап өтеді [1,35 б]. Соңғы кезде когнитивтік тұрғыдан метафораларды зерттеген Г. Н. Зайсанбаева былай дейді: «Заттар мен құбылыстарды таңбалау мақсатын көздейтін атауыштық метафоралар

сыртқы пішін, қасиет және қызмет ұқсастығына байланысты ауысулар арқылы жасалады» [2,14 б.].

Метафораның тілдік болмысын зерттеуші А. Сыбанбаева «Метафора тек ауыспалы мағына ғана емес, ол өз бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаның бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген» деп көрсетеді [3, 23 б.]. Расында да, метафора – ұлттық сананың сұрыптаудан өткен ұқсату дәстүрі. Бүгінгі қаламгерлердің өлеңдерінің өзінде бұрын тілімізде кездеспейтін алуан-алуан метафоралардың кездесуі ұлттық сананың, дарындылық табиғаттың жоғары сатыға аяқ басуы деп білеміз.

Х.Есенжанов шығармаларындағы окказионал сөздер немесе окказионал метафоралар қолданысы ассоциативтік ойлаудан туындаған. Сөз мағынасының метафоралануында ассоциация үлкен орын алады. Ассоциацияның белгілі үш түрі бар. Олар: іргелестік, ұқсастық, қарама-қарсылық [4, 23 б.].

1 Іргелестік ассоциация бойынша бір зат жөніндегі елес өзімен бірге оған қатысы бар екінші затты қоса туғызады. Мысалы:

Мендікерей мырс етіп күліп жіберді. Тіліне іштей риза болса да, ол басын шайқап: - Сенің осы тілің – у. Қорқамын, керексіз жерде жұмсап, біз жоқта тіліңнен жазып жүрмесен не етсін, – деді («Ақ жайық»: Төңкеріс үстінде: роман, 47 б.).

Көркем шығармада қаламгер кейіпкерінің «тілімен» оның орақ ауызды шешен екендігін танытады. Тіл дамыған сайын метафора да бір орында тұрмайды, күрделеніп дамиды. Автор шығармаларындағы окказионал метафоралар қолданысы, символдық мәнге ие болып, тілдік тұлғаның басты ерекшелігін де көрсететін тұстары кездеседі.

Шатты шырай мен қап-қара көздердің ішінен сыр іздегендей бетіне тіктеп қарап еді, қыз ұялған балаша көздерін төмен түсірді де, тіп-тік қою қара кірпіктер мөлдір жүрек айнасын көлкештей қойды (Ақ жайық: Төңкеріс үстінде, 73 б.).

Кешкі қоңырқай мезетте жүрекке жылы, мұнды, шаттық құятын халық әнінің жайма қоңыр үні ақырын жылжып, ілгері өрлеп белгісіз бір қиялға жетектегендей, ақырын шайқап, ептеп тербетіп, жанға бір жайлы берік сая іздегендей... » Ақ жайық: Төңкеріс үстінде, 54 б).

Әбдірахманның жүрегіне қарияның сөзі елжіретерлік бір аталық мейірім құйып жібергендей болды. Оның қиылғандай сұрап, «кімсің, айт» дегендегі лебізі шексіз есіркеген үн болып естілді («Ақ жайық»: Шындалу, 18 б.).

Ғашық жанның ішкі сезімін «мөлдір жүрек айнасын көлкештеп» жаба қойды. Халық әнінің адам жүрегіне жылы да мұнды, шаттық әнін құйып елжірете жіберуі, шексіз есіркеген үн, жүрекке аталық мейірім құйып

жіберерлік құдіреті - окказионал қолданыстағы метафоралар. Тілдік метафоралар арқылы адам өміріндегі құбылысты, ішкі жан тебіреністі көрсетеді. Адам жанының көңілін, күйін адамның өмір сүруінің негізі «жүрекпен астарластырып, психологиялық параллелизмді береді. Жүрек-адам организміндегі мүшенің атауы, демек, ол да зат. Осы затты жазушы адамның ішкі дүниесінің, санасының рухани сұранысының символы етіп қолданады, тіпті әрі-беріден соң жүрек-адамның өз бейнесі түрінде көрініс табады. Х. Есенжанов «жүрек» сөзін шығармасында символдық мәнде қолданысқа түсіргендігі байқалады. Жоғарыдағы мысалдарда организм мүшесі-жүрек туралы емес, адамның өзі туралы: қуанып, бақытты бола алатын да, қайғыға батып, бақытсыз болатын да адамның өзі. Бір-біріне мейірім шашатын да адам баласының өзі.

Көркем шығармалардағы метафораның қолданысына шолу, талдау жасау арқылы жеке адамның, бүкіл бір ұлттың ойлау, әлемді бейнелі тану ерекшеліктерін көрсетуде метафора құбылысының маңызы, қызметіне көңіл бөлінуде.

Жаңа мән құру, яғни нәтиже алу мақсаты әрекет етуші санада пайда болып, нәтиже мағына әуелі санада танымдық деңгейде игеріледі, кодталады. Ол процесс адамның танымдық ойлау деңгейіне тәуелді. Мұнда метафоралардың танымдық болмысы қамтылады.

Бұған, әсіресе шығармалар тіліндегі авторлық индивидуалдық қолданыстардағы метафоралары дәлел болады. Мұнда адамның өзіндік танымы, ғаламды түсінуі өзгеше көрініс береді. Х. Есенжанов шығармаларының тілі жазушының жеке субъективті қабылдауымен бірлікте келіп, сөздердің символдану үрдісін де адамның «ішкі дүниесінің сұранысы» деп түсіндіріледі.

2 Ұқсастық ассоциациясынан нәрсенің, көріністің бейнелері өздеріне ұқсас образдарды ілестіріп, еске түсіреді, яғни бір зат жөніндегі елес сол затқа қандай да болса ұқсастығы бар екінші затты елестетеді. Мысалы: Көлге борлы ақ тұмсығын төндіре шөккен арғы беттегі Сымтас тауы алыстан бұлдырайды, шетіне көз жеткісіз судың алыс кенересі көк жиекпен қосылып доға сызық тартқан. Айналасы атпен жүрсе қос күндік Шалқар көлі – үлкен ожау; алыстан аққан бұраң бойлы, көп түбекті, арқа беті қызыл жарлы Аңқаты өзені - ожау көлдің сабы. Тап осы Жайық сияқты қазақтың шөліркеген еліне нәр беретін түпсіз бұлақ – Абайдың кітабы. Бұл қазақтың Ақ Жайығы, бізге бұл өзімізді жарқ еткізерлік – сусын.

...Құс жастығы – ағаш, мамық төсегі – тас еден, жанбасқа жайсыз қонақ бөлменізге қамап қойды. Өзіңіз айтқан Хакім мен біздің өрер жеріміз де, өрісіміз де биік жонның асты мен үсті – ел. Мінгеніміз бір кеме, жүзеріміз бір дария – ел («Ақ жайық»: Шындалу: роман, 303 б). «Көрі қасқыры даланың!

Бетінің сыңар тамыры да бүлк етпейді», - деді генерал тұтқын кеткен соң (Есенжанов Х. Т.І: «Ақ жайық»: Тар кезең: роман, 13 б.).

«Шалқар көлі – үлкен ожау», «Аңқаты өзені – ожау көлдің сабы» бастауыш – баяндауыштық қатынастағы метафоралар өте қисынды әрі қызық құрылған. Шалқар көл үлкен ожау болғанда, Аңқаты өзені сол ожау көлдің сабы болып көз алдымызға екі табиғи ресурстың картада қалай бейнеленіп тұрғандығы елестейді. «Еліне нәр беретін түпсіз бұлақ – Абайдың кітабы», «Абай кітабы – Ақ Жайық», «Абай кітабы – сананы жарқ еткізерлік сусын» деп келетін авторлық – индивидуалдық окказионал метафораларды жасай отыра,

Х. Есенжанов ұлы Абай мұрасының ел үшін, адамзат мәдениеті үшін пайдасы қаншалықты зор болса, «Ақ Жайықтың» да халық үшін, оның тіршілік көзі екендігін, мол пайдасын нақтылай түседі. Оның адам баласына «кисе киім, жесе тамақ, сатса ақша» болып, көп пайда әкелетінін айта кетеді. Адамды физикалық тұрғыдан қанағаттандыратын «Ақ жайықты» адамның рухани байлығын өрістететін «Кітап», жай ғана кітап емес, іші білім мен ілімге толы, терең ой мен алғыр сананың көзі – Абай кітабымен қатар қояды. Ұлы Абай мұрасын – халқына нәр берер түпсіз бұлақ деп сарқылмайтын ресурсқа балайды. Бұл берілген автордың ой - тұжырымдары, сөзсіз авторлық афоризмдер болып табылады.

3 Сонымен, метафора терендігі басқа жанама атаудың метафоралық сипатымен байланысты болады. Метафораға екі жақтылық тән. Оның бойында байырғы мағына мен жаңа мағына қатар өмір сүреді. Бұдан метафоралық мағына туындайды. Келесі метафоралық қолданыстардан оның осы қасиетін анық аңғаруға болады: Мысалы, Қала – ауру жан, сұлық жатыр. Көшелерде жан жоқ, жұрт тегіс үйде. Қыбырлаған жан иесі түгіл өлі мүліктер де суық қолдан бой тасалағандай. Үш күннен бері жадынан шықпай, әлдекім иемденіп қойғандай қызғанышты сезім уына бөлеген Мұқарама көз алдына келді («Ақ жайық»: Төңкеріс үстінде, 194 б.). Ол тіпті біраз уақыт көңіліне кенеттен құйылып кеткен өткінші шаттықтың құшағында отырды, көңіл күйі шарықтап отырды.

Жас – жер қойнауынан атқан бұлақ! Ол ішкі ащы қасіретті сыртқа айдауға асығады («Ақ жайық»: Тар кезең, 538 б.).

Жүздерінде қорқыныш аралас таңырқаған пішін де бар, өмірдің ащы – тұщы толқыны шайқамаған екеуінің сезім дариясы әлі тұнық қалпында тұрған сияктанды, бірақ бастарына түскен ауыр халдің зілдей салмағын жете сезбесе де, аңғарып қалғандай («Ақ жайық»: Шыңдалу, 267 б.).

Бұл жігіттің Жүніске ұнағаны: алғыр сөйлейді, жүйелі сөйлейді; арғы жағында сенер ой бұлағы мен сөз жүгірер арнасы түзең сияқты («Ақ жайық»: Шыңдалу, 300 б.).

Шығармадағы «Қатты қорқыныш құшағына ендірді», «Қала – ауру жан, сұлық жатыр», «Қос – қостан салынған құлыптар мен белдеу темірлер есік терезелерді айқара құшақтап алыпты», «Көңіліне кенеттен құйылып кеткен өткінші шаттықтың құшағында отырды», «Жас – жер қойнауынан атқан бұлақ», «қорқыныштың құшағында жан ұшырғандай», «өмірдің ащы-тұщы толқыны шайқамаған екеуінің сезім дариясы әлі тұнық қалпында», «өзінен артық, үш түнге таусылмайды, белкүллі бұлақ, ой бұлағы мен сөз жүгірер арнасы түзең» т.б. тілдік бірліктерді окказионал метафораларға тән құбылыстарға жатқызамыз. Жазушы қолданысындағы окказионал метафоралар адамның ұшқыр ойын байқатады. Бұл сөздер контексте қолданысқа түскен немесе бір қолданар сөздер болып табылады.

«Окказионализмдер дегеніміз-белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер» [5, 41б.].

Жалпы кез келген, суреткердің өзіндік авторлық қолданыстарын қарастырғанда, олардың әдеби тілге үлес қосқанын көрсету мақсат емес, соны жаңа сөз жасауда сөзжасам мүмкіндіктерін қаншалықты жарата алғанын, соның негізінде тіл мүмкіншілігін көрсетудегі өзіндік ерекшелігін таныту болып табылады. Қаламгер бірқолданар метафораларды бір нәрсені екіншіге балап, мөндес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, әдемі сурет жасайды.

Е. Ханпира окказионал метафораларының пайда болу себебін былай түсіндіреді: «Метафоричность окказионализма не результат переноса значения самого окказионализма. Перенос происходит на стадии образования окказионального слова как перенос значения производящей основы» [6, 224б.].

Қорытынды

Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» романындағы окказионал метафоралар кейіпкердің ішкі жан-дүниесін оқырманға жеткізу үшін айрықша өріммен берілген тілдік қолданыстар. Жазушы шығармасындағы окказионал сөйлемдер арқылы келтірілген мысалдар әр түрі өмір құбылыстарын суреттеуде оны өз керегіне жарата алғандығын көреміз. Алайда уақыт, тілдік тұлға танымы күрделенген сайын, ой мен тіл көркемдігі дамыған тұста, келтірілген мысалдардан жазушы тілінің ерекшелігін аңғартатын окказионал сөйлемдерге куә болып отырмыз.

Бұл метафоралық сөз тіркестерінен суреткердің биік талғамы, логикалық ой еркіндігі табиғатпен, жаратылыс әлемімен бірге тоғысып, бірге жанданып, суреттеліп отырған құбылыстың бейнесін метафоралық тәсіл арқылы оқырманға әсер бере, оның жан дүниесін суреттеуі. Оралымды

бір қолданар авторлық сөздер қолдануда ой көркемдігін жаңаша бағытта, жаңаша мағыналық стильдік қызметте пайдаланғандығын байқауға болады. Мұндай қолданыс оқырманның сезіміне әсер ете отырып, бүкіл жаратылыс әлеміндегі құбылыстың басқа іс-әрекетпен еркін байланыстырып әдемі сөз бояуын кестелеп тұр. Мағынасы өте алыс заттар мен құбылыстарды байланыстырып бір-біріне теліп, оның орнына тауып қолдануы суреткердің эстетикалық талғампаздығын айтайын деген ойын нақты, мағыналы жеткізудің көркем суретін көрсетеді. Жоғарыдағы келтірілген окказионал метафоралар қаламгердің өзі жасаған тосын сөз тіркестері, сөйлемшелер екені анық. Суреткер әр ойды, әр сөзді бейнемен мүсіндейді.

Бұл метафоралардың мағынасы контексте ғана ашылып, жазушының түйсінуімен сабақтастырылып күрделі дүниелерді береді. Окказионал бейнелер заттық ұғымда жұмсалып, жазушы қолтаңбасы, контексте ғана ашылады. Жазушы шығармасындағы контексте ғана көрінетін окказионал метафоралар тың образдар жасауда автордың ізденімпаздығын, сөз құдіретін, тілдік қасиетін танытуда өте ұтымды жұмсалғандығын байқауға болады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Хасанов, Б. Х.** Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966, – 205 б.
- 2 **Зайсанбаева, Г. Н.** Метафоралы аталымдардың когнитивті аспектісі : Фил.ғыл.канд. дисс.автореф. – Алматы, 2004, – 28 б.
- 3 **Сыбанбаева, А.** Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002, – 161 б.
- 4 **Хасанов, Г. Қ., Есенжанов, Х.** тілдік тұлғасының деңгейлері Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы № 1 (80) 2011ж.
- 5 **Еспекова, Л. Қ.** Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Фил. ғыл.канд...дисс. – Алматы. 1998. – 29 б.
- 6 **Ханпира, Е.** Окказиональные элементы в современной речи. Стилистическое исследование. – М. : Наука. 1972. – 224 б.
- 7 **Есенжанов, Х.** Ақ Жайық: трилогия. – Алматы : Жазушы, 1988.

References

- 1 **Khasanov, B. Kh.** Qazaq tilindegi sózderdiń metaforaly qoldanylyúy. [Metaphorical use of words in the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1966, – 205 p.

2 **Zaisanbaeva, G. N.** Metaforaly atalymdardyń kognitivti aspektisi : Fil. ғыl. kand. Diss. avtoref. [Cognitive aspects of metaphorical names] [Text]: Author. Diss. Candidate phil. Sciences. – Almaty, 2004. – 28 p.

3 **Sybanbaeva, A.** Metaforanyń tildik bolmysy jáne konseptýaldy metaforalar. [The linguistic nature of metaphors and conceptual metaphors] [Text]. Almaty, 2002. – 161 p.

4 **Khasanov, G. K. H.** Esenjanov tildik tulǵasynyń deńgeileri [The level of the linguistic personality of H. Yesenzhanov] [Text]. In Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. – No. 1(80). – 2011.

5 **Espekova, L. Q.** Myrzaliev poeziyasındaǵy okazionalizmder : Fil. ғыl. kand... diss. [Occasionalisms in K. Myrzaliev's poetry] [Text]: Author. Diss. Candidate phil. Sciences. Almaty. – 1998. – 29 p.

6 **Hanpira, E.** Okazionalnye elementy v sovremennoi rechi. Stilisticheskoe issledovanie. [Occasional elements in modern speech. Stylistic research] [Text]. – Moscow : Nauka, 1972. – 224 p.

7 **Esenjanov, H.** Aq Jaiyq : trilogia. [Ak Zhaiyk : trilogy] [Text]. – Almaty : Zhazusky, 1988.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

К. К. Есиркенова, С. Г. Канапина

Языковая природа окказиональных метафор

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова,
Республика Казахстан, г. Костанай.
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье рассматривается языковая природа окказиональных метафор, языковая сущность и функции метафор в произведениях автора, как объект исследования метафор в целом. Также анализируются окказиональные метафоры, приобретения ими символического значения, отражающие основные особенности языковой личности и мировоззрение в художественных произведениях.

В частности, проанализирована роль метафоры в формировании человеческого мышления и выводы исследователей, а также рассматривалась важность метафоры в расширении значения слов в языке. Кроме того, благодаря мастерству писателя было проанализировано использование слов с новым значением в результате воображения, схожести, сравнения с ранее существующими значениями, способы создания слов в индивидуальном использовании и выявлена их художественная деятельность в произведении. Одна

And the most important idea of the verse: If the oppressed people unite, it will become the same as the mountain, great and mighty. It becomes clear that in order to prove the correctness of the opposition of the people against the colonialists, it was necessary to describe the might of the mountain. We can see that every word, every phrase is aimed to describing the power of the mountain and the immense power that the people can acquire. If to understand, the initial word in the example «whitens» (azalap in Kazakh) begins with the letter a (the repeated letters «a» inside the word strengthen the effect) and ahead of the last word «Himalayas» is the word beginning with the letter «a» « Askar tau (high mountain)». And five more words beginning with this letter also preserve harmony thus preserving the melodic nature of sounds throughout the verse. Such a sound in the initial line is supported by a phrase describing the excess snow «hidden in snow» (if it were not much that would hardly be able to bury the top of the mountain), and in the second line describing how the « Suckle a chest of the sky « describes the admiration for progress and strength. And indeed, considering that the word « Suckle a chest « is used for babies up to two years who are breastfed, the suckling «chest of the sky» is not only about age but also about the need of water for body. And after all the belief about the height used words «as a mother» and «day» and between them the word «gold» attaches special significance to the words said. In addition, taking into account that the word gold begins with the letter a (in Kazakh), it supplements and harmonizes the sound in the whole verse as discussed above (in saying a golden day, we equate grandeur corresponding to the greatness of the mountain). So, considering such peculiarities, it's not so

easy to «send the mudflow» and wash the Himalayas. If we take into account that the mudflow we call a huge stream of water, we can see that the day that sends the village and takes such a huge gift the mountain have great strength, authority and power. After suggestion with such wonders, even the usual lines that go on seem impressive. For example, if we take separately the phrase «send the wind» to blow once, «hug periodically», «occasionally light it», then it seems that there is no previous power. As the saying goes, «will it be easy for the one who follows the strong,» so after all the miracles in the passage the rest of the description seems to be easy, not important. The eight lines of the couplet are dedicated to the admiration of the mountain, while the last three lines say that there is demand even from such a majestic mountain:

I could not get the light of these days,
The top in the haze, the slope is narrow...
High Himalayas, why so?!

In the following lines, the same method is repeated. If in the second verse there are a harmony of sound «b» and a combination of details describing the image of the mountain. The first eight lines are aimed at describing the features of the mountain, then the last three lines show that there is a suppressor of this huge. In the third line, the same method is repeated:

Not hurrying, raging, worried,
He rocked outrageously,
On the plain as horses race,
On the shoulders threaded,
Destroying the mountain, rolling stones,
Splattering said the words,
Why did the rivers scream?
I have not received the secrets of these waters,
Eyebrows of sheer rocks, an icy nose,
High Himalayas, why so?

From the first lines Ilyas as usual uses verbs, grouping them and thus gives a special accent. And the words in the second line «rocked» the «height» we see an abundance of water and a strong current (can a high mountain suffer?). In addition, if the word «On the plain as horses race» shows the speed of water, then in the words «On the shoulders threaded» points to the stronghold of the mountain support obstructing the head of water. Just the phrase «destroying the mountain» indicates the volume and pressure of water (a small amount of water will not destroy the mountain), and by the phrase «rolling stones» you can understand the strength of the stream. Because it is clear that the stones themselves can not move. In order to make it move, either independently it was necessary to point out the power and strength of the water. Nevertheless, despite the strength of the river, in the words

«I have not received the secrets of these waters» there is a great sense. It is said about some great secret more than the rest and it is said more likely about the colonization of the Kazakhs and the need to fight for freedom. And in the initial verse and in the long second part, the called «answer» is the idea of fighting for freedom. We want to note the fact that Jansugurov like S. Seifullin describes mostly simple phenomena and urgent and important topics. Indeed, despite the breadth of the mountain, his burdens are the same:

The cloud dripped, lashed,
Like a fountain the sun will appear.
Under this fountain
The exhausted sound emits.
Tortured and grieved.
The top is either panting,
What god squeezed him?
Did lightning fall?
Can the enemies have already seized the land?
High Himalayas why so?

And the consonance in these lines and the end of lines in the form of a question shows Ilyas' preference for conventionality and embellishment in verse, rather than a direct description.

If in the verse «Altai» S. Seifullin writes about the elevation of distant feelings and unusual actions and describes in more detail, while Ilyas differs more by an unclear description of the concept. Ilyas Like his colleague Magzhan preferred the conventionality of the description of the naturalness of the phenomenon, and the exaggeration of the event not only with actions in a certain time but regardless of nations, the time of general civil problems. If we rely on such a boundary, attention is drawn to the fact that the mountain is not suffocating at a certain moment, but it can happen again in the future. If you take the concept of «choking» separately, and understand how much power you need to make someone stop breathing, then imagine how much effort you need to have someone who can make the mountain choke. Consider the word «gasping» as exaggeration and convention. Saying that more convention than accuracy means that there is no exact description of what someone is strangling or drowning a mountain in the water. In addition, let's take a look at the verse «Answer»:

Dug its sun, drowned it,
Froze the river like a stone.
Rock and ice grabbed in its hands,
Pressing with force.
Frost hurried, not allowing himself to recover,
Choked on his blood.

As if the fog squeezed him.
And he could not seem to get out of this fog,
Heart wound the eyes of the lake,
Himalayas poor unhappy, -

It is known that it is impossible to bury and drown the sun. And in the verse the poet makes believe in it. The strength of the frost is so powerful that it «froze the river like a stone» (try to break the stone). In addition, this line is a proof of the exact description. Indeed, it is known that frost can greatly freeze the river. But nevertheless, one cannot say that there is no convention and exaggeration here. In this case he is very similar to colleague Saken. Nevertheless, we cannot say this with the third, fifth and sixth lines of the verse. In these lines there are no accuracy but more hints, and exaggeration prevail. Because we do not see exactly who is pushed into the rock by force. In the lines «Rock and ice grabbed by hands» we see the action, but we do not see who owns this action. The same convention can be seen in the lines «Heart wound the eyes of the lake».

Conclusion

It is clear that the conventionality is seen in the words that the mountain has a heart, but the words that the heart of the mountain is wounded exaggerate its feature. The same opinion can be expressed in many other details of the work. So, we can say that Ilyas differs from the rest not usual difficulties as in S. Seifullin, but his unusual description, conditional portrait, ascension in verse.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Әбдірахманова, Т.** Ақын сыры. – Алматы : Жазушы, 1964; Дүйсенов, М. І. Жансүгіров. – Алматы : Ғылым, 1965.
- 2 **Қаратаев, М.** Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы : ҚМКӘБ, 1958. – Б. 295-296; Дүйсенов, М. І. Жансүгіров. – Алматы : Ғылым, 1965. – Б. 22.
- 3 **Қазақ лирикасының тарихынан. Шығармалары (4-т).** – Алматы, 1981. – Б. 160–161.
- 4 **Байтұрсынұлы, А.** Әдебиет танытқыш [Мәтін] – Алматы : Атамұра, 2003. – 206 б.
- 4 **Әуезов, М.** Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 428 б.
- 5 **Жұмалиев, Қ.** Әдебиет теориясы. – Алматы : Мектеп, 1963. – 223 б.
- 6 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 212 б.
- 7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Мектеп, 1976. – 374 б.
- 8 **Жүсіп, Қ. П.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік: Монография – Павлодар : ЭКО, 2011. – 442 б.
- 9 **Дүйсенов, М.** Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы, 1962. – 211 б.

References

- 1 **Abdirahmanova, T.** Aqyn syry [The secret of the poet]. – Almaty, 1964.
- 2 **Qarataev, M.** Tұғын ádebiet týraly oılar [Thoughts about native literature]. – Almaty : KSMP, 1958. – P. 295-296; Dúisenov, M. I. Jansúgirov [Duysenov, M. I. Zhansugurov]. – Almaty : Gylym, 1965. – P. 22.
- 3 Qazaq lirikasynyń tarihyнан. Shyǵarmalary (4-t) [From the history of kazakh lyrics. Compositions (4-volume)]. – Almaty, 1981. – P. 160-161.
- 4 **Baitursynuly, A.** Ádebiet tanytqysh [Literary critic.] [Text]. – Almaty : Atamura, 2003. – 206 p.
- 5 **Ayezov, M.** Ýaqyt jáne ádebiet [Time and literature]. – Almaty, 1962. – 428 p.
- 6 **Zhumaliev, Q.** Ádebiet teoriyası [Literary theory]. – Almaty : Mektep, 1963. – 223 p.
- 7 **Akhmetov, Z.** Óleń sózdii teoriyası [Theory of the poetic word]. – Almaty : Mektep, 1973. – 212 p.
- 8 **Kabdolov, Z.** Sóz óneri [The art of the word]. – Almaty : Mektep, 1976. – 374 p.
- 9 **Zhussip, K. P.** Qazaq lirikasynndaǵy stil jáne beinelilik [Style and figurativeness of kazakh lyrics]. Monograph. – Pavlodar : ECO, 2011. – 442 p.
- 10 **Duisenov, M.** Ádebiettegi mazmun men formanyń birligi [Unity of content and form in literature]. – Almaty, 1962. – 211 p.

Material received on 18.09.20

Қ. П. Жусип, Н. Қ. Жусупов, М. Н. Баратова
Илияс Жансүгіровтың шеберлігі

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Бұл мақалада Илияс Жансүгіровтің сөз шеберлігі жан-жақты қарастырылады. Илияс Жансүгіров шеберлігі дегенде, қаһарманды алабөтен қиындық өткелінде сынау жетекші рөл атқарса, сонымен бірге онық қаһарманы үнемі дерлік бар кедергіні жеңуші, жеңімпаз ер бейнесінде алынады. І. Жансүгіровтің «Гималай» өлеңінің бастапқы жолдарында қайғы мұңға, тұспалдауға ойысу басым болып келеді. Сонымен қатар ақынның, негізінен алғанда, романтизмге негізделген өлеңдері де баршылық. Илияс Жансүгіровтің басқадан ерекшеленетін тұсы оның шартты сурет, дабырайту, дыбыс қуу

т.б. әдіс-амалдарды неғұлым жиі қолданатындығы да бұл мақалада сөз болады.

Кілтті сөздер: І. Жансүгіров, Абай, шеберлік, поэма, стиль, қазақ әдебиеті.

К. П. Жусип, Н. Қ. Жусупов, М. Н. Баратова

Мастерство Ильяса Жансугурова

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В данной статье подробно рассматривается мастерство Ильяса Жансугурова. Говоря о художественном мастерстве Ильяса Жансугурова, можно отметить, что ведущую роль в его произведениях занимают различные неожиданные трудности и испытания для героя, но в то же время, его герои всегда, преодолевая все препятствия, предстают в образе победителя. В первых строках стихотворения «Гималай» И. Жансугурова прослеживается преобладание горестной печали, недомолвки. У поэта, если рассматривать в общем, имеются стихи, которым присущи романтизм. В статье а также отображено то, что Ильяс Жансугуров отличается от других поэтов использованием следующих приемов: условное изображение, возношение и т. д.

Ключевые слова: И. Жансугуров, Абай, мастерство, поэма, стиль, казахская литература.

<https://doi.org/10.48081/SJDH7364>

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жусупов², З. Е. Қуандық³

¹«Тұран» университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ.

^{2,3}Торайғыров университеті Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТ ТӨРКІНДЕСТІГІ

Әлемдік мәні бар Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор. Біздің әдебиетіміз үшін араб, парсы және түрік руханияты нәр алған кең арна іспеттес. Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы байланыстың тамыры тереңде жатыр. Мақалада шығыс әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетінде, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастықты, шығарма сюжетінің бастау көздерін іздегенде, алдымен бүкіл әлем әдебиетіне ортақ, яғни неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілер қарастырылады. Зерттеуде шығыс аңыздарының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы сюжет төркіндестігі мәселесі қозғалады.

Кілтті сөздер: сюжет, өлең, аңыз, Құран, шығыс әдебиеті, қазақ әдебиеті

Кіріспе

Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы байланысын сараптау кезінде, тақырып, идея, қаһарман сомдау т.с. мәселелеріндегі төркіндестікпен қатар шығарма сюжетіндегі, ықшамдап сараласақ, туынды фабуласындағы үндестік, жалғастық, сабақтастық та назар аудартады. Сөз жоқ, бұл орайда тек шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп немесе шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысы ғана емес, жалпы әлем әдебиетіндегі өзара байланыс, сабақтастық та арнайы зерттеуді тосып тұрған мәнді де, көп арналы, күрделі тақырыптың бірі екені анық. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен Еуропа әдебиеті байланысы біраз зерттелсе де, шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысының неғұрлым аз зерттелуінің өзі онша ескерілмей келген бұл саладағы «ақтандақтарды» ашудың көкейстілігін дәлелдейтіні белгілі. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіп пен шығыс әдебиеті байланысының, оның ішінде шығарма сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастықты арнайы сараптау

қажеттігіне әкелетіні мәлім. Шығарма сюжетінің бастау көздерін іздегенде, алдымен бүкіл әлем әдебиетіне ортақ, яғни неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілерді алдымен еске алуымыз да заңды.

Зерттеудің нысаны: Мәшһүр Жүсіп пен шығыс әдебиеті байланысының, оның ішінде шығарма сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастығы

Зерттеудің пәні: М.Ж. Көпейұлы шығармаларындағы аңыздық үлгілер

Мақсаты: шығыс әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетінде, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының сюжетінде, яғни фабуласындағы сабақтастықты, шығарма сюжетінің бастау көздерін неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілерден іздеу. Мақалада шығыс аңыздарының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы сюжет төркіндестігі мәселесі қозғалады.

Міндеттері: шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы байланысын сараптау;

Мәшһүр Жүсіп шығармалары мен шығыс әдебиетіндегі сюжет төркіндестігін анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі Мақалада салыстыру, сараптау мен пікірлерді қорыту әдістері басшылыққа алынды. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен батыс әдебиеті байланысы біраз зерттелсе де, шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысының неғұрлым аз зерттелуінің өзі онша ескерілмей келген бұл саладағы «ақтандақтарды» ашудың көкейстілігін дәлелдейді. Осыдан келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен шығыс әдебиеті байланысының, нақтырақ айтсақ, шығарма сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастық пен үндестікті арнайы сараптау қажеттігі туындайды.

Көне үлгілерде көп орын алған әңгіменің бірі – Топан су аңызы. Аңыздар төркінін зерттеушінің бірі В. В. Евсюков топан су әңгімесінің бастауы Інжілден де әрі Шумерлер аңызында жатқанына назар аудартады [1, 33].

Бұл пікірдің қайдан шыққаны туралы дерек қазақ тілінде де жариялана бастады: «Л. Липин мен А. Беловтың айтуы бойынша, 1872 жылдың күзінде суретші-гравер Джордж Смиттің қолына түскен Шумер қыш табиғикасын оқыған: «Нисыр тауына кеме тұрды. Нисыр тауы кемеңі тоқтатып, оның тербелуіне мүмкіндік бермеді... Жетінші тәулікке аяқ басқанда мен көгершінді алып ұшырып жібердім. Ұшып кеткен көгершін айналып, құрғақ жер таба алмай қайтып келді...» [2, 14].

ұл пікірлерге сүйеніп, топан су аңызының бұдан 5000-6000 жылдай бұрын жазылған Шумер жазбасында да ұшырасатынын бағамдасақ, топан судың да, аңыздың да кеме 5000 жылдық тарихы бар екенін салмақтай аламыз. Інжілде (Библияда) топан су туралы мәліметтер баршылық. Онда алдымен Жаратушының Ной (бізше Нұх) пайғамбарға кеме жасау керектігін,

алда 40 күн, 40 түн бойы жаңбыр жауып, топан су болатынын ескертуі әңгімеленеді. Одан әрі кемеге еркек-ұрғашысын қамтып, әр жануар, жан иесін жұп-жұбымен алу тапсырылады [3, 10]. Бұдан соң Нойдың 600 жасында топан су басталады да, кейін су қайта бастағанда, алдымен көрінген Арарат тауы басына кеме тоқтайды. Құран-Кәрімде де бұл апат сан рет қайталанып ескертілген:

1 Сондықтан Нұхты (ғ.с.) әрі онымен бірге кемеде болғандарды құтқарып, олардың орнын бастырдық (Ю-Юныс сүресі) [4, 217].

2 Ол кеме оларды (Нұх пен жолдастарын) таулардай толқында алып жүрді. (h-худ сүресі) [4, 226].

3 Кеме жуди тауында тоқтады. . (h-худ сүресі). [4, 226].

4 Сонда оған (Нұх пайғамбарға)... көздеуіміз де нұсқауымыз бойынша «кеме жаса» деп уахи еттік». (23-мүминүн сүресі) [4, 343].

«Дала уалаяты» газетінің 1888 жылғы санында топан су Ғайса туғаннан 3750 жыл, яғни жалпы 5638 жылдай бұрын болған деген дерек келтірілген [5, 77–80].

Құран туралы жазған М. Б. Пиотровский зерттеуінде топан су тартыла бастаған шақта су бетінде көрінген құрлықты анықтауға Нұх пайғамбардың алдымен қарғаны жібергені, қарғаның жер тапқанымен, сонда қалып бөгелгені, бұл міндетті орман кептері орындағаны, сол үшін марапат белгісі ретінде оның мойнында ақ жолақ пайда болғаны т.с. қамтылған [6, 51].

Ал, «Мәшһүр Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңінде қарға өзінің не себептен қарғысқа ұшырағанын түсіндіреді. Кемені тышқан тескенде, жылан бүке түсіп, жатып алып, сол тесіктен су жібермейді. Кейін сол үшін сыйақы талап етіп: «Кәнеки, еті тәтті мақұлық қайда?» – деп, өтініш жасайды. Нұх пайғамбар тапсырмасымен мұны айқындау үшін алдымен қарға жіберіледі. Қарға құрлық жерді алдымен тапса да, жемтікке тойып, тапсырманы ұмытады. Ол кешіккен соң, соңынан ұшқан қарлығаш қарғаның ең тәтті деп адам етін алғанын естіп, адамға жаны ашып, айтқызбас үшін қарға тілін шоқып алады. Пайғамбар алдына барғанда, қарға тілі кемсін болғандықтан да, не түйгенін айта алмай қалады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Сүлеймен пайғамбарға қатысты: «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа» деген қара сөзбен жазылған әңгімесін және «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз» өлеңін қалдырғаны белгілі. Бұл шығармалар сюжетінің бастау көзін іздесек, «Құран Кәрімге» тірелеміз: «Сүлеймен (Ғ.С.) жыннан, адамдардан, құстардан әскерлері жиналады... Ол бұлармен ақыр құмырсқаның ойпатына келген сәтте бір құмырсқа: «Әй, құмырсқалар! Ұяларына кіріңдер! Сүлеймен оның әскерлері білмей жаншып кетпесін», – деді [4, 373]. М.,Б. Пиотровский еңбегінде осы фабула қайталанып, соңында Сүлейменнің мұны естіп, құс тілін білетіні үшін жаратушыға ризашылық білдіруі келтіріледі [6,143].

Мәшһүр-Жүсіпте құмырсқа сақтандыруын естіген соң, Сүлейменнің оны шақыртып алуы бейнеленеді. Құмырсқа: «Менімен тілдесіп, жауаптассаңыз, құлағымыздың қақ түбінен орын беріңіз. Әйтпесе, біріміз-көкте, біріміз- жерде, сөзіміз түгел бола ма?» – деп талап қояды. Сүлеймен ол талабын орындап: «Не үшін таптап кетпесін дедіңіз?» – деп сұрайды. Құмырсқа жауабы: «Оны айтқаным: «Аналар басып кетеді де, сендер жаншылып қаласың!» – дегенім емес. «Алма алмадан реңк алады. Ат есекпен бір ахырда тұрса, мінездес болады. Желге ұшып, жеңіл тартып жүргендерді тамаша қыламын деп, фікір, зікірден бос қалып, ғафыллардан болып құдай қасында тапталып, уатылып қаларсың!» – дегенім еді». Одан әрі құмырсқаның: «Сұрасам, құдайдың өзі неге бергенін айт: жұрттан бөлек не берді?» – деген сауалына Сүлеймен өзіне билеу үшін желді, билік үшін жүзікті бергенін айтады. Ал құмырсқа желдің де, жүзіктің де мақтаныш бола алмайтынын өзінше дәлелдейді. Одан әрі Сүлейменнің: «Құдай жаратуда қайсымызды жақсы жаратты?» – деген сауалына құмырсқа орнықты жауап береді: «Бұл турадан хабарым бар. Хамидүр шүкір жаратуында осы отырған сенен мені жақсы жаратты. Неге десең: өзге дүниеге қарағанда, басың кіші, миың аз: Ақылыңның аздығы – сол! Менің өзге дүниеге қарағанда, басым зор: миым көп, ақылымның артықтығы сонан! – дейді. – Сенің өзге дүниеге қарағанда, қарның жуан: тойымдығың жоқ, қанағатың аз. Тойымы жоқ қанағатсызда қасиет бола ма?! – дейді. – Менің өзге дүниеге қарағанда, қарным жіңішке: қанағатым зор, дүниеге мұқтаждығым аз! – дейді. – Сенің өзге дүниеге қарағанда, аяқ тарпың шидей: өзіңнен қаралдысы зорды көтере алмай тұғының – сол. Менің өзге дүниеге қарағанда, бөксе тарпым жуан: сол үшін өз қаралдымнан үлкен нәрселерді көтере беремін. Ақылымды көп қылып, тамақ үшін уайымымды жоқ қылып, өзімнен зорды көтеретұғын күш беріп жаратты. Мұнан артық жаратылу бола ма?! – дейді. Әңгіме соңында құмырсқаның : «Жалғыз бидай жеті жыл жеуіме жарайды», – деуіне шүбә келтіріп, Сүлейменнің оны жеті жыл бір бидаймен қамағаны, құмырсқаның сол мерзімде жарты бидайды ғана жаратып, пайғамбардың қатесін бетіне басқаны баяндалады. Әңгіме былай тамамдалады «Хазірет Сүлеймен тоба қылып құмырсқадан қанша үгіт-насихат алып, өзінің білместігіне, оның білімділігіне қайыл болды. – Менен соңғы патша болғандар мұнан ғибрат алсын! Біреудің көзге көрінісі құмырсқадай болса да, тауып айтқан сөзіне құлақ салып тұра қалсын! – деп, кітапқа жаздырып, кейінгіге қисса қылып кетті». [7, 5]

Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз» өлеңі фабуласына ұқсас әңгіме «Дала уалаяты» газетінде екі рет орын алған екен. Газеттің 1889 жылғы санында әйелінің теріс ниетін құптап, тамам құстың сүйегінен сарай салғызбақ болып, оларды жинағанда, тек байғыз келмей қалғаны анықталады. Патша қаһарланып байғызды алдыртқанда, байғыз келмеу себебін түсіндіреді: «Дат, патша, мен тағы тағы да хисаб қылып едім:

«Дүниеде еркек көп пе, ұрғашы көп пе?» – деп, ұрғашының біреуі артық шықты». Патша мұның мәнісін сұрағанда, байғыз: «Дат, патша, мен хисабтағанда, ұрғашының тілін алып, қыл дегенін қылған еркекті ұрғашы деп санадым, сол үшін ұрғашының бірі артық болды», – дейді. Әңгіме былай бітеді: «Сонда тақ Сүлеймен ойланып отырып айтты дейді: «Сен рас айтасын, байғыз, мен сенің ойыңды білдім, мен қатыным тілін алып, жазасыз сіздердің сүйектерінен сарай салып беруге ойлап едім», – деп, патша қаршығаға бұйрық қылыпты: «Құстарды босатып қоя бер, һәм оларға айт, байғызға алғыс айтсын, құтқарғаны үшін», – депті [8, 117].

Бұл әңгіменің кеңейтілген нұсқасы «Дала уалаяты» газетінің 1889 жылғы санында жарияланады [9, 155]. Құран-кәрімнің 27-нәміл сүресінде Сүлеймен мен құмырсқа лебіздесуінен кейін Сүлеймен мен Бәбісек деген құс әңгімесі берілген: (Сүлеймен F.C.) Құстарды түгендейді де: «Бәбісекті неге көрмеймін немесе ол жоғалып кетті ме? – дейді...Сонда ол көп кешікпей-ақ келіп: «Сен білмеген нәрсені білдім. Сондай-ақ Сәба мемлекетінен анық хабар келтірдім», – деді. «Расында оларға патша болған бір қатын таптым. Оған әр түрлі нәрсе берілген әрі, оның үлкен тақты бар». (Шахыл қызы Былқыс қатын патша еді) «Оны да, елің де Алладан өзге күнге табынғанын көрдім. Шайтан оларға істеген істерін әдемі көрсетіп, жолдан тосқан. Сондықтан тура жол таба алмайтын көрінеді» [4, 378–379].

Міне, осында келтірілген Былқыс(Билкис) туралы дерек араб әдебиетінде жаман ниетті әйелі ретінде Сүлейменге байланыстырыла алынғанына зерттеуші Б. Я. Шидфар назар аудартады [10, 118]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз» елеңінде әйелінің теріс тілегін орындамаққа патша тамам құсты жинағанда, тек байғыз келмей қалады. Кейін оның келмеу, бөгелу себебі сұралғанда, Байғыз бен Сүлеймен лебіздесуі былай өрістейді:

- Еркекті ессіз қылып қара басып,
Зор болды ұрғашыға араласып.
Еркек пенен қатынды теңгергенде,
Бір қатын артық шықты саннан асып.

- Көз жұмбақ даярия кештім пенделіктен,
Көрмедім пайда жиған дүниеліктен.
Құдайым артық-кемсіз жұп жаратқан:
Болғаны қатын артық ол неліктен?

- Жалғанда аз күн теріп нәсіп жерміз,
Білмейміз бұ жүргенде не үшін жүрміз?

Кей адам қатын тілін алатұғын
Біз оны еркек демей, қатын дерміз.

- Қаралдың жұдырықтай, ақылың зор,
Қатын тілін алғанды қылдың ғой қор!
Айырдың қан төгетін көп кінәдан,
Байғызым, қанша дүние тұрғанша тұр!» [11, 5]

Мұның бәрі көне шығыс аңыздары мен Мәшһүр Жүсіп туындылары арасында үндестік, орайластық, тығыз байланыс жатқанын дәлелдей түседі.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жеке образ, жеке детальдарды әлем әдебиеті, оның ішінде Мәшһүр Жүсіпке дейінгі Шығыс әдебиеті, мәдениеті дамуымен сабақтыстықта алғанда ғана ол бейнелердің мәні, әлем мәдениетіндегі дәстүр сабақтастығы мәні, неғұрлым кең ашылып дәлелдене түсетіні анық.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Евсюков, В. В.** Мифы о вселенной. – Новосибирск, 1998
- 2 **Мектептегі, А.** «Ғарыш қонағының хаты, немесе көне түрік руникасының құпиясың атты монографияға этнолингвистикалық тарихи пайымдама. // «Ана тілі». – 1988, 7 мамыр
- 3 Библия. – М., 1990
- 4 Құран Кәрім. – Медине, 1991
- 5 Дала уалаяты газеті. Т. 4. – А. : Ғылым, 1992
- 6 **Пиотровский, М. Б.** Коранические сказания. – М. : Наука, 1991.
- 7 **Мәшһүр Жүсіп.** Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа. // Азия. №3. – Шілде, 1992
- 8 Дала уалаяты газеті. Т. 1. – А. : Ғылым, 1989
- 9 Дала уалаяты газеті. Т. 3. – А. : Ғылым, 1992
- 10 **Шидфар, Б. Я.** Генезис и вопросы стиля арабского народного романа (сыры). // Генезис романа в литературах Азии и Африки. – М. : Наука, 1980
- 11 **Мәшһүр Жүсіп.** Сүлеймен пайғамбар мен байғыз. // Азия. № 3. – шілде, 1992.

References

- 1 **Evsiukov, V. V.** Mify` o vselennoj [Myths about the universe]. – Novosibirsk, 1998
- 2 **Мектептегі, А.** ««Ғарыш қонағының хаты, немесе көне түрік руникасының құпиясың атты монографияға этнолингвистикалық тарихи пайымдама»

[Ethnolinguistic historical perspective on the monograph «Letter from a space guest, or the secret of the ancient Turkish runic»]. – «Native language». – May 7, 1988

3 Biblına [The Bible]. – Moscow, 1990.

4 Quran Kárim [Quran]. – Medina, 1991

5 Dala ýalaıaty gazetı. T. 4. [Dala Yalaati newspaper. T 4]. – Almaty : Gylym, 1992

6 Piotrovsky, M. B. Koranicheskie skazaniı. [Koranic tales]. – Moscow : Nauka, 1991.

7 Máshhúr Júsip. Súleimen paıǵambar men qumyrısqı. [The Prophet Solomon and the Ant]. – Asia. № 3. – 1992. July

8 Dala ýalaıaty gazetı. T. 1. [Dala Yalaati newspaper. T. 1]. – Almaty : Gylym, 1989.

9 Dala ýalaıaty gazetı. T. 3. [Dala Yalaati newspaper. T. 3]. – Almaty: Gylym, 1992

10 Shıdfar, B. Ya. Genesis ı voprosy stılıı arabskogo narodnogo romana (sıry). In Genesis romana v literatýrah Azıı ı Afrıkı. [Genesis and questions of the style of the Arab folk novel (Sira). // The Genesis of the novel in Asian and African literatures]. – Moscow : Nauka, 1980

11 Máshhúr Júsip. Súleimen paıǵambar men baıǵız [The Prophet Solomon and baıǵız]. – Asia. № 3. – July, 1992

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жусупов², З. Е. Қуандық³

Общность сюжета в восточной литературе и произведениях М. Ж. Копеева

¹Университет «Туран»,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан

^{2,3}Торайғыров университет»,
Республика Казахстан г. Павлодар
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Влияние восточной литературы на казахскую литературу огромно. Для нашей литературы, как и для арабской, персидской и тюркской духовности, он является широким каналом, который питал арабскую, персидскую и турецкую духовность. Очень глубокая связь между казахской и восточной литературой. В статье раскрывается преемственность богатого наследия восточной литературы в казахской литературе, в том числе в сюжете произведений поэта

Машхура Жусупа Копеева, то есть в фабуле. При поиске источников начала сюжета произведения, в первую очередь, рассматриваются наиболее распространенные легенды, общие для всего мира литературу. В исследовании затрагивается проблема сюжета восточных легенд в произведениях Машхура Жусупа Копеева.

Ключевые слова: сюжет, стихотворение, легенда, Коран, восточная литература, казахская литература

G. K. Zhussupova¹, Y. K. Zhussupov², Z. E. Kuandyk³

Commonality of plot in Eastern literature and works of M. Zh. Kopeev

¹Turan University,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

^{2,3}Toraıgyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 18.09.20

The influence of Eastern literature on Kazakh literature is huge. For our literature, as well as for Arab, Persian and Turkic spirituality, it is a broad channel that fed the Arab, Persian and Turkish spirituality. There is a very deep connection between Kazakh and Eastern literature. The article reveals the continuity of the rich heritage of Eastern literature in Kazakh literature, including the plot of the works of the poet Mashhur Zhusup Kopeyev, that is, in the plot. When searching for sources of the beginning of the plot of the work, first of all, the legends that are most common to the whole world of literature are considered. The study touches upon the problem of the plot of Eastern legends in the works of Mashhur Zhusup Kopeyev.

Keywords: plot, poem, legend, Koran, Eastern literature, Kazakh literature

<https://doi.org/10.48081/UZXY5841>

А. Ф. Зейнулина, А. Т. Ибраева

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ХАКІМ АБАЙ ҒАҚЛИЯСЫ ХАҚЫНДА

Абайдың «Қара сөздері» – терең пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, философиялық және психологиялық ойларға толы, тіршілік түйткілдерін дәл болжай білген құнды мұра.

Абай қара сөздерінің басты тақырыбы – адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты – адам тәрбиесі, оның өмірдегі адамгершілік қасиетінің қызмет жасау кеңістігі. Адам болғанда да, адамдар үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген адам. Абайша айтқанда, «толық адам». Ол «нағыз адам», «толық адам» қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі өзінің қара сөздерінде соған жауап береді. Ол адамды жан-жақты қарастырып, мінезін, өзін-өзі тануын, адамды жат қылықтардан аулақ болуға шақырып, жоғары сезімдерге: махаббат пен парыз, борыш сезімдеріне тәрбиелейді. біздің рухани мәдениетімізді жетілдіруге, әрбір адамның бақытты болуға ұмтылу қозғалысы болуы тиіс. Ал рухани мәдениетімізді тек әдебиет ғана жетілдіре алады. Осы тұрғыдан сөз өнері – әдебиет рухани құндылықтардың негізін қалаушы бола алады және қазақ үшін рухани құндылықтардың символы – Ұлы хақим Абай болмақ.

Мақалада Абай қара сөздерінің жазылу тарихы мен мазмұны, мақсаты, көлемі, жазылу стиліне хронологиялық және көркемдік талдау жасалынады.

Кілтті сөздер: Ғақлия, қара сөз, адамтану, түпнұсқа, ақындық мектеп, нақыл сөз, көркемдік шешім.

Кіріспе

Ғақлия – көркем қара сөз, нақыл сөздің бір түрі, дүниенің құпия сыры терең таразыланған ойлар мен пікірлер, трактат жиынтығы. Ғақлия араб сөзі «дана сөз», «даналық маржан сөздер» деген ұғымды танытады. Ежелгі дәуірдің өзінде Шығыс әдебиетінде бар болған бұл прозалық жанр қазақ әдебиетіне XIX ғасыр соңында жазба әдебиеттің нық қалыптасқан кезең болды. Ғақлия сөздерде қоғамға қажетті сан алуан мәселелер қозғалады. Бұл ретте қазақ әдебиетінде Абай, Ыбырай, Жүсіпбек Аймауытов пен

Әлихан Бөкейханов шығармаларында Ғақлия сөздер мол кездеседі. Абайдың пайымдауынша, Ғақлияға жүйріктер хақим, ғалым аталады.

Хақим Абайдың прозасы, яғни қара сөздер мұрасы қазақ халқы өзін өзі тануының және тағылым – тәрбиелеуінің қуатты құралы. Ол қазақ танымының болмысы. Оның сыры – Абай қалың елі қазағын жарқын да тура жолға бастаудың көшбасшысы болды. Не жазса да түпкі мақсат осы. Жатса-тұрса соған кам жеген ақын: «Іште дерт қалың, Ауыздан жалын, Бұрқ етіп, көзден жас шықсын» дейді. Біле білсек, күллі Ғақлия өстіп қайғырған, шерленген, жаны қиналған ұлт білімпазының қаламынан төгілген қайталанбас туынды.

Біз сөз етпекші Абайдың «Ғақлия» атты кітабы жеті жылдың жемісі. Онда ұлтының мінез-машығы мен кам-қарекеті жан-жақты зерделеніп, терең оймен қорытындыланған. Демек, оны ұлт ұстазы Абайдың зерттемесі, ғалымдық еңбегі әбден болады. Абай «Ғақлиясы» – қазақтың өз мінін өзі көретін, оны түзейтін ғажайып тәрбие энциклопедиясы.

Құранда: «Қандай бір қауым өзін-өзі өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді», – деген. Оқысын, өзгерсін, мінезін түзесін! Абайдың қара сөздері міне осы ниеттен туған. Асыл мұраның бүгінгі күнге ескірмей, көнермей жетуінің сыры, кепілі екеніне ешкімнің таласы жоқ.

Зерттеудің нысаны: Абай қара сөздерінің танымдық кеңістігі

Зерттеудің пәні: Әдебиеттанудағы Абай шығармашылығы

Мақсаты: Абай әлемі, оның өлеңдері мен қара сөздері бір халық қана, яғни қазақтың рухани жан дүниесінің сәулесі ғана емес, ол әлемдік деңгейде талданып, үлкен сұранысқа ие болған шығармалар жиынтығы екенін дәлелдеу. Абай әлемі әлемдік әдебиет және мәдени руханиятпен біртұтас екенін таныту.

Міндеттері:

Абай Ғақлияларының әдеби – философиялық мәнін таныту арқылы көркемдік табиғатын анықтау;

Абай қара сөздеріне жанрлық талдау жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Хақим Абайдың прозалық туындысы екі кітаптан тұрады. Көзі тірісінде біріншісі – кітап «Ғақлия», екіншісі – «Ғақлиат тасдиқат» (қысқаша «Тасдиқ») аталып, бөлек көшіріліп келген-ді. Оған архив қорында сақтаулы Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбалары кәу. Бірінші қолжазба кітабына (дәптер десек те болар) Абай 41 қара сөзін енгізіп, оған «Ғақлия» деп ат қойған.

Абайдың екінші кітабы – «Тасдиқ» (қазіргіше «38-ші қара сөз»). Оның кітап «Ғақлияға» еш қатысы жоқ. Неге десеніз, ол пәлсапалық трактат. Оның тақырыбы, мазмұны, мақсаты, көлемі, жазылу стилі мен мерзімі мүлде бөлек. Төмендегі мақсат – кітап «Ғақлияның» жазылу мерзімін және

ондағы сөздердің хронологиялық реттілігін анықтауға арналады. «Қара сөзбен» айтатын өсиетіне Абайдың 1891 жылдан кіріскені белгілі. Дәлелге М. Әуезовтің: «Осы жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген» деген пікірін келтірсек те жеткілікті [1, 25].

Егер «Ғақлия» кітаптың алғашқы парағы 1891 жылы ашылса, оның даяр болғаны қай жыл? 1897 жыл деуге негіз бар сияқты. Оған Абайдың бір жасқа толмай-ақ асырап алып, бәйбішесі Ділдәнің бауырына салған немересі Уәсилә Мағауияқызының (1890–1954) естелігі растайды. Абай балаларды оқуға жеті жасында береді екен. «Мен де сегіз жасқа шығарымда оқыдым» дей келе: «Әлі есімде, – деп жазады Уәсилә, – бір күні біздің оқып отырған үйімізге әкем келді. Әкем молдаға қарап, балаларға мына бір кітапты әкелдім. Бүгіннен бастап осы кітапты оқыт деді. Кейіннен байқасам, сол кітап әкемнің «Ғақлия» атты қара сөзбен жазылған кітабы екен». Бұл жерде «сегіз жасқа шығарымда» деп Уәсиләнің көрсетіп отырғаны – 1897 жыл.

Қосымшаға М.Әуезов пікіріне жүгінейік: «1896 жылдан бастап, Абай барлық шығармаларын жинастырып, көшіруге ұйғарады» (Аталған монография. –18 б.) 1896 жылы Абай «барлық шығармаларын жинастыруға» неліктен кіріскен? Бұл «Ғақлия» кітабын еңсерген жайынан белгі беретін факті деген ойдамыз. Сонымен, қолда бар дерек-дәйектер Абай «Ғақлия» кітабын 1891 жылы бастап, 1897 жылы толық аяқтап шыққан деп түйіндеме жасауға мүмкіндік береді. Ендігі керегі – кітапқа енген жекелей қара сөздердің жазылу мерзімін қарастырайық. Басты қайшылық – Абай жинақтары мен Мүрсейіт көшірмелерінде қара сөздердің рет саны бір емес, екі түрлі. Егер рет саны екеу болса, шыны қайсы, жасандысы қайсы? Осыны айырып алмай тұрып, жазылу мерзімі жайлы ой зерделеу шындыққа жанаспас еді.

Қара сөздер алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланған. Бірақ олардың рет саны өзгеріске ұшырағаны да тап осы жинақ. Неге десеніз, 30-жылдарда атеистік көзқарастың насихаты қуатты болып тұрған кезең еді. Өкімет байлар мен дін өкілдерін қырына алған қаһарлы уақыт. Жауды өз халқы арасынан іздеген қызыл көз сақшылардың билеп тұрған заманы. Олар: «Әуезов – діншілдік пен панисламизмді дәріптеуші» деп неге дабыл қақпасын. Әсіресе, Абайдың «Ғақлиқат-тасдиқат» (қысқаша – «Тасдиқ») атты екінші қолжазба кітабын қаз қалпында жариялау – өзіне өзі ату үкім шығарумен парапар еді. Себебі, оны Құдай, иман, тағат ұғымдары туралы пайымдары мол еді. Осы сәтте М. Әуезов қиын шешімге барған. «Тасдиқ»-тан құтыла салмай, оны өзге қара сөздердің арасына «38-ші қара сөз» деген атаумен кіріктіреді. Бұл азаматтық ерліктің үлгісі еді. Абай ең көлемді сөзі бүгінге осылай аман жетті. Тұңғыш толық жинақта қара сөздердің рет саны не себептен өзгертілгені енді түсінікті шығар деген ойдамыз. Бірақ, қарап

отырсақ, 1995 жылғы екі томдық толық жинақтың 331-бетінде қара сөздердің рет саны «мағынасына қарай өзгертілген» делініпті. Бұл, әрине, сөз жоқ, үлкен ағаттық болған. Шығармалардың рет саны өзгертілуіне – тікелей жаңа айтқан саяси-идеологиялық ахуал кінәлі. Осылайша, рет саны бойынша 27-сөз бүгінгі оқырманға 2-сөз болып жетуі саясат ықпалы деп қабылдауымыз қажет. Ойымызды түйіндесек, қара сөздердің шынайы рет санын М. Әуезов 1933 жылғы толық жинақта өзгертуге мәжбүр болады. Бұл Абайдың қос кітабы да төл атауын жоғалтты деген ойға келеміз. «Ғақлия» кітабы Абайдың көзі тірісінде көшіріліп, көпке таралып отырған. Бас көшіруші Мүрсейітте алғысөз «23-сөз» делініп көшірілген. Бұдан бөлек, Абайдың рет саны бойынша 19-сөз Мүрсейіт көшірмесінде «20-шы сөз» делінген. Бұл соңғы дәлсіздік қайдан келді, саралап көрейік.

19 және 20-шы деп таңбаланып жүрген екі келте сөз анығында бір-ақ сөз. Екеуін жалғастыра оқыған адам: «Мұның бір-ақ сөз екенін бағамдайтын болады. Түпнұсқада солай болған. Оған бұлтартпас дәлел Абайдың келесі 21-сөзінде (қазіргіше 32-сөз) тұр. Оқып көрейік, Абай: «...Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы сөзінде жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар», – деп сілтеме жасапты. Қазіргі 19-бен 20-ның түпнұсқада бір-ақ сөз болғанына бұдан артық дәлел бола ма? Келешекте екі қысқа сөз біріктіріліп, оған Абай өзі «19- сөз» деген рет санын қайтарып жатсақ дұрысы сол болар деп санаймыз. Бұл «Ғақлия» кітаптың түпнұсқасына 41 емес, 40 ғақлия енген деген ойға саяды.

Жалпы Мүрсейіт көшірмесіндегі қара сөздердің рет саны Абайдікі екеніне сеніміміз мол. Ғылым үшін керегі – қара сөздердің шынайы рет саны. Олар қалпына келтірілсе ғана сыртқы оқиғалар ықпалы ескерілмек, сонда ғана Абайдың ойшылдық эволюциясын түсінуге мүмкіндік туады. Барлық қара сөздерді, жазылу мерзіміне сәйкес үш шартты топқа (1-14, 15-25 және 26-41 арасы) бөліну керек. Сол үш топтың әрбірін жекелей қарастырған жөн сияқты. Абайдың шығармалық еңбегіне қашанда белгілі бір адам я болмаса белгілі бір оқиға түрткі болып отырған. Яғни өмірлік дәлдік тән. Демек, қара сөздің әрбірін болған оқиға, тіршілік құбылыстарымен байланыстыра қарастыру оңтайлы да ұтымды деп білеміз.

Абайдың өзі «Ғақлия» деп ат қойған кітапқа енген 41 сөздің ең көлемдісі. Онда ойшыл екі келелі мәселені көтерген. Біріншісі – біздің қазақ қайтсек өнер, білім жолын таппақ, қайтсек егін, сауданы керек қылмақ деген, екіншісі – елді билеп, басқарудың тиімді жолы қайсы деген. Ойшылды толғандырған қос мәселе осы.

Қазақ ұлты жаңашыл даму жолында көп кедергіге ұшшыраған, кесел – кесапаттар көп болған. Бұзылуына, төмендеуіне бас себеп осы. Оны өзге халықтармен теңестіретін күдірет – «егін, сауда, өнер, ғылым» дейді Абай.

Осыған көзі жеткен кезден ақындық қызметке шындап кірісіп, қазаққа төнген надандық бұлтын ыдыратуға бар күш-қуатын сарқа жұмсайды. Сондықтан ең алдымен, билік тақырыбын көтеруі заңды. Себебі, ол халықты тығырықтан алып шығар күдіреттің бірі. Қаршадайынан ел жұмысына араласқан, биліктің оны мен солын жақсы біліп, мол тәжірибе жинақтаған Абай 1-сөзінде: «Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді» (3-сөзі) дей келе, билікке қатысты әлі күнге өз өміршеңдігін жоғалтпаған нақты ұсыныстарын ортаға салады.

Абай қарастырған тақырып жан – жақты. Баршасынақты да қысқа түрде. Ойшылкөбіне-көпадамның мінез-құлқын талдап, қам-қаракетіне кешеп, тексереді. Онымен шектеліп қалмай, фәни өмірдің сырын ұқтыруға күш салады. Өсиетін, біржағынан, қызықты, күлкілі, ұғымға оңайғып, екінші жағынан, араб, парсы сөздерін кіркіртіп, салмақ сала айтады. Сонымен, Абайдың рет саны бойынша 2, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14 (қазіргіше 4, 7, 13, 12, 14, 20, 15, 21, 16, 28) жиыны он ғақлия сөзін байыптап көрелік. Бастапқы 2, 3, 4, 5 сөздерде Абай қазақ мінінің түр-түрін теріп, мінезін түзетпекке байлаған. Өсиеті пайдалы болуымен бірге, көңілді, қызықты болып жетуін көздейді.

Енді Абайша 6, 7, 13, 14-сөздерді (қазіргіше 16, 28-сөз) пайымдайық. Бұл төртеуінде Абай иман, ғибадат тақырыбын қозғауының мәнісі неде? Бұл ретте өмір оқиғалары көмекке келеді. Оспанның жылы өткенше көңіл айтып ағылған халықтың Абай алдын босатпағаны анық. Сондай-ақ, 1890-жылдар жұртшылықтың дінге қызығушылығы артқан шақ Қала қала ма, сол заманғы қазақ қауымы діни сауат деңгейімен мақтана алмайтын діни сауатсыз, қазір біліп тұрғанымыз шамалы. Абай ауылына ат басын тіреген алыс-жақын қонақтарды, өз еліндегі келешекте қажы атанатын Ақберді, Жақия, Бейсембі, Белгібайларды, мейлі, Әуез бастатқан Қожа ауылының үлкендері мен Мұхаметкәрім, Махмұт сияқты молдаларды мысалға алсақ та осыны айтамыз. Құдайға құлшылық қылудың мәнісі, иманның тазалығы неде деп бас қатыратындар некен-саяқ, ал ішін қойып, тек сыртқы формаға бас ұратын, яки тек «шарифат» деп қатып қалған кісі көп еді. Соңғылардың арасында оқу-білімді көпірдің ісі деп аулақ серпетіндер аз емес. Міне, 13-сөзін Абай: «Қазақ құлшылығым Құдайға лайық болса екен деп қам жемейді» (16-сөз) деп бастауының мәнісі осы.

Мәжіліс Жидебайда, Ақшоқыда, мейлі, Бақанас жайлауында өтсін Абай үгітін жаңағы шын иман мәселесін ұқтыруға бұрып отырған. Оған келесі 14-сөзін діннің түп негізі – иман мәселесі мен оның ғибадатпен арақатынасы деген тақырыпқа арнағаны дәлел. Аса күрделі мәселені мейлінше ұғымды түрде жеткізе отырып, соңында: «Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?» деп сұрақ қояды да, нақты жауапты былайша береді:

«Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсан болар, әйтпесе – жоқ» (28-сөз). Ал Құран аятындағы: «Бұл үгіт-насихаттан ақылды пенделер ғибрат алады» (Бақара сүресі, 269 аят) дегені Абайдың тамаша ғақлиясына арналғандай. Бұл тұрғыдан алғанда, кітап «Ғақлияның» алдыңғы тобына (1-14 арасы) жасалған талдауға сүйене отырып, бұл шығармалар 1891-93 жылдар жазылған деп ой қорытамыз. Яғни Абай көпшілікпен әңгімелескен жиын, сұхбаттарда өзінің көңілін алаң қылған мәселелерді ортаға салып, артынша сол ой-толғауларын ақ қағаз бетіне түсіріп отырғанына көңіліміз сенеді.

Ұлы ойшылдың 15-24 қара сөздері зер салғанда, бұл үгіт-насихаттар жалпы қазақ қауымына емес, жастарға арналғанын байқаймыз. Өйткені, қай-қайсы болмасын ұстаз бен шәкірттің арақатынасынан белгі береді. Өнегелік, тәрбиелік сипат басым. Абайдың ақындық мектебі өмір сүрген уақытта осы ғақлияның қуаты зор болғанын көреміз. Абайдың ақындық шабыты – ақындық мектептің жұмысы қайтадан жандануына қолайлы жағдай туғызды. Айнала қыстақтағы дос-інілері, атап айтқанда, Көкбай, Кәкітай, Шәкерім, қос әнші Мұхаметжан, Әлмағамбет, ертегіші Баймағамбет, шарифатқа жүйрік Самарбай, Дайырбай, Махмұд, өз қолындағы Әубәкір, көрші ауылдан топай Бейсембай, әнет Мүрсейіт, көгібақ Мұсылманқұл, Ырғызбай Ырсайдың Ысқағы, ноғай ауылынан Сыдық, Хажибулла, Махмет сияқты жастар келіп, қосылып отырған. Сол сияқты көрші керей елінен Уәйіс, уақтан Мұқа, сыбаннан Әріп Абайдың алдын көрді. Осы жастардың ынтасы арқылы Абай қара сөздерінің күші қуаттана түсті.

Абай мектебі мен мұсылмандық Шығыста көп айтылатын пір мен мүрит медресесі арасындағы ұқсастыққа М.Әуезов жіті назар аударған болатын. «Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ұстаз тәрізденеді», – дей келе, М. Әуезов пікірін былайша түйеді: «Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогикалық жақсы әдісті қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып, үгіт-насихат асырады» [1, 210–211].

Бұл ойдың түйінін сабақтасақ, алдыңғы топтағы 11-ші сөзінде Абай есер кісілер мен есті кісілерді салыстыра келіп: «Егерде есті кісілердің қатарында болғын келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» (15-сөз) деп кеңес берумен шектелсе, екінші топтағы 19, 20 және 21-ші сөзінде (қазіргіше 19, 31 және 32-сөз) осы үгітін тереңдете, Мұханша «сатылап» айтқан. Алдыңғы екеуінде ұстаз

есті, жетелі, көргенді болудың мәнісі – естіген жақсы нәрсені іске асыруда дейді және естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себептер барын паш еткен. 21-сөзі онан әлдеқайда күрделі. Онда Абай: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас» (32-сөз), – деп бастап, ғылым сарасын табудың алты үздік өлшемімен таныстырып өтеді.

24-сөзінде Абай: «...Солмалдысарыпқылып, ғылым табу керек. Өзінтабаалмасаң, балаптапсын. Ғылымсызахирет те, дүние де жоқ» (10-сөзі) дейді. Осы сияқтығылымсарасынтабуғақатыстыайтқанақыл-кеңес теріАбайдыңөзбасыныңтәжірибесіненекенінекімталасарекен. Сонымен, қарасөздердіңортаңғытобы (15-25 арасы) талаптышәкіртжастарға арналған. Олардаесті де өнерлі, білімдіадам болу, солсияқтығылым табу үгітібәріне нбасымкөринуісонынайғағы. Ескеретін бір жайт – Мүрсейіт көшірмесінде «Насихат» деген атпен (қазіргіше 37-сөз) топталған Абайдың нақыл-афоризмдері хақында. Олардың бір бөлігі ұстаздың шәкірт достарына ғибрат алсын деп айтқан ұлағатты сөздері. 1894-95 жылдар Абай болыстық қызметіне қоса, ұстаздық миссияны толықтай атқарған. Жастарды келешек жарқын деп сендіріп, баршасын да ізденіс пен гуманизм жолына түсірді. Өз кезегінде шәкірт қауымының ұстаздың тақырып таңдауына әсер етіп, өзіндік із қалдыруы заңдылық.

Ал 26-41 аралығындағы қара сөздерінде Абай «қайтсек ел боламыз?» деген бастапқы жалпы қазақтық мәселеге қайтып оралған. Бұл топта жас ұрпаққа я болмаса мұсылман жамағатқа арнап айтылған дегізетін нышан, белгі жоқ. Кілең адамшылық һәм әлеуметтік тақырыптар көтерілген. Халықтың мәдени-рухани дамуының дербес жолын айқындау қамын сеземіз.

26-сөзін Абай: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың ...бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. ...Сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік» деп бастап, соңында: «Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдык. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» (39-сөз) деп күрсіне толғайды.

Ал 27-сөзінде Абай қайтсек ел қатарына кірер едік дегенді таратып айтқан. Біздің қазақ ешкімді менсінгісі жоқ өр халық – ертеде қағанат құрған, империялық сананың мирасқоры. Өр мінезділігі содан. Бірақ Абай осы заманғы талап – еңбексүйгіштік, өнерлі, білімді болуда дейді. Дәлел үшін халықтарды салыстырады. Туған халқының сарт (өзбек), ноғай (татар), орыс сияқты көршілес елдердің бәрінен кейін қалып отырған аянышты хәлін әділетті жанашырлық көңілмен ұғындырып береді. Өзге халықтарды үлгі еткен сөзін: «Оның бәрі – бірін бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер

тауып, мал тауып, зор болғандық әсері» (2-сөз) деп қорытады. Бұл ой бүгін де өзекті екеніне дау жоқ.

29-сөзінде Абай «қырт мақтанды» шенеп, сөге келе, оған: «Жанға мырзалық қылатұғын сертке тұрғыштықты, малға мырзалықты және дүниені бір тиын есеп көрмейтұғын жомарттықты» (30-сөз) қарсы қояды. Міне, Абай аңсаған, қазақтың бойынан көргісі келетін қасиеттер осы. Келесі 30-сөзінде Абай қазаққа дерт болып жабысқан ұрлық пен адал жұртты аздырған бұзақының қылығын әшкерелеп, бет пердесін жыртады.

Енді түрлі тақырыптар қамтылған 31–41 сөздердің ортақ сипаты – Абай адам болмысына зер салып, «адамның адамдық қасиеттерін тереді» (Әуезов). Сонымен қатар, қазақтың құбылмалы мінезін сынап, әшкере етеді. 35-сөзінде: «Біреуді досым деп ат беріп жүрсен, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай? Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны несі?» (40-сөз) дегені сияқты. Жалпы алғанда, Абай адамдарды осы дүниеде игілікті еңбек етіп, өнер-ғылым тауып, өз тіршілігін оңалтып, рақат көруге насихаттайды. Халықты өнер-ғылым жолы-на жұмылдырады. Абай ақыл- парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. Абайдың философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы мен алға басарлық мәні, міне, осыда.

Қорытынды

Ойшылдың тыңдарман жайлы күдігі көп. Өлең сөзінде: «Көнбеді ешкім сөзіме, әдетіне қарысып» десе, 37-сөзінде: «Егер сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!» (41-сөз), – деп қапаланған. Сондықтан поэзиясында айтқан адамгершілік идеяларын енді барлығына түсінікті, қарапайым сөйлеу тілімен жеткізуге талпынады. 38-сөзінде: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиермееді? Ол... пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Адал еңбек кесалынып алған кісі ондай жүрістіттей қорлық көрмейме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендік кесалынама?» (42-сөз) дегенісияқты пайымдары бүгінгі Қазаққа тағы айтылу керек.

Соңғы 41-сөзінде солонның бірі – талапты болу қасиетін пайымдайды. Онда Абай: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талапқылушылар да неше түрлі болады» депбастап, солардыңтүр-түріне тоқталған. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, олталабыңды қылабер, көкіректіғым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтыл ғанталап екенін білерсін» (44-сөз). Осы пайымымен ұлт ұстазы Абай проза кітабына соңғы нүктені қояды, қазақ ұрпағының әрі қарай сабақтауына нәр тастайды. Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, Абай «қара сөздері»,

яғни ғылыми пайымы терең «Ғақлиясы» – қазақтың ойы, пайымы мен көзқарасы. Рухын қуаттандырып, білімпаз болуына жол ашатын зерделі ақ мектеп. Қайталап оқумен, жүрегіміз бен санамызға терең сіңірумен ғана Хақім Абай ғақлияларының жұмбағын шешіп, өмірімізге темірқазық ретінде ұстаным болатыны ақиқат.

Пайдаланғандеректер тізімі

- 1 Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы : «Жазушы», 1995 – 366 б.
- 2 Абай және қазіргі заман. – Алматы : «Ғылым», 1994. – 332 б.
- 3 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы : «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.
- 4 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі. – Алматы : Ана тілі, 1995. – 321 б.
- 5 **Әуезов, М** Әдебиеттарихы. А., 1991. - 220 б
- 6 **Мырзахметов, М.** Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы : Санат, 1997. – 240 б.
- 7 Қазақ совет әдебиетінің тарихы. III том – Алматы : Ғылым, 1967. – 370 б.
- 8 **Мырзахметов, М. М.** Әуезов және Абай тану проблемалары. – Алматы : «Ғылым», 1982. – 395 б.
- 9 **Ысмағұлов, Ж.** Абай ақындық тағылымы. – Алматы : «Ғылым», 1994. – 235 б.
- 10 **Ыбырайым, Б** Ақындар аманаты : Хрестоматия-компендиум. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ : «Ұлағат» баспасы, 2012. – 360 б.

References

- 1 Abai Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. Óleńder men aýdarmalar, poemalar, qarasózder. [Complete collection of Abai's works in two volumes. Poems and translations, poems, obscenities.] – Алматы : Zhazushy, 1995. – 366 p.
- 2 Abai jáne qazirgi zaman [Abay and modernity.] – Алматы : Gylym, 1994. – 332 p.
- 3 Abai (Ibrahim) Qunanbayuly. [Abay (Ibrahim) Kunanbayevich.] – Алматы : Adebiet alemi, 2013. – 500 p.
- 4 **Ahmetov, Z.** Abaıdyń aqyndyq álemi. [Abai's poetic world.] – Алматы : Ana tili, 1995. – 321 p.
- 5 **Auezov, M.** Ádebiet tarıhy. [History of literature] – Алматы :, 1991. – 220 p.

6 **Myrzahmetov, M.** Abaıdy bilmek paryz oily jasqa. [Reading Abai you get to know the world]. – Алматы: Sanat, 1997. – 240 p.

7 Qazaq soviet ádebietiniń tarıhy. III tom. [History of Kazakh Soviet literature. Volume III] – Алматы : Gylym, 1967. – 370 p.

8 **Myrzahmetov, M. M.** Áýezovjáne Abaitanıy problemlary. [Myrzahmetov, M.M. Auezov and problems of Abai studies.] – Алматы: «Gylym», 1982. – 395 p.

9 **Ismagulov, J.** Abai aqyndyq taǵylymy. [Abay's poetry reading]. – Алматы : Gylym, 1994. – 235 p.

10 **Ybyrayım, B** Aqyndar amanaty : Hrestomatia-kompendiým [Deposit of poets : Reader-compendium]. – Алматы : KazNPU named after Abai : «Ulagat» publishing house, 2012. – 360 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

А. Ф. Зейнулина, А. Т. Ибраева

Слова назидания Абая

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

«Слова назидания» Абая – ценное наследие, наполненное глубокими философскими, этическими, эстетическими, философскими и психологическими размышлениями, умением точно предвидеть жизненные проблемы.

Главная тема слов назидания Абая – человек, личность, а главная цель – воспитание человека, пространство его нравственных качеств в жизни. Человек разносторонне зрелый человек, который трудится для людей, даже когда он человек. Так сказать, «полный человек». Он ищет ответ на вопрос, каким должен быть» «настоящий человек» полный человек», и отвечает на него в своих черных словах. Он всесторонне рассматривает человека, анализирует его характер, самосознание, побуждает человека избегать чуждых поступков, воспитывает в нем высокие чувства: любовь, долг, чувство долга. должно быть движение к совершенствованию нашей духовной культуры, стремление каждого человека быть счастливым. А улучшить нашу духовную культуру может только литература. С этой точки зрения искусство слова – литература может стать родоначальником духовных ценностей и символом духовных ценностей для казахского народа – великого Хакима Абая.

В статье дается хронологический и художественный анализ истории написания, содержания, цели, объема, стиля написания слов назидания Абая.

Ключевые слова: гаклия, слово назидание, человековедение, оригинал, поэтическая школа, пословица, художественное решение.

F. Zeimulina, A. T. Ibrayeva

The word-edifications of Abai

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 18.09.20

The word-edifications of Abai – it is a valuable heritage, filled with deep philosophical, ethical, esthetic and psychological thoughts, reliably predicting life's problems. The main theme of Abai's word-edifications is a man, a person, and the main goal is educating a human being. Not just a person, but a person who works for the benefit of people, and is diversified, saying in the words of Abai, this is a «mature person». He is looking for the answers to the questions what «a real person» should be, a mature person, and he finds ones to them in his word-edifications.

Comprehensively studying a person, his character, self-knowledge, urging to avoid bad acts, bring up high feelings such as love, debt and honor, etc.

The article gives a chronological and artistic analysis of the writing history, purpose, volume, style of Abai's word-edifications.

Keywords: gakliya, word edification, human studies, original, poetic school, proverb, artistic solution.

FTAMP 17.01

<https://doi.org/10.48081/QQB19377>

А. Т. Ибраева, Н. Қ. Жүсіпов

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

БЕКМҰРАТ УАХАТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР ЖҮЙЕСІ МЕН СИПАТЫ

Жанрлардың жалпы көркемдік және морфологиялық (құрылымдық) белгілері көркем шығармашылықтың ғасырлар бойы жасаған тәжірибесінен туғандықтан айтарлықтай тұрақты. Сол себепті фольклорлық жанрларының әрқайсысының (айталық, ертегінің, аңыздың, хикаят, әпсананың, т.б.) композициялық және сюжеттік құрамын белгілі бір мөлшерде анықтауға, білуге болады.

Фольклорлық шығармалар типологиясын әдебиеттану ғылымының тәжірибесі негізінде классификациялап келген. Мұндай саралау фольклор мен әдебиет жанрлары арасындағы генезистік, тақырыптық және сюжеттік ұқсастықтар негізінде қалыптасқан еді. Сондай-ақ фольклор жанрларын әдебиеттану тұрғысынан классификациялау зерттеу нысанына байланысты болды. Фольклорлық үлгідегі шығармалар типология мәселесін халық өнерінің түрлері мен түрлі ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай қарастырған жөн.

Осы тұрғыда алғаш болып, фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеу еңбектері фольклор құбылыстарының қатпарына терең бойлаумен, тұжырымдарының жаңашылдығымен, ғылыми нысанасына кешенді қарауымен ерекшеленеді. Ғалым халық шығармашылығының ежелгі түп-тамырынан бүгінге дейінгі даму жолдары мен қалыптасуын классикалық фольклортану, әдебиеттану, өнертану қағидаттары аясында саралайды.

Мақалада фольклор жаңаша көзқарас тұрғысынан жүйеленіп, оның дүниетанымдық қызметі, әдебиетпен байланысы, жанрлық түрлері жан-жақты қарастырылады. Фольклордың даму тарихы мен теориясына, поэтикасы мен текстологиясына, жалпы типологиясына қатысты мәселелер қамтылып, жекелеген жанрлар мен шығармалар жаңаша зерделенген.

Кілтті сөздер: фольклортану, жанрлық сипат, көркемдік пішін, халық өлеңі, жанрлық категория, фольклорлық жанр, этнографиялық материал.

Кіріспе

Ұлттық әдебиеттану тарихында өзіндік орны бар М.Әуезов, Ы. Дүйсенбаев, М. Ғабдуллин, М. Базарбаев, З. Ахметов, М. Дүйсенов, Ә. Дербісәлин сияқты бірегей ғалымдардың қатарынан ойып орын алатын зерделі тұлғаның бірі – Бекмұрат Уахатов.

Б. Уахатов фольклортану саласына біржолата ден қояды, саналы өмірінің қызығы мен қуанышын халық шығармашылығынан іздейді. Қазақ фольклортану ғылымының басында Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сейфуллин сияқты азаматтар тұрған еді. 40-50 жылдары бұл салада өнімді еңбек еткендер қатарына Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллиндер қосылды. Ал 50-ші жылдардың соңы мен 60-жылдардың басында қазақ фольклортануы Б. Адамбаев, О. Нұрмағамбетова, М. Ғұмарова, Н. Төреқұлов, Т. Сыдықов, Б. Уахатов, С. Садырбаев сияқты жаңа буын легімен толықты. Олар фольклордың әртүрлі жанрларын зерттеп, сол жылдары кандидаттық диссертациялар қорғады, монографиялар жариялады, көптеген коллективтік еңбектерге қатысты, фольклор текстерін баспаға даярлады.

Жетпісінші жылдары әлгі лектің ішінен алғашқы болып докторлық диссертация қорғаған Бекмұрат Уахатов еді. Бұл кез аға буын өкілдерінің қайтпас сапарға аттанып, қазақ фольклор тануының жетімсіреп тұрған шағы болатын. Бекмұрат Уахатов мұндай биік ғылыми атақты оңай иеленген жоқ, көп еңбектер жазып, көп сыннан өтіп барып алған. Ол «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ фольклористикасы», «Қазақ ертегілері», «Қазақ эпосы» сияқты қомақты жұмыстарға араласу үсінде өсті, шындалды. Ұстазы Мұхтар Әуезовтың игі ықпалы тигенін Бек аға ұдайы бұл жауапкершілікті жоғары сезінді.

Б. Уахатов әр нәрсенің басын бір шалып, көп жазбағанын байқаймыз. Көзі тірісінде небәрі үш кітабы жарық көріпті. Мұның алғашқысы «Таланттар, туындылар» жас кезде, әлі фольклор әлеміне толық бет бұрмаған кезде жазған «Роман. Характер», «Қазіргі повестер хақында», «Шағын шығарма шеберлігі», «Эскизден эпопеяға», «Өскен өркен», «Жүрек жарды жырлар», «Сыршыл ақын», «Қазына халықта», «Принципшіл мәдениетті сын үшін» деген сияқты мақалаларынан жинақталса, кейінгі екеуі («Қазақтың халқ өлеңдері», «Қазақ тұрмыс-салт жырларының типологиясы») аса күрделі тақырыптарды ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып зерттеген маңызды монографиялық еңбектер болатын.

Ғалым қазақтың халық өлеңдерін «Еңбек кәсіппен байланысты туған өлеңдер» («Аңшылар турасындағы өлеңдер», «Төрт түліктер туралы өлеңдер», «Наурыз өлеңдері»), «Халықтың ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдері» («Баксылар сарыны», «Арбау-байлау өлеңдері», «Үйлену салт өлеңдері», «Мұң шер өлеңдер»), «Лирикалық өлеңдер» («Қара өлең», «Тарихи өлеңдер») деп жіктеген, әрқайсысы туралы сан қырлы тарам-тарам ойлар өрбіткен. «Қазақтың халқы өлеңдері» аталатын кітап фольклортануымызға қосылған салмақты үлес болып табылады.

Кезінде Бекеннің құрастыруымен «Ақындар жыры», «Пернедегі термелер», «Жар-жар» т.б. бірталай кітаптар жарық көрген. Ол – Мұхтар Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағыныңда құрастырушыларының бірі. Б. Уахатов «Қазақ фольклористикасы», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ тарихи жылдарының мәселелері» деп аталған коллективтік еңбектердің жауапты шығарушысы болатын, әрі сол кітаптардың ішіндегі сүбелі тарауларын жазған. Сондай-ақ Б. Уахатовтың редакторлығымен Сара Тастанбекқызының «Тордағы тоты» жинағы жарық көрген.

Осындай із қалдырып, өнімді белдерден асқан Бекмұрат Уахатов нағыз ғылымның дәмін енді татып, өзін-өзі тапқандай сезінеді. Арнасы кең әдебиеттің әйгілі бір қырына қарай ойысады. Көп ізденуді, қажырлы еңбекті талап ететін, көп қаламгердің батылы жете бермейтін әдебиеттің белгісіз әлеміне бет бұрады. Ол – фольклор, яғни ауыз әдебиеті еді. Ал онымен кезінде шұғылданған, немесе бұл күнде де ат ізін салып жүрген ғалымдарымыз саусақпен санарлықтай десек, артық айтқандық болмас еді. Шынында да әдебиеттің бұл саласы тұңғыш терең. Оның түбіндегі інжу-маржандардың бәрін теріп алдық деп айтуға ешкімнің аузы бармас. Оның үстіне әр дәуірдің өзінің ауыз әдебиеті болады. Заман озған сайын, ауыз әдебиеті де молая беретіні заңды. Ұшқыр уақытқа ілесіп, бәрін түгел дер кезінде жинап-теріп отыру мүмкін емес. Сөйтіп жүргенде арада жылдар, ғасырлар өтіп жатады. Адамның бармайтын, жүрмейтін жері жоқ. Кең байтақ әлемнің әр түпкірінде шашылып-төгіліп қала беретіні тағы бар. Өткен-кеткен халықтың осыншалық бай мұрасына талдау жасап, төркін сырын ашу, әрине, ерінбейтін еңбек, қажырлы қабілетті қажет етеді. Осы еңбекке бел бұған кезеңнен бастап, Бекмұрат Уахатов өзін нағыз ғалым ретінде танытты. Яғни, «Қазақтың халық өлеңдері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл баға жетпес құнды еңбек жеке кітап болып басылып шықты. Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі өлең үлгілерінің жиналуы сонау ХІ ғасырдағы Махмұд Қашғаридың «Сөздігінен» басталады десек, автор осы түркі тектес халықтарға ортақ мұраны тілге тиек етіп, дүние

Ғалымның бұл күрделі зерттеуі жайында аз сөзбен пікір айтып, баға беру өте қиын. Оны әркім қолына алып, тәптіштеп оқып шықса ғана, шын мәнісін түсініп, ой өресін өрбітер еді. Түйіндеп айтсақ, мұнда ол халық өлеңдерінің жиналуы, зерттеу жайын, жанрлық сипатын, классификациялау мәселесін, еңбек-кәсіппен, ескілікті наным-сенімнен, әдет-ғұрыппен байланысты туған және лирикалық өлеңдердің әрқайсысы жөнінде жеке-жеке тоқталып талдау жасайды. Бұл жерде екінші бір ғалымының сөзіне жүгінгіміз келеді. Бекмұраттың әріптесі ағасы Бүркіт Ысқақов бір кезде былай деп бағалапты: «Б. Уахатовтың бұл зерттеуі халық өлеңдерінің алғашқы шығу тарихына – генезисіне көз тастап, оның жанрлық, функционалдық ерекшеліктерін ашуға, сөйтіп, тұтас бір жанрдың жалпы даму тенденциясын, есею, кемелдену сатыларын айқындап, анықтауға арналған. Ол үшін автор көптеген тарихи-этнографиялық, фольклорлық, тіпті археологиялық материалдарға сүйенген. «Міне, осындай қыруар зерттеу жұмысымен айналысып, осыншама түбегейлі кесек еңбек ұсынған адамды қалайша ғалым демейміз».

Доктор атағынан кейін сабырлап, тұрақтап қалатын кейбір ғалымдардай, Бекмұрат болдым-толдым деп қанағат тұтпайды. Білген үстіне білсем екен деп, ғылым дариясының өріне қарай жүзе береді. Сан алуан ауыз әдебиетінің тағы бір күрделі қырын зерттеуге кіріседі. Соның нәтижесінде «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» деп аталатын сүбелі еңбек туып, жеке кітап болып шығады. Мұнда да тарихи небір тың деректерге кездесіп, көптеген халықтың ауыз әдебиетіндегі көне үлгілері мен даму жолдарын салыстыра қарайтынын байқаймыз. Автор өзінің кіріспе сөзінде: «Бұл еңбек алдыңғы шыққан зерттеулерімізді қайталамайтын, композициялық құрылысы, негізгі көтерген проблемасы жағынан жаңа, тың ізденістердің жемісі. Солай бола тұра да, бұл алғашқы талпыныс» деген екен. Біздіңше, осы алғашқы талпыныстың өзі оқушы қауымға қисапсыз мол мағлұмат беретін сияқты. Бекмұрат бұл тақырыпқа әлі де оралып, әлі де зерттей түсетіні жайлы сынай білдіреді. Әттең, не керек, ол ой-мақсатына жете алмай ертерек үзіліп кетті.

Ол өзінің нағыз ғалымдық биігінен көріне бастаған кемел шағында дүниеден өткені өкінішті-ақ. Дегенмен Бекмұрат Уахатов артына өзінің ұмытылмас атын да, тозбайтын затын да қалдырып кеткені ақиқат. Оның он шақты кітабы жарық көрген екен. Соның төрт-бесеуін мен айрықша атағымыз келеді. Олар – «Қазақтың халық өлеңдері», «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы», «Таланттар, туындылар», «Көркемдік ізденістер», «Жар-жар» атты той кітабы, ал енді соңғы кітаптың мәні өзгеше. «Той бастар», «Жар-жар», «Сынсу», «Беташар», «Бесік қыр», «Той

Ғалымның ғалымдық басты бір ерекшелігі – өзінің энциклопедиялық білімімен танылғаны, оның еңбектерінің негізгі нысаны – ұлттық фольклортану, әдебиеттану және өнертану мәселелері, ұлттық, халықтық мұраттар. Соңғы жылдары жазған еңбек-терінде ол зерттеу объектісін бірсыпыра кеңітіп, Махамбет, Абай, Жамбыл, Бабыр, В.Радлов туралы жаңа, соны ойларымен көзге түсті, қазақ сөз өнерін фольклор, авторлық ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп зерттеу қажеттігі туралы жаңа пікірлер ұсынды. Айта берсек, Бекмұрат Уахатовтың ғалымдығы туралы, қайраткерлігі туралы көп әңгімелеуге болады. Ол ұлттық фольклортану, әдебиеттану және өнертану ғылым дарының басыяғын жинап, бағыттарын айқындап, жаңа өрлеу сатысына көтерілуіне себепкер болды.

Зерттеудің нысаны: Фольклорлық жанрлар жүйесі

Зерттеудің пәні: Фольклорлық жанрлар типологиясы

Мақсаты: Фольклордың тегі мен жанрына қарай жіктелуі, тарихи зерттеу принциптеріне талдау жасау арқылы ауыз әдебиеті жанрларының функциясын таныту болып табылады. Ауыз әдебиеті туралы пікірлер, оның ішінде фольклорист – ғалым Бекмұрат Уахатов зерттеулері негізінде қазақ ауыз әдебиетінің жиналу тарихы мен зерделенуіне басым назар аудару қажеттілігі туындайды.

Міндеттері:

Фольклорлық жанрдың табиғатын таныту;

Фольклорист – ғалым Бекмұрат Уахатовтың фольклорлық материалдарды жіктеу мен саралаудағы еңбегіне талдау жасау .

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Қазақ Елінде фольклор жанрларының теориясына және жанрларды саралау мәселесіне байланысты алғаш ғылыми пікір айтушылардың бірі – Бекмұрат Уахатов. Ол өзінің «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиясында біз зерттеп отырған проблеманың өлеңге қатысты аспектілерін арнайы қарастырған. Ғалым халық өлеңдерін жанрлық тұрғыдан сипаттай келіп, жалпы жанрға анықтама береді.

«Жанр, – деп жазады ол, – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма». [2, 21]. Көптеген анықтамаға қарағанда, бұл анықтама біршама дұрыс. Автор жанр ұғымына терминдік сипат берумен бірге оның негізгі қасиеттерін дұрыс қамтыған: белгілі бір қоғамдық қызмет, сол қызметке лайық мазмұн. Басқаша айтқанда, Бекмұрат Уахатов жанрды анықтауда басты принцип етіп оның функциясын алған. Ол өзі де былай деп жазады: «Бір сөзбен

айт қанда, қазақтың халық өлеңдерін классификациялауда оның жанрлық функционалдық белгілеріне сүйену қажет» [2, 45]. Жанрды қалыптасқан көркемдік форма деген сөз де қазақ фольклортануы үшін тың пікір. Алайда, біздің ойымызша, жанр ды көркем форма дегеннен гөрі өмірді, оқиғаны бейнелеу тәсілі деген дұрыс сияқты. Себебі фольклордың барлық жанры бірдей көркем емес; екіншіден, форма ұғымы көп мағыналы, оған тәсіл де, тіл де, құрылыс та кіреді.

Әдебиет жанрларына арналған соңғы кездегі еңбектерде жанрды танып, оған дұрыс анықтама беруге жаңа талпыныс бар. Жанрды бейнелеудің предметі деп те, тәсілі деп те айтып жүр. Бірақ «хабарлау тәсілі» дегенде авторлар баяндаудың ауызша, жазбаша болып келуін айтады.

Фольклор жазба әдебиетпен бірдей емес. Ол да сөз өнері екені рас, бірақ оның әдебиеттен оқшауландыратын өзіндік сипаттары да аз емес. Ендеше жазба әдебиеттегі жанрлар мен фольклордағы жанрлар табиғатында да айырмашылық болу керек. Біздің міндетіміз – осы айырмашылықты анықтап, соның негізінде фольклорлық жанрларды сипаттау, оларды ғылыми түрде жіктеу, саралау және жүйелеп зерттеу. Жанрды фольклортанудың аса маңызды категориясы ретінде танып, оны жеке даралау жалпы фольклор табиғатының коллективтік екенін және дәстүрдің тарихта айқын (көрнекті, басты) роль атқаратынын мойындауымызға негізделген.

Қазақ фольклортануында әдебиеттану ғылымының терминдері пайдаланылатындығы. Түптеп келгенде, бұл заңды да, өйткені фольклор да, әдебиет сияқты, сөз өнеріне жатады. Сонымен қатар фольклорды әдебиеттен ерекшелендіріп тұратын өзіндік қасиеттері бар. Олай болса, фольклорды зерттегенде осы қасиеттері еске алыну керек, оған әдебиеттанудың терминдері мен әдеби ұғымдар тектен текке телінбеуге тиіс. Бұл, әсіресе, фольклорлық жанрларды анықтағанда, оларды ғылыми саралағанда басты шарттардың бірі болуы керек. Демек, фольклор жанрларын зерттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет – деп фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасов айтқандай, Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтататын ерекшеліктер. Демек, фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуге өте пайдалы. Себебі жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай - ақ олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты. Бұл жерде біз екі нәрсені анықтап алуымыз қажет.

Бірінші – фольклор мен әдебиеттің бірдей еместігі. Осыдан барып шығатын олардың пайда болуы мен өмір сүру кейпінің өзгешелігі. Бұл

өзгешелікті фольклорист Бекмұрат Уахатов оларды зерттеу әдістерінің де екі түрлі болуын қарастырған. Екінші – ұғымдар мен терминдеріміздің мағынасын дәлме дәл анықтай білген. Мысалы, жанрға байланысты «баяндау тәсілі» («способ изложения»), «бейнелеу әдісі» («способ изобретения»), «хабарлау амалы» («способ передачи») сияқты тіркесті ұғымдар қолданылады. Енді осылардың қолданылу формасына көңіл бөлейік: «баяндау тәсілі», «хабарлау амалы», «бейнелеу әдісі». Біреу (субъект) баяндайды, хабарлайды, бейнелейді. Фольклорда ол – жыршы, ертегіші, не өлеңші. Әдебиетте ол – жазушы, ақын, драматург. Сонда жанрды анықтау үшін біз осы күнге дейін шығарманың өз ішінен, табиғатынан шықпай, оған сырттан келіп жүргенімізді ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Ғалымның дұрыстығы – шығармадағы оқиғаның «баяндалу тәсілі», «бейнелену әдісі» болу керектігіне көңіл бөлгендігі. Демек, сюжеттің берілу, өрілу тәсілі деп айтуымыз керек. Олай болса, жанр дегеніміз – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері. Бұл, әсіресе, фольклорлық шығармада айқын көрінеді.

Фольклорда алдымен сюжет пайда болады. Сюжет – бір оқиға желісі. Айтушы өз басынан өткен бір қызық оқиғаны ағайындары мен жолдастарына, айналадағы тыңдаушыларына жайғана айтып беруі мүмкін. Бірте-бірте бұл оқиға біреуден біреуге жетіп, тұрақты сюжетке айналады. Уақыт өткен сайын ол әсіреленіп, көркемделіп айтылады. Сөйтіп әңгіме (меморат) жанры туады. Барабара бұл әңгіме бас қатайпаға жайғана тарап қоймайды, неше алу өзгеріске ұшырап, басқа бір деталь дармен толықтырылып, күрделеніп отырады. Бастап қыайтушының (әңгімекейіпкерінің) аты да, айтылу ситуациясы да ұмытылуы мүмкін, бірақ сюжет – негізгі оқиға сақталып отырады. Ендігі айтушылар оқиғаны өзіне қатыстықылып немесе өзіне, көпшілікке қажетті жағдайға байланысты етіп айтуы мүмкін. Енді алғашқы жай әңгіме басқа жанрға көшеді. Ол – аңыз я болмаса хикая болуы мүмкін.

Міне, алғашқы сюжет – бірғана оқиға – әртүрлі әдіспен баяндалып, өрілген. Ол қалай өрілген, ол үшін қандай тәсілдер, құралдар пайдаланылған? Бұл жанрлардың мүмкіндігіне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде ғана фольклордағы жанрды айқын білуге болады. Фольклорды сөз өнері деп қана білсек, онда жанр дегеніміз, әдебиеттегі сияқты, көркемдік жүйенің жиынтығы. Біз бұл жерде В. Я. Пропптың пікірін толық келтіруге болады. Ол былай пайымдайды: «Жанр деп, егер кең мағынада алатын болсақ, көркемдік жүйесі бірыңғай ескерткіштер жиынтығын немесе тобын айтуға болады. Фольклор сөз өнеріне жататын шығармалардан құралатындықтан, ең алдымен творчествоның осы түрінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, оның поэтикасын зерттеу керек... Поэтика дегеніміз – көркемдік нысананы, сезім мен ой сырын ашу үшін қолданылатын тәсілдердің жиынтығы,

қысқарта айтқанда, оқиғалық және идеялық нақты мазмұнмен бірлікте алынған форма» - дейді. Бұл анықтама көркем әдебиет жанрларын сипаттайды. Осыны қабылдай отырып, фольклор жанрларын анықтауда тағы бір шарт бар екенін ескеру қажет. Ол – фольклордың әлеуметтік тұрмыстық функциясы және осыдан туындайтын фольклордың өзіне ғана тән белгілер: ауызша туып, ауызша таралуы, варианттарының болуы; халық тұрмысымен тығыз байланысы; орындалу мәнері; әнмен сүйемелденуі. Бұл белгілердің ешбірі жеке тұрып фольклорлық жанрды толық сипаттай алмайды. Солай бола тұрса да бір фольклорлық жанрды сипаттау үшін бұл белгілердің бәрі түгел болуы міндетті емес. Олардың екі - үшеуі ғана басты фактор болып, бір фольклорлық жанрға өзіндік қасиет бере алады. Бұл ретте Бекмұрат Уахатов фольклордағы жанр ұғымы әдебиеттегіден сәл өзгешелеу екенін дәлелдеп, фольклорда жанр – сюжеттің шығармаға айналу жолдары мен елге таралу, айтылу, орындалу мәнері бар екенін анықтайды. Яғни, фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік – тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұратынын зерделейді. Демек, егер біз әдебиеттің эпос, драма, лирика тектері бар десек, онда фольклор орындалу мәнері мен ел арасында өмір сүру жағдайына байланысты өзінше текке және жанрға саралануы керек. Осы тұрғыдан келгенде, фольклорды қара сөз (проза), өлең (стих) және сөйлесу (диалог) деп үш үлкен текке бөлуге болады. Қазақ фольклорында бұл үшеуінің алғашқы екеуі бар. Ол екеуін тек деп қарайтын болсақ, оларды жанрға бөлуге болады. Прозалық фольклордың жанрларына миф, әңгіме, хикая, ертегі, шешендік сөздер жатса, өлең үлгісіндегі фольклордың жанрлары болып жыр, тақпақ, қара өлең, айтыс, мақал - мәтелдер саналады.

Фольклортанушы Бекмұрат Уахатов өзінің *Казахские народные песни и их носители* атты сүбелі зерттеуінде – Егер қазақ халық прозасын оның бұрынғы заманда атқарған қызметіне қарап топтастырып, сараласақ, онда ол үлкен екі топқа бөлінеді. Бірі – айқын көрінетін эстетикалық және ғибраттық функция атқаратын жанрлар (ертегінің бар түрі, мысал, хикаятәпсананың кей түрі). Бұлар – көркемделген проза. Екіншісі – эстетикалықтан басқа қызмет атқаратын прозалық жанрлар (аңыз, әңгіме, хикая, миф). Ал айтылғандар – көркемдігі қарапайым проза. Әдетте, айтушы мен тыңдаушылардың өздері де бұларды көркем шығарма деп қабылдамайды. Айтылмыш жанрлардың басты мақсаты – тыңдаушыларға тарихи, саяси, діни, т.б. практикалық мә - лімет, хабар беру. Сол себепті оларда шығарма мазмұнын көркемдей, әсірелей баяндау мақсат тұтылмайды. Керісінше, олар нақтылы және қарапайым сипатта баяндалады және сонысымен кәдімгі жай сұхбат әңгімеге жақындайды, – деген пікір білдіреді. Олай болса, жалпы, фольклор жанрларының өмірге қатынасына байланысты атқаратын қызметін сөз

қылғанда, өте маңызды нәрсе – фольклордың көркемдігі деп білуіміз керек. Көркем өнерге айналмаған фольклордың басты мақсаты – танымдық. Бұған халық прозасының ертегіге жатпайтын тобы кіреді, атап айтқанда: ауыз екі әңгіме, хикая, аңыз, шежіре, миф, әпсана, хикаят. Бұлардың міндеті – жас ұрпаққа белгілі дәрежеде маңайдағы табиғат, елдің өткен – кеткен өмірі жайлы «білім» беру, тыңдаушыларды ел тарихынан хабардар ету. Сол себепті бұл жанрларда асыра көркемдеу, әсірелей суреттеу өте аз болады.

Сөз өнеріне, көркем дүниеге айналған фольклор жанрларының басты функциясы – эстетикалық, тәрбиелік болып келеді. Ол жанрлар шығармаларында өмірді бейнелеу тікелей танымдық мақсат көздемейді, керісінше, адамды иландыру, сол арқылы тыңдаушыға үлкен әсер ету мақсатын көздейді, оны ләззатқа бөлеуге тырысады. Қазақ халық прозасының ертегі жанрлары түгелдей осындай қызмет атқарады. Көркем фольклор ретінде ертегі өмірді, болмысты танып білу ниетімен айтылмайды. Ғалым фольклорды зерттегенде, осы оның танымдық түрін де, көркем түрін де жанжақты қарастыру қажеттігін басты нысанаға алғанын байқаймыз. Осыған қоса айтатын нәрсе – фольклорлық шығарманың баяндау барысындағы уақыт. Фольклорлық шығармада уақыт ешқашан кері шегінбейді. Ғалым ойымен түйіндесе, жыршы немесе ертегіші әдебиеттегі сияқты бір кезде болып жатқан екі - үш оқиғаны қатар көрсетпейді. Мысалы, әдебиетте кейіпкердің өз басынан кешкен оқиғалар баяндалып отырып, автор кейін шегініп, осы кезде оның үйінде не болып жатқанын, оның маңайындағы адамдар қандай әрекет істеп жүргенін, олардың тағдырларын суреттей береді. Ал фольклорлық шығармада олай емес. Айтушы, жыршы қаһарманның тағдырын баяндау кезінде дәл осы уақытта оның елінде не болып жатқанын суреттемейді. Батыр жоқта елін жау шауып кеткені жайлы ол кейіпкер еліне қайтып келген кезде ғана баяндайды, яғни батырдың жорықта жүрген кезіндегі сәтпен қатар баяндамайды.

Фольклорлық шығармада уақыт ылғи да өткен дәуір болып көрінеді. Бірақ осы өткен дәуір айтушы мен тыңдаушыға өз заманымен тығыз байланысты болып сезіледі, баяндалып отырған оқиғалар осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады. Бұл қасиетті, әсіресе, батырлар мен тарихи жырдан және аңыздан, шежіреден байқауға болады. Демек, фольклорлық шығармадағы қазіргі шақ пен бұрынғы шақтың жігі айтушы мен тыңдаушылар үшін баяндалған оқиғаның ерте заманда болғанында емес, сол оқиғаның қаншалықты маңызды екенінде. Олай болса, фольклорлық жанрларда уақыт әр түрлі мағынада қабылданатынын Бекмұрат Уахатов фольклорлық материалдардың жиналуы мен мазмұндық сипатын хронологиялауда да өзіндік еңбек сіңіргенін байқаймыз.

Қорытынды

Фольклор өмірді де, кейіпкерді де бір тұрғыдан бейнелейді, бір жағынан ғана сипаттайды. Батырлар жыры болса, онда тек жекпе - жек, қактығыс пен соғыс туралы айтылады, ал ғашықтар жырында екі жастың адал махаббаты мадакталады. Батырлар жырында бас кейіпкер тек жауынгер тұлғасында бейнеленеді де, ғашықтық жырда кейіпкерлер махаббат құрбаны болып көрсетіледі. Мұнда бір фольклорлық шығарма ішінде болмыстың әр жағы суреттелмейді, тіршіліктің қыр сыры, қайшылықтары ашылмайды, ал кейіпкерлер не бірыңғай батыр, не бірыңғай ғашық болып келеді. Оларда күмәндану, толғаныс, психологиялық терең қиналыс болмайды.

Міне, фольклорды әдебиеттен тағы бір ерекшелендіріп тұратын белгі осы. Бірақ бұл ерекшелік фольклор жанрларын іштей жіктеп, саралауда айтарлықтай роль атқармайды. Қандай шығарма болса да ол өмірді белгілі бір әдіспен бейнелейді. Бұл әдістің басты белгісі – көркемдік деңгей, кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы көрінетін шығарманың шындыққа қатынасы. Осы ретте фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатов фольклор жанрларының теориясына және жанрларды саралау мәселесіне баса назар аударып, фольклорлық шығарманың жанрлық сипаты мен көркемдігін анықтап, фольклорлық шығарманың табиғатына ену, сөйтіп оның көркем шығарма ретінде ұстанып отырған принципі мен шарттылығын терең қарастырады.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, фольклорлық жанрлар неғұрлым шындыққа жақын болса, яғни оқиғаны өмірде болған деп бейнелеуге барынша тырысса, соғұрлым олар сюжеттік және көркемдік жағынан ұтылатынын барынша дәлелдеп, шығарманың сюжеттік арқауы, композициялық құрылысы мен көркемдік тұтастығына терең танымдық зерттеу жүргізіп, фольклорлық жанрдың модульдік дамуы мен критерине салмақты баға берген ғұлама ғалым. Бұл – танымдық функциясы басым фольклорлық зерттелім бағыты.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Аникин, В. П.** Возникновение жанров в фольклоре (к определению понятия жанра и его признаков). – Русский фольклор, 1966. Т. – 10. – 283 с.
- 2 **Әуезов, М., Соболев, Л.** Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. Кітапта: Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 55 б
- 3 **Бердібай, Р.** «Фольклортану бағдары». «Қазақ әдебиеті». 18.09.1997 ж.
- 4 **Қасқабасов, С.** О жанровом составе казахской устной народной прозы. – Изв. АН Каз ССР. Сер. Филол., 1980. – N4. – С. 2429.63. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина.

- 5 **Қасқабасов, С.** Таңдамалы. – Астана : Фолиант, 2014. – ISBN 978-601-7568-39-9 Т. 1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – 320 б.
- 6 «Қазақ фольклорының типологиясы». – Алматы, 1981. – 275 б.
- 7 **Уахатов, Б.** Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 756.
- 8 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность. – М., 1976. – 20 с.
- 9 **Чистов, К. В.** К вопросу о принципах классификации жанров устной народной прозы. – М., 1964. – 124 с.
- 10 **Молдаханов, Ә.** Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлер. Оқу құралы. – Ақтөбе, 1999. – 128 б.

References

- 1 **Anikin, V. P.** Vozniknovenie janrov v fólklóre (k opredelený ponátia janra i ego priznakov). [The emergence of genres in folklore (to the definition of the concept of a genre and its features).] – Russian folklore, 1966. Vol. 10.- 283 p.
- 2 **Áýezov, M., Sobolev, L.** Qazaq halqynyń eposy men fólklory. [Epics and folklore of the Kazakh people.] In the book : Auezov M. Time and literature. – Almaty, 1962. – 55 p.
- 3 **Berdibai, R.** Fólklortaný baǵdary. Qazaqádebieti. [Orientation of folklore. Kazakh literature]. 18.09.1997.
- 4 **Kaskabasov, S.** O janrovom sostave kazahskoi ýstnoi narodnoi prozy. [On the genre composition of Kazakh oral folk prose.] – Izv. ANKaz SSR. Ser. Filol., 1980. – N4. – P. 2429.63. Kazakh folklore in the collection of G. N. Potanin.
- 5 **Qasqabasov, S.** Tańdamaly. [Kaskabasov, S. Optional.] – Astana: Foliant, 2014. ISBN 978-601-7568-39-9 Vol. 1. Kazakh folk prose. Research. – 320 p
- 6 Qazaq fólklorynyń tipologiasy. [Typology of Kazakh folklore]. – Almaty, 1981. – 275 p.
- 7 **Uahatov, B.** Qazaqyń halyq óleńderi. [Kazakh folk songs]. – Almaty, 1974. – 75 p.
- 8 **Propp, V. Ia.** Fólklór i deistvitel'nost. [Folklore and reality]. – M., 1976. – 20 p.
- 9 **Chistov, K. V.** K voprosý o prinsipah klassifikasii janrov ýstnoi narodnoi prozy. [To the question of the principles of classification of genres of oral folk prose.] – M., 1964. – 124 p.
- 10 **Moldahanov, Á.** Muhtar Áýezovtiń kórkem shyǵarmalaryndaǵy fólklorlyq dástúrler [Folk traditions in the works of Mukhtar Auezov] Textbook. – Aktobe, 1999. – 128 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Система и описание фольклорных жанров в исследованиях Бекмурата Уахатова

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Общехудожественные и морфологические (структурные) признаки жанров значительно отличались от многовековой практики художественного творчества. Поэтому можно определить в определенном количестве композиционный и сюжетный состав каждого из фольклорных жанров (например, сказки, легенды, рассказы и др.).

Типология фольклорных произведений была классифицирована на основе опыта литературоведения. Такая дифференциация была сформирована на основе генезисных, тематических и сюжетных сходств между жанрами фольклора и литературы. Также от объекта исследования зависела классификация жанров фольклора с точки зрения литературоведения. Вопросы типологии произведений фольклорного типа следует рассматривать исходя из особенностей видов народного искусства и различных отраслей науки.

Впервые в этом контексте, научные труды ученого-фольклориста Бекмурата Уахатова отличаются глубоким проникновением в слои фольклорных явлений, новизной выводов, комплексным подходом к научной цели. Ученый анализирует формирование и пути развития народного творчества с древнейших корней до наших дней в рамках принципов классического фольклорного, литературоведения, искусствоведения.

В статье фольклор систематизирован с современной точки зрения, всесторонне рассматривается его мировоззренческая деятельность, связь с литературой, жанровые формы. Анализируются проблемы, связанные с историей и теорией развития фольклора, поэтикой и текстологией, общей типологией.

Ключевые слова: фольклористика, жанровый характер, художественная форма, народное стихотворение, жанровая категория, фольклорный жанр, этнографический материал.

System and description of folklore genres in studies of Bekmurat Uakatov

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar
Material received on 18.09.20

The general artistic and morphological (structural) features of genres differed significantly from the centuries-old practice of artistic creativity. Therefore, it is possible to determine in a certain amount the composition and plot composition of each of the folklore genres (for example, fairy tales, legends, stories, etc.).

The typology of folklore works was classified based on the experience of literary studies. This differentiation was formed on the basis of the Genesis, thematic and plot similarities between the genres of folklore and literature. The classification of folklore genres from the point of view of literary studies also depended on the object of research. Questions of the typology of folklore-type works should be considered based on the characteristics of folk art and various branches of science. For the first time in this context, the scientific works of the scholar-folklorist Bekmurat Uakatov are investigated by a deep penetration into the layers of folklore phenomena, the novelty of conclusions, and a universal approach to the scientific goal.

The scientist analyzes the formation and development of folk art from the earliest roots to the present day within the principles of classical folklore, literary studies, and art criticism. The article systematizes folklore from a modern point of view, comprehensively examines its worldview, connection with literature, and genre forms. It analyzes the problems related to the history and theory of folklore development, poetics and textology, and Genetypology.

Keywords: folklore, genre character, art form, folk poem, genre category, folklore genre, ethnographic material.

<https://doi.org/10.48081/LJFD7525>

Ғ. Е. Имамбаева¹, Н. А. Шахметова², А. Б. Ахметова³

¹Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

²Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

³Сегед университеті, Мажарстан, Сегед қ.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ

Ғылыми мақала тіл білімінің жаңа саласы болып табылатын мәтін лингвистикасының мәселелерінің біріне арналады. Мақалада қазақ тіл біліміндегі етіс категориясы төңірегінде қалыптасқан ғылыми көзқарастарға аналитикалық шолу жасалады: етіс категориясын көне категория ретінде белгілеу, ырықсыз етістің лексикалық мағынасын сипаттау, актив-пассив формаларының семантикалық, синтаксистік және функционалдық ерекшеліктерін айқындау мәселелері қарастырылады. Ырықсыз етістің семантикасын айқындап беретін лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері функционалды-семантикалық өріс аясында талданады, яғни кешенді түрде қарастырылады. Етіс лексика-грамматикалық категорияға жататындығы – оның жасалуы етістіктің мағынасымен байланысты екендігімен анықталады. Етістіктің түрлі лексика-семантикалық мағынасы әртүрлі етіс түрлеріне ие болады. Әр етіс тиісті лексика-синтаксистік етістік қоршауымен сипатталады. Сонымен қатар, етістік лексикасы мен олар басқаратын синтаксистік бөлшектер құрылым жасайды. Құрылым ядролық етістік лексикасынан туатындығы сөзсіз. Ұсынылып отырған мақалада етіс жүйесінде етістік зерттеуі сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен лексикалық түрімен қатынастығын көрсетуге мүмкіндік беретін, тірек элементі ретінде қарастырылады, яғни ядро сөйлем шыңы болып, сөйлемде жағдаят ядромен белгіленеді. Осы орайда, зерттеуде ырықсыз етістің көркем шығарма тіліндегі функционалдық қызметіне аса назар аударылады.

Кілтті сөздер: етіс категориясы, ырықсыз етіс, лексикалық мағына, актив құрылымы, пассив құрылымы, функционалдық-семантикалық өріс.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде етіс жайлы бірсыпыра ғылыми зерттеулерді сөз етсек, бұл көне категория төңірегінде әртүрлі пікірлердің болғандығын аңғарамыз. Қазақ тіліндегі етіс категориясының ерекшеліктері жайлы С. Исаев, А. Қалыбаева (Хасенова), Б. Құлмағамбетова, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Н. Оралбаева, Ә. Төлеуов, С. Аманжолов, А.С. Аманжолов еңбектерінде көрініс тапса, Н.А. Басқаков, А. А. Азер, А.К. Алиев, А. Н. Кононов, К. М. Любимов, Б. А. Серебренников, С. А. Соколов, У. Турсунов, Ж. Мухторов, А. Х. Фатыхов, С.А. Фердаус, Б. Чарьяров, Э. В. Севортян, Н. П. Дыренкова, А. А. Юлдашев, Х. Якубова зерттеулерінде етістің түркі тілдес халықтар тілдеріндегі өзіндік табиғаты қарастырылған.

Қазіргі қазақ тіл білімінде етіс категориясы төңірегінде толық зерттелмеген жақтарына байланысты, күрделі мәселелердің бірі болып қарастырылады. Бұған етіс категориясын анықтау, етіс категориясын белгілеу, оның семантикасы мен түрлер сипаттамасының қарама-қайшылықтары, актив-пассив формаларының сандық жүйесі, олардың семантикалық пен функционалдық ерекшеліктерін меңгере отырып, арақатынастығын, белсенділік мағына мен көңіл-күй етістіктердің өзара шектелу жақтарына қатысты мәселелер жатады.

Аталмыш мақалада барлық тілдерде бар ырықсыз етістің көркем шығарма тіліндегі өзіне тән функционалдық қызметін сипаттауды жөн көрдік.

Зерттеудің нысаны: ырықсыз етіс категориясы

Зерттеудің пәні: ырықсыз етістің көркем шығарма тіліндегі функционалдық рөлі

Мақсаты: көркем шығарма негізінде ырықсыз етістің функционалдық қызметін анықтау

Міндеттері:

- етіс категориясы турасында қалыптасқан ғылыми көзқарастарға аналитикалық шолу жасау;
- ырықсыз етістің лексикалық мағынасын сипаттау;
- актив-пассив формаларының семантикалық, синтаксистік және функционалдық ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Пассив (ырықсыз) етіс – субъекті-объектілік қатынастарды көрсететін, лексика-грамматикалық категория ретінде сипатталады. Етіс қазақ тілі грамматикасында етіс категориясы ретінде анықталып, сөйлем құрамында етістік басты рөл атқарумен қатар, сөйлемнің шыңы мен тірек сөзі ретінде қабылданады. Демек, пассив (ырықсыз) етіс грамматикалық категория бола тұра, функционалдық тұрғыдан да қарастырылады. Осыған байланысты,

ФСӨ – функционалды-семантикалық өріс аясында етіс семантикасын шығаратын (морфологиялық, синтаксистік, лексикалық) тең деңгейлі элементтерінің өзара ықпалы мен байланысын қарастыруға мүмкіндік береді. ФСӨ-сі сатылай құрылым болып, орталық (ядро) мен сыртқы қоршауға бөлінеді. Функционалды-семантикалық өріс ядросы актив пен пассив қайшылықтарымен белгіленеді [1, 75 б.]. Пассивтің микроөріс орталығы ырықсыз етіс формасымен көрсетіледі. ФСӨ құрылымы орталық пен сыртқы қоршау бөлшектері арасында нақты шектеудің жоқтығымен, орталықтан сыртқы қоршауға ауысу мүмкіншілігімен сипатталады. Сөйтіп, құрылымдық сатылы өрістің тиісті сатысына тілдік құралдарды бөлгенде, кейбір қиындықтар туады. Пассив (ырықсыз) етіс категориясы, етістіктің сөз өзгерту формасы бола тұра, сабақты етістік парадигмасының бөлшегіне жатады. Қазақ тілінде етіс жүйесі негізгі мен ырықсыз етіс қайшылығымен көрініс табады. Етіс қайшылықтары етістік формасымен берілген, бастауыш пен үрдістің байланыс түрлері бойынша, немесе қимыл иесі – бастауыш пен іс-әрекет баяндауыш арасындағы қарама-қарсылықты белгілейді.

Жалпы тіл білімінде ырықсыз етіс түрі барлық түркі тілдес, якут тілінен басқа, халықтарының тілінде бар екендігі айтылады. Негізінен, сөзжасамдық құрылымы бойынша, біртүбірлес етістіктерден, мысалы, әртүрлі мағынада тұрған: «жоғал»–«жойылу, жоғалып кету» мен «жойып тастау, қырып кету», немесе «түзіл» – «бір нәрсені түзету», «өз-өзін дұрыс жолға салып, түзеу» сияқты қимылды білдіретін сабақты етістіктердің көңіл-күй мағынасындағы салт етістіктерге ауысқандығын байқаймыз. Сонымен, ырықсыз етіс тұлғасы, көбінде, негізгі етіске қарама-қарсы болып келеді. Осыған байланысты, сабақтылық пен салт ұғымдары, белсенді қимылды білдіретін етістіктердің көңіл-күй мәніндегі етістіктерге қарама-қайшылық орын алады. Тіл білімінде ырықсыз етістің пассив ұғымының иегері болуымен байланысты, бұл етіс түріне белгілі тілші-ғалымдар: Ш. Бектұров пен М. Серғалиев берген анықтамасын келтіруге тура келеді. «Істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс деп аталады», – деген [2, 111 б.].

Ырықсыз етіс қызметінде сөйлем бастауышы іс-әрекет жасаушысы болмай, тек қана оған бағытталған, объект күйіндегі, қимыл иегері болып, көрінеді. Мысалы: «су жерге сінді», «киім жыртылды», «тас жарылды» т.б. Бұл сөйлем мағыналарының жалпы ерекшеліктерінің бірі – қимыл-әрекет, істің иегерісіз, өзбетінше, жасалып жатқанында жатыр. Ырықсыз етістің -ыл, -іл, -л жұрнақтары (шымалдық ілінді), кейде -ын, -ін, -н (көше тазаланды) жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен ғана жасалатындығын білеміз. Мұндай жағдайда, жоғарыда көрсетілгендей, сабақты етістік салт етістікке айналады. Сондай-ақ, ырықсыз етіс жұрнақтарының сөйлем ішіндегі жақсыз

қимылды, мысалы: «ашылды», «жарылды», «жыртылды», көрсетумен қатар, белсенді іс-әрекет білдіретін етістіктерді, ырықсыз етіс табиғатына жақын көңіл-күй етістіктерге айналдыру қызметі айқын көрініс табады. Кейде белсенді қимылды білдіргенде, сол әрекеттің иегері көрінбей, бар болуы тек логикалық ойға тіреледі. Бұндай жағдайда, ырықсыз етіс табиғатының мынадай ерекшеліктері бірден көзге түсуі мүмкін. Етістің сөйлемде атқаратын қызметтік ерекшеліктерін бірден, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан үзінділер келтіру арқылы байқауға болады. Мысалы: «Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді» [3, 179 б.]. «Бірақ дыбыс білінбейді» [3, 179 б.]. «Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі» [3, 179 б.]. «Алты от Ақбілекке алпыс оттай көрінді» [3, 180 б.]. Көркем шығармадағы сөйлемдерді талдап қарасақ, бұл сөйлемдер арқылы жеткізіліп отырған оқиғаның жағдаятына қарай, етіс формасындағы етістікпен беріліп тұрған қимыл, өзбетінше, өтіп жатқан әрекет амалына ұқсайды. Тіл білімінде бұндай қимыл медиопассив формасына тән болып, іс жасаушы анық көрініс таппай, оның барына логикалық оймен жетеміз, мұнда медиопассив ағысынан пассивке ауысу құбылысы байқалса, нақты ырықсыз етіс сөйлемдерінде медиопассивке нағыз іс-әрекет жасаушымен өтетін қимыл қарама-қайшылыққа келеді.

Ырықсыз етісте -ыл, -іл, -л жұрнақтарымен кең таралған, кейбір етістіктер түрі, мысалы: «ашылу, басталу, бұзылу, үзілу» субъектімен мүлдем байланыспай, көрсететін қимылда субъектісі орын алмайды, олардың қатысуымен жасалған сөйлемде қимыл-әрекет өзінен-өзі өтетін құбылыс ретінде қабылданады, мысалы: «аспан ашылды», «ел бұзылды», «жол екі жаққа бөлінді» т.б. Басқа етістіктер болса, субъектісі көрінбей, белгісіз, жақсыз қимылды білдіру арқылы өндірушісі жоқ, толық белсенді іс-әрекетті көрсетеді. Айтылған ойымызды келесі мысалдар дәлелдейді: «сөз айтылды», «жер түзелді» т.б.

Келтірілген мәліметтер төңірегіндегі баяндауларды жинақтай келгенде, төмендегідей қорытындылар жасауға болады: пассивтің субъектісіз құрылымдары негізгі диатеза бола тұра, қазіргі қазақ тілінде ырықсыз етіс жасауда нақты орныққан. Олар сөйлеу тілінің ауызша, жазбаша түрінің барлық жанрларына тән болып келеді. Осыған байланысты, субъектісіз ырықсыз етіс семантикалық жағымен, етістің негізі ретінде медиопассивке жақынырақ болып, өзінің тамырымен тілдің терең тарихи дамуымен ұштасады. Сондай-ақ, субъектісіз ырықсыз етіспен қатар, үш мүшелі пассивтік құрылымдар кітаби стильде пайда болып, орнықты.

Қазақ тілінде ырықсыз етіс кең қолданыс пен тұрақтылығымен, сонымен бірге, басқа етістерге қарама-қайшылықта тұрғанымен сипатталады [4, 35 б.]. Осындай ерекшеліктеріне қарамастан, ырықсыз етісті таза грамматикалық

категорияға жатқызу қиындыққа түседі. Қазіргі қазақ тілінде сөздің лексикалық мағынасын бұзып алмау үшін құрамындағы жұрнақтары сақталған бұл етістің түрі кейбір жағдайларда ырықсыз етіс түрінде, кейде лексикалық туынды бірлік ретінде қолданыс табады. Ойымызды дәлірек жеткізу үшін, төмендегідей мысалдар келтіруге болады: «берілу» сөзі мынадай мағынада қолданылады:

а) бір нәрсені табыс ету, беру;

ә) бір кәсіпті қатты ұнатып, қызметін жақсы атқару.

«ашылу» - а) ағару, ашық болу; ә) тазару, көңілі жадырап, қуану.

Қазіргі қазақ тілінде қызметі мен қолданысы кең тараған ырықсыз етістің көнелігі мен терең тарихы түркі тілдес халықтарының тілдерге бөлінбеген кезеңінен шығу жағы бастау алады. Етіс құрылымының семантикалық-синтаксистік сипаттамасына тоқтасақ, тіл білімінің пассив (ырықсыз) етіс зерттеу жүйесінің негізінде етіс семантикасы, морфология мен синтаксис жөніндегі, морфология мен семантиканы, морфология мен синтаксисті біріктіретін тілдік салаларының тиісті қағидалары жатыр. Жалпы алғанда, қазақ тілі грамматикасы бойынша, пассив (ырықсыз) және актив (ырықсыздан басқа түрі) қарама-қарсы қойылып, сонымен қатар, олардың қолданыс тәсілдері салыстыру арқылы анықталады. Лингвистика көлемінде – актив етісі бойынша қимыл-әрекетті жасаушы бастауыш болса, мысалы: «Ақбілек көзі бажырайып, не дерін білмей сасып қалды» [3, 176 б.]. «Ақбілек кірпігін жыпылықтатып, жерге қарады» [3, 176 б.].

Ж. Аймауытов шығармасынан алынған сөйлемдерде қимыл-әрекет жасаушы – жалқы зат есіммен берілген, романның басты кейіпкері – Ақбілек тұрлаулы сөйлем мүшесі бастауышпен көрсетілгендігін байқаймыз. Пассив (ырықсыз) етісте – бастауыш қимыл жасаушы емес, іс-әрекет өзбетінше өткендігі байқалады. «Бірақ қайғы ұмытылған жоқ, оның үстіне жаңа қайғылар жамалды» [3, 252 б.]. «Енді Ақбілек табылып, үйіне келген соң, оның сорлы болған түрін көрген соң, оның масқаралығын ойлаған соң, ақсақалдың намысы қайта қозғалды» [3, 258 б.].

Көркем шығармадан алынған сөйлемдерді салыстырғанда, сөйлемдер көлемінде көрсетілген іс-әрекет қарама-қайшылықта тұрып, бірінші сөйлемдерде нақты қимыл көрініс тапса, екінші сөйлемдерде қимылға тап болған әрекет. Тіл білімінде пассив пен актив етіс ұғымдары қарама-қайшылықта тұрғанымен байланысты, солардың қатысуымен құрастырылған сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібінде де айырмашылықтар бар, мысалы: Әкем үй салды – (негізгі етісті сөйлем). Үй әкеммен салынды (ырықсыз етісті сөйлем). Бұл сөйлемдерді салыстыра отырып, байқағанымыз: сөйлемнің екеуінде қимыл-әрекет білдіретін етістік сөз табы сөйлем аяғында болғанымен, бірінші негізгі етісті сөйлемде зат есім арқылы берілген

бастауыш сөйлемнің басында болып, содан кейін қимылы бағытталған объект тура толықтауышпен беріледі.

Ырықсыз етісті сөйлемде қимылға түсетін (үй) зат аталып, тура толықтауышта тұр. Істі істеуші (әкеммен) бастауыш рөлін жоғалтып, көмектес септігіндегі толықтауышқа айналады. Етісті сөз еткенде, морфологиялық категорияның синтаксистік құбылыс қатарымен тығыз байланыстығын көруге болады. Демек, етіс аффикстерінің негізгі қызметі – іс-әрекеттің субъектіге немесе объектіге қатысын білдіретін етіс формаларын тудыру болып саналады.

Жалпы, тіл білімінде етіс құрылымына сипаттама жасау нәтижесінде негізгі етіс құрылымының тура толықтауышы ырықсыз етістің бастауышы, ал негізгі етістің бастауышы ырықсыз етіс құрылымында агенттік толықтауыш болатындай қабілетін көрсететін, пассив құрылымы өзгерілген, мағынасы керісінше болатын, негізгі етістің қарама-қарсы құрылымы ретінде қабылданады.

Ойымызды дәлелдей келгенде, пассив (ырықсыз) пен актив (негізгі) етістерді салыстырғанда, қарама-қайшылыққа іс-әрекеттің екі түрі түседі: біреуі – іс-әрекетті жасау, екіншісі – іс-әрекетке бағына, тап болу. Пассив пен актив құрылымдарында етістік сөйлем аяғында нақты орнығып, сөздердің орын тәртібінің өзгерісіне, тек қана, бастауыш пен толықтауыш рөліндегі сөздер ұшырауы мүмкін. Етіс құрылымдарында етістік сөйлемнің шыңы мен тірегі ретінде көрініс табады. Сонымен, етісті зерттеу негізінде назардан тыс қалмайтындарға тікелей етістік сөз табы жатады, етістік формалары мен етістікті бастауышпен байланыстыратын семантикалық қатынас, немесе етістіктің ядролық элемент ретіндегі басқа сөздермен байланысы да менгеріледі.

Біздің байқауымызша, етіс лексика-грамматикалық категорияға жататындығы – оның жасалуы етістіктің мағынасымен байланысты екендігімен анықталады. Сондықтан, пассив (ырықсыз етіс) құрылымын жасауда лексиканың тиісті ықпалы бар. Қазіргі тіл білімінде пассивке – баяндауыш рөлін арнайы пассив формасы: етістік пен объект негізінде бастауыш болған, толықтауыш рөлін субъект атқаратын осындай құрылымдар жатады. Әр етістіктің етіс парадигмасы оның лексикалық мағынасымен анықталады. Етістіктің түрлі лексика-семантикалық мағынасы әртүрлі етіс түрлеріне ие болады. Екінші жағынан, әр етіс тиісті лексика-синтаксистік етістік қоршауымен сипатталады. Сонымен қатар, етістік лексикасы мен олар басқаратын синтаксистік бөлшектер, жинақтала келе, құрылым жасайды. Құрылым ядролық етістік лексикасынан туатындығы сөзсіз. Қазіргі таңда етістік лексикасының элементі ретінде кейбір етістіктерді, сонымен қатар, сөйлем мен сөз тіркесі құрамындағы етістіктерді зерттеу талап етіледі.

Етіс жүйесінде етістік зерттеуі сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен лексикалық түрімен қатынастығын көрсетуге мүмкіндік беретін, тірек элементі ретінде қарастырылады, яғни ядро сөйлем шыңы болып, турасын айтсақ, сөйлемде жағдаят ядромен белгіленеді [1], [5].

Жоғарыда айтылғандай, сөйлемнің ұйытқысы болып табылатын етістік оның ядросы, қалған мүшелер сол ядроға тәуелді, яғни оның қоршалымдары болып табылады. Қазіргі кезде баршамызды аса қызықтыратын шет тілі ғалымы Л.Теньердің шығарған актант теориясы бойынша, етістік сөйлем құрамында орталық орын алып, оның басқа элементтерін өзіне бағындырып отырады. Функционалдық тұрғыдан, Л. Теньер ядро мен оның қоршалымы қарама-қайшылықта болатындығын көрсетеді [6]. Демек, аталған құбылыстарды байланыстыратын ортақ нәрсе – тіркесу заңдылығына бағынатын, етіс категориясының функционалдық қызметі. Тіл білімінде етістіктердің пассив түрін активке қарама-қарсы қоятын, пассив құрылымы сабақты актив құрылымының туындысы деген ғылыми пікірлер бар. Етіс категориясына тән болатын, етістік сөз табы толық сөйлем құрастыруда ерекше рөл атқарады.

Ырықсыз етісті сөйлемде функционалдық тұрғыдан қарастырғанда, ырықсыз етісті сөйлемнің тұрлаусыз сөйлем мүшесі – толықтауыш болмаған кезде, пассив арқылы біткен қимылдан кейінгі жағдай көрсетіледі. Мысалы: «Ертеңіне барып ЗАГС-ке жазылдық» [3, 332 б.]. «Х-ның бір қулығы ма деп, сақтандым» [3, 323 б.]. Кейбір жағдайларда пассив (ырықсыз етіс) аяқталмаған істі көрсетумен қатар, берілген қимыл үрдісін аяқталу кезінде сипаттайды.

Шынын айту керек, келтірілген мысалдардан байқағанымыз – сабақтылық етістік пен объект күйінде тұрған зат есім табының сөз тіркесі ретінде анықталады. Алайда сабақтылық, анығырақ айтқанда, сабақты етістік дегеніміз, синтаксистік құрылымында, басқа сөздермен тіркесе отырып, лексикалық мағынасынан шығып, ішкі бірлікті сақтауымен сөйлем шеңберінде өзіндік көрініс табады.

Қазақ тілінде ырықсыз етіс арқылы қимылдың субъектісі мен объектісі сөйлемдегі етістік сөз табына қарай, өзінің қатыстығын өзгертеді. Мысалы: «Бейне құйын жүрген су жүзіндей толқындап, жыбырлап, сыбырлап барып басылады...» [3, 326 б.].

Тіл білімінің етістікке қатысты зерттеулерінде етістік ядросы екі түрлі формамен: бір ғана етістікпен, екіншісі, күрделі етістік тобымен беріледі. Бір сөзбен берілетін етістік ядросына шығармадан мынадай сөйлемдер келтіруге болады: «Есепке кірмей, емін-еркін тиетін ішек-қарын, өкпе, көтен, мойындар да қылға тізілді» [3, 290 б.]. «Үш бала бір жақ, ана қатын бір жақ секілді көрінді» [3, 290 б.].

Етістік ядросының күрделі түрімен келетіндігін төмендегі сөйлемдер дәлелдейді. «Сөйтіп, өрік бір жақ, ауыл бір жақ болуға айналды» [3, 291 б.]. «Оның бәрін де Ақбілек елең қылмас еді, Ақбілектің жанына бататын қылықтары да көріне бастады» [3, 291 б.].

Сөйлемдерді талдау барысында байқағанымыз: актив (негізгі етіс) құрылымдағы жансыз зат есімнің бастауышы пассив (ырықсыз етіс) құрылымында толықтауыш рөлін атқарады. Бұл құрылымдарда етістік сөйлем шыңы ретінде, ядро, яғни тірек элементі болып, белгіленеді. Жанды зат есімнің бастауышы актив (негізгі етіс) құрылымында жекеше түрде болып, пассив (ырықсыз етіс) құрылымында толықтауыш ретінде қолданыс табады. «Ақбілек мұнайып, төмен қарады» [3, 341 б.]. «Ақбала сөзін бастады» [3, 314 б.] – актив (негізгі етіс) құрылымы.

Жалпы, пассив пен актив құрылымдары қатарлас қарастырылады. Етістіктердің пассив құрылымдарын етіс жүйесінде етістіктерді зерттеуі, негізінде сатылы принцип болатын, сөйлемнің синтаксистік құрылымын жасай алатын, олар тірек элементі (ядро) сияқты қолданылатынын көрсетеді.

Пассив құрылымдарында нақты лексикалық субъект бастауыш күйінде болуы мүмкін емес. Бұл пассив құрылымдарын анықтаудың негізгі ерекшеліктері болып саналады. Пассив (ырықсыз етіс) құрылымындағы етістіктер өткен шақтық есімше арқылы берілген жағдайда, өзіндік мағынасымен іс-әрекеттің аяқталуын көрсетеді. Мысалы: «Төрт бөлмелі ағаш үй салынып, ауылнай үшкөл ашылған» [3, 113 б.]. «Хабар жіберілген еді». «Сөз айтылған болды».

Сөз жоқ, пассив құрылымдарында лексикалық тұрғыдан белгіленген субъект бастауыш рөлін атқармайды. Бұл пассив құрылымдарының басты ерекшелігіне жатады. Пассив (ырықсыз етіс) құрылымын жасауы, оның қазақ тіліндегі синтаксистік, семантикалық ерекшеліктерін анықтаумен бірге, құрылысын кешенді түрде талдау арқылы өткізіледі. Етістік лексикасын субъект-объектілік қатынастықпен қарама-қарсы қою – қазақ тілінің негізгі ерекшелігінің бірі болып саналады. Сондықтан да, етістікке анықтама жасауда, ең әуелі, жағдаяттың қатыстығын субъектіден бастап, кейінірек, оның объектіге қатынастығы белгіленеді. Сөйлем синтаксисінің құрылымы жағдаятты белгілей отырып, қатысушыларын да анықтайды. Негізінен, сөйлемнің сыртқы құрылысы да назардан тыс қалмайды. Сөйлемнің синтаксистік сипаты синтаксистік субъект (бастауыш) пен синтаксистік предикат (баяндауыш) болатын, тиісті құралдар арқылы анықталады.

Жоғарыдағы айтылғандай, пассив құрылымдарында субъект бастауыш ретінде болмайды. Көркем шығармадан келтірілген сөйлемдердегі пассив (ырықсыз етіс) құрылымдары, көбінесе, мынадай бөлшектерден тұрады: бастауыш, баяндауыш пен толықтауыш, осылар арқылы сөйлем көлемінде

субъекті-объектілік қатынастар атқарылады. Біздің ойымызша, бұндай құрылымдардың элементтеріне толықтауыш еніп, оның құрылымдық-мағыналық жақтарын қамтамасыз етудің маңызы зор. Ырықсыз етісті сөйлемдерді талдау барысында бұндай синтаксистік құрылымдарда етістік қоршауында бірнеше толықтауыштар болуы мүмкін:

- тура толықтауыштар; мысалы: «Семейде мұғалімдер курсы ашылғалы жатыр» [3, 109 б.].

- есімдікпен берілген толықтауыштар;

- актив (негізгі етіс) түрінде қолданылатын жанама толықтауыштар;

- пассив (ырықсыз етіс) түрінде қолданылатын – агенс толықтауышы.

Пассивтік (ырықсыз етісті) сөйлемде толықтауыштың ерекше рөл атқаратындығын ескере келе, оның анықтамасын беруді жөн көрдік. Сонымен, «баяндауышқа қатынасты болып, қимыл-әрекеттің объектісін білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін толықтауыш деп атайды» [2, 163 б.]. Сөйлемнің пассивтік құрылымын толық қарастыру үшін, оның құрастыруындағы тек қана тілдік бірліктерінің синтаксистік ерекшеліктерін меңгеру жеткілікті емес. Сондықтан, сөйлем ұғымының құрылымын, яғни адам ойының шығу тәсілінің формасын да, меңгеру қажет. Көптеген ғалымдардың пікірлері бойынша, сөйлем семантикасының ілімі адам санасындағы болмыстың қабылдау қағидасы негізінде құрастырылған, өйткені сөйлем семантикасында тұлғаның экстралингвистикалық қызметі көрініс табады. Берілген үлгінің семантикалық құрылымын мазмұны бойынша нақты жағдаят болмысының екі зат арасындағы қатынас санамызда орын алып, сөйлемнің семантикалық үлгілер бөлшектерінде көрініс табады. Сондай-ақ, көрініс тауып, шығуы бойынша, бөлшектері қолданыла келе, араларында қарым-қатынастық орныға бастайды. Сөйлемнің семантикалық деңгейі не туралы айтылған бөлшектің құрылымын көрсетеді, яғни сөйлемнің мазмұнын жеткізеді. Семантикалық субъект нақты қимыл жасаушыны белгілеп, немесе жағдайға тап болушыны көрсетеді.

Сөйтіп, семантикалық субъект пен предикат жағдаяттың құрылымымен анықталады. Тіл білімінде агентивтік толықтауыштың синтаксистік категориясы ретінде болуы – ырықсыз етіс категориясының дамуындағы тиісті шарттарының біріне жатады.

Демек, қазақ тілінде толықтауыштың бұл түріне қатысты, мынадай анықтама бар. «Табыс септігінен басқа септіктердің біреуінің жалғауын жалғап, салт етістікке қатысты болуы арқылы жанама объектіні білдіретін толықтауышты жанама толықтауыш деп атайды» [2, 164 б.]. Мысалы: «Осының бәрі Қартқожаның еңсесін көтертпей, жүдетіп жүрген үстіне аяғына шарапнелдің сынығы тиіп, лазеретке жіберілді» [3, 98 б.].

Қазақ тіліндегі етіс категориясы, соның ішінде, ырықсыз етіс категориясы, туралы айтылғандарды жинақтай келгенде, мынадай қорытындылар жасауға болады:

- тіл білімінде пассив (ырықсыз етіс) ұғымына қатысты, грамматикалық құбылыс ретінде «пассивизациялық» ұғымның өзіндік ерекшеліктері бар;

- тіл білімінде пассив құрылымының нақты орныққанын – актив пен пассив формаларын өзара байланыста қарастырғаннан байқаймыз;

- жалпы алғанда, «пассивизация» құбылысы дегеніміз – актив формасының тиісті пассив формасына ауысу түзілімін айтамыз;

- пассив – қатарлас екі синтаксистік құбылыстың өту нәтижесінде: біріншісі, тура толықтауыш сөйлемнің бастауышына шығып, екіншісі, бастауыштың «агентивтік толықтауышқа» рөліне түсіп қалуымен сипатталады;

- пассивтің, грамматикалық категория ретінде, екі мағынасы бар: үрдіс пен нәтиже;

- негізінен, пассивте агентивтік толықтауыштың болғаны – оның құрылымына үрдіс мағынасын береді;

- сондай-ақ, агентивтік толықтауышқа ие пассив құрылымдары қимылдың аяқталу нәтижесіндегі мағынада болуы мүмкін;

- пассив құрылымында етістік басты рөл атқарады.

Жоғарыда пассив (ырықсыз) етіс зерттеуін жүйеге келтіру негізінде морфологиялық және семантикалық-синтаксистік категорияларға негізделген, олардан базалық принциптерді белгілеуге болатын, жіктеліс құрылымы жатыр.

Пассивтік құрылымдарды жасауда лексика саласы тиісті ықпал тигізеді, сондықтан сапалы түрде, сөйлем құрамында етістік лексикасының элементі ретінде, етістіктерді зерттеу талап етіледі, өйткені етістік сөйлем шыңы бола тұра, сол сөйлемнің жағдаятын белгілейді.

Қорытынды

Сайып келгенде, етіс категориясы етістік ядросымен сөйлемнің тууына жағдай жасайды. Соның нәтижесінде етістіктер сөйлемнің бүтіндей қалпын сақтауға ықпалын тигізеді. Етістіктер арқылы тура толықтауышты қолданатын, сонымен, етістікті – тура құрылымның толықтауышымен анықтайтын, кейбір құрылымдар жасалады.

Пассив (ырықсыз) етісі бар сөйлемді құрастырғанда, қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік пен семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіншілік беретіндей, оның құрылымдарын кешенді түрде талдау арқылы қарастырған жөн. Қазіргі қазақ тілінде пассив құрылымы үш негізгі бөлшектен тұратын, құрылымды қолданады, олар: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, солар арқылы субъект-объектілік қатынастар пайда болады.

Сөйлемнің мағынасын айқын ашатындай ырықсыз етісті сөйлемде толықтауыштың болуы шарт. Кейбір жағдайларда толымсыз сөйлемдерде толықтауыштар болмауы мүмкін, бұндай құбылыс көбінесе ауызекі сөйлеу, диалог құрамында болуы мүмкін.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, ырықсыз етістің өзінің сипатына қарай, көркем шығарма тілінде ерекше рөл атқарады. Қимыл иесі көрінбесе де, іштей динамикалық іс-әрекетіне ие. Сондықтан пассив (ырықсыз) етіс категориясы актив пен пассив түрлерінің өзара байланысын көрсетіп, сөйлем құрамында ядролық қалыпта етістіктің орын алып, сөйлемнің нақты қазығы мен тірегі болып саналады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Храковский, В. С.** Пассивные конструкции // В кн. : Типология пассивных конструкций. Диатезы и залогов. – Л., 1974. – 114 с.

2 **Бектұров, Ш., Серғалиев, М.** Қазақ тілі : жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық. – Алматы : Білім, 1994. – 224 б.

3 **Аймауытов, Ж.** Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар // Шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1989. – 560 б.

4 Қазақ тілі (анықтамалық) : фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Алматы, 2004. – 49 б.

5 **Холодович, А. А.** Залог (определение и исчисление) // В кн.: Категория залогов. – Л., 1970.

6 **Теньер, Л.** Основы структурного синтаксиса : Пер. с фр. – Прогресс, 1988.

7 **Кацнельсон, С. Д.** Типология языка и речевое мышление. – Л., 1972. – 268 с.

8 **Имамбаева, Ф. Е.** Етіс табиғатының функционалдық сипаты : оқу құралы / Ф. Е. Имамбаева. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2014. – 192 б.

9 **Имамбаева, Г. Е.** Сопоставительный анализ страдательного залогов в казахском и русском языках / На материале художественных произведений и их переводов. – Павлодар : ЭКО, 2014. – 144 с.

10 **Имамбаева, Ф. Е.** Етіс табиғатының ғылыми негіздері: оқу құралы., 2-басылым. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2014. – 408 б.

References

1 **Khrakovskiy, V. S.** Passivnyye konstruktсии // V kn. : Tipologiya passivnykh konstruktсий. Diatezy i zalogi. – [Passive constructions]. In KN. : Typology of passive constructions. Diathesis and voice. – L., 1974. – 114 p.

2 **Bekturov, Sh., Sergaliev M.** Qazaq tili : joǵary oqý oryndaryna túsyshilerge arnalǵan oqýlyq [Kazakh language : textbook for applicants to higher educational institutions. Almaty: Bilim publ., 1994. – 224 P.

3 **Aimaýytov, J.** Romandar, povest, ángimeler, pesalar. Shyǵarmalar. – [Novels, novellas, short stories, plays // works]. – Almaty : Jazyshy, 1989. – 560 p.

4 Qazaq tili (anyqtamalyq) : fonetika, leksika, sózjasam, morfologua, sintaksis. [Kazakh language (reference) : phonetics, vocabulary, word formation, morphology, syntax]. – Almaty, 2004. – 49 p.

5 **Kholodovich, A. A.** Zalog (opredeleniye i ischisleniye). V kn.: Kategoriya zaloga. – L., 1970. [Voice (determination and determination)]. – In.: Category of Voice. – L., 1970.

6 **Tenyer, L.** Osnovy strukturnogo sintaksisa : [Fundamentals of structural syntax]. – transl. from Fr. – Progress, 1988.

7 **Katsnelson, S. D.** Tipologiya yazyka i rechevoye myshleniye. [Typology of language and recitative]. – L., 1972. – 268 p.

8 **Imambaeva, G. E.** Etis tabiǵatynyń fýnktsionaldyq sypaty : oqý quraly [Functional character of the nature of verbs : textbook]. Ed. G. E. Imambayeva. – Almaty : Arys publishing house, 2014. – 192 p.

9 **Imambayeva, G. Ye.** Sopostavitel'nyy analiz stradatel'nogo zaloga v kazakhskom i russkom yazykakh. Na materiale khudozhestvennykh proizvedeniy i ikh perevodov. [Support analysis of the terrible consequences in Kazakh and Russian languages. On the material of high-quality productions and their translations]. – Pavlodar : eco, 2014. – 144 p.

10 **Imambaeva, G. E.** Etis tabiǵatynyń ǵylymı negizderi : oqý quraly., 2-basylym. – [Scientific foundations of the nature of verbs : a textbook., 2nd edition]. – Almaty : Arys publishing house, 2014. – 408 p.].

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Г. Е. Имамбаева¹, Н. А. Шахметова², А. Б. Ахметова³

Функциональная природа страдательного залогов в языке художественной литературы

¹Инновационный Евразийский университет, Республика Казахстан, г. Павлодар,

²Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Сегедский университет, Венгрия, г. Сегед.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Научная статья посвящается одному из вопросов нового направления в языкознании – лингвистики текста. В статье производится аналитический обзор сформировавшихся в казахском языкознании научных точек зрения по вопросу категории залога: рассматриваются вопросы определения категории залога как категории, сложившейся исторически, описания лексического значения страдательного залога, выявления семантических, синтаксических и функциональных особенностей форм актива-пассива. Лексические, морфологические и синтаксические признаки страдательного залога, определяющие его семантику, рассматриваются комплексно, внутри функционально-семантического поля. Принадлежность залога к лексико-грамматической категории определяется значением глагола, от которого он образован. Разные лексические значения глагола приводят к образованию различных видов залога. Каждый залог характеризуется лексико-синтаксическим ореолом. Вместе с тем глагольная лексика и ее синтаксические конструкции образуют целостную структуру. В данной статье анализируются те глаголы в системе залога, которые способствуют взаимодействию семантической и синтаксической структуры предложения. Они рассматриваются в качестве ядра функционально-семантического поля, определяющего ситуацию в предложении. В этом отношении в настоящем исследовании выявляется функциональная роль страдательного залога в языке художественной литературы.

Ключевые слова: категория залога, страдательный залог, лексическое значение, активная конструкция, пассивная конструкция, функционально-семантическое поле.

G. E. Imambayeva, N. A. Shakhmetova, A. B. Akhmetova

The functional nature of the passive voice in the language of literary fiction

Innovative Eurasian University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar,

Toraigyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar,

University of Szeged, Hungary, Szeged

Material received on 18.09.20

The scientific article is devoted to one of the issues of a new direction in linguistics – the linguistics of the text. The article provides an analytical review of the scientific points of view formed in Kazakh linguistics on the issue of the pledge category: the issues of defining the pledge category as a category that have developed historically, describing the lexical meaning of the passive voice, identifying the semantic, syntactic and functional features

of the asset-liability forms are considered. The lexical, morphological and syntactic features of the passive voice, which determine its semantics, are considered comprehensively, within the functional-semantic field. Whether a voice belongs to a lexical and grammatical category is determined by the meaning of the verb from which it is formed. Different lexical meanings of the verb lead to the formation of different types of voice. Each voice is characterized by a lexical and syntactic halo. At the same time, the verbal vocabulary and its syntactic constructions form an integral structure. This article analyzes those verbs in the voice system that contribute to the interaction of the semantic and syntactic structure of the sentence. They are considered as the core of the functional-semantic field that defines the situation in the sentence. In this regard, this study reveals the functional role of the passive voice in the language of fiction.

Keyword: category of voice, passive voice, lexical meaning, active construction, passive construction, functional and semantic field.

<https://doi.org/10.48081/WSQR7763>

**Ж. Т. Қадыров, Ж. С. Таласпаева,
Е. С. Бейсенбаева, А. С. Иманбаев**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ҰЛПАН» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақалада Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романының көркемдік құрылым мәселесі қарастырылады. Шығарманың көркемдік құрылымы тарихи шындыққа негізделген бейнелер тағдырының үлкен тарихи жинақтау дәрежесімен ерекшеленетіндігі аңғарылады. Шығарманың өзгеше көркемдік ерекшелігі ретінде сюжеттік-композициялық желі қосарланып отыратын егіз бейнелердің берілуімен күрделендіріліп контраст түрінде келуі жазушының шеберлік мүмкіндіктерін байқатады.

Романның стилі байсалды, өмір шындығын кең қамтып, асықпай суреттеумен ерекшеленеді. Оқиға жанр талабына лайық бас кейіпкердің іс-әрекеті маңында өрбісе де, Ұлпанға қатысты біраз адамдар дараланып берілген. Әсіресе Мүсіреп пен Шынар, олардың мінез-құлқы мен адамгершілік белгілері оқушысын риза етеді. Есней-Мүсіреп, Ұлпан-Шынар араларындағы құрбының жарастықты өзілі мен сыйластығы халықтың жақсы әдет-ғұрып, салт-санасының әдемі көріністері есебінде де бағалы. Дәуір мен адамның диалектикалық байланысын ел өмірінің көп салалы шындығы арқылы жазушы эпикалық суреткерлікпен көркем бейнелейді.

Шығармадағы қосалқы, жанама оқиғалардың кездесуі шығарманың композициялық бітімін анықтай түседі.

Кілтті сөздер: тарихи шындық, кейіпкер, сюжет, жәп бейне, тартыс, идеялық композиция, қосалқы, жанама оқиғалар.

Кіріспе

Қазақ халқының рухани тұрғыдан жан-жақты дамуына өз шығармаларымен зор үлес қосқан ақын-жазушылардың туындыларын зерттеп, олардың шығармашылығын талдап-таразылау, анықтау қай уақытта болсын өз маңызын жойған емес. Ана тіліміздің зор құдіретінен

нәр алған қаламгерлер әдеби мұрамызды мазмұнды етіп, оны дамытуды көздейтіні ақиқат. Әдебиет тарихындағы талай белгілі есімдер, аттары әлемге әйгіленген қаламгерлер халық тарапынан өздерінің лайықты бағасын алумен қатар олардың туындылары әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалған жоқ.

Оқиғалары тартымдылығымен, композициялық құрылысы ширақтығымен, тілі әсерлі, құнарлы көркемдігімен айрықша ерекшеленіп көрінетін көптеген шығармалардың авторы, барша қазақ оқырмандарының сүйікті қаламгері академик жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов үлкен шығармашылық дәуірді бастан кешірді. Жалпы суреткердің өзіндік даралығы болу үшін оның идеялық позициясы биік болумен қатар, ол дарынды болуы да басты шарт. Оның үстіне қаламгердің өзіне дейінгі әдебиет классиктерінің тәжірибесіне де мықтап арқа сүйеуі ауадай қажет. Осы қасиеттердің барлығы бір бойынан түгел табылатын Ғабит Мүсірепов – қандай шығарма жазса да, оны әдебиеттің саф алтындай мінсіз, мәңгі туындысына айналдыратын аса сирек таланттардың бірі.

«Ғ. Мүсіреповтің шығармашылық ерекшеліктерінің бірі – оның үнемі іздену, өсу үстінде болып, ұдайы шеберлік шындап, талап, талғамын өсіріп отырғандығы» [1, 3 б.]. Мұны біз оның көптеген шығармаларымен қатар «Ұлпан» романынан да байқаймыз. Мейлінше анықталған идея, сараланған тақырып, барынша екселген оқиғалар желісі, мынның ішінен оп-оңай тауып алуға болатын іріктелген кейіпкерлер, қамшының өріміндей жымдасып келген көркем тіл – аталмыш туындының оқырманды бірден баурап алатын басты қасиеттері.

Жазушының прозалық шығармаларын зерттеушілер «Ұлпан» романында да Ғ. Мүсірепов өзінің ізденгіштігімен, үлкен суреткерлігімен танылғанын айта келе: «Бұл шығарма шұрайлы тілімен, оқиға өткірлігімен, адам мінезінің шебер жасалғандығымен қызықтырады. ХІХ ғасырдағы қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін суреттейтін, адамдардың тұлғасын бар қырынан ашатын көркем, шыншыл шежіре», - дейді [2, 48 б.].

Зерттеудің нысаны: Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романының көркемдік құрылымы.

Зерттеудің пәні: Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романының шығармашылық тарихы және көркемдік құрылымы.

Мақсаты: Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романын тарихи шығарма ретінде қарастыра отырып, оның поэтикалық жүйесін зерттеу. Туынды тіліне талдау жасап, суреткердің шығармашылық шеберлігін, авторлық қолтаңбасын айқындау.

Міндеттері: «Ұлпан» романының зерттелуі мен оның шығармашылық тарихына шолу жасау;

– жазушының шеберлік мүмкіндіктерін көрсететін көркемдік құрылымдарды анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Жұмыс барысында хроникалды-жүйелі сипаттауды пайдалана отырып, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы, жүйелі-кешенді, контекстуалды талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін шешуге, басқа қаламгерлердің шығармашылық зертханасын, көркем проза, оның ішінде роман жанрын жүйелі зерттеуге өзіндік үлесін қосады. Жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдарын қазақ әдебиеті бойынша дәрістер мен тәжірибе сабақтарында, арнайы курстарда көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

«Ұлпан» романының оқиға өрісі тарихи шындыққа негізделіп құрылған. Романның негізгі кейіпкерлері – өмірде болған адамдар. Автор өз ойына көп жылдар бойы тебіреніс туғызып, өзін қайран етіп келген тағдыры жұмбақ, табиғаты бөлек, төтенше жанның шынайы бейнесін қалпына келтіру үшін, бір азғантай ғана атаның, шағын рулы елдің тіршілік-тынысын қадағалап, сол арқылы бүкіл халқымыздың белгілі бір кезеңдегі болмысын көркемдік шындық күшімен көз алдымызға елестетеді. Жеке адам тағдырын үлкен тарихи жинақтау дәрежесіне көтереді.

Жазушы өмірдің нақты қай белесін ойып алып, тарихтың қай бетін аударыстырып, біздің алдымызға қандай тағдырлар талқысын елестетіп еді? Біздің алдымызда бұдан екі ғасыр бұрынғы қазақ қауымның өмір көріністері суреттеледі. Шығарманың басты кейіпкері – Ұлпан өміріне байланысты өрбіген сюжет желісі жиырма шақты жылдың ауқымындағы неше түрлі қат-қабат қақтығыс оқиғаларды қамтып, халқымыздың өткен тарихындағы белесті бетбұрыс кезенді бейнелейді. Жазушы шығармасында суреттелген мезгіл – ХІХ ғасырдың екінші жартысы. Ресей империясына қосылғаннан кейінгі қазақ елінің өмірінде болған прогрессивтік табыстар, кейіпкерлердің өмір эпизодтары арқылы әрі нақты, әрі тартымды бейнеленген. Орыс халқымен қарым-қатынастың күшеюінің нәтижесінде қазақ халқының тұрмысына бірден-ақ үлкен өзгерістер, елеулі өзгерістер, елеулі жаңалықтар ене бастады. Қазақ елі бірте-бірте отырықшылық өмірге ауысып, қазақ даласына тауарлы капитализмнің элементтері келе бастағаны белгілі. Сол тұстағы қазақ даласында көне тап қайшылығы күшейе түсті. Бұқара халықтың бостандыққа, оқу-білімге, жаңалыққа ұмтылуы өріс ала бастады. Қалың қазақ бұқарасының орыс халқымен байланысының нығая түсуі сол тұстағы әлеуметтік, қоғамдық өзгерістермен тікелей байланысты еді. Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романында қазақ елінің орыс халқымен жақындасып, әлеуметтік өмірдің жаңа қырқасына көтерілуін сол дәуірдегі тарихи шындыққа сай дұрыс бейнелеген. Суреткер өзінің қалаулы кейіпкерлерін соншалықты сүйіспеншілікпен суреттей отырып, заман бейнесін бұрмалауға

бармайды. Осы шығарманың бас қаһарманы Ұлпан өз дәуірінің ауыр жүгін арқалай жүріп, халық мүддесін, ел тілегін өз өміріне өзек етеді. Сол үшін күреседі, ақтық деміне дейін өз борышына адалдығын сақтап, азаматтық ардақты атына дақ түсірмей өтеді. Көзі тірісінде қадірлеп, өзінен кейін рухын ұлықтаған халқының ұлы жазушыға деген ізгі ілтипатының ішінде осындай асқақ бейненің де алғысты аманаты бар.

Романның бас кейіпкері Ұлпан алдымен әлеуметтік теңсіздікке қарсы. Ол өзі жоқшылық зарын тартып өскендіктен, Есенеі аулына келгеннен кейін, талай жыл бойы төбе бидің төлеңгітіндей ақысыз-пұлсыз жалшылықта жанкешті болып тіршілік еткен жарлы ауылдардың талай жылғы ақысын қайтартып береді, иесіз жатқан шұрайлы жерлерді де соларға бөліп береді. Елді отырықшылыққа бастайды. Жұртқа қыстау салғызады, егін ектіреді. Ұлпан қайраткерлігі осындай ауыл өміріндегі күнкөріс мәселелерімен де шектеліп қалмай, ірі-ірі әлеуметтік мәселелерге дейін көтеріледі. Ұлпан ұсынысымен қазақ әйелінің қоғамдық жағдайын жақсарту бағытында, жесір туралы, әйелдің мүліктік правосы туралы заңдар қабылданады.

Бұл – тарихи шындық жазушының біз үшін үлкен жаңалығы, әдебиет алдындағы үлкен еңбегі – осы тарихи шындықты нағыз көркемдік шындық күйінде әсерлі етіп суреттей білуінде. Туған әдебиетімізді тұлғалы бейнемен молықтырып, Ұлпан сияқты тың, соны, жаңа кейіпкердің жарқын бейнесін жасауында.

Оқиға бұдан екі ғасыр бұрын болған дедік. Ол қазіргі Қазақстанның қиыр солтүстігінде тіршілік еткен қазақ руларының өмірінен алынған тарихи шындық. Романда далалық Омбы генерал-губернаторлығына қарасты Аманқарағай округінің төбе биі болған Есенеі өмірінің соңғы кезеңіне байланысты оқиғалар суреттеледі. Жасында батыр болған, кейін әділ де қатал би атанған Есенеі жасы алпысты алқымдап, қартайып келген шағында өзінің жас кезіндегі жауынгер үзенгілесі, талай жорықтарды бірге өткізген қанды көйлек досы Артықбай батырдың жас қызы Ұлпанға үйленеді де, өзінің бар билігін соған беріп қояды. Беделді бидің атынан билік жүргізген жас әйел жүре келе, өзінің әділдігімен, қайырымдылығымен, халықтың қамын ойлап, болашағына көз жібере алған ақыл-парасатымен ел-жұртына өте қадірлі адам болады. «Ел анасы» деген ардақты атқа ие болады. Артында аңыздай болып «Ұлпан ана» есімі қалады. Бірақ осының барлығы өткінші құбылыс еді. Іргесі берік ел билеушілер Ұлпанға жаппай жабыла, жағалай ор қазып, ақыр аяғында оны тағылықпен жұтып қояды. Сол заманда ілуде біреудің уақыттан озып шығуы қандай заңды болса, ондайды ақыр аяғында мерт қылу ол да сондай заңды екен. Заман әлі отаршылдар мен би-болыстардікі. Олардың зұлмыр заңы бойынша өзіне қарсы келетін жаңалық атаулының қалайда өзі жойылуы керек. Сол үшін барлық шараны қолданады. Есенеі мен Ұлпанды сырттан шалып құлата алмаған жаулары іштен шалып құлатты:

Есенейді мешел қылып өлтірді, Ұлпанды құса қылып өлтірді. Бірақ олардың жаңалық ретінде жаққан шам-шырағын сөндіре алған жоқ. Оның сәулесі ағайын-жұрттың жүрегінде сақталып, Ұлпан басына қойған символдық ақ құлпы тасқа жазылған. «Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында» дегендей, керей, уақтың «дәулері» тікелей ештеңе істей алмаған соң, ішкерілеп Ұлпанның күйеу баласы Торсанды пайдаланды.

Ғ. Мүсірепов «Сөз соңында» Ұлпан туралы ел аузынан естігенін ескерте келіп, «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады деуі тегін емес [3, 242 б.]. Себебі жазушының Ұлпан бейнесіне «сондай бейнелерді» қоса қабаттауы, оның Ұлпан образын типтендіріп алуының дәлелі. Ұлпан бейнесі типтік образ болмас еді, егер ол ертегілердей «мал малданып, жан жанданып» бітсе, егер Ұлпанды Торсан жалмауыздың тұзағына апарып құлатпаса, егер аз уақыт өз ортасына Ұлпан істеген жақсылықты би-болыстар бір мезгілде таптап кетпесе. «Ұлпан» романының осылай бас қаһарманының трагедиялық апатқа ұшырауымен аяқталуы табиғи да заңды. Өткен заманда басқаша аяқталуы мүмкін де емес еді. Оқиғаның осылай типтік жағдайда дамып, образдарының типтік характер алуы – романның ұтымды көркемдік шешімі.

Жазушы шығарма сюжетін шиыршық атқан шымырлыққа, композициясын ширақ та шынайы сұлулыққа жеткізген. Есенейдің қалың жылқысы Қаршығалыға қарай қаптап келе жатқанда, астындағы жалғыз атын қарсы жүгіртіп, аз ғана кедей ауылдың арызын айта келген албырт мінез жас жігіт кейпіндегі қыз бейнесі қандай ыстық. Дәулеті мен қайраты қатар қайтқан қарт батырдың жалғыз таянышы өзі екенін сезінген есті де еркін қыздың бойында мінез адуындығы мен ақыл уыттылығы қатар тебіндеп келе жатқан тәрізі бар-ды. Тағдырдың ең алғашқы таяғындай болып алдынан Түленнің жарымес құлғанасы қараң еткенде ғана өмірге өгейсіне бір жауған етіп, сонсоң от жанар қайтадан жайнап жүре берген. Енді келіп Есенейдің мықты құрығына іліккенде, Ұлпан мінезіндегі ерлік нышаны алғаш рет айқын білінді. Өз халінің шарасыздығын санадан гөрі бала сезіммен түйсінген бірбеткей қыздың Есенейге келісім беруінде сондай ерлік бар еді. «Есемді жібермеспін» деген ішкі тәуекелі болғанмен, жан жарасын өзін сездіре қоймаған ет қызуы да жоқ емес-ті.

Тарихи шығарма қашанда өмір көрінісін тарихи нақтылықпен қаз-қалпында көзге елестетпек қой. «Ұлпанда» да осындай тарихи танымды эстетикалық ләззатпен ұштастыратын сәттер көп-ақ. Мысалы, заманы өткен батырлықтың жұрнағы Артықбай шойнақ боп қалып, Есенейдің өзі ел билеп кеткен де, ал ендігі бір өкілі Сәдір қолына найза орнына құрық ұстап, жылқышы болып кеткен.

«Егер көркем шығарманың мазмұны түрліше мінездер мен типтердің өзара қарым-қатынасынан туған шындық, өмірлік оқиғалар тізбегі десек,

осының өзі сюжетте адамдар мен заттардың тұтасқан ішкі-сыртқы қимыл-әрекет жүйесі ретінде, кәдімгідей қозғалыс, белгілі бір даму үстінде көрінеді», – дейді академик З. Қабдолов [4, 165 б.].

Осы орайда ойға орала беретін бір өзгеше көркемдік ерекшелікті айтпай кетуге болмас еді. «Ұлпанда» Ғ. Мүсірепов шығарма құрылымын, бейнелер жүйесін, кейде тіпті сюжеттік-композициялық желіні де әдейі қиындатып, күрделендіріп отыратын сияқты. Мәселен, шығарманың өн бойында бір-бірімен жұптасып, қосарланып отыратын егіз бейнелер бар. Ұлпан мен Шынар, екі Мүсіреп, Есеней мен Артықбай, Тілеміс пен Торсан, тіпті екі жас жігіт Кенжетай мен Мұстапа, екі әнші қыз Кәукер мен Бикенге дейін осындай.

Кейде автор екі жұп бейнені контраст ретінде де алуы мүмкін. Айталық, алғашқы тарауларда ғана көрінетін аңшы Мүсіреп «түрікпен» Мүсірептің жақсы қасиеттерін салыстыра көрсететін, немесе Есенейдің сыншыл, талапшыл, қатал табиғатын нақтырақ танытатын алаң ретінде алынды дейік. Ал енді көп-көп жақсы мінездері де, тағдырлары да өте ұқсас Ұлпан мен Шынар ше? Сөз жоқ, бұл – бейнелерді даралауда, көркемдік құралдарын әркімге шақтап бөле пайдалануда елеулі қиындық туғызатын жәйт. Бәлкім, тарлан жазушы өз шеберлігін өзінің талапшыл сынақ талқысына бір салып алайын деп, әдейі де істеген болар. Қайткенде де осы қиындықтан қысылмай, үлкен шеберлік мүмкіндіктерін айқын таныта, мүдірмей өткен.

«Сюжеттің жаны мен жүрегі – тартыс. Ал тартыстан сюжет құрап, қалыптастыратын – композиция» дегендей [4, 170 б.], «Ұлпан» романының идеялық композициясы біртұтас. Шығарманың көркемдік бітімі шын шебердің қолынан шыққан асыл бұйымдай мінсіз. Сюжеттік желіні тартудағы ұсталық, композициядағы сымбаттылық, алма кезек келіп отыратын суреттеу, баяндаудағы тартымдылық шығарманың идеялық мазмұнын жан-жақты толық ашуға тікелей көркемдік қызмет етіп тұр. Ал шығарма жазу үстіндегі жазушының бейнелі де бай тілі, өмір шындығын берудегі образды өрнектері оқушысын бірден өзіне тартып үйіріп әкетеді. «Ұлпан» романының оқырманға берер эстетикалық ләззаты мол.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романында жасанды ситуацияға құрылған іс-әрекеттер шығарманың соңғы бөлімінде кездесіп қалады. Мәселен, Сибан жорығына қатысты әрекеттер. Кейіпкердің ерлігін санамалап көрсете беру оның образын толық ашқандық емес, шеберлікке байланысты кейіпкер бейнесі бір немесе бірнеше әрекетпен-ақ ашыла түседі. Жазушы романның бас кейіпкері Ұлпанның «ерлік» санын тым көбейтіп жібереді де, жоғарыда айтқандай жасандылыққа барады.

Романның композициялық бітіміне, идеялық анықтығына ерекше әр беретін компоненттердің бірі – негізгі сюжеттік, тартыстық желімен қатар берілетін қосалқы, жанама оқиғалардың кездесуі. Ғ. Мүсірепов романда

оқиғаларды екшеп, іріктей түседі. Олардың ішінен кейіпкерлердің мінез ерекшелігін танытатын түйін, ситуацияларды таңдай білген. Ұлпанның да, Есенеидің де, екі Мүсірептің де тұлғаларын танытарлық психологиялық сәттер мол. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін сырттай суреттеп қана қоймай, олардың ой-толғанысын, ішкі жан-дүниесін бере білуі де – суреткерлік табыс. Кейіпкерлердің әр түрлі іс-әрекеттері оқиғадағы қажетті деталь болып табылады. Қаһарманның даралық бейнесі, адамдық келбеті әр қырынан, әр жағдайда көрінуі арқасында толысып шығады.

Шығарма кейіпкерлерінің басына тән ерекшеліктер белгілі оқиғалар үстінде анықталады. Романда тек қана Ұлпан мен Есенеидің, Мүсіреп пен Шынардың арасындағы қатынастар ғана емес, бұдан басқа да көптеген сюжеттік желілер тартылып отырады. Бір мезгіл Ұлпан мен Есенеидің, Есенеидің мен Мүсірептің, Ұлпан мен Шынар арасындағы жайлар сөз болады. Сондай-ақ Еменалы, Қожық, аңшы Мүсіреп сияқты кейіпкерлердің бастарында да түрлі-түрлі жайттар кездесіп отырады. Сонымен «Ұлпан» романының оқиғалық жағы да, кейіпкерлерінің мінездеу жағы да саралана, нақтылана түскен.

Біз композицияны әдеби шығарманың сыртқы түрінің ғана симметриясы емес, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы деп түсінеміз [4, 170 б.]. «Ұлпан» романының композициялық құрылысы өзгеше шебер сомдалған. Мұнда негізгі мәселе – Есенеидің мен Ұлпан арасындағы қарым-қатынасы әңгіме болып баяндалады. Романда кездесетін қосалқы желілі әңгімелер шығарманы негізгі идеядан жырақтатпайды. «Ұлпан» романы жөнінде М. Бекбергеновтың жазған зерттеу еңбегінде романның осы алуандас жетістіктері жайында бірсыдырғы дұрыс ойлар айтылған. Біз бұл пікірлерді құптаймыз. Сонымен қатар «Ұлпан» романының тартыстық, сюжеттік, композициялық шеберлігі Ә. Нарымбетов, М. Бекбергенов, М. Тілеужановтардың зерттеу еңбектеріне негіз болды.

«Шығарманың шын мәнінде көркем болуы көп шарттылықтарға байланысты. Бұл ұғымға таңдап алған тақырыптан, талғап алған оқиғадан бастап, сюжет құру, композиция жасау, кейіпкер мінездерінің толық ашылуы сияқты көптеген жайлар қосылады. Шығармада тек адам өмірі ғана жеке-дара суреттеліп қоймайды. Оның айналасы, қоршаған табиғаты, басқалармен қарым-қатынасы, сөйлескен сөздері, ойлаған ойлары – барлығы да өз бояуымен, өз өрнегімен берілуі тиіс», - деген Ш. Елеуеновтің пікірі толық құптарлықтай [5, 4 б.]. Шынымен де, суреттеуде қолданылатын құралдар неғұрлым көп, бай болса, шығарманың да ажары арта түспек. Мәселен, шығарманы бірыңғай автордың аузымен айтып шығу оқушыны жалықтырар еді. Сондықтан да суреткерлер түрлі тәсілдер қолданады. Бірде автор атынан баяндау жүреді, екінші жерде сөзді кейіпкердің өзі алып кетеді. Тағы бір жайларда кейіпкердің көңіл-күйін білдірудің амалы ретінде

табиғат суреттері кезектеседі. Немесе қаһарманның ішкі толғаныстары монолог ретінде айтылады. Кейіпкер өмірінің қай тұсында нені көрсету қажет болса, соған лайық бояулар алынады. Кейбір жазушылар көбінесе диалог арқылы оқиға мазмұнын да, кейіпкерлердің жай-күйін де береді, ал екінші біреулері оқиғаны қызғылықты етіп құруға шебер. Қалай болған күнде де шығарманың композициялық бітімі негізгі авторлық идеяға, өмір материалының табиғатына және кейіпкер мінезінің бағытына байланысты жасалуы керек.

Композиция заңдарын есте тұту – әрдайым қажет. Теорияның ежелгі қағидасы бойынша жазушы өзінің шығармасында қаншама көп мәселелерді қозғағанымен, соның ішінде кейбір жайларға айрықша түбірлей тоқталуы керек. «Ұлпан» романында мұндай сипат бар. Романдағы мәселе – Ұлпан мен Есенеидің арасындағы адамгершілік қарым-қатынас, Ұлпанның ел билеуі, айналасындағы адамдардың зұлымдығы. Сонымен қатар романда басқа да оқиғалық, тартыстық желілер қатар-қатар таралып жатыр. Бірақ та жазушы соның барлығына жеткілікті көңіл бөліп, негізгі мәселе мен қосалқы мәселелердің сәйкестігін бұзбай алып жүреді.

Шығарманың көркемдік құрылысына үніле қарасақ, Ф. Мүсіреповтің үйреншікті шеберлігіне тағы да көз жетеді. Өзінің кең арнасында кейде жылым, кейде толқын ағысымен көп жағаға соғып, көп суретті көз алдына жаятын ұлы өзен іспетті өмірдің көп саласын, көп құбылысын қамтитын оқиға даму динамикасы тек эпикалық шығармаларға ғана тән құбылыс. Сол секілді «Ұлпан» романы да XIX ғасырдың ортасында, Кенесары көтерілісі секілді кейбір оқиғаларға соға отырып, сол кездегі өмір мен Есенеидің, Ұлпан, Мүсіреп, Артықбай, Сәдір, Торсан, Жәуке секілді бейнелердің ара-қатынасын ашып, танытарлық жай-жағдай, құбылыстарды суреткерлік тәсілмен бірте-бірте алға тартып отырады. Бірақ осы суреткерлік тәсілдің өзегі шығарманың өн бойында тұтас сақтала бермейді – кейде ол жұқарып, кейде үзіліп барып, жалаң баяндауға, публицистикалық топшылауға ауысатыны аңғарылады. Сонда әңгіме өрнегінің психологиялық арқауы босаңсып, түйдек келген көркемдік әсеріміздің сәл әлсірегенін сезінетіндейміз. Бұл әсіресе Торсан мен Жәукенің зұлымдық әрекеттері мен Ұлпанның күйреп, у ішер тұсындағы трагедиялық күйін суреттеуге қатысты. Романның мұндай бірен-саран кемкетігі шығармадан алған жалпы әсерге нұқсан келтірмейді.

Сюжетті шығармалардың мазмұнында көбіне күрделі қайшылықтар, өмірлік тартыстар желі тартып жатады. Тартыс – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі, мақсат-мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі [4, 166 б.]. «Ұлпан» романындағы тартыс – ойдан

шығарылған не қолдан жасалған көрініс емес, ақиқат шындықтағы алауыз әлеуметтік күштердің айқасы.

Романдағы негізгі тартыс етекбасты болып қалған ескілікті көзқарас пен Ұлпанның арасында өрістейді. Бірақ Есенейдің бетін байқаған жұрт Ұлпанның ісіне ашық қарсы келе алмайды. Бірен-саран бой көрсеткен наразылықтарды Ұлпан біресе бірбеткейлігімен, біресе ақылымен басып тастап отырады.

Тартыстың бірталай өрістейтін жері – Есенейдің ауру кезі мен қайтыс болғаннан кейінгі тұсы. Бұл кезде ол билігін әйелге беріп қойғысы келмеген билер сахнаға шығады. Олармен арадағы талас-тартыс Ұлпанның халықтық көзқарастарын аша түседі.

Ұлпан өмірінің трагедиямен аяқталуы да заңды. Беймезгіл заманның қым-қуат пәлекор саясаты Ұлпан үйіне Торсан болып кіреді де, оның байлығын да, беделін де өзіне пайдаланып, жалғыз әйелді шетқақпай жасайды. Біжікен өлімі оны тездете түседі. Сөйтіп қоғам мен адамның арасындағы қайшылықты күй кейіпкердің өлімімен бітеді. Әділетсіздік билеген сол заман шешімі басқаша болуы да мүмкін емес еді.

Романның соңғы бөлімінде, баяу дамитын эпикалық стильден жазушының біраз жаңылысып қалғаны да байқалмай қалмайды. Мұны біз шығарманың алғашқы екпінмен жазылып бітпей, үзіліске ұшырағанынан ғой деп ойлаймыз. Оқиғаны баяу дамытып, уақыт пен кеңістікті мольнан қамтыған реалистік стиль бұл тұста жеделдеп, уақыт та, оқиға да секіріңкіреп кетеді. Қалың мал, әменгершілік, сол кездегі оқыту жүйесі жайлы өңгімелеуге көбірек орын беріледі. Ұлпанның жаңалықтары мен халықтық істері қазақ ортасында нанымды дамып, оны халық анасы боларлық күйге көтеруге жеткілікті сияқты да еді. Жазушының оны орыс әкімдерімен кездестіріп, қазақ әйелінің құқығы жайлы келіссөздер жүргізуге қатыстыруы онша сендіре қоймайды. Ұлпанның осы келіссөзде тапқан жетістігін жазушы он сегізінші тарауда қосылған жастардың математикалық формуласы арқылы қысқа түсіндірген болады. Бұл, әрине, реалистік суретке орын таппағандықтан жасалған иллюстрация. Сондай-ақ Қожық аулын шабу – шығарманың гуманистік идеясына пайдалы еш нәрсе қосып тұрған жоқ. Қожықтың пәле қуып, арам жолмен байып, күн көретіні үшін аулын шауып, жас бала, жесір әйелдерді шырылдатып, олардың түгін қалдырмай өртеу – оқушыға ауыр әсер қалдырады. Мұндай жорықтың Есеней асының алдында әбігерлі күйде өтуі де лайықсыз.

Қорытынды

Қазақ халқының рухани тұрғыдан жан-жақты дамуына өз шығармаларымен зор үлес қосқан ақын-жазушылардың туындыларын зерттеп, олардың шығармашылығын талдап-таразылау, анықтау қай

уақытта болсын өз маңызын жойған емес. Ана тіліміздің зор құдіретінен нәр алған қаламгерлер әдеби мұрамызды мазмұнды етіп, оны дамытуды көздейтіні ақиқат. Әдебиет тарихындағы талай белгілі есімдер, аттары әлемге әйгіленген қаламгерлер халық тарапынан өздерінің лайықты бағасын алумен қатар олардың туындылары әдебиет зерттеушілерінің назарынан тыс қалған жоқ.

Оқиғалары тартымдылығымен, композициялық құрылысы ширақтығымен, тілі әсерлі, құнарлы көркемдігімен айрықша ерекшеленіп көрінетін көптеген шығармалардың авторы, барша қазақ оқырмандарының сүйікті қаламгері академик жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов үлкен шығармашылық дәуірді бастан кешірді. Жалпы суреткердің өзіндік даралығы болу үшін оның идеялық позициясы биік болумен қатар, ол дарынды болуы да басты шарт. Оның үстіне қаламгердің өзіне дейінгі әдебиет классиктерінің тәжірибесіне де мықтап арқа сүйеуі ауадай қажет. Осы қасиеттердің барлығы бір бойынан түгел табылатын Ғабит Мүсірепов – қандай шығарма жазса да, оны әдебиеттің саф алтындай мінсіз, мәңгі туындысына айналдыратын аса сирек таланттардың бірі.

С. Қирабаевтың «Ұлпан» романының композициялық құрылысы, жазушының тақырып таңдауы, басты идеяны саралап алуы жөнінде айтылған мына бір пікірі орынды-ақ: «Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романында адам өміріндегі үлкен оқиғаларды, қат-қабат сюжетті желілерді қатарластыра тартып, әрі заман шындығын, әрі адам шындығын беруде ұсталық көрсетті. Қазақ халқының тарихындағы аса елеулі кезеңінің көркем шежіресін жасады. Сол арқылы халқымыздың көркем әдебиетінің дамуына зор үлес қосты. Сонымен қатар суреткер Ұлпан, Есеней, Шынар, Мүсірепов сияқты ірі көркем тұлғалар жасады» [6, 4 б.].

Қорыта келгенде, аса көрнекті жазушы, шебер суреткер Ғ. Мүсіреповтің бұл шығармасында әдебиетімізде бұрын соңды іс түспеген бір тың тақырып аса шебер көркемдік шешімін тапқан еді деп кесіп айта аламыз.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Ахметов, З.** Терең таным, биік талғам (Ғ. Мүсірепов шығармашылығы туралы) // Егемен Қазақстан. – 2002, 02.03.
- 2 **Әбілов, А.** Қазақ повестеріндегі ырғақ // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – №7.
- 3 **Мүсірепов, Ғ.** Көп томдық шығармалар жинағы. III том. Ұлпан: Роман. – Алматы: Жазушы, 2003. – 248 б.
- 4 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы, Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 5 **Елеуқенов, Ш.** Ғабит сөзі – бүгінде көсемсөз // Егемен Қазақстан. – 2002, 30.03.

6 **Қирабаев, С.** Ғабен романдары – рухани мәдениеттің озық үлгісі // Егемен Қазақстан. – 2002, 26.04.

References

1 **Akhmetov, Z.** Tereñ tanym, biik talǵam (Ǵ. Músirepov shyǵarmashylyǵy túraly) [Deep knowledge, high taste (on the work of G. Musrepov)] In / sovereign Kazakhstan. – 2002, 02.03.

2 **Abilov, A.** Qazaq povesterindegi yrǵaq Qazaq tili men ádebieti. [Rhythm in Kazakh stories] In Kazakh language and literature. – 2006. – №7.

3 **Musrepov, G.** Kóp tomduq shyǵarmalar jınaǵy. III tom. Ulpan: Roman. [Collection of multi-volume works. Volume III. Ulpan: A Novel]. Almaty, 2003. – 248 p.

4 **Kabdolov, Z.** Sóz óneri. [The Art of the word]. – Almaty: Kazakh University, 1992. – 352 p.

5 **Eleukenov, Sh.** Gabit sózi – búginde kósemsóz [The word of Sh. Gabit-today is the word of the leader] Egeмен Qazaqstan. – 2002, 30.03.

7 **Kirabaev, S.** Qirabaev, S. Ǵabeñ romandary – rýhani mádeniettiń ozyq úlgisi [Gaben's novels-the best example of spiritual culture] In Egeмен Qazaqstan. – 2002. – 26.04.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Ж. Т. Кадыров, Ж. С. Таласпаева, А. С. Бейсенбаева, Е. С. Иманбаев

Художественная структура романа Г. Мусрепова «Улпан»

Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева
Республика Казахстан, г. Петропавловск.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматривается проблема художественного формирования романа Г. Мусрепова «Улпан». Художественная структура произведения отличается большой степенью исторического обобщения судьбы образов, основанных на исторической реальности. Сюжетно-композиционная линия, как своеобразная художественная особенность произведения, усложняется передачей двойных образов, дублируемых в виде контраста, отражает мастерские возможности писателя.

Стиль романа отличается серьезностью, широким охватом жизненных реалий и неторопливым описанием. История разворачивается вокруг действия главного героя, достойного жанра,

и некоторые люди, связанные с Уланом, индивидуализированы. Особенно их поведение и нравственные черты делают ученика довольным. Дружелюбный юмор и уважение его друга между Есенеи-Мусреп и Улпан-Шынар ценны еще и хорошими обычаями и традициями народа. Писатель изображает диалектическую связь эпохи и человека через многогранную реальность жизни страны с эпической живописью.

Встреча с сопутствующими, косвенными событиями в произведении позволяет определить композиционную составляющую произведения.

Ключевые слова: историческая правда, персонаж, сюжет, парный образ, конфликт, идейная композиция, вспомогательные, косвенные события.

Z. T. Kadyrov, Zh. Talaspaeva, A. S. Beisenbayeva, E. S. Imanbayev

The artistic structure of the novel by G. Musrepov «Ulpan»

Manash Kozybayev North Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.
Material received on 18.09.20

The article deals with the problem of artistic formation of G. Musrepov's novel «Ulpan». The artistic structure of the work is characterized by a high degree of historical generalization of the fate of images based on historical reality. The plot-compositional line, as a kind of artistic feature of the work, is complicated by the transfer of double images, duplicated in the form of contrast, reflects the writer's masterful abilities.

The style of the novel is distinguished by its seriousness, wide coverage of life's realities and unhurried description. The story revolves around the action of the main character, worthy of the genre, and some people associated with Ulan are individualized. Especially their behavior and moral traits make the student happy. The friendly humor and respect of his friend between Yesenei-Musrep and Ulpan-Shynar are also valuable for the good customs and traditions of the people. The writer depicts the dialectical connection of the epoch and man through the multifaceted reality of the country's life with epic painting.

Meeting with the accompanying, indirect events in the work allows you to determine the compositional component of the work.

Keywords: historical truth, character, plot, paired image, conflict, ideological composition, auxiliary, indirect events.

<https://doi.org/10.48081/UZBB3094>

К. Н. Канапьянов

Қорыта келгенде, әрбір ұлт пен елдің тілі сол тілде сөйлеуші адамдардың ұғымы мен санасында ұғымдық танымдардың семантикалық жүйесі ретінде қалыптасады. Ұлтқа тығыз қатысты аталмыш бір дүние бейнесін жасайды. Әрбір жеке тұлғаның өзіндік сипатына сай және тығыз қатысты ұлтқа тәнтілі, әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы мен салт-санасы жағдай жасайды. Айналадағы дүниені өзінің көз қараспен қабылдап, өзінің ішіндегі жаратылыспен тануы заңды жайт.

Осы мақаламызда ағылшын тіліндегі «black» концептісінің лингвотанымдық негіздерінің табиғатын ашуға талпыныс жасай отырып, адамзатқа ортақ әмбебап концептілерді әр түрлі мәдениеттер концептосферасы негізінде айқындау, талдау концепт ұғымының күрделі де терең құрылымын ашып қана қоймай, салғастырмалы тіл білімін тың нәтижелермен толықтыратыны сөзсіз екенін айтқымыз келеді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Маслова, В. А.** Когнитивная лингвистика : Учебное пособие / В. А. – Маслова. Минск : Тетра Системс, 2004. – 256 с.
- 2 **Смағұлова, Г.** Әдеби мәтін лингвистикасы. – Алматы : Триумф, – 2008.
- 3 **Сағындықұлы, Б.** Қазақтілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 2005. – 342 б.
- 4 **Сүлейменова, Э. Д.** Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики / Современные проблемы дискурса : теория и практика. – Алматы. : 2006.
- 5 **Mazrui, A. A.** The Political Sociology of the English Language. Mouton – the Hague, 1975, P. 81.
- 6 **Апресян, Ю. Д.** Избранные труды. Т. 1. Лексическая семантика : Синонимические средства языка. – 2-е изд., испр. и доп. [Текст]. / Ю. Д. Апресян. – М. : Школа «Языки русской культуры», Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1995. – 472 с.

7 **Арутюнова, Н. Д.** Дискурс [Текст]. / Н. Д. Арутюнова // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: «Советская энциклопедия», 1990. – С. 136–137.

8 **Белобородова, И. В.** Концепт «цвет» в лингвокогнитивном аспекте: На материале автобиографической прозы [Текст] : Дис. . канд. филол. наук. 10.02.01. / И. В. Белобородова. Таганрог, 2000. – 224 с.

9 **Попова, З. Д., Стернин, И. А.** Полевая модель концепта Текст. / З. Д. Попова, И. А. Стернин // Попова З. Д. и др. Введение в когнитивную лингвистику : Учебное пособие. Кемерово: Кузбассвузиздат, 2005. – С. 12–45.

10 **Bolton, R.** Black, white, and red all over : The riddle of color term salience [Text]. / R. Bolton // Ethnology. 1978. – Vol. 17. – P. 287–311.

References

- 1 **Maslova, V. A.** Kognitivnaya lingvistika : Uchebnoe posobie. [Cognitive linguistics : Textbook] V. A. – Maslova. Minsk: Tetra Systems, 2004. – P. 256.
- 2 **Smagulova, G.** Adebı matın lingvistikasy. –Almaty : Triumph, – 2008.
- 3 **Sağyndyquly, B.** Qazaqtili leksikasy damıyynyń etimologialyq negizderi. – [Linguistics of literary texts]. – Almaty. : – 2005. – 342 p.
- 4 **Suleimenova, E. D.** Diskurs v diskurse kazaxstanskoy lingvistiki [Discourse in the discourse of Kazakh linguistics] Modern problems of discourse: theory and practice. Sovremenny'e problemy` diskursa: teoriya i praktika. – Almaty, 2006.
- 5 **Mazrui, A. A.** The Political Sociology of the English Language. – Mouton – the Hague, 1975, P. 81.].
- 6 **Apresyan, Yu. D.** Selected Works. T. 1. Lexical semantics : Synonymous language means. – 2nd ed., Rev. and add. [Text]. Ed. Y. D. Apresyan. – Moscow : School «Languages of Russian culture», Publishing company «Eastern Literature» RAS, 1995. – P. 472].
- 7 **Arutyunova, N. D.** Discourse [Text]. In Linguistic Encyclopedic Dictionary. Moscow. : «Soviet Encyclopedia», 1990. – P. 136–137.
- 8 **Beloborodova, I.V.** Beloborodova, IV The concept of «color» in the linguo-cognitive aspect : On the material of autobiographical prose [Text] : Dis. ... Cand. Philol. Sciences. 10.02.01. Ed. I. V. Beloborodova. – Taganrog, 2000. – 224 p.
- 9 **Popova, Z. D., Sternin, I. A.** Field model of the concept [Text]. / Z.D. Popova, IA Sternin // Popova Z. D. et al. Introduction to cognitive linguistics : Textbook. Kemerovo : Kuzbassvuzizdat, 2005. – P. 12–45.
- 10 **Bolton, R.** Black, white, and R. Bolton Ed. Ethnology. 1978. - Vol. 17. - P. 287-311.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Концепт «Black» в английской лингвокультуре

Казахский агротехнический университет
имени Сакена Сейфуллина,
Республика Казахстан, г. Нур-Сұлтан
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В данной статье мы рассматриваем концепт «black», важная составляющая концептосферы «color» в английской лингвокультуре, выявляются и описываются его когнитивные особенности через лексико-семантический анализ слова «black». Цвет – это информация, которую человек получает посредством визуального осмотра. Любое необходимое образование требует знания языка. Только язык – это символическая система, которая обеспечивает функционирование нашего интеллекта. Когда цвет имеет лингвистический характер, он может быть разным или похожим в каждой нации.

Ключевые слова: познание, понятие, сознание, концепт, белое, черное.

D. E. Kapanova, G. O. Rakhimbekova

Linguocultural concept «Black» in the English linguistics

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 18.09.20.

In this article, we consider the concept «black», an important component of the concept sphere «color» in the English linguistic culture, identify and describe its cognitive features through the lexical-semantic analysis of the word «black». Color is information that a person receives through visual inspection. Any education requires knowledge of the language. Only language is a symbolic system that ensures the functioning of our intellect. When a color is linguistic, it can be different or similar in every nation.

Keywords: cognition, concept, consciousness, concept, white, black.

<https://doi.org/10.48081/IXZA2225>

Б. Қ. Қапасова, С. Т. Елікпаев, Р. О. Жұманбаев

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

1960-90 ЖЖ. ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мақалада қазақ балалар әдебиетінің 1960-90 жылдардағы даму қалпы талданады. 1960-1990 жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі тақырыптық, идеялық ерекшеліктер, кейіпкер бейнесін жасаудағы көркемдік тәсілдер осы кезең қаламгерлері шығармалары арқылы ашылады. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер әдебиетке жаңа леп әкелді. Бұл балалар әдебиетінде де оң әсерін тигізді. Балалар прозасының дамуы жаңа кейіпкерлердің сан түрлі үлгілерімен, жаңа тақырыптармен өзгешеленді. Бұған дейінгі мектеп тақырыбы ендігі жерде балалар әлемінің кең кеңістігіне мүмкіндік ашты. Бұл әлем ересектер әлемінен бөлек жаңа сипаттарымен көрінді. Қазақ балалар әдебиетіндегі жаңа кейіпкер жасаудағы прозалық шығармалардың орнына ерекше мән беріледі. Прозалық шығармалар қоғамның суреттерін барынша нақ көрсетуімен бірге, кейіпкер қайшылықтары, мінез арқылы сол кезеңнің болмысын ашқандығы да анықталады. Қоғамдағы өзгерістердің қазақ балалар прозасына әкелген жаңа серпілістері әдебиеттегі жаңа балаларды жасады. Бұларда еркіндік пен ақылдылық, балалық мінез сақталуымен өзгеше. Сондықтан да 1960-90 жылдардағы қазақ балалар повестері бүгінгі күні қажетті үйренер кезең деп алынады. Қазіргі ақпараттық технологиялар кезеңі үшін аталған кезең талдануы, кейіпкерлері қайта зерттелуі керектігі айтылады.

Кілтті сөздер: проза, балалар әдебиеті, кейіпкер, балалар әлемі, тақырып, идея, жаңашылдық.

Кіріспе

1960-1990 жылдар балалар прозасындағы жаңа ізденіс, тың серпілістер балалар әдебиетіне шынайы образдар, көркем суреттер, балдырғандар мен бөбектер тіліне, ұғымына лайық сюжеттер әкелді. Кез келген қоғамның өз саясаты болатыны баршаға аян. 1930-1950 жылдардың тарихын жақсы білетіндер үшін 1960-1990 жылдар әлдеқайда қоғамдағы тең құқықты

идеологияны ұстанумен ерекшеленді. Әдебиет пен өнерде кейіпкер сезімінің нақты бейнеленуіне жол ашты. 1960-1980 жылдар аралығындағы қоғам балалар әдебиеті өз дамуындағы болмыс-бітімінің өскенін көрсетіп, балғындар сұранысын рухани-эстетикалық көркем дүниелермен толтырды. Кейінгі 1980-1990 жылдардан бергі кезеңдердегі қоғамдық әлеуметтік тоқырау әдебиетті де іле кетті.

Зерттеудің нысаны: қазақ балалар прозасы

Зерттеудің пәні: қазақ балалар әдебиеті

Мақсаты: қазақ балалар әдебиетінің үздік үлгілерін берген прозалық шығармаларға тән сипаттарды ашу, көркемдік белгілерін көрсету.

Міндеттері:

- қазақ балалар әдебиетіне тән белгілерге талдау жасау;
- балалар шығармаларына тән талаптарды анықтай отырып, балалар прозасындағы көркемдік ерекшеліктермен сабақтастыра талдау;
- қазақ балалар прозасының 1960-1980 жылдардағы үлгілерінің сипаттарын анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Әдеби талдау және баяндау тәдіс-тәсілдері қолданылады.

Қазіргі жаһандық өзгерістер тұсындағы балалар бойындағы өзгерістер, ұлттық құндылықтарды сіңіру, халықтық қалыпта болашақ ел азаматтарын қалыптастыру мақсаттарын орындауда әдебиеттің орны өзгеше. Бұл ретте, ұлттық үлгі негізінде қоғам талаптарымен дами білген 1960-80 жылдардағы прозалық шығармалар дәстүрін үлгі етудің мәні зор.

Негізгі бөлім

Бүгінгі 21-ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі өткір мәселенің бірі – балалар әдебиетінде қазақ балаларының бейнелерінің жоқтығы. Қоғамдық-әлеуметтік ойдың ортамен тығыз байланысты болатынын есепке алсақ, қазіргі жаңа экономикалық, өзгеше ақпараттық қатынаста қоғам мен әдебиет байланысын ашуда жаңа тақырып, тың идея керек.

Бұл үшін балалар әдебиетіндегі жемісті кезеңнің ерекшеліктерін әдеби-көркем тұрғыда талдау қажеттігі туындайды. Осы арқылы балдырғандар мен балалардың қазіргі уақыт талабына сай сұранысына жауап беру мүмкіндігі ашылады.

Балалар әдебиеті - адамзаттың дүние, өмір жайында алғашқы түсінік, танымын қалыптастыратын негіз болғандықтан да, әдебиеттің бір бұтағы ретінде оған қойылар талап, тілекте көп. Сондықтан да балалар әдебиетінің қамтитын тақырыбы, айтар ойы, сюжет желісі, сөз қолданысы көркем бейнені көрсетуі жағынан өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Балалар әдебиетінің басты ерекшеліктері жалпы әдебиетке ортақ тенденция, мақсат, міндеттерден шығады.

Балалық шақ, адамзат ұрпағы үшін оның бүкіл өміріндегі азаматтық тұлғасын қалыптастыратын алғашқы баспалдақ болса, балдырғанның таным тәрбиесін дамытатын, оған әлеуметтік өмірді, рухани әлемді танытатын өнер туындыларының ішіндегі бірінші әдебиет болып табылады. Балалар әдебиетінің жалпы әдебиеттен өзгешеленетін тұсының бірі – бүлдіршіндердің бүгінгі қабылдауы, білімі, танымы, пайымдауы, тағылымы, сезім, эмоциясы – ертеңге жол ашатындығында. Әдебиет сол бүгінгі бала түсініктері оның күнделікті өсу, даму кезеңдері үшін қажетті таным, тағылым көзі болып қана қоймай, жеке тұлға («индивид») ретіндегі ертеңгі рухани қасиеттерінің негізін қалаушы болып, адамгершілік-эстетикалық қасиеттерін қалыптастыратын өнердің бір түрі қызметінде де мәнді екені сөзсіз.

Балаларға арналған әдебиет туындыларының ерекшеліктері қандай болуы керектігі жөнінде нақты қалыпқа салынған форма жоқ. Қазақ балалар әдебиетін ғылыми тұрғыда алғаш зерттеген Ш. Ахметов балалар шығармаларының ересектер туындыларынан өзгешеліктері ретінде мынандай алты түрін көрсетеді. Олар: 1) көркем образдың нақтылығы; 2) лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы керек, Чернышевскийдің сезімен айтқанда: «Аһ, не деген қорқынышты» немесе «қандай тамаша» деп отыратындай болуы тиіс [1, 10].

Әрине, лиризм тек жоғарыдағы айтылғандай эмоциямен ғана байланысты болмай, балалар түсінігіне шақ философиямен немесе психологиямен сабақтасуы да мүмкін.

Келесі бір қажетті шарттардың қатарына ғалым Ахметов оптимизмді алады. («Балаларды өмірдің жарқын болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыруы шарт.») [1, 10]. Болашаққа сенімнің өзі балдырғандарға ғана тән, үлкендер үшін оптимизм пессимизммен қатар өріліп те, шығарма шырайын аша алады, бүлдіршіндерге өмір деген - енді басталған қоғам мен табиғат бірлігі, ендеше, оларға тек өмірдің неғұрлым жақсы жақтарын көрсетудің мәні зор. Балалық шақ адамзаттың қайғысыз, мұңсыз, уайымсыз кезеңі, бұл шақта балалар қайырымдылық, мейірімділік, сүйіспеншілікті ғана көріп, сезініп өсулеріне әдебиет әсер етуші құралдардың қатарында болашаққа сенімді қалыптастырады.

Міндетті шарттардың бірі – адам характерін суреттеуде динамиканың қажеттілігі. Бұл да балдырған табиғатынан шығатын қажеттілік. Балалар үшін өсу, дамудағы басты керекті процесс – қимыл динамика – баланың өз әрекетін суреттеп, бейнелеуші ретінде көркем шығарманың құрамды бөлшектерінің бірі болады [1].

Көркем пейзаждардың көп болуы. Пейзаждық суреттеу кез келген әдеби шығармада шебер қолданыла білгенде ғана әсерлі. Табиғат суреттері

арқылы балалар әдебиетінде кейіпкердің психологиясын көрсетіп, егіздей бейнелеу бар да, балдырған тәрбиесіне қажетті эстетикалық қуат дарытумен бірге танымын қалыптастыру бар. 5) мазмұн мен идеяның бала өміріндегі белсенді ролі. Мазмұнның өзі тақырып пен идеядан құрылса, тыңтақырып таба білу, қызықты оқиғаны есте қалатындай суреттей білу - қаламгер шеберлігі. Өмірдегі шындықты керкемдік шындықпен сабақтастыра отырып, лирикалық қаһарман бейнесін шынайы ашуда тілдік қолданыстарды орнымен қолданған туындыда идея да жарқырай ашылады. 6) тілінің ойнақы қысқа, түсінікті, айқын, әсерлі болуы. Олардың сездік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден-бір құрал болып табылады [1, 11].

Қазақ балалар әдебиетінің 60-жылдардағы бұл шарттары қазақ балаларын кеңестік жүйеде тәрбиелеу идеологиясын негізге алғаны сөзсіз.

Балалар жазушылары өздерін жазады деген түсінік бар. Дегенмен, бұл сөздің де жаны бар. жазушы өмірбаянындағы көріністер жазушы шығармасының негізіне де айналады. «Қожаға қарап отырып, өзімді көремін» – дейді Б. Соқпақбаев [7, 43]. Сондықтан да жазушының қиялы кең, адал да, ақ көңіл және көңіл құсы ұшқыр кейіпкерлеріне қарап, балалық шағындағы жазушының өзін көреміз. Өзі өскен алқапты, өзінің ортасындағы адамдарды суреттейді. 1960 жылдардан бастап қаламгер еркіндігіне жол ашылды. Қоғамдағы көркемдік ойды да сүзгіден өткізу, коммунистік идеологияның шеңберінен шықпау талаптары сақталды [9, 3]. Дегенмен, балалар әдебиетінде сеннің бұзылуына жол ашылғаны анық. Бұны Б. Соқпақбаев, алдыңғы М. Иманжанов, кейінгі М. Қабанбаев, С. Асылбеков, Т. Нұрмағамбетов кейіпкерлері дәлелдеді.

Автордың күрделі тұлғасы арқылы бала психологиясына зер салынды. Кейіпкер ой сезімін, идеясын бере отырып, қоғамдағы тұстарға да назар салдырды. Автор – әдеби шығарманы тудырушы, өзінің көркемдік әлемін жасаушы. Осы көркемдік әлем автор – бала кейіпкер арқылы сенімді бейнеленді. Автордың өзіне тән болмысы көне дәуірлердің өзінде дара эстетикалық болмысын танытқан. Авторды көркем туындыдан бөлек алуға болмайды. Себебі, көркем шығарманың құрылымы – композициясы, сюжеті, тартыс пен кейіпкерлер әлемі автордың ұстанымы арқылы көрінеді. Автордың көркемдік әлемі шығарманың көркемдік болмысын ашады. Әуезелеуші (автор) көркем мәтіндегі әрекетке өзін қатыстырмай, баяндаушы, әңгімелеуші қызметін атқарады. А. Байтұрсынов авторды әуезелеуші, толғаушы, жазушы, ақын, сарындаушы деп атаған. Ал, орыс әдебиеттануында (В. В. Виноградов, М. М. Бахтин, Б. О. Корман) баяндаушы (повествователь), әңгімелеуші (рассказчик), хроникашы (хроникер), әңгімелеуші-кейіпкер деп атаған. Осы көркемдік әдістер балалар шығармаларында ұтымды жол тапты.

М. Иманжанов, Б. Соқпақбаев, Т. Нұрмағамбетов, М. Ғұмар, С. Асылбеков, М. Қабанбаевтың кейіпкерлерін де түрі қалыпта көреміз. Бір кейіпкерлері баяндаушы, бір кейіпкерлері сыр бақылаушы, енді бір кейіпкерлері әңгімелеуші болады. Жалпы балалар әдебиетіндегі кейіпкердің көбіне –көп өз атынан әңгімелеуі көп кездеседі. Бұл кейіпкердің ішкі сезімдерін ашуға, жан-дүниесінің мол көрсетуге көп ықпалы бар. Балалар жазушыларының кейіпкерлері де балалық сезімдерін жасырмай, ішкі дүниелерін жарқырата ашуы үшін өз аттарынан әңгімелейді.

Көркем шығарма ішінде «автор тұлғасының» қатысуы кездеседі. Оның сөз қолданысында, көзқарасында авторлық сөз бетпердесі (маска) сезіледі. Яғни, шығарманы оқығанда онда автордың өзі сөйлеп тұрғандай әсер қалады. Негізінен, көркем шығармада «автор бейнесі» мен «автор жасаушы» бейнесі бір емес. Әрине, көркем туындыны жасаушы автор бірінші кезекте тұрады да, содан кейін барып шығарма ішінде автор бейнесі беріледі.

50-жылдардың соңынан бастап Ғ. Иманжанов бастаған қазақ қаламгерлерінің «Алғашқы айлардан» басталған баланың жекелік қасиеттерін құрметтеу, өзіндік пікірімен санасу, тұлғалық қалпын көркем суреттеу сияқты әдеби шарттар назарға алына бастады. Осы шарттардың негізінде көркем туындының барлық классикалық үлгісіне жауап берген «Менің атым – Қожа» келді. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесіне ілесе «Өлгендер қайтып келмейді», «Бастан кешкен» повестері, С. Сарғасқаевтың туындылары, кейіннен 70-жылдары Т. Нұрмағамбетовтың, М. Қабанбаевтың өз ойы мен қалпын сақтаған, көркемдік үлгілері биік кейіпкерлері жасалды. Әдеттегі үлгілі қалыптан ауытқыған кейіпкерлер келді. Балаларға арналған шығармаларды тақырып жағынан шектеу мүмкін емес. Адамзат баласына қатысты объективті өмірдің танымдық, моральдық, эстетикалық, дамытушылық, тәрбиелік қырларын көрсетумен бірге, дүние, қоғам, табиғат жайындағы шындық дүниеден тыс ой, тұжырым, пікірлер, көзқарастармен астасады.

Балалар шығармалары үшін қажетті көркемдік құрал-сюжет тартымдылығы. Сюжет кішкене оқырманға, тыңдаушыға тек эстетикалық, сезімдік турғыдан ықпал етіп қоймай дүниетанымдық, тәрбиелік жағынан әсер етеді. Ертегілердің өміршеңдігі, балалар үшін қызықтылығы, тартымдылығы сюжетінің қиялға, романтикаға бейімділігі, тосын оқиға, тың көріністердің молдығына да қатысты екені белгілі.

Қазақ балалар әдебиетінің көркемдік әдісін Кеңестік дәуір ықпалымен тек реализммен шектедік. Десек те, реализм қоғамдағы бала бейнесінің жаңа үлгісін қалыптастырды.

«Художественным методом всей советской литературы является метод социалистического реализма, который предполагает правдивое, исторически

конкретное отражение жизни в ее революционном развитии, имеющее своей задачей коммунистическое воспитание трудящихся» [3, 8]. Осы ізбен қазақ балалар әдебиетінде де коммунист идеяларды іске асыру жолында ұстанған әдіс ретінде: «Осы идеяларды іске асыру үшін балалар әдебиетінің ұстанған жана методы - социалист реализм методы» [1,7] – деген пікір өзгеріссіз, талассыз қабылданып келді.

Балалар шығармаларының баланың өсу, даму, психологиялық, танымдық, ерекшеліктерін ескере отырып, жас шамасына қарай бөлетін болсақ:

- 1) бір жасқа дейінгілер мен 2 жасқа дейінгі сәбилер;
- 2) 2-5 жасаралығы;
- 3) 5-7 жас арасы;
- 4) 7-9 жастағы балдырғандар;
- 5) 9-12жастағылар [4, 8]

6) 12-14 жас арасындағы балалар үшін шығармалар болып, ішкі мазмұндық, сыртқы пішіні жағынан өзгешеленеді [4, 8].

Жасқа дейінгілер мен 2 жас аралығындағылар үшін ең бастысы – баяу саз, әуенге, тербеліске негізделген жырлар қажет болса, 2-3-топтағыларға дыбыстар бірыңғайласып, үндесіп келетін, ойнақы, тұлғасы жағынан қозғалыс сыпатты етістік негіздер мен еліктеу сөздерден құралған экспрессивті-эмоционалдық қасиеті басым сөздер болып келуін қажет етеді. 1-2 топтағы балдырғандар үшін өлеңнің көркемдік қуатының әсерлі болуы – жеке тұлғалардың семантикалық мағынасының тыңдаушыға таныс болуының да ықпалы бар. Бірінші топтағы бөбектер жұмсақ, дыбыс буындары қайталанып келетін сөздерді талап етеді, әрі қарай ондай сөздерді тез үйренеді.

Бұдан әрі жас шамасы жоғарлаған сайын өлеңнің оқиғаға құрылуына балдырған құлшынысы арта түседі. Жас өскен сайын балаға енді өлеңнің танымдық, философиялық мәні артып, астарлы ойға жетелейтін жұмбағы мол туындылар керек. Олар тілдің қажетті материалдарын игерді, келесі кезекте көркем әдебиеттен тың, әрі өзіне жақын қолданыс іздейді.

Жалпы алғанда, поэзияда, қазақ балалар әдебиетінде 2-10 жас аралығындағы балалар үшін поэзиялық жанрлар көп жазылса, 10 жастан 15 жастағы балалар үшін прозалық шығармалар молырақ жазылады. Он жасқа дейінгілердің жас шамасына, есте сақтау қабілетіне шағын өлеңдер сай, олар қиялға тез сенеді, тез бірден сезімге беріліп, әрі бір

«Жазушылар І. Жансүгіров, Ш. Хұсайынов, С.Омаров, Т. Ахтанов, Ш. Ахметов, т.б. – балаларға арналған алғашқы пьесаларын жазды. 50-жылдары Хұсайыновтың «Есірткен ерке», М. Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесалары Республикалық жасөспірімдер мен балалар

театрының сахнасында қойылды. 1960 – 70 жылдарда Б. Ысқақовтың, Б. Тәжібаевтың, Қ. Ыдырысовтың пьеса, инсценировка жинақтары шықты. Қазақ балалар әдебиетінің ең қаулап дамыған кезеңі – 70–80 жылдарда балаларға және жастарға арналған шығармаларды жариялайтын «Жалын» баспасы ашылып, баспаның жанынан республикалық жабық әдеби байқау өткізіліп, балалар әдебиетінің одан әрі өркендеуіне айрықша игі әсер етті. Т. Нұрмағамбетов, О. Бөкеев, К. Ахметова, М. Қабанбаев, Н. Дәутаев, Қ. Омаров, М. Айымбетов, А. Асылбеков, Т. Сәукетаев, Ө. Ақыпбеков, т.б. ақын-жазушылар Қазақ балалар әдебиетін жанрлық-көркемдік тұрғыдан байытуға айтарлықтай үлес қосты. Бұған дейінгі кезеңдермен салыстырғанда, 70–90 жылдардағы балалар әдебиеті өмір шындығын қамту өрісінің кеңдігімен, шеберлік деңгейінің биіктігімен ерекшеленеді. Мысалы, шытырман оқиғалы шығармалардың төменгі сынып оқушыларына арналған үлгілері (С. Жұбатыров, «Отты өткел», Н. Мұраталиев, «Жасылкөлдін күпия тұрғыны»), таңғажайып оқиғалы повестер (Жұбатыров, «Алыстағы аралдар», Н. Мұраталиев, «Ғажайып мекенге саяхат») балалардың қызыға оқитын шығармаларына айналды. Мұндай шығармалар өз кезінің өзекті әлеуметтік-моральдық мәселелерін балалардың ой өрісіне, талғамына лайықтап, өрнектей білді» [6].

Қазақ балалар әдебиетінің ішінде проза жанры 60-жылдардан бастап өркен жая дамыды. Бұл кезеңде әдебиеттегі еркіндік, балалар тақырыптарына да мүмкіндік берді. «Менің атым – Қожанын» повесть ретінде де, фильм ретінде де жоғары бағалануы кейінгі қазақ балалар прозасына серпіліс бергені анық. Бірақ Қожадай кейіпкерлерді қайталау емес, жаңа кейіпкерлер керек болды. Солардың ішінде балалар бойындағы қайшылықтың сырына үнілген тұстарда осы кезең туындылары өзгеше зерттеуді қажет етеді. туындыларын еске аламыз.

Қорытынды

1960-1990-ж.ж қазақ балалар прозасына бірнеше сипаттар тән болды.

- 1 Балалар бейнесі барынша жарқырай ашылды.
- 2 Қоғам мен табиғаттың түрлі жайлары шығарма тақырыбына айнала алды.
- 3 Қоғамдағы қайшылықтар бала бейнесі арқылы да көрінді.
- 4 Бала – мектеп, бала – отбасы, бала – қоғам болып әлеуметтік, қоғамдық сипаттар ашыла бастады.
- 5 Шығарма идеясы да тар шеңберде қалып қоймай еркін оймен өрнектелуімен ерекшеленді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Ахметов, Ш.** Қазақ балалар әдебиетін очеркі. – Алматы, 1966. – 356 б.
- 2 Қазақ совет балалар жазушылары. – Алматы, 1987. – 212 б.
- 3 Советская детская литература под ред. В. Д. Розовой. – М., 1978. – 438 с.
- 4 **Капасова, Б.** Қазақ балалар әдебиеті (60–90 ж.ж) – Павлодар: ЭКО, 2001 – 125 б.
- 5 **Байбота Қошым** Ноғай Балалар үшін ғана керек пе? <https://gu-gu.kz/m/16235>
- 6 **Ыбырайым, Б.** Қазақ балалар прозасы [Электронды ресурс]. – <https://el.kz/kz/news/archive/content-1118>
- 7 Қазақ совет балалар жазушылары. – Алматы, 1987. – 212 б.
- 8 Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы 1 және 2-кітаптар. / Ш. Ахметов хрестоматиясы негізінде қайта өңдеп, құрастырған Б. Капасова – Арман-ПВ, 2007, 2008. – 315 б., – 319 б.
- 9 **Елікбаев, С.** Қазақ өлең өрнегі (1960–80 ж.ж.) – Павлодар : ЭКО, 2001. – 128 б.
- 10 **Ахтанова, А.** Қазақ балалар драматургиясы. – Астана: Фолиант, 2003. – 156 б.

References

- 1 **Akhmetov, Sh.** Qazaq balalar ádebietin ocherki. [Essay on Kazakh children's literature]. – Almaty, 1966. – 356 p.
- 2 Qazaq sovet balalar jazýshylary. [Kazakh Soviet children's writers]. – Almaty. – 1987. – 212 p.
- 3 Sovetskaja detskaia literatýra. [Soviet children literature .Ed. V. D. Rozova: – Moscow, 1978, 438 p.
- 4 **Kapasova, B.** Qazaq balalar ádebieti (60-90 jj.) [Kazakh children's literature] (60-90 years) – Pavlodar: EKO, 2001 – 125 p.
- 5 Baibota Qoshym Noǵai Balalar úshin ǵana kerek pe? [Baibota Koshim Nogai only for children?]. [Electronic resource]. – <https://gu-gu.kz/m/16235>.
- 6 **Ybyrayym, B.** Qazaq balalar prozasy [Kazakh children's prose]. [Electronic resource]. – <https://el.kz/kz/news/archive/content-1118>
- 7 Qazaq sovet balalar jazýshylary. [Kazakh Soviet children's writers]. – Almaty, 1987. – 212 p.
- 8 Qazaq balalar ádebietiniń hrestomatiasy 1 jáne 2-kitaptar. [Anthology of Kazakh children's literature Books 1 and 2]. Edited and compiled on the basis of the anthology of Sh. Akhmetov B. Kapasova – Arman-PV, 2007, 2008. – 315 p., – 319 p.

9 **Yelikpayev, S.** Qazaq óleń órneǵi (1960-80 jj.). [Kazakh poetic expression (1960-80)] – Pavlodar: EKO, 2001. – 128 p.

10 **Akhtanova, A.** Qazaq balalar dramaturǵiasy. [Kazakh children's drama]. – Astana: Foliant, 2003. – 156 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Капасова Б. К., Еликпаев С. Т., Жуманбаева Р. О.

Художественные особенности казахской детской прозы 1960-90 гг.

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье анализируется состояние развития казахской детской литературы в 1960-90 годах. В 1960-1990 годах в казахской детской литературе раскрываются тематические, идейные особенности, художественные приемы создания образов персонажей. Особое значение придается произведениям прозаического характера в создании нового персонажа казахской детской литературы. Политико-социальные изменения в обществе принесли в литературу новые восклицания. Это также оказало положительное влияние на детскую литературу. Развитие детской прозы отличалось разнообразием образцов новых персонажей, новыми темами. Тема предыдущей школы теперь открывает возможности для широкого пространства Детского мира. Этот мир проявился новыми чертами, отличными от мира взрослых. Прозаические произведения наряду с более точным показом изображений общества, определяются противоречия характера, раскрываемость бытия этого периода. Новые прорывы изменений в обществе, приводящие к казахской детской прозе, сделали новых детей в литературе. У них своя свобода и разумность, отличающаяся сохранностью детского характера. Поэтому казахские детские повести 1960-90 годов считаются востребованными на сегодняшний день этапами обучения. Для современного этапа информационных технологий отмечается, что данный этап должен быть проанализирован, герои должны быть изучены повторно.

Ключевые слова: проза, детская литература, герой, детский мир, тема, идея, новаторство.

Artistic features of Kazakh children's prose 1960-90

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 18.09.20.

The article analyzes the state of development of Kazakh children's literature in 1960-90. In 1960-1990, the Kazakh children's literature reveals thematic, ideological features, and artistic techniques for creating images of characters. Special importance is attached to prose works in creating a new character of Kazakh children's literature. Political and social changes in society brought new exclamations to literature. It also had a positive impact on children's literature. The development of children's prose was characterized by a variety of samples of new characters, new themes. The theme of the previous school now opens up opportunities for a wide space of the Children's world. This world has developed new features that are different from the world of adults. Prose works, along with a more accurate display of images of society, determine the contradictions of character, the disclosure of the existence of this period. New breakthroughs of changes in society, leading to Kazakh children's prose, have made new children in literature. They have their own freedom and intelligence, characterized by the preservation of children's character. Therefore, Kazakh children's stories of 1960-90 are considered to be in demand in today stages of training. For the current stage of information technology, it is noted that this stage should be analyzed and the characters should be studied again.

Keywords: prose, children's literature, character, children's world, theme, idea, innovation.

FTAMP 16.21

<https://doi.org/10.48081/OMHW9141>

А. Т. Қожахметова, А. Алдабердіқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ

Берілген мақалада ағылшын тіліндегі ауызекі сөйлеу маңыздылығы қарастырылған. Сондай-ақ, сөйлеу дағдыларын бағалау барысында оқытушылардың тест жүйесін жиі қолдану қажетсіздігі айтылады. Мақалада оқытушыларға көмек ретінде сөйлеу дағдысын бағалау үшін қолданылатын бағалау өлшемдері сипатталған: біз білім алушылардың ағылшын тілінде сөйлеуге қабілетін бағалағанда нені қарастыруымыз қажет? Мақала алдымен мұғалімдер ауызекі сөйлеуді бағалауда қолданатын өлшемдер шеңберімен, және бағалаудағы рубриканы қалай құруға болатындығын қарастырады. Білім алушылардың шет тілін оқып үйренуін бағалау мәселелерін қарастыру қазіргі таңдағы түбегейлі өзгерістерге байланысты, оқу тәжірибесінде де, әдістеме ғылымында да ерекше маңызға ие. Сол себепті, келесі пайымдар негізінде сөйлеу дағдыларын бағалауға ерекше көңіл бөлінеді: біріншіден, коммуникативтік дағдылар ағылшын тілін оқытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады; екіншіден, оқыту тәжірибесінде ауызекі сөйлеу дағдыларын бағалау мәселесі қалыптасып келеді. Оқытушылардың басым көпшілігінде мұндай бағалауда біршама тәжірибе жинақталған. Алайда, ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу дағдыларын бағалау, әсіресе барлық оқу кезеңіндегі қорытынды бағалау бұл қазіргі заманғы білім беру жүйесінің шешімін қажет ететін белгілі бір дәрежеде жаңа мәселеге ие.

Кілтті сөздер: ауызекі сөйлеу, сөйлесім дағдылары, бағалау өлшемдері, коммуникация, бағалау шкаласы, рубрика.

Кіріспе

Ауызекі сөйлеуді жақсы білетін, сондай-ақ шет тіліндегі әдебиеттермен жұмыс істеуге дайындалған мамандарға қажеттілік артып келеді. Бұл шет тілдерін оқыту тәжірибесіндегі елеулі өзгерістерге ықпал етеді, мұнда коммуникативті әдіс үстемдік ететін тәсілге айналады, білім

алушыларбірінші сабағынан бастап өздері үйренетін тілде сөйлесуді үйренеді. Сөйлеу дағдыларын бағалау, әсіресе мемлекеттік білім беру стандарты ұсынған оқудың барлық кезеңі үшін белгілі бір дәрежеде жана болып табылады. Сондықтан, бағалау мәселелерін шет тілінде зерттеу бүгінгі таңда ерекше өзекті болып табылады. Минималды талаптардың бірлігі отандық әдістеме үшін жана болып табылатын сөйлеуді оқытуды бағалаудың объективті нысандары мен әдістерін құруды талап етеді. Сонымен бірге, сөйлеу дағдыларын бағалау мәселелері жеткілікті дамымағандығын мойындау керек: бірқатар теориялық сұрақтар қарастырылмаған, тестілеудің ерекшеліктері нашар ашылған [1, 5-8]. Сондықтан бұл мәселені қарастыру теориялық және іс-тәжірибелік жағынан оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқаулығын құрастырудың бастапқы нүктесі бола алады.

Зерттеудің нысаны: ағылшын тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдыларын бағалау үрдісі.

Зерттеудің пәні: ағылшын тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдыларын бағалаудың объективті өлшемдері.

Мақсаты: оқыту үдерісінде оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын бағалаудың объективті өлшемдерінанықтау.

Міндеттері:

- оқушылардың ағылшын тілінде коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудағы бағалаудың маңыздылығын қарастыру;
- ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын бағалаудағы қиындықтарды анықтау;
- ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын бағалаудың объективті бағалау өлшемдерін анықтау;
- оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруды бағалауға арналған тапсырмаларды қарастыру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: Мақсат пен міндеттерге сәйкес біз келесі әдістерді қолдандық: теориялық - талдау (зерттеу сұрақтары бойынша лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге аналитикалық шолу); синтез (теориялық материалды сипаттау, синтездеу); түсіндіру (түсіндіру, салыстыру);

Ауызша сөйлеу үрдісі күрделі үрдістердің бірі болып табылады. Себебі, біршама жағдайлар мен факторларды талап етеді. Е. А. Смирнова сөйлеу коммуникациясын дамытудың қажетті жағдайларына тікелей қарым-қатынастың табыстылығы немесе табыстылығының болмауы екенін атап өттеді [2, 34]. Дегенмен де, бүгінгі таңға дейін бақылаудың материалдық объектісін шешу мәселесіне нүкте қойылмады. Бұл бағытта И. Л. Бим коммуникативтік құзіреттілік деңгейі бойынша оқушылардың сөйлеу

әрекетін және шет тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастырудағы ілгерілеуді толық бақылап, түзету жұмыстарын жүргізді [3, 3].

Қазіргі таңда сөйлеу дағдыларын бағалау біршама артта қалып отыр. Мұғалімдердің көпшілігі «егер сіз ауызша сөйлеуді ынталандырғыңыз келсе, онда ауызша сөйлеу қабілетін сынап көріңіз» деген пікірді ұстанады [4, 44]. Мұғалімдер сөйлеу дағдысын бағалаудың дұрыстығына сенімсіздік көз қарас танытады. Мұндай мәселелерге: уақыт тапшылығы, ауызекі сөйлеуді тексеруге арналған құралдарды табудың тәжірибелік мәселесі; өнімді және жүйелі сөйлеу тапсырмаларын жобалау мәселесі; дәйекті болу мәселесі. Сондай-ақ бағалау кезінде қандай өлшемдерді қолдану керектігін анықтау - тағы бір мәселе болып табылады. Топтық пікірталас, монологтық және диалогтық тілдесім сияқты түрлі сөйлеу әрекеттеріндеоқушыларға әртүрлі талап қойылады. Сөйлеу әрекеттері дайындықтың әртүрлі деңгейлерін талап етеді, және оқушылардың қаншалықты деңгейде орындағанын бағалау үшін бағалау өлшемдері тиімді қолданылуыкерек [5]. Бен Найт ауызша сөйлеуді бағалаудың келесі өлшемдерін ұсынады: грамматика, лексика, айтылым, сөйлеудің еркіндігі, қарым-қатынас дағдылары, лингвистикалық дағдылар, тақырыпты менгеру. Зерттеушінің пайымы бойынша жоғарыда атап өтілген бағалау өлшемдері қолдануға тиімді, алайда әр бір жеке тапсырмаға барлық бағалау өлшемдерін қолдану шарт емес [6]. Айтылым, лексика, грамматика, коммуникация, қарым-қатынас және еркін сөйлеу - оқушының жалпы сөйлеу қабілетінің белгілері болып табылады.

Айтылым: Тіл үйренудің негізгі сапасы. Оқушылар айтылып отырған сөйлем түрлеріне дұрыс жазылуды қолдана ма? Олар сұрақтың қосылуы сөйлемнен өзгеше екенін біле ме? Оқушылардың айтылымын бағалау кезінде мұғалімдер нақты айтылған сөздерді, әдеттен тыс орфографиялардың тиісті айтылымдарын, ассимиляция мен интонацияны қысқартылымдарды айтылымын тыңдауы қажет.

Лексика: Оқытушы оқушының танымдық сөздік қорын ынталандыруды көздеуі қажет. Сол себепті оқушылардың сөздік қор деңгейін бағалау тиімді [7, 147]. Олар осы сіз үйреткен нақты сөздік қорын қолданып жатыр ма? Өздері сөйлеп отырған контекстке сәйкес сөздік қорды қолдана ма? Оқушылардың сөздік қор деңгейін бақылап, қаншалықты деңгейде қолдаусыз сөзді жеткізе алатындығына сәйкес деңгейлерін анықтауға болады.

Грамматика: Грамматика әрдайым шет тілін оқытудағы маңызды мәселе болып қала береді. Оқушылар сөйлеу әрекетінде сіз үйренген грамматикалық құрылымдар мен құралдардың қолдануын бақылап тыңдай біліңіз. Олар сөйлеу әрекетінде бірнеше шақтарды қолдана алады ма? Сөйлемдегі сөз тәртібі дұрыс па? Мұның бәрі маңызды грамматикалық мәселелер болып табылады, сондықтан тиімді баяндамашы оларды өз тілінде сәтті қолданады.

Коммуникация: Оқушы грамматика мен айтылыммен күресе алады, бірақ ол өзі білетін тілмен байланыс жасауда қаншалықты шығармашыл бола алады? Оқушылардағы коммуникацияны бағалау дегеніміз олардың ойларын түсіну үшін олардың білетін тілді шығармашылық тұрғыдан қолдануын қарау. Кейбір оқушылар лексикалық және грамматикалық деңгейінің төмендігіне қарамастан тамаша коммуникациялық қабілетке ие, ал деңгейі жоғары оқушы тілдесімде жүйелі сөйлесе алмауы мүмкін, сондықтан коммуникация деңгейі төмен болады. Бұл тараптан оқытушы оқушылардың тілдік шеберлігінің жетіспеуіне қарамастан олардың өз ойын білдіруіне кедергі жасамауы тиіс [8, 159].

Өзара әрекеттесу: Шет тілінде – нені айтатынды білу бұл бір нәрсе, басқалармен қарым-қатынас жасай білу – бұл екінші нәрсе. Оқытушы оқушылардың бір-бірімен тілдесім әрекетін бақылауы қажет. Олар сұрақтарды түсініп, жауап бере алады ма? Әңгіме барысында тиісті жауаптар қайтара алады ма? Мұның бәрі өзара әрекеттесу элементтері және ағылшын тілінде нақты және тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажет. Тиімді өзара әрекеттесу қабілеті бар оқушы сұрақтардың мазмұнын түсініп жауап бере алады.

Сөйлеудің еркіндігі: Оқушыларға ауызша сөйлеу қаншалықты ыңғайлы? Сөздер қаншалықты деңгейде оңай жеткізіледі? Білім алушының сөйлеуінде үлкен үзілістер мен олқылықтар бар ма? Ауызекі сөйлеу басқа тілдік дағдылармен бірдей деңгейде дамымайды. Сіз өте жақсы грамматиканы біле тұра, бірақ әлі де еркін сөйлей алмайсыз. Ауызекі сөйлесуде өзіндік ойды еркін жеткізе алу сөйлеуді бағалау кезінде маңызды өлшемдердің бірі болып табылады.

Сөйлеу әрекетіне бағытталған тапсырмалар. Бағалау үшін қандай сөйлеу тапсырмалары бар? Кәдімгі сыныптық жұмыста: ұсынылған суретті сипттау; рөлдік ойындар; ауызша баяндамалар; құрылымды сұхбат; құрылмаған сұхбат; жұптық, топтық жобалау жұмыстары туралы ақпараттар алмасу. Егер сіздің уақытыңыздың тапшылығына сай «бір мұғаліммен үш оқушы» әрекеті бағалаудың өте жақсы тәсілі болып табылады, яғни өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін топтық тапсырмалар жиынтығын ұсыну арқылы бақылау және бағалау [9].

Сөйлеуді бағалау шкаласын қолдану. Мұғалімдер рубрикамен, әртүрлі өлшемдері бар кестелермен және бағалау шкаласымен бағалау ұғымымен таныс. Жоғарыда атап өтілген сөйлеуді бағалау өлшемдерін тандап, оларды парактың сол жағына жазыңыз. Содан кейін беттің жоғарғы жағына бағандар санын жасаңыз. Төрт – ең оңай, егер бұл сіздің алғашқы рубрикаңыз болса. Бұл бағандар оқушылардың шеберлік деңгейлерін көрсетеді. Әр өлшемдер бойынша төрт деңгейдің әрқайсысында оқушы қандай деңгейге

ие болатындығын анықтаңыз. Мысалы, рубрикада қорықтарды белгілеудің ең қарапайым әдісі: «жоғары нәтижеге ие, орташа нәтижеге ие, нәтижеге шамалы сәйкес келеді, нәтижеге сәйкес келмейді». Әр нөмірге оқытушы немесе бағалаушы сөйлеудің қандай элементтерін іздеуі керек екенін түсіндіретін дескриптор беріледі [10, 139–169].

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, білімді меңгеру үрдісін тиімді басқару және ауызша сөйлеу дағдыларын меңгеру деңгейін сапалы бағалау үшін объективті көрсеткіштер негізінде тәуелсіз бағалау жүйесі қажет. Мұғалімдер үшін жиі кездесетін мәселе - бір сыныпта көптеген оқушы болған кезде сөйлеуді бағалау шындыққа жанаспайтын сияқты. Сол себепті, өлшемдерлер тізімімен үлкен топты бағалау әлдеқайда оңтайлы. Сыныпқа не істейтіндігіңізді түсіндіріп, келесі үш-төрт рет сөйлеу тапсырмаларын (мысалы, оқушылар жұпта немесе топта жұмыс істейді) қойсаңыз, әртүрлі топтарды тыңдап, бірнеше сабақ бойынша бағалауды кеңейтіңіз, тыңдаңыз және әр түрлі тапсырмалар бойынша бағалауыңызды түзетіңіз. Оқытушылар оқушылардың сөйлеу әрекетін тоқсан бойы бақылап, тыңдап және бағалау өлшемдерін объективті қолданудың нәтижесінде олардың осы салаларда қаншалықты деңгейге жақсарғанына куә бола алады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Миролюбова, А. А.** Вопросы контроля обученности учащихся иностранному языку. – Обнинск : Титул, 2001. – 79 с.
- 2 **Смирнова, Е. А.** Формирование коммуникативной компетентности. Теория и практика проблемы : Монография. – Шуя : Издательство «Весть», 2006. – 132 с.
- 3 **Бим, И. Л.** К проблеме уровня обученности иностранным языкам выпускников полной средней школы. – 1998. – С. 3–4.
- 4 **Hughes, A.** Testing for language teachers. – Cambridge: Cambridge University Press, 1989. – 176 p.
- 5 **Климентенко, А. Д.** Контроль в обучении иностранным языкам учащихся средних профессиональных учебных заведений. – М., 1979.
- 6 **Knight, B.** Assessing speaking skills : a workshop for teacher development In ELT Journal. – 1992. – Vol. 46. № – 3. – p. 294–302.
- 7 **Шатилов, С. Ф.** Методика преподавания немецкого языка в средней школе : Учебник для студентов педагогических институтов. – М : Просвещение, 1986. – 147 с.
- 8 **Пассов, Е. И., Царьков В. Б.** Коммуникативные концепции обучения. – М. : Высшая школа – 1993. – 159 с.

9 **Заремская С. И., Слободчиков, А. А.** Развитие инициативной речи студентов. – М., 1983. – 201 с.

10 **Luoma, S.** Developing speaking tasks. In Assessing speaking. – Cambridge: CUP, 2004. – P. 139–169.

References

1 **Miroljubova, A. A.** Voprosy` kontrolya obuchennosti uchashhixsya inostrannomu yazy`ku. [Questions of control of students' foreign language learning] – Obninsk : Title, 2001. – 79 p.

2 **Smirnova, E. A.** Formirovanie kommunikativnoj kompetentnosti. Teoriyai praktika problemy`. [Formation of communicative competence. Theory and practice of the problem.]. – Monograph. – Shuya : Publishing house «Vest», 2006. – 132 p.

3 **Bim, I. L.** K probleme urovnya obuchennosti inostranny`m yazy`kam vy`pusknikov polnojsrednej shkoly`. [On the problem of the level of foreign language training of graduates at secondary school]. 1998. – P. 3–4.

4 **Hughes, A.** Testing for language teachers. – Cambridge : Cambridge University. Press, 1989. – 176 p.

5 **Brejgina, M. E., Klimentenko, A. D.** Kontrol` v obuchenii inostranny`m yazy`kam uchashhihsya srednihprofessional`ny`h uchebny`h zavedenij. [Control in teaching foreign languages to students of secondary vocational educational institutions]. – М., 1979.

6 **Knight, B.** Assessing speaking skills : a workshop for teacher development. In ELT Journal. – 1992. – Vol. 46, № 3. – P. 294–302.

7 **Shatilov, S. F.** Metodika prepodavaniya nemeczkogo yazy`ka v srednej shkole. [Methods of teaching German at secondary school]. – Moscow : Education, 1986. – 147 p.

8 **Passov, E. I., Tsarkov V. B.** Kommunikativny`e koncepczii obucheniya. [Communicative teaching concepts.]. – Moscow : Higher school. – 1993. – 159 p.

9 **Zaremskaya, S. I., Slobodchikov, A. A.** Razvitiieinicziativnoirechistudentov. [Zaremskaya S.I., Slobodchikov A. A. Development of students' initiative speech.]. – М., 1983. 201p.

10 **Luoma, S.** Developing speaking tasks. In Assessing speaking. – Cambridge : CUP, 2004. – P. 139–169.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

А. Т. Кожяхметова, А. Алдабердіқызы

Критерии оценивания говорения на английском языке в процессе обучения

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В данной статье навыки устной речи являются важной частью обучения английскому языку. Трудности в оценке устных навыков часто приводят к тому, что учителя используют недостаточные устные опросы, тесты, или даже не оценивают навыки говорения. В данной статье описываются критерии оценки используемые для оценки навыков устной речи в помощь учителям. В вопросе устной оценки на что нам следует обращать внимание? В статье рассматривается вопрос о том, как учителя могут построить рубрику в соответствии с критериями используемыми для оценки речи. Рассмотрение проблем контроля обученности учащихся иностранному языку приобретает особую важность в связи с коренными изменениями, в практике преподавания, так и в методической науке. Особое внимание оцениванию речевых умений обусловлено следующими соображениями. Во-первых, именно коммуникативные умения являются основным показателем обученности учащихся иностранному языку. Во-вторых в практике все еще преобладает оценивание коммуникативных навыков, и у учителей имеется значительный опыт подобного контроля. Контроль же коммуникативных умений, особенно итоговый, является в известной мере новым.

Ключевые слова: говорение, коммуникативные навыки, критерии оценки, коммуникация, шкала оценки, рубрика.

А. Т. Кожяхметова, А. Алдабердықызы

Assessment criteria of speaking skills in the learning process

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 18.09.20.

In this article, speaking skills are the most important part of English foreign language teaching, and yet the problems in assessment of oral skills often lead teachers into using insufficient oral tests or even not evaluating speaking skills. This article outlines assessment criteria used to evaluate

learners speaking skills to help teachers with the issue of oral assessment in the learning and teaching process. What should we look for when we evaluate learner's ability to speak English? The article represents the range of criteria that teachers use in such evaluation and creation of rubrics. Particular attention should be paid to the following considerations. Firstly, it is communication skills that are the main indicator of students' learning a foreign language. Secondly, in practice, the assessment of communication skills still prevails, and teachers have significant experience of such assessment. However, the assessment especially the final evaluation, is to a certain extent new.

Keywords: speaking, communicative skills, assessment criteria, communication, assessment scale, rubric.

FTAMP 16.21.43

<https://doi.org/10.48081/HLII4833>**Ж. А. Құсайынова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

«ӨКІНУ» МОДАЛЬДІ РЕҢКІНІҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Синтаксистегі құрылымдық бағыттың бүгінгі жетістіктері модальділік категориясының барлық ерекшелігін қамти алмай отыр. Модальділік тақырыбы зерттелген еңбектерде іс-әрекеттің ақиқат шындыққа қатысы, реалды, ирреалды іс-әрекет жан-жақты талданып, объективтік модальділік мәселесі ғана талданады. Ал сөйлеу тілінде жанданатын субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілері әлі де саралауды қажет етеді. Осыған орай, мақалада субъективтік модальділіктің мүмкіндіктерін айқындап, тілдік инсанның психолингвистикалық сипаттарына назар аударып, субъектаралық қарым-қатынаста, сөйлеу әрекетінде жанданатын, тұтас мәтін деңгейіндегі семантикалық байланыс негізінде жүйеленетін күрделі құрылымын толыққанды зерделеу үшін, функционалды бағытта талданған зерттеу нәтижелері ұсынылды. Субъективтік модальділіктің тілде көрініс беріп, белсену сатысын жүйелеу, бұл санат белгілерінің сөйлеу тілінде қозғалысқа түсуін, тілдік амалдардың көп функциялы қызметін негізге ала отырып, модальділік санатының күрделі грамматикалық құрылымын ажыратуда мәтін деңгейіндегі салыстырулардың қажеттілігін анықтау өзекті мәселелердің қатарына жатады. Мақалада «өкіну» модальді мәнінің жасалу жолдары талданған. Лингвистикалық саралау нәтижесінде, «өкіну» модальді мәнінің мәтін аясындағы жасалу жолдары үш аспектіде, яғни құрылымдық-грамматикалық, контекстегі семантикалық ұйысым және когнитивтік аспекті негізінде қалыптасатындығы дәлелденген.

Кілтті сөздер: модальділік, модальді мән, мәтін, семантикалық ұйысым, құрылымдық-грамматикалық, когнитивтік аспекті.

Кіріспе

Субъективтік модальділіктің ішкі мәндерін кейде бір сөйлем аясында айқындасақ, көп жағдайда бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен, кейде көркем

шығармада тарауаралық байланыстағы сөйлемдердің семантикалық байланысынан ғана анықтай аламыз. Сондықтан бұл санаттың жекелеген семантикалық мәндері мұқият талдауды, жасалу жолдарын үнемі толықтырып отыруды қажет етеді.

Зерттеудің нысаны: субъективтік модальділіктің бір тармағы «өкіну» модальді мәнінің жасалу жолдары.

Зерттеудің пәні: қазіргі тіл біліміндегі мәтін теориясы мәселелері.

Мақсаты: «өкіну» модальді реңкінің грамматикалық белгілерін айқындап, модальділік категориясының құрылымдық грамматика, функционалды және когнитивтік бағыттардың түйісуінен жүйеленетін күрделі табиғатын сипаттау.

Міндеттері:

Модальділік категориясының ішкі мәндерінің жасалу жолдарын толықтыру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Модальділік категориясының бір тармағы болып табылатын «өкіну» модальді мәнінің жасалу жолдары шығарманың композициялық тұтастығын сақтай отырып талдауды қажет етеді. К. Ахметованың «Үлбір сұлу» поэмасы аясында салыстырсақ, «өкіну» модальді мәнінің үш түрлі тәсілмен толығынын ажыратуға болады.

Біріншіден, өкіну реңкі бір сөйлем құрылымында тікелей талдауға мүмкіндік беретін, құрылымдық грамматика аясындағы формалар арқылы көрініс береді.

Үлбірдің ерекше екен мерей гүлі,
Ауылдың қырындайтын көбейді ұлы.
Асқақ та сұлу екен айрықша, әттең,
Айыбы – әкесінің кедейлігі
(К. Ахметова).

Жүректі жиі қақтырған,
Сезімталдыққа үйретпей.
Баулыған едім сабырға,
Еркек боп тусаң, амал не,
Қайысты бүгін қабырға
(К. Ахметова).

Келтірілген үзінділерден «өкіну» модальді реңкінің ашық формалары қатарынан орын алатын «әттең», «амал не» қыстырма сөздерінің көмегімен модальді мәнді бірден анықтай аламыз (яғни, құрылымдық грамматика аясында).

Екіншіден, «өкіну» модальді реңкін тілдік құрылымдардың сөйлемаралық немесе контекстегі сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық ықпалдасуына мән беру арқылы ажыратамыз.

Санамен сөндіре алмай отын іштің,
Жүректен алаулайды жетім ұшқын.
Жүрегін жыр мен өлен жұбатады.
Той көрмей,
Торда отырған тоты құстың
(К. Ахметова).

Бұл үзіндіде орын алған астарлы «өкіну» реңкін анықтау үшін, оқырманға контекстегі басқа сөйлемдермен мағыналық байланысты іздеуге тура келеді. Яғни, функционалды синтаксис заңдылықтарының модальді мәнге әсері осындай грамматикалық құбылыстар байланысын талдағанда, табиғи түрде көрініс беріп, белсенеді. «Сондықтан бұл сияқты сөйлемдерге коммуникативтік тұрғыдан, орамды сөйлеу, контекст тұрғысынан қарауымыз керек» [1, 64 б.]. Модальді мәнді толықтай түсіну үшін, оқырманға төмендегі үзінді мен алдыңғы үзіндіні семантикалық тұрғыдан бірлікте қарау қажет етіледі.

Қара көз хабар берер зеректі ойдан,
Табылар мұңаярлық себеп бойдан.
Ұлына бір шонжар бай атастырып,
Туғаннан қалың малын төлеп қойған
(К. Ахметова).

Төлеп қойған екен байлар малын бір,
Азат басқа азап болды-ау қағынғыр.
Бесіктегі жас балаға жар дейді,
Жанған шамдай жарқыраған ақ Үлбір!
(К. Ахметова).

Поэма контекстінде «өкіну» субъективтік модальді мәннің үнемі ашық тірек құрылымдар арқылы жүйелене бермейтіндігі көзге түседі. Бұл тұста астарлап жеткізу функциясын атқаратын синтаксистік бірліктердің прагматикалық-когнитивтік қызметі негізгі талдау нысаны ретінде сипатталады. Синтаксистік бірліктердің прагматикалық-когнитивтік мүмкіндіктері модальді мәннің жасалу жолын кеңітеді, сондай-ақ, лингвистикалық бағыттың прагматикалық-когнитивтік-танымдық бағытпен түйісетін тұсын анықтауға мүмкіндік береді.

Прагматикалық-когнитивтік-танымдық ықпалдарға: салт-дәстүр, ұлттық мәдениет, әлеуметтік ортадағы жағдаяттарды жатқызамыз. Аталған

бейлингвистикалық ықпалдардың әсері бір контекст аясында көріне бермейді. Олардың орны тұтас мәтін құрылымынан анықталады.

Пәк болса да жауыздыктан, күнөдан,
Мұңсыз болып қала алмайды бұл адам.
Азаттыққа жеткізсе де ағасы,
Көкірегінде көгілдір мұң туады ән
(К.Ахметова).

Жаңа өмірі жалғасқанда гүл қыздың,
Жүрегінде жатты салқын жұлдыз мұн.
Жұлдыз мұны сағынышы еліне,
Тамып түскен топырағына қырғыздың
(К.Ахметова).

Алынған үзінділерде астарлы көрініс беретін кейіпкер жүрегіндегі өкінішті сезімді құрылымдық немесе функционалдық грамматика аясында талдау жеткіліксіз. Оқырман оның астарын ұлттық мәдениет, ұлттық таным тұрғысынан талдау негізінде ғана түсіне алады. Қазақ халқында «туған ел, туған жер» концептісі – қасиетті ұғым. Халқымыз өмірге келгеннен баланың бойына туған жердің қасиетін сіңіреді. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп, туған елін «еркіндіктің, қамқорлықтың ортасы», «ата-бабасының мұрасы», «еркелеткен ата-ана, еркін жүрген жан ұясы» деген түсініктермен сабақтастырады. Туған жердің қадірін жасы ұлғайған сайын терең сезінген ата-бабамыз, тіпті, жаратқаннан өз елінде туып, өмір сүруді, сол туған жерінің бір уыс топырағының бұйыруын тілеген, арман еткен. Оның астарын халқымызда «туған жер» концептісінің жеке этностық құндылыққа айналғанымен түсіндіреміз. «Осылайша тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер типі пайда болады» [2, 7 б.].

Екінші жағынан, «Туған жер» лексемасын қолданғанда міндетті түрде адамның өзіне меншіктеу қасиетінің басымдығын көруге болады. Оны туған жерге қатысты мақал-мәтелдерден айқын аңғаруға болады. Тілімізде мұндай мақал-мәтелдердің саны біршама. Мәселен: Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы. Әркімнің өз жері – жұмақ. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Өз елім – өлең төсегім. Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын т.б. Бұдан құрылымдық, функционалдық грамматика мен ұлттық құндылықтар әсерінен пайда болатын когнитивтік-прагматикалық бағыттар бірін бірі толықтыра келе, қашан да үздіксіз байланыста дамитыны дәлелдене түседі. Себебі «қазақ тілтанымның өзегін адамзаттың өмір сүру, қоғамда тіршілік ету ұстанымдары, жеке этностық құндылықтары мен мәдени нормалары құрайды» [3, 12 б.]. Келтірілген поэма үзіндісінде көрініс берген «өкіну» модальді реңкін автор-субъекті ұлттық

құндылықтармен ұштастырып, шынайы табиғатын бұзбай, шығарма идеясын эмоциялық-психологиялық тұрғыдан әсерлі жеткізуде, өзіндік ізденісін қалыптастырып, авторлық көзқарасын ұтымды шеберлікпен бейнелеуге қол жеткізген. Әрине, мұндай дара тәсілдер әр автордың мақсатты ізденісі болып табылады. Бұған қатысты И. Гальпериннің пікірімен толықтырсақ: «Эта авторская оценка изображаемого всегда связана с поиском адекватных способов выражения. Способы выражения этого отношения и оценки могут быть различными, избирательными для каждого автора и разновидности текста, они мотивированы и целенаправленны» [4, 127 б.].

Ал көркем шығармада ұлттық құндылықтардың көрініс беруінің маңызын зерттеуші Н. Уәли: «Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Сөйлеуші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың сөз мәдениеті үшін мәні ерекше» деп қорытады [2, 8 б.].

Когнитивтік аспектіде сараласақ, талдауға негіз болған үзіндіде субъектінің көзқарасына астарлы терең мағына беріп, эмоциялық бояу үстеп, қабылдауға әсерлі құрылым деңгейіне көтеріп тұрған – «туған жер» ұлттық-мәдени концептісінің этнотанымдық бояуы. Демек, «тіл – ойды жеткізудің негізгі құралы болуымен қатар, рухани құндылықтарды танып білудің, ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі» [5, 42 б.]. Оның себебін ғалым Р. Құл-Мұхамед сипаттай келе: «Ұлттық өзіндік сана басқалардан бөлектенетін, өз өмірі көріністерінің бейнеленуі; өзіндік сала этнонимі (өз атауы) діл, ұлттық мінез-құлық, дүниетанымдық т.б. рухани жүйелер тарихы, халықтың білім бастаулары т.б. тығыз байланысты болып келеді» деп қорытады [6, 91 б.].

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, модальділік санатының құрылымы, ішкі мәндерінің қалыптасуы әр автордың дербес жазу машығына сай түрленіп, құрылымдық, функционалды және когнитивтік грамматика заңдылықтары әсерінен толығып отыратын күрделі тілдік заңдылықтар қатарынан орын алады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Жақыпов, Ж. А.** Сөйлеу синтаксисінің сипаттары [Текст] : оқулық. – Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 1998. – 159 б.

2 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері [Текст]: – филол. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 52 б.

3 **Оразалина, Э. Н.** Когнитивтік лингвистика : қалыптасуы мен дамуы [Текст]. : – Алматы : АН Арыс, 2007. – 312 б.

4 **Гальперин, И. Р.** Текст как объект лингвистического исследования [Текст]: – М. : УРСС, 2004. – 138 с.

5 **Қоянбекова, С. Б.** Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері [Текст]: – Филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – Алматы : 2008. – 52 б.

6 **Құл-Мұхамед, Р. А.** Қазақ мәдениеті құндылықтарының қалыптасуы мен дамуы [Текст]: – Философ. ғыл. канд... дис. – Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2000. – 156–157 б.

7 **Аймұхамбет, Ж., Әлімұлы, А.** Қазақтың 100 поэмасы [Текст] : – Алматы : Жазушы, 2013. Т. 5 – 376 б.

8 **Тураева, З. Я.** Лингвистика текста и категория модальности [Текст] // Журнал «Вопросы языкознания». – 1994. – № 3. – С. 105–114.

9 **Арнольд, И. В.** Стилистика декодирования [Текст] : – Л. : ЛГПИ, 1974. – 76 с.

10 **Қызырова, Ә.** Модальдық мағына мәселесі [Текст] // Журнал «Қазақ тіл мен әдебиеті». – 2004. – № 5. – Б. 70–74.

References

1 **Zhakypov, Zh. A.** Söleý sintaksisiniñ sıpattary. Oqýlyq. [Properties of speech syntax] [Text] : – Karağanda: QarMÝ baspasy, 1998. – 159 p.

2 **Ýalı, N.** Qazaq sóz mádenietiniñ teorıalyq negizderi. [Theoretical bases of Kazakh speech culture] [Text] : – filol. ғыл. dokt. diss. Avtoref. – Almaty, 2007. – 52 p.

3 **Orazalina, E. N.** Kognitivtik lingvistika : qalyptasýy men damýy. [Cognitive linguistics : formation and development] [Text] : – Almaty : AN Arys, 2007. – 312 p.

4 **Gálperin, I. R.** Tekstkak obekt lingvisticheskogo issledovaniya. [Halperin, I.R. Text as an object of linguistic research] [Text]. – Moscow : ÝRSS, 2004. – 138 p.

5 **Koıanbekova, S. B.** Qazaq tili ekspresivtik stilistikasynyñ negizderi [Basics of expressive stylistics of the Kazakh language] [Text] : Filol. ғыл. doktory ғыlymı dárejesin alý úshin daiyndalğan disertasiynyñ avtoreferaty, – Almaty, 2008. – 52 p.

6 **Kul-Muhammed, R. A.** Qazaq mádenietı qundylyqtarynyñ qalyptasýy men damýy. [Formation and development of the values of Kazakh culture] [Text] // Filosof. ғыл. kand... dis. – Almaty, ál-Farabı atyndaғы QazUÝ, 2000. – 156–157 p p.

7. **Aimukhambet, J., Alimuly, A.** Qazaqtyñ 100 poemasy. [Aimukhambet, Zh., Alimovich, A. 100 Kazakh poems] [Text] : – Almaty: Jazyshy, 2013. 5-tom. – 376 p.

8. **Turaeva, Z.** Lingvistika teksta i kategoriia modalnosti. [Linguistics of the text and the category of modality] [Text]. In Zhurnal «Voprosy iazykoznanıia». – 1994. – № 3. – P. 105–114.

9. **Arnold, I. V.** Stilistika dekodirovaniia [Stylistics of decoding] [Text] : – L. : LGPI, 1974. – 76 p.

10. **Kyzyrova A.** Modalduq maғыna мәselesi [The problem of modal value] [Text]. In Zhurnal «Kazakh til men әdebietı». – 2004. – № 5. – P. 70-74.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Ж. А. Қусаинова

Способы образования модального оттенка «раскаяние»

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,
Казахстан, г.Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Современные достижения структурного направления в синтаксисе не могут охватить все аспекты категории модальности. Категория модальности раскрыта не в полном объеме, только с точки зрения объективной модальности, отношения к реальности, реальным и нереальным действиям, но грамматические признаки субъективной модальности, находящей применение в речи, все еще требуют тщательного изучения. Систематизация уровня отражения модальности, ее активизация в речи, использование признаков этой категории в разговоре, изучение комплексного использования многофункциональных грамматических действий, являющихся основой формирования внутреннего содержания субъективной модальности и определение необходимости сравнения на контекстуальном уровне сложной грамматической структуры категории модальности – актуальные вопросы исследования. В статье проанализированы способы образования модального значения «раскаяние, сожаление». В результате лингвистического анализа доказано, что пути формирования модального значения «раскаяние, сожаление» формируются в трех аспектах: структурно-грамматическом, семантическом, контекстном и когнитивном аспектах.

Ключевые слова: модальность, модальное значение, текст, семантическая организация, структурно-грамматический, когнитивный аспект.

Zh. A. Kussaiynova

Methods of forming a modal shade of «repentance»

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan,

Material received on 18.09.20

The present achievements of the structural direction in the syntax cannot involve all aspects of the modality category. In spite of the fact that the modality is under the permanent consideration only the attitude of activity to reality, real and unreal actions are thoroughly examined and the nature of the objective modality is considered, but the grammar features of the subjective modality being used in speech need to be researched. The systematization of the level of modality reflection and its activation in the speech, the use of this category features in conversations, the examination of the complex use of grammar phenomena known as the basis of the internal significance of the subjective modality, the determination of necessity of the comparison on the context level intended to distinguish the complicated grammar structure of the modality category on the basis of multifunctional properties of grammar phenomena are urgent problems of Kazakh syntax. The article analyzes the ways of forming the modal meaning «repentance, regret». As a result of linguistic analysis, it was proved that the ways of forming the modal meaning «repentance, regret» are formed in three aspects: structural-grammatical, semantic, contextual and cognitive aspects.

Keywords: modality, modal meaning, text, semantic organization, structural-grammatical, cognitive aspect.

FTAMP 16.01.47

<https://doi.org/10.48081/SIHF2643>

Н. Б. Мансұров

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркология ғылыми-зерттеу институты,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

ҚАЖЫ – МҰСЫЛМАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫ

Ұсынылған мақалада тіл тарихында қолданыс тауып келетін «қажы» сөзінің мағыналық сипаты бойынша тілдік материалдар қарастырылған. Басты талдаулар сөздің мазмұны мен мағыналық ерекшеліктеріне орай және өзге үлгідегі нұсқалары негізінде сараланған. Қажы сөзінің төл тілдегі тұлғасы, қалыптасуы, оның айтылуы мен жазылуы сөз етілген. Сөздің мағыналық сипаты айқындалып, оған қоса өзгеріске түскен үлгілерінің тіліміздегі дыбыстардың дыбысталу ерекшелігі нәтижесінде қалыптасуы барынша талданған.

Зерттеу барысында сөздің тілімізде орнығуы, қолданылуы және тұлғалық өзгеріске түсуі, ұғымы мен атқарған қызметтері де сараланған. Қажы сөзінің мұсылмандар қасиет тұтатын жерді зиярат ету мағынасы, тілдік ұғымда қасиет тұтқан нәрсеге ұмтылу, талпыну және ниеттену, ал терминдік мағынасы – қажылық айлары деп саналатын мезгілде Мекке қаласына қажылық жасау шарттары сөз етілген.

Бұл ретте кірме сөздердің автор қандай сөз болмасын ол өзге тілге енген сәтте мағыналық әрі тұлғалық жағынан өзгеріске түсетінін, сондай-ақ кіріккен тілдің дыбыстық ерекшелігіне қарай бейімделетінін, әрі сөздердің айтылуы мен жазылуы жайлы тұжырымды ойлар ұсынған. Ұсынылған ой-тұжырымдар тілші ғалымдардың пікірлерімен ұштасады. Теориялық тұрғыда кірме сөздердің қалыптасуы жайлы мұндай тұжырымдар мен ғылыми көзқарастар автордың өзіндік түйіндер жасауына жол сілтейді.

Кілтті сөздер: кірме сөз, діни лексика, сөздің түбірі, қажылық жасау.

Кіріспе

Тіліміздің лексикалық қорынан көлемді орын алатын сөздер жиынтығының бірі әрі күрделісі өзге тілдерден енген кірме сөздер. Соның

ішінде шығыс тілдері араб, парсы сөздерінің орны ерекше. Олардың қолдану өрісі де мейлінше кең. Осы кірме сөздерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, саралап, талдау жасалған жұмыстар тілімізде жетерлік. Әсіресе, діни сөздерге жасалған зерттеулер жайы бөлек. Діни ұғымдарға қатысты сөздер ақын не жазушы шығармаларына сараптама жасалғанда олардың қандай сөздерді кеңірек қолданғанын және оны қалай, қаншалықты мөлшерде пайдаланғандығын көрсетеді. Осы орайда ақындар мен жазушылардың діннен хабардар болғандығын ескерсек, қай ақын не жазушы қаншалықты діни сауатты болғандығына да көз жеткізуге болады.

Зерттеудің нысаны: тілдік қолданыстағы қажы сөзінің семантикалық мәнін ашу

Зерттеудің пәні: қазақ тілінің семантикасы, этимологиясы

Мақсаты: Тілімізден орын алған діни терминдерді қарастыру, оның негізінде тілдік факторларға назар аудару. Өйткені тіл тарихында тілдік факторлардың алар орны бар. Кез келген халықтың өзара байланысының бір көрінісі діни таныммен байланысты. Алайда оның тілсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сондықтан кезінде батыс пен шығыс елдерін байланыстырып, мәдени қарым-қатынасты жақындатқан көштің бірі – «Ұлы Жібек жолы» болса, сол көштің пайда болуы тек қана сауда жасау мен шаруашылықты дамыту ғана емес, онда халықаралық қатынастар, мәдени һәм саяси маңызы болғанын көрсетеді. Оған қоса бұл сауда жолы тек қана шығыс пен батысты байланыстырып қойған жоқ, ол түркі халықтарын да қамтыды. Соның ішінде түркі халықтарының бір тармағы саналатын қазақ халқы да мұндай байланыстардан тыс қалмады. Олардың тарихы, наным-сенімі мен мәдениеті, тілі және т.б. сол көш арқылы араласқа түсті. Бір сөзбен айтқанда, қазақ даласы да өз кезегінде өзіндік мәдениетті таныстырып, шығыстық және батыстық мәдениетпен қатынасқа түсті. Нәтижесінде лексикалық қор өзге тілдердің сөздерімен толықты. Соның бірі діни терминдер.

Бұл ретте діннің рөлін ерекше атаған жөн. Айталық, Ислам дінінің дүниеге келуі адамзат баласының жаңа сипаттағы танымына жол ашты. Сол арқылы әлемді, оның құрылымын, адам баласының жаратылуын таныды, сондай-ақ ғылым мен мәдениет саласында да жаңаша көзқарастарды қалыптастырды. Басқаша айтқанда, діннің келуі жалпы адамзат баласына жаңа леп әкелді. Жаратылыстану, математика, химия, физика, астраномия, философия, медицина ғылымдары өзінің шарықтау шыңына жетті. Бағдат, Шам, Мысыр, Басра, Куфа қалалары мұсылмандардың мәдениет ошағына айналып, мұсылмандардың ортақ мұрасы, ортақ табысы Ислами бояумен саналы көрсеткішке ие болды. «Ислам мәдениеті фәни түсінік аңғара алмаған, қолы жете алмаған, шешімін табуға ақылы жетпеген ұғымдардың кілтін ашып берді. Мұнын бәрін өте анық, мызғымас һәм сенімді қағидаларға негіздеді» [1, 284 б.].

Міндеттері:

- діни терминдердің орын алуы жайын қарастыру;
- терминнің мағынасын саралау.

Жалпы, Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстан жеріне келуі тек қана діни терминдердің енуіне себепті болып қойған жоқ, онымен бірге жергілікті халықтың мәдениетін көтеріп, өркениеті өсуіне де үлес қосты. Орта Азиядағы Самарқанд, Бұхара, Хорезм, Тараз, Фараб, Сығанақ, Иасы қалаларында ғылыми оталықтар құрылып, онда әлемге танымал болған ғалымдар дүниеге келді. Атап айтар болсақ, Әбу Насыр әл-Фарабидің екінші ұстаз атануы, Қожа Ахмет Иасауидің Орта Азиядағы сол кездегі қол жетпес өркениеттің көшбасшысы болуы, Мұхаммед Мұсаұлы әл-Хорезмидің математика саласындағы ғылыми жаңалықтары, Әбу Райхан әл-Бирунидің ғарыштану, физика саласындағы жетістіктері, Әбу Әли ибн Синаның медицина ғылымындағы ашқан жаңалықтары осы айтылған ойларымыздың айғағы.

Міне осындай жетістіктердің нәтижесінде түркі халықтарының тілінен діни терминдер көптеп орын алды. Олар күнделікті тілдік қолданысқа түсіп, тиісті мөлшерде сөздік қорға еніп кетті. Кейбірі дыбыстық ерекшеліктерге қарай өзгеріске ұшыраса, ал кейбірі сол қалпында орнықты. Көп ретте діндар ғұламалардың қолданысында сөз еткен діни терминдер өзінің төл тілдегі формасын сақтап қалды. Мүмкін бұл қасиетті саналатын Құран Кәрімнің канондық тілінің нормасын сақтап қалу болса керек, бәлкім мағынасын дәл жеткізу мақсатында солай айтып, жазу дәстүрі болған болар. Қалай десек те, мұндай сөздер тілге еніп, орнығып, айналымға түсті.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Тілімізде көптен қолданылып, мағыналық сипаты да жалпыға түсінікті болған діни терминнің бірі – қажы сөзі. Қажы – араб тілінен алынған хадж – Меккеге барып қайтқан адам. Сөздіктегі мағынасы حَجَّ (хаджун) паломник, пилигрим; хаджи [2, 145 б.]. Сөздің түбірі حَجَّ (хәжжа) етістігінен туындаған «киелі жерлерге бару» (құлшылық жасау үшін); қажылық жасау әрекетінен есімге айналған. Сол амалды жасаған адам.

Лексикалық мағынасы қажы (хажы) араб тілінде мұсылмандардың қасиет тұтатын жерді зиярат ету мағынасын білдіреді. Яғни тілдік ұғымда қасиет тұтқан нәрсеге ұмтылу, талпыну және ниеттену, сондай-ақ оны орындауды мақсат тұту. Ал терминдік мағынасы – қажылық айлары деп саналатын мезгілде Сауд Арабиясы корольдігіндегі Мекке қаласының жанындағы Арафат тауында ғибадат жасап, ниет қылу. Содан кейін Қағбаны тауап ету және қажылықтың шарттары негізінде басқа амалдарын орындау. Міне осы ғибадаттарды орындаған адам қажы атанады. Қажы – Мекке қаласына қажылық жасаған мұсылманның құрметті атағы.

Негізі қажылық – Ислам дінінің бес тірегінің бірі. Мұсылмандықтың – бесінші парызы. Шарифат бойынша кәмететке толған, ақыл-есі толық, денсаулығы дұрыс, қаржылық мүмкіндігі бар әр бір мұсылман баласы қажылық парызын өтеуі тиіс. Бұл қасиетті Құран Кәрімде: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық жасау парыз» делінген (Әли-Имран, 97 аят). Ал Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: «Ислам бес негізге құрылған: Алла Тағаладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі деп куәлік ету. Намаз оқу. Зекет беру. Рамазан айында толық ораза ұстау. Қағбаға қажылыққа бару», – деп келеді.

Тағы бір аятында Алла Тағала:

يَفْلَحُ مَن دَجَّ الْوَقُوفُ الْوَتَّعَّرَ الْفَجَّحُ الْوَالْوَيْفُ ضَرْفَ نَمَفٍ تَمُولُ عَمْرُشْنُ أَعْجَلُ
لِيُوقَّتْ لِدَاوَالِ رِيْحٍ نَافٍ أُوْدُوْرَتُوْهُ لَلْمَلْعِي رِيْحٍ نَمٍ أَوْلُ غَفْتِ أَمُوْهُ عَجَّحُ

«Қажылық белгілі айларда өтелетін құлшылық. Кімде-кім сол белгілі айларда құлшылық парызын өтеуге ниет етіп, бел буса, онда қажылық парызын өтеу барысында күнделікті тұрмыста орын алатын жайттарда шарифаттың шеңберінен шығуға, дауласуға және шекісуге, сондай-ақ жұбайлардың бір-бірімен жақындасуына тыйым салынады. Қандай жақсылық жасасаңдар да Алла оны міндетті түрде біліп тұрады. Біліңдер, азықтарыңды жақсылап қамдап алыңдар, ең қайырлы азық – тақуалық!», – дейді (Бақара, 197 аят).

Қажылық сөздікте – «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдірсе, шарифатта – арнайы уақытта, яғни қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зулхиджа айының 10–12 күндеріне дейін арнайы мекенде яғни Сауд Арабиясының Мекке қаласында табылып, арнайы бекітілген ихрамға кіру, Қағбаны жеті айналып тәу ету, Сафа мен Маруа арасында сағий жасау, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсіну ләзім [3, 145 б.].

Фикһ ілімінде де қажылық – балиғатқа жеткен, ақыл есі дұрыс, денсаулығы жақсы әрі қаржылай мүмкіншілігі бар әр бір мұсылманның Алла үшін ғұмырында бір рет шарифат белгілеген мерзімде арнайы шарттарға сай құлшылық рәсімдерін орындау үшін қасиетті мекенді зиярат ету деп келеді.

Қажылық – мұсылмандар арасындағы теңдіктің белгісі. Онда халық іс жүзінде не ұлтқа, не нәсілге бөлінбейді. Неге десеніз, мұсылмандар қажылық кезінде бай-кедей, білімді-білімсіз, ұстаз-шәкірт, шені мен шекпені бойынша да ажыратылмайды, онда кім болса да барлығы дүниелік атақ-лауазымдарына қарамай, бәрі бірдей ихрамға енеді (тігісі жоқ үстіне киілетін киім).

Ихрам сөзінің мағынасы «харам ету» дегенді білдіреді. Қажылық ғибадатын орындау кезінде тыйым салынған, яғни жай уақытта жасауға болатын тігілген киім кию, жыныстық қатынасқа түсу, шарифатқа қайшы келетін амалдар жасауға, т.б. қажылық және умра кезінде рұқсат етілмейді.

Сөздің ихрам кию ұғымы рида – үстіне киілетін киім және изар – белден төмен киілетін киім. Аталған киім тек қана ер кісілерге қатысты, ал әйел кісілерге күнделікті киетін киімдері жарайды.

Қажылықтың мәнін, мазмұнын және ауқымын исламда ерекше құбылыс деп таниды. Оны тіпті ежелгі заманнан тамыр тартатынын сөз етіп, Қағбаға табыну және онымен байланысты ғұрыптарды мұсылмандық дәстүрді Адам пайғамбарға апарып тірейді. Ибн әл-Асирдің айтуынша Қағба орнатылғаннан кейін періште Адаммен бірге Арафат тауына барып, оны оқытты, адамдардың қажылық кезінде орындалатын рәсімдерін үйретті дегенді келтіреді [4, с. 25].

Дініміз Исламда қажылық – бес парыздың бірі. Қажылық (арабша حَجٌّ) – белгілі бір уақытта Меккеге (әл-Харам мешіті) және оның айналасына (Арафат тауы, Муздалифа және Мина алқаптарына) барумен орындалатын амал. Яғни қажылық – исламның шаһадаттан, намаздан, зекеттен және оразадан кейінгі бесінші тірек [5].

Жалпы алғанда, қажылық – мұсылмандар үшін сабырлыққа келу, үздіксіз ғибадат жасап, сол арқылы нәпсіні тыю, өзгені сыйлап, сыпайылық танытудың көрінісі. Бастысы, мұсылман баласының қажылық ғибадаттарын өтеп, қажы атануының бірнеше шарттары бар. Ол жайлы бүгінде дін ғұламаларының айтып, тұжырым жасағандары жетерлік. Оны бөлек тақырып деп санаймыз. Ал тіліміздегі қажы сөзінің түрлі үлгіде қолданылуы қазақ тілінің фонетикалық сипатына негізделген. Мұны сөз етіп, оның негізігі мән-мағынасын айқындау маңызды.

Қажы сөзінің өзге үлгіде қолданылуы тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне байланысты. Айталық, тіліміздің қолданысында әжі сөзі бар.

ӘЖІ І (Өзб., Ташк.) қажы. Бұрынғы ә ж і л е р д е н қалған тұқым қазірде бар (Өзб., Ташк.). «Қызыл Октябрь» колхозының мүшесі Кәдіров Баянбайды өтірік жаламен әкең әжіге барған деп колхоздан шығара жаздаған («Соц. жол», 1939, №1). 97-бет [6, 116 б.].

Тіліміздегі мұндай араб, парсы сөздерінің түрлі үлгіде қалыптасуының бір себебі кей дыбыстардың қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмеуі. Араб тілінің спецификалық дыбыстары саналатын *ح* -хә, *خ* -ха, *ه* -һә дауыссыз дыбыстары қолданыста түрлі таңбалармен бірде *х*, бірде *h*, бірде *қ* әрпімен беріледі. Нәтижесінде бұл дыбыстардың дыбысталуы да әрқалай болып шығады. Бұл жайлы айтылған ғалымдар пікірі де осыған саяды. Бір топ ғалымдар шығыс тілдеріндегі *h* дыбысы қазақ тіліне тән емес, сондықтан әліпбиден мүлде алып тастауға болады десе, енді бірі дауыссыздардың ішінде *х* әрпінің қазақ сөздерінде (негізінен араб, парсы тілдерінен енген сөздерде) жазылуына өте ұқыпты қарау керек. Не морфологиялық, не фонетикалық принципке сай келмесе де, бірсыпыра сөздерде *х* әрпі жазылып, дәстүрге айналып кетті: хат, хабар, халық, мұхит, сахна, -хана [7, 11 б.].

Ал *ح* -ха дыбысының табиғаты біршама өзгеше. Өйткені бұл дыбыстың дыбысталуы жоғарыда келтірген *ح* -хә-ден жуан дыбысталады. Соның салдарынан оның түсіп қалуы да кездеспейді. Кейде *х* дыбысымен алмасатыны көрінеді. Алайда мұның дыбысталуы тіліміздегі *қ* дыбысына сәйкесетіні қолданыста аңғарылады. Бұл жөнінде Ө. Жүнісбеков «Қазіргі әліпбиде қолданылып жүрген [*х*] (хабар, хат, хан, халық) дыбысы, қатаң фонемаинвариантының фонетикалық реңктерінің бірі», – деп көрсетсе [8, 32 б.], Р. Сыздық «*Х* әрпімен жазылатын араб, парсы сөздерінде ауызекі тілде бұл дыбыс қазақша *қ* дыбысына жуықтаңқырап айтылады. Мысалы: кабар (хабар дегеннен гөрі), қат (хат дегеннен гөрі), Ақымет (Ахмет дегеннен гөрі), Қадыйша (Хадиша дегеннен гөрі), тарыйқ (тарих дегеннен гөрі), қалық (халық дегеннен гөрі) дейді [9, 116 б.].

Расында, араб тіліне тән саналатын *ح* -х, *ح* -ха, *ه* -һә дауыссыз дыбыстары тілімізде түрлі өзгерістерге түседі. Айталық, *ح* -хә дыбысымен басталатын сөздер бірде түсіп қалады, бірде дауысты *а, ә, ү, и* дыбыстарымен басталады, бірде *қ, х* таңбаларымен алмасып келеді: *حرام* (хәрам) – арам, қарам, харам, *خيل* (хилә) – айла, қайла, хәйла, т.б.

Араб тіліндегі *х* дыбысының тіліміздегі қолданысы біршама өзгеше екендігін айттық. Өйткені ол көп жағдайда түсіріліп айтылады. Бұл ең алдымен араб тілінің өзіндегі дыбысталуына да тікелей байланысты. Араб тіліндегі *ح* -х мен *ح* -ха дыбыстары ерекше әуенденеді. *ح* -х айтылуда *حاء* -ха-і болып дауыстың кенеттен кілт үзілуі нәтижесінде дыбысталса, *ح* -ха дыбысын айтқанда дауыс ашық, еркін дыбысталып, тілімізге кеңінен танылып жүрген *х*-ны береді. Сол себепті *ح* -х көп жағдайда түсіріліп, одан кейін келген дауысты дыбыстың бірімен келеді. Тілімізде айуан-хайуан, алал-халал, арам-харам, әл-хәл, есеп-хисап болып қолданылуы осының негізінде көрініс тапқан [10, 55 б.].

Міне қажы сөзінің негізінде қалыптасқан әжі сөзінің қолданысы да *ح* -х дыбысының түсіріліп, кейін келген дауысты дыбыстан басталған. Ал оның жуан не жіңішке дыбысталуы аймақтық тілдік ерекшеліктерге байланысты. Қазақ тіліндегі араб кірме сөздерінің жуанды-жіңішкелі нұсқаларының таралу шегі де бірдей емес. Өзбек, тәжік тілдерінің тікелей ықпалы болатын оңтүстік говорларда жіңішке варианттар орнықса, қазақ әдеби тілі мен өзге говорларда жуан варианттар сақталған. Бұл да қатып қалған қағида емес. Қазақ тіліндегі залым-зәлім, маусым-мәусім варианттарының жіңішке сыңары оңтүстіктен тыс Жайық бойына дейін таралған [11, 35 б.].

Бұл сөздің осындай екі формасы да тілдік қолданыста көрініс табады. Алайда оның қажы үлгісі әдеби тілде сақталып, әжі оңтүстік говорларында қолданылады. Мұндай қолданыстар тілімізге жат емес. Мысалы, тілімізде кате, тәмәм, т.б. сияқты сөздер бар, олардың жуан қолданыстағы ката,

тамам үлгілері де кездеседі. Алайда жалпыхалықтың қабылдауына сәйкес көп ретте тілдің айтуға жеңіл болған формалары қалып қояды да, өзгесі уақытымен ығыстырыла бастайды. Ал асыл-әсіл, залым-зәлім сияқты сөздердің екі нұсқасы да қолданыста айналымға түскендігі тағы бар.

Негізінен, қазақ тілінің заңдылығының бірі төл сөздер бірінғай жуан немесе бірінғай жіңішке болып үндеседі. Араб, парсы кірме сөздері де осы заңдылыққа еріксіз бағынады. Бірақ кей жағдайда өзінің түп төркініндегі жуан және жіңішке дыбысталу үлгілерін сақтап қалатынын да ескерген жөн.

Қорытынды

Бұл келтірілген дәйектемелер ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан деген пікірді ұсынса да, расында, соның нәтижесінде жазба тілі игеріліп, солай таңбалау қабылданған деуге болады. Яғни, ұлт зиялырымыздың тәжірибесіне сүйеніп, тіліміздегі хат, хабар, хан, хақ сөздерін қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес қат, қабар, қақ деп таңбаласақ, омографтардың санын көбейтетіміз сөзсіз. Ал кез келген тілдің лексикалық сөздік қорының байлығы сол тілдің омонимдерімен емес, керісінше, синонимдерімен ерекшеленеді. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбиге көшу барысында қазақ тілі дауыссыздар жүйесінде араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі «х» фонемасы бар кейбір сөздерді қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес, мазмұндық деңгейіне нұқсан келмейтін жағдайда «к» фонемасымен берген жөн. Мысалы, рахмет-рақмет, дастархан-дастарқан, дархан-дарқан, т.б. Себебі бұл сөздердегі *х* фонемасы қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін, араб тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген жат дыбыс [12].

Сөзімізді түйіндей келгенде, жоғарыда келтірілген тұжырымдарды негізге алып, сонау көне дәуірден тіліміздің лексикалық қорынан орын алған діни терминдер өткен ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін түпнұсқаға сәйкестендіріп жазылғандығын көреміз. Өйткені осы кезеңге дейін оны қолданушылар діни сауатты болды деген пікірді ұсынғымыз келеді. Діни сауатты адамдар көп ретте діни ұғымдағы сөздердің мағынасын басшылыққа алып, төл тілдегі нұсқасын сақтап айтып, сол негізде жазуды ұстанды. Міне осындай ұстаным біз талдауға алған қажы сөзіне де тиесілі. Сөздің басындағы араб тіліндегі *ح* -х дыбысы қазақ тіліндегі *қ* дыбысына сәйкесіп, нәтижесінде хадж-қажы нұсқасында қалыптасып, айналымға енгізілген.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Ата баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы : Білім, 2000. – 504 б.
- 2 Арабско-русский словарь. – Ташкент : «Камалак», 1994. I том. – 456 с.

3 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : «Аруна Ltd». ЖШС, 2010. – 592 б.

4 **Ханмагомедов, Я. М.** Хадж : происхождение и сущность. // Журнал «Исламоведение» – российский научно-теоретический журнал. – №1 – 2009.

5 **Гогиберидзе, Г. М.** Исламский толковый словарь. – Ростов н/Д : Феникс, 2009. – С. 266.

6 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.

7 **Сыздық, Р.** Қазақ тілінің анықтағышы (Емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Алматы, 2016. – 480 б.

8 **Жүнісбеков, Ә.** Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007. – 32 б.

9 **Сыздық, Р.** Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). – Алматы : «Санат», 1995. – 120 б.

10 **Мансуров, Н. Б.** XIX ғасыр поэзиясындағы араб, иран кірме сөздері (Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармалары бойынша) : Фил.ғыл.канд.дисс. – Шымкент, 2006. – 133 б.

11 **Раева, Г. М.** Түркі тілдеріндегі жуанды түбірлердің жіңішке түбірлерге айналуы. – Алматы : «Эверо», 2004. – 168 б.

12 **Сейітбекова А. А.** Жарыспалы X мен Қ графемаларымен келетін сөздерді біріздендіру мәселесі. [Электронды ресурс]. – <https://tilalemi.kz/article/1611-.html>

References

1 Ata baba dini. Türkiler nege musylman boldy? – [Ancestral religion. Why did the Turks become Muslims?]. – Алматы : Bilim, 2000. - 504 p.

2 Arabsko-rýský slovár. – Tashkent : «Kamalak», 1994. I tom. – 456 s. [Arabic-Russian dictionary. Tashkent: «Kamalak», 1994. – Vol. I. – 456 STR.

3 Islam. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. – Алматы: «Ағына Ltd». JSHS, Islam. An encyclopedic reference book]. – Алматы : «Aruna Ltd». LLC, 2010. – 592 p.].

4 **Hanmagomedov, Ia. M.** Haj : proishojdenie i syshnós J [Khadzh : progress and substance]. In The journal «Islamovedenie». A Russian scientific and theoretical journal. – №1. – 2009.

5 **Gogiberidze, G. M.** Islamski tolkovyi slovár. [Islamsky tolkovy slovar]. Rostov D : Phoenix publ., 2009. – P. 266..

6 Qazaq tiliniń aimaqtyq sózdigi. [Regional Dictionary of the Kazakh language]. Алматы : Arys publishing house, 2005. – 824 p..

7 **Syzdyq, R.** Qazaq tiliniń anyqtaǵyshy (Emle, tynys belgileri, sóz sazy). [Determinant of the Kazakh language (Spelling, punctuation, vocabulary)]. – Алматы, 2016. – 480 p.].

8 **Zhunisbekov, A.** Álipbi aýystyrdy jazý reformasyna ainaldyry kerék. – [It is necessary to transform the transition of the alphabet into a reform of writing. – Uralsk, 2007. – 32 p.

9 **Syzdyq, R.** Sóz sazy (Sózdi durys aitý normalary). [Saz word (Norms of correct pronunciation of words)]. – Алматы : «Sanat», 1995. – 120 p.

10 **Mansurov N. B.** ǵasyr poeziasyndaǵy arab, iran kirme sózderi (Dýlat, Shortanbai, Murat shyǵarmalary boyynsha) : Fil.ǵyl.kand.diss. [Arabic, Iranian words in poetry of the XIX century (based on the works of Dulat, Shortanbay, Murat) : Phil.science.Kand.diss.]. – Shymkent, 2006. – 133 p.

11 **Raeva G. M.** Túrki tilderindegi jyandy túbirlerdiń jiniшке túbirlerge analýy. [Transformation of thick roots into thin roots in Turkic languages]. – Алматы : «Evero», 2004. – 168 p.

12 **Seitbekova A. A.** Jaryspaly men K grafemalarymen keletin sózderdi birizdeniry máselesi. The problem of unification of words with competing graphemes X and K. [Electronic resource]. – <https://tilalemi.kz/article/1611-.html>].

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Н. Б. Мансуров

Хаджи – почетное звание мусульманина

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясауи,

Научно-исследовательский институт тюркологии,

Республика Казахстан, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Статья основана на лингвистическом материале о значении слова «хаджи», которое наиболее широко используется в истории языка. Основные анализы дифференцированы на основе содержания и семантических особенностей слова, а также на основе других типовых вариантов. Также в статье говорится об значении, образовании, правописании и произношении слова хаджи на оригинальном языке. Была раскрыта сущность слова, и были рассмотрены образования примеров, которые подверглись фонетическим изменениям в казахском языке.

В ходе исследования были также проанализированы различия между значением слова, употреблением слова, его нынешним понятием и его ролью в языке. Значение слова хаджи, как посещение священного места мусульман, с лингвистической точки зрения означает стремление к чему-то священному, а с точки зрения терминологии означает условия паломничества в Мекку в определенный период.

При этом автор считает, что слово после внедрения в другой язык подвергается лексическому и, в роли заимствованного слова, фонетическому изменению, а также автор разумно предложил сформулированные научные мнения о произношении и написании слов. Основываясь на таких теоретических данных и выводах о заимствованиях, автор сделал свои выводы.

Ключевые слова: заимствованное слово, религиозная лексика, происхождение слова, паломничество.

N. B. Mansurov

Haji – the honorary title of muslim

A. Yasaui University, Research Institute of Turkology,
Republic of Kazakhstan, Turkestan.

Material received on 18.09.20.

The article is based on linguistic material about the meaning of the word «haji», which is most widely used in the history of language. Basic analyzes are differentiated based on the content and semantic features of the word, as well as on the basis of other typical variants. The article also talks about the meaning, education, spelling and pronunciation of the word Haji in the original language. The essence of the word was revealed, and the formation of examples that underwent phonetic changes in the Kazakh language was examined.

The study also analyzed the differences between the meaning of the word, the use of the word, its current concept and its role in the language. The meaning of the word Haji, as a visit to the sacred place of Muslims, from a linguistic point of view means the pursuit of something sacred, and from the point of view of terminology means the conditions of pilgrimage to Mecca in a certain period.

Moreover, the author believes that the word after being introduced into another language is subjected to lexical and, in the role of a borrowed word, phonetic changes, and the author reasonably suggested formulated scientific opinions about the pronunciation and spelling of words. Based on such theoretical data and conclusions about borrowing, the author made his conclusions.

Keywords: borrowed word, religious vocabulary, word origin, pilgrimage.

FTAMP 16.21.31

<https://doi.org/10.48081/FZCD4613>

А. Е. Ниязова, Д. Б. Иманова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АУТЕНТТІ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада аутентті мәтіндерді ағылшын тілін оқыту үдерісінде қолданудың аспектілерін отандық және шетел әдебиеттерін қолдана отырып жалпылау және талдау мақаланың негізгі зерттеу мақсаты болып табылады. Жұмысты дайындау барысында талдау, синтез және функционалдық әдіс сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Мақаланың нәтижелері ағылшын тілін оқытудағы аутентті мәтіндердің ролі мен орнын анықтауға өз үлесін қосады деген үміт бар. Мақалада аутентті мәтіндермен жұмыс жасаудың артықшылықтары және де шет тілді меңгеру мен қатар оқушының мәдениет аралық қатынас дағдысының дамуына өз ықпалын тигізетіні келтірілген. Бұл мақалада Зерттелетін тілде сөйлеушілердің тілді күнделікті тұрмыс тіршілікте қалай қолданатыны жайлы мәліметтер келтірілген. Мақалада аутентті мәтіндердің түрлері және де мәтіндермен бірге қолданылатын әртүрлі іс-нәтижесі туралы мәліметтер келтірілген. Эмперикалық зерттеудің нәтижесі аутентті тексттермен жұмыс жасаудың тиімділігі жайлы ақпараттар берілген. Тілдік ортадан тыс шетілін оқытудың жолдары және аутентті тексттердің оң ықпалы туралы ақпарат келтірілген.

Кілтті сөздер: ағылшын тілі сабағы, аутенттік мәтін, лингвистикалық сауаттылық, нақтылық, шет тілін оқыту, түпнұсқа материалдар, грамматика, аутентті материалдармен іс-шаралар.

Кіріспе

Жаһандану мен ғаламтор дамыған заманда, зерттелетін тілде сөйлейтіндердің мәдениеті мен тілдік материалдары туралы білімнің көбеюімен, шет тілін оқыту методикасында және оқуда «аутентті» ұғымы жиі кездеседі. Адамның барлық ақпараттың жартысынан көбін визуалды шолу арқылы (соның ішінде басқа елде бола тұра) алатындығын ескере отырып,

шет тілде сөйлейтін қоғамның лингвистикалық материалдық сипаттамаларын өндеп, дұрыс интерпретациялаудың маңыздылығы айқын болып тұр.

Қазіргі уақытта «мәдениаралық коммуникативті күзиреттілік» ұғымы «коммуникативті күзиреттілік» ұғымының орнына қолдана бастады, яғни шет тілін оқытуда мазмұнының мәдениаралық құрамдас бөлігі жетекші бағытқа айналуға және оқу материалының түпнұсқалығы тақырып мазмұнына қойылатын негізгі талап болып табылады [1, 167 б.].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының шет тілдерін оқыту тұжырымдамасында айтылғандай, түпнұсқалық мәтіндерді қолдану тек шет тілін үйрену үшін ғана емес, сонымен бірге зерттелетін тілде оқытылатын елде кәсіптік бағдар беру және қайта даярлау ерекшеліктерімен танысуда маңызды болып табылады [2].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы мақалада авторлар отандық ғылыми әдебиеттерде назар аударатын және аутентті материалдарды оқу процесінде пайдалы ететін аутентті мәтінді қолданудың кейбір жағымды жақтарын қарастырғысы келеді.

Зерттеудің нысаны: аутенттік мәтіндер

Зерттеудің пәні: аутенттік мәтіндердің ағылшын тілі сабағында қолданылуы

Мақсаты: Қазақстандағы ағылшын тілі сабағында аутентті мәтіндердің алатын орны және оның тілді меңгеру барысында тигізетін оң ықпалына мән беру болып табылады. Және де шетел методикасында аутентті мәтіндердің қолдануы және тәжірибиесі қамтылған.

Міндеттері:

- аутентті мәтіндерді қолданудың пайдасы және тіл меңгеру барысында тигізетін оң ықпалы;

- аутентті мәтіндердің ағылшын тілі сабағында алатын орны және ролі.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Соңғы уақытта аутентті тексттерге деген көз қарас өзгеріп, оны сабақ барысында қолданудың ерекшеліктері мен пайдасын көрсету мақсатында зерттеулер эмперикалық және анализ әдісімен жүргізілген. Эмперикалық зерттеудің нәтижесі аутентті мәтіндердің оң ықпалы және оқушылардың мәдени аралық қатынастық қабілетінің артқыны жөнінде мәліметтер қарастырылған.

Белгілі болғандай, аутентті мәтін бейімделмеген, шынайы айқын мәтін [3, 99 б.]. Яғни аутентті мәтіннің авторы зерттелетін тілге қатысты мәдениеттің өкілі болуы керек дегенді білдіреді.

Сонымен бірге коммуникацияның материалдық құрамдас бөлігі шындық болып табылады. Тілдік ортадан тыс шет тілін оқыту жағдайында табиғи тарихи лингвомәдени қоғам ретінде объективті шындық аутентті мәтіндерде

көрініс табады. Шет тілін оқыту процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда аутентті мәтіндер лингвомәдени күзиреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз ете алады [4, 15 б.]. Сонымен қатар, газеттер мен журналдар шынайы айқын өмір бейнесінің көрсетуде тиімді әдістердің бірі болып табылады. Газеттер мен журналдарды оқу – зерттеліп жатқан тілде сөйлеуші адаммен қарым-қатынас орнату нысандарының бірі деген пікір бар [5, 175 б.].

Осы ойды қолдаушы авторлардың пікірі бойынша, аутентті мәтін лингвистикалық және экстралингвистикалық шындықтың феномені ретінде күрделі құбылыс болып табылады: бұл байланыс құралы, ақпаратты сақтау және беру тәсілі, белгілі бір тарихи дәуір өнімі, мәдени өмір формасы және ұлттық мәдениеттің көрінісі. (салт-дәстүр, әдет-ғұрып және т.б.) [4, 15 б.].

Шынында да шет тілін оқу дегеніміз бұл түрлі мәдениеттер өкілдері арасында «көпір» құруға бағытталған іс деген пікірмен келіспеу қиын. Сондықтан тіл мен мәдениетті өзара байланысты және өзара байланысты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырған жөн. Демек, аутентті мәтіннің осындай бай мәдени мәні оның жақсы үлгілерінің бірі ретінде қызмет ететіндігінің маңызды дәлелі болып табылады, сондықтан оны оқу процесінде қолдану міндетті істердің бірі.

Аутентті мәтіндердің бір ерекшелігі – аутентті мәтіндердің құрамында қысқа тіркестер, сөздер, сөз тіркестері, құрама сөздер болуы мүмкін, өз тілімізде баламасы жоқ болуы мүмкін, сондықтан қиындықтар тудырмас үшін оқушыларға осы сөздердің мағыналарын алдын ала түсіндіру қажет [2, 99 б.]. Аутентті мәтіндерде қысқартулар мен қысқартулардың болуы фактісі, олардың оқылуын және түсінуін біршама қиындатса да, «аутентті қатынасты» қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Басқаша айтқанда, кез келген қысқартулардың немесе құрмалас сөздердің мағынасын бір рет түсініп алса, болашақта тіл үйренушіге зерттелетін тілдегі газет мақалаларын оқуда, жаңалықтар бағдарламаларын көріп және басқа мазмұнды контенттерді оңай түсінуіне ықпал тигізеді.

Г. О. Рахымбекова аутентті мәтіндердің келесі ерекшеліктеріне назар аударады:

1 Аутентті мәтіндер тілдің қызметін оның сөйлеушілері қабылдаған нысанда және табиғи әлеуметтік контексте бейнелейді;

2 Аутентті мәтіндер әр түрлі тақырыпта және алуан турлі стильде, олармен жұмыс жасау студенттердің қызығушылығын арттырады;

3 Аутентті мәтіндер зерттеліп жатқан елдің мәдениетін оқытудың ең жақсы құралы болып табылады;

4 Аутентті мәтіндер зерттелетін тілдің фразеологизмдерімен танысу үшін тамаша материал болып табылады. Мақал-мәтелдермен және фразеологиялық айналымдармен таныстыру, оқушылардың сөйлеу әрекеті

дағдыларын қалыптастырады, ал ағылшын, орыс, қазақ фразеологизмдерін салыстыру әрқашан пәнге деген қызығушылықты арттырады [6, 167 б.].

К. Мустафинаның көзқарасына сәйкес шет тілін сыныптық оқыту жүйесінде, нақты коммуникативті қатынас болмаған жағдайда, мәдениаралық компонентті қамтитын аутенттік мәтіндерді қолдану, толеранттылық пен басқа халықтың өмір салтын құрметтеу мәдениетін қалыптастыра алады [7, 56 б.]. Демек, аутенттік мәтіндерді сыныптық оқыту жүйесінде қолдану оқушыларға тікелей зерттелетін тілдің салт-дәстүрімен таныс болуына, және де өзге халықтың өмір ерешеліктеріне түсіністікпен қарау дағдысын дамыта алады.

Кейбір авторлардың пікірі бойынша, сыныпта түпнұсқалық мәтіндерді қолданудың келесі артықшылықтары бар: біріншіден, оқушыларға аутенттік материалдар ұсынылған кезде олар зерттелетін тілдесөйлейтіндер немесе мақсатты тілді қолданушылардың көпшілігі тілді қалай қолданатындығы туралы нақты мысалдарды көреді. Екіншіден, студенттер тілді сәйкесінше дұрыс мағынада қолданып тұрғанын білсе, онда олардың шет тілінде дұрыс сөйлей алу, тілді меңгеріп кетуге деген сенімдері арта түседі. Шынайы мәтіндердің көмегімен оқушыларға нақты контексте қолданылатын сөздер мен тіркестер беріледі. Студенттер осыған ұқсас жағдайларға тап болған кезде, олар бейресми жеке сөйлесулерді дұрыс жүргізуіне ықпал тигізеді. Үшіншіден, аутенттік оқыту материалдар бейресми, әлеуметтік бағытталған және кеңінен қолданылады. Олар ережелер мен үлгілік оқулықтарды толықтыруда құнды материал бола алады [8, 73 б.].

Осылайша, аутенттік мәтіндерді қолданудың кеңінен таралуы «коммуникативтік құзыреттілік» институтын алмастырған «мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік» институтының өзектілігімен байланысты болуы мүмкін.

Аутенттік мәтін тек тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге елдің және зерттелетін тілдің мәдени ерекшеліктерін жақсы түсінуде маңызды рөл атқаратыны анық. Аутенттік мәтіндер шетел қоғамының лингвистикалық және мәдени сипаттамаларының «айнасы» ретінде көрінеді.

Шет тілін үйрену барысында аутенттік мәтіндерді қолдану минималды әрекетпен студенттерге шет тілдік ортаға және лингвистикалық, мәдени және коммуникативті ортаға ену құзыреттілігіне мүмкіндік береді.

Шет елдік тәжірибиеде де ағылшын тілі сабағында аутенттік мәтінмен жұмыс жасаудың өз ерекшеліктері бар. М. Лироланың мақаласына сүйенсек, егер шетілінің оқытушысы өзінің сабағында әлеуметтік мазмұндағы түпнұсқаны қолданған кезде, оқушылар үшін мәтін мен қоғам арасындағы, қоғам мен мәтін арасындағы реалийді көруге мүмкіндік береді [9, 67 б.].

Түпнұсқаларды сабақ барысында қолданудың тағы бір ұтымды тұсы, ол яғни оқушылардың сабақта алған білімдерін нақты өмірде қолдану мәселесі. Тілді үйрену аясында бұл мәселенің маңызы арта түседі. Өйткені тілді үйренудің мақсаты – оны нақты өмірде, қоғамдық қатынастар жүйесінде қолдану. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында аутенттік мәтіндердің алатын орны ерекше. Мысалы шет елде саяхатта жүріп әуежайларда билет сатып алу, бағыт бағдар сұрастыру, қонақ жайларда орналасу. Осы сияқты қарапайым жағдайлар тілді нақты өмірде қолдану болып табылады.

Ағылшын тілін үйренушілер үшін әдетте аутенттік мәтіндерді бірден түсініп оқу қиындық туғызады, өйткені тіл үйренушілер немесе оқушылар негізінен өздерінің тілдік деңгейлеріне сәйкес бейімделген коммуникативті оқулықтарды қолдана отырып шет тілін оқуға дағдыланған.

Яғни, аутенттік материалдарды оқу арнайы жасалған материалдарды оқудан гөрі ауыр. Сондақтан да аутенттік материалдарды оқудың өзін оқыту керек сияқты.

Аутенттік мәтіндер тіл меңгеруші үшін мотивация құралы болып табылады, ескере кететін жайт аутенттік мәтін әр түрлі саладағы мәтіндердің алуан түрін ұсына алады (журналистік мақала, әдеби үлгідегі мәтін, академиялық мәтін) [10, 55 б.]. «Аутентификация» термині алдын-ала дайындалған және бейімделген оқулық үлгілеріне қарсы реакция ретінде пайдаланылды. Ал аутенттік мәтіндер студенттерге коммуникативті ғана емес, сонымен бірге мәдени құзыреттіліктерін жетілдіруге көмектесетін құрал ретінде де қарауға болады. Аутенттік термині ол құрылған тілдік қоғамдастықтың кейбір әлеуметтік мақсатын орындау үшін жасалған мәтін ретінде анықталды [11, 275 б.].

Авторлардың аутенттік мәтінге қатысты пікірлері орынды деп санаймыз. Өйткені шынында да, аутенттік мәтіндердің мазмұны сол қоғамдағы әлеуметтік құндылықтармен және оларды сақтау және жүзеге асыру жолдарымен тығыз байланысты. Бірақ бұл ерекшелік тілді үйренуші тұлға үшін белгілі қиындық туғызады. Оның себебі, мәдениеттер мен әлеуметтік құндылықтардың әртүрлі болуы. Аутенттік мәтінді оқыту үшін оның сөздерінің және сөйлемдерінің контекстік мәнін түсіну үшін сол мәтінге тиесілі қоғамның құндылықтар жүйесімен таныс болуы қажет. Ал бұл мәселені шешудің оңай әрі жолы аутенттік мәтіндерді сабақ барысында қолдану. Аутенттік газеттік мәтіндерді қазіргі таңда интернет желісі арқылы кез келген мұғалімге қолжетімді, ол тек дербес компьютер және фаламторға шығу мүмкіндігі болуы тиіс.

Аутенттік мәтіндерді шет тілін оқыту барысында қолдану қажеттілігі көптеген білікті тіл мамандарымен және де арнайы зерттеулер нәтижесі де растайды. Акбари мен О. Разавидың мақаласына сүйенсек аутенттік

мәтіндер Иран Ислам Республикасының жалпы білім беру мекемелерінде 30 жылға жуық уақыттан бері қолданыста екен. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижесі аутентті мәтіндердің тіл меңгеруде орасан зор пайда көрсеткені жайлы мәліметтер бар. Анығырақ айтсақ аутентті мәтіндер студенттерге:

- шетілінде ауызша сөйлеу дағдысының жақсаруына;
- шетілінде оқып түсіну дағдысының, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрену арқылы жақсарғаны;
- шетілінде жазу шеберліктерінің артқаны туралы мәліметтер келтіруде [12, 106 б.].

Көріп отырғанымыздай аутентті мәтіндерді сабақ барысында қолданудың пайдалы тұстары аз емес екені анық. Бірақ осы орайда туындайтын сұрақ аутентті материалдарды шет тілін үйренушілер үшін қай деңгейде қолданғаны дұрыс? Ф. Киликая ойынша түпнұсқаны тек тіл деңгейлері *intermediate* және *advanced* дәрежесі бар студенттерге қолдануды дұрыс деп санайды [13]. Шет тілді меңгеру қысқа уақытта жасалатын іс-шара емес, бұл мәселе көп еңбекті және уақытты талап етеді. Көптеген аутентті материалдар қазіргі уақытта қолжетімді, оларды сабақ барысында қолдану тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырады. Аутентті материалдарды 4 деңгейге бөлуге болады:

- аутентті аудио және бейне материалдар: өлеңдер, деректі фильмдер, радио және теледидар бағдарламалары, сауалнамалар, мультфильмдер, кинолар, кәсіби аудио-тапалы қысқа әңгімелер мен романдар;
- аутентті көрнекі материалдар: фотосуреттер, суреттер, оқу такталары, суреттер, мортанбалар, көше белгілері, сөзсіз сурет кітабы, газет және журналдар;
- аутентті баспа материалдар: газет мақалалары, мейрамхана мәзірлері, туристік ақпарат брошюра, журналдардағы немесе газеттердегі жаңалықтар, мақалалар, буклеттер және түбіртек, т.б.;
- шынайы материалдар: маска, қуыршақ [14, 330 б.].

Жоғарыдағы көрсетілгендей аутентті мәтіндер түрлері сан алуан, оларды қолдана отырып оқушылардың 4 бірдей тілдік дағдыларды (есту, сөйлеу, жазу, оқу) дамыту үшін жақсы құрал ретінде де қарауға болады. Оқушының төрт дағдысын аутентті мәтіннің көмегімен дамыту үшін Е. В. Емельянованың ойынша тіл үйренушіге мәтіндік материалдармен түрлі операцияларды үйрету маңызды, әртүрлі сипаттағы сөйлемдер, сөз тіркестерінің бірлігін, бастапқы мәтіннің белгілі бір класының жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін ескеру, мәтінді жанрға сәйкес саралау дағдысын үйрету маңызды [15, 57 б.].

Қорытынды

Тілді үйрету және шет тілін оқыту барысында аутентті материалдарды қолдану көптеген пайдалы тұстары бары анық. Аутентті мәтіндерді сабақта қолдану тіл мамандарымен және білікті ұстаздармен мақұлданған, және осыны растау үшін де көптеген зерттеулер жүргізілген. Аутентті мәтіндер тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін артыумен шектелмей мәдени аралық коммуникациясын дамыта түседі. Бұл позитивті аспектілерінен бөлек тіл үйренушінің шет тілін оқып түсіну, шет тілінде жазу сауаттылығын және зерттелетін тілдің күнделікті тұрмыс тіршілігінің ерекшелігін түсіну қабілеті кеңейеді. Аутентті материалдар тіл үйренуші үшін мотивация да болып табылады, өйткені аутентті мәтіндер арқылы тіл үйренуші зерттелетін тілдің реалий қандай екенімен хабардар етеді. Аутенттік материалдар оқытушылар үшін де пайдасы кемел, олар қызықты әрі оқушының танымдық білімін кеңейтуіне ықпал тигізеді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Кунанбаева, С. С.** Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы : Эдельвейс, 2010. – 344 с.
- 2 «Концепция развития иноязычного образования РК». – Алматы : Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. – 2006г. [Электронды ресурсы]. – <https://multiurok.ru/blog/kontsieptsiia-iazukovogho-obrazovaniia-riespubliki-kazakhstan.html> (Доступ 17.01.2020).
- 3 **Рысбаева, Г. Қ., Жаксыбаева, А. Қ.** Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2016. – № 1. – Б. 98–102
- 4 **Сидикова, Б. А.** Аутентичные тексты в программе профильного обучения как база формирования инофонной картины мира // Шетел тілін оқыту әдістемесі. Методика обучения иностранному языку. – 2013. – № 1. – С. 12–17.
- 5 **Кушанбаева, Д. Т.** Аутентті газет мәтіндерінің шетел тілін үйретуде алатын орны // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы: Филология сериясы. – 2014. – № 3. – Б. 172–177
- 6 **Рахимбекова, Г. О.** Выбор и применение аутентичных текстов при обучении иностранному языку в неязыковом вузе // Сейфуллинские чтения – 9 : новый вектор развития высшего образования и науки, посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан : Материалы республиканской научно-теоритической конференции (28–29 ноября 2013 г.) / Казахский

7 **Мустафина, К. Е.** Работа с аутентичным текстом в оптимизации процесса формирования речевых умений и языковых навыков // Состояние и перспективы обучения профессиональному казахскому, русскому и иностранным языкам : Материалы методического семинара, 29 января 2013 г. / сост. Ескатова Г. К. – Костанай : Костанайская академия МВД РК, 2014. – С. 54–58.

8 **Gauriyeva, G. M., Zhumabekova, A. A.** Use of Authentic Texts for Formation of Students' Linguistic Competence // bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2018. – № 2. – P. 74–76.

9 **Lirola, M.** A proposal for teaching with authentic texts in order to develop social awareness in a language subject in tertiary education. In *Argentinian Journal of Applied Linguistics*. – 2016. – № 1. – P. 59–73.

10 **Rodriguez, G., Fernando, L.** Learning Strategies : A Means to Deal with the Reading of Authentic Texts in the EFL Classroom In *Signo pensam*. – 2016. – № 69. – P. 50–63.

11 **Peana S. Ciornei, Aurora, D.** Authentic texts in teaching English In *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2015. – Vol. 180. – P. 274–279.

12 **Akbari, O., Razavi, A.** Using authentic materials in the foreign language classrooms : Teachers' perspectives in EFL classes In *International journal of research Studies in education*. – 2016. – № 2. – pp. 105–116.

13 **Kilickaya, F.** Authentic materials and cultural content in EFL classrooms In *The Internet TESL Journal*, 2004. [Электронды ресурсы]. – <http://iteslj.org/Techniques/Kilickaya-AuthenticMaterial.html> (accessed 17.01.2020)

14 **Aytunga, O. and H. Ozge, B.** The Importance of Using Authentic Materials in Prospective Foreign Language Teacher Training // *Pakistan Journal of Social Sciences*. – 2008. – № 3. – P. 329–336.

15 **Емельянова, Е. В.** Учет лингвокультурологических особенностей аутентичного текста в процессе подготовки переводчиков // *Вестник ПГУ : Филологическая серия*. – 2014. – № 3. – С. 53–59.

References

1 **Kunanbaeva, C. C.** Teoriya i praktika sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya. [Theory and practice of modern foreign language education]. – Almaty : Edel'vejs, 2010. – 344 p.

2 «Konsepciya razvitiya inoyazychnogo obrazovaniya RK». – Almaty : Kazahskij universitet mezhdunarodnyh otnosheniji mirovyh yazykov imeni Abylaj

3 **Rysbaeva, G. Q., Jaqsybaeva A. Q.** SHetel tilin oқытуда autenttik mätindermen zhұmys isteу tәsilderi. [Methods of working with authentic texts in foreign language teaching] In *Қазақ Memleketтік Qызdar Pedagogikalыq Universitetiniң Habarshysy*. – 2016. – № 1. – P. 98–102

4 **Sidikova, B. A.** Autentichnye teksty v programme profil' nogo obucheniya kak baza formirovaniya inofonnoj kartiny mira. [Authentic texts in the program of profile training as a basis for the formation of foreign images of the world] In *Shetel tilin okytu әdistemesi. Metodika obucheniya inostrannomu yazyku*. – 2013. – № 1. – P. 12–17

5 **Kushanbaeva, D. T.** Autentti gazet mätinderiniң shetel tilin yjretude alatyn orny. [The role of authentic newspaper texts in foreign language teaching] In *Qazaq memleketтік qызdar pedagogikalыq universitetiniң habarshysy : Filologiya seriyasy*. – 2014. – № 3. – P. 172–177

6 **Rahimbekova, G. O.** Vybor i primeneniye autentichnyh tekstov pri obuchenii inostrannomu yazyku v neyazykovom vuze [Selection and application of authentic texts when studying a foreign language in a non-linguistic university] In *Sejfullinskie chteniya – 9 : novyj vektor razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki, posvyashchennaya dnyu Pervogo Prezidenta Respubliki Kazahstan : Materialy respublikanskoy nauchno-teoriticheskoy konferencii (28-29 noyabrya 2013g.) / Kazahskij agrotekhnicheskij universitet im. S.Sejfullina*. – Астана : KazATU im. S.Sejfullina, 2013. – P.167–168

7 **Mustafina, K. E.** Rabota s autentichnym tekstem v optimizacii processa formirovaniya rechevyh umenij i yazykovyh navykov [Work with authentic text in the optimization of the process of formation of speech skills and language skills] In *Sostoyanie i perspektivy obucheniya professional'nomu kazahskomu, russkomu i inostrannym yazykam : materialy metodicheskogo seminara, 29 yanvary 2013g.* / sost. Eskatova G. K. – Kостanaj : Kостanajskaya akademiya MVD RK, 2014. – P. 54–58

8 **Gauriyeva, G. M., Zhumabekova, A. A.** Use of Authentic Texts for Formation of Students' Linguistic Competence [Use of Authentic Texts for Formation of Students' Linguistic Competence] In bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2018. – № 2. – P. 74–76

9 **Lirola, M.** A proposal for teaching with authentic texts in order to develop social awareness in a language subject in tertiary education. In *Argentinian Journal of Applied Linguistics*. – 2016. – № 1. – P. 59–73.

10 **Rodriguez, G., Fernando, L.** Learning Strategies : A Means to Deal with the Reading of Authentic Texts in the EFL Classroom In Signo pensam. – 2016. – № 69. – P. 50–63.

11 S. Peana Ciornei, Aurora, D. Authentic texts in teaching English // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol. 180. – P. 274–279

12 **Akbari, O., Razavi, A.** Using authentic materials in the foreign language classrooms: Teachers' perspectives in EFL classes In International journal of research Studies in education. – 2016. – № 2. – P. 105–116.

13 **Kilickaya, F.** Authentic materials and cultural content in EFL classrooms // The Internet TESL Journal, 2004. [Electronic resource]. – [http://iteslj.org/Techniques/Kilickaya-Authentic Material.html](http://iteslj.org/Techniques/Kilickaya-Authentic%20Material.html) (Accessed 17.01.2020).

14 **Aytunga, O. and H. Ozge, B.** The Importance of Using Authentic Materials in Prospective Foreign Language Teacher Training. In Pakistan Journal of Social Sciences. – 2008. – № 3. – P 329–336.

15 **Emelyanova, E. V.** Uchet lingvokul'turologicheskikh osobennostej autentichnogo teksta v processe podgotovki perevodchikov. [Accounting of linguocultural features of authentic text in the process of preparation of translators] In Vestnik PGU: Filologicheskaya seriya. – 2014. № 3. – S. 53–59

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

A. E. Ниязова, Д. Б. Иманова

Аспекты работы с аутентичными текстами на уроках английского языка

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан .
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Основная цель статьи - обобщить и проанализировать аспекты использования аутентичных текстов в процессе обучения английскому языку с использованием отечественной и зарубежной литературы. При подготовке работы использовались такие методы исследования, как анализ, синтез и функциональные методы. Надеемся, что результаты этой статьи будут способствовать определению роли и места аутентичных текстов в обучении английскому языку. В статье освещаются преимущества работы с аутентичными текстами, а также развитие навыков иностранного языка и навыков межкультурного общения. В этой статье содержится информация о том, как носители изучаемого языка используют его в повседневной жизни. В статье представлена информация о типах аутентичных

текстов и различных мерах, используемых вместе с текстами. Результаты эмпирического исследования дают информацию об эффективности работы с аутентичными текстами. Способы и методы обучения иностранному языку вне языковой среды, и положительное влияние аутентичных текстов.

Ключевые слова: уроки английского языка, аутентичный текст, лингвистическая грамотность, оригинальность, обучение иностранному языку, оригинальные материалы, грамматика, упражнения с аутентичными материалами.

E. Niyazova, D. B. Imanova

Aspects of working with authentic texts in English language teaching

Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 18.09.20.

The main purpose of this article is to summarize and analyze the aspects of the use of authentic texts in the process of teaching English using domestic and foreign literature. Research methods such as analysis, synthesis and functional methods were used in the preparation of this work. We hope that the results of this article will contribute to determining the role and place of authentic texts in English language teaching. The article discusses the benefits of working with authentic texts and how they contribute to the development of students' foreign language skills as well as intercultural communication skills. This article provides information on how speakers of the studied language use the language in their daily lives. The article provides information on the types of authentic texts and the various activities used with authentic texts. The results of the empirical study provide information on the effectiveness of working with authentic texts. The ways of teaching foreign language out of authentic language environment and the positive impact of authentic texts.

Keywords: English lessons, authentic text, linguistic literacy, accuracy, foreign language teaching, original materials, grammar, activities with authentic materials.

<https://doi.org/10.48081/ZNXL2054>

А. Б. Нұртаева, Г. Қ. Абдирасилова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ЭНАНТИОСЕМИЯ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛАРЫН ШЕКТЕУШІ ҚҰРАЛДАР

Мақалада энантиосемияның түрлері және энантиосемиялардың функционалдық өзгешелігіне, түзілісіне, жасалу жолдарына қарай жіктелісі сөз болды. Энантиосемия – объективті құбылыс. Кейін пайда болған энантиосемиялар көпмағыналылықтың нәтижесінде пайда болған. Энантиосемия барлық тілде бар құбылыс болғанмен, жеке құбылыс ретінде зерттеп, қарастырғандар санаулы ғана. Функционалдық өзгешелігіне, қарама-қарсы қойылған семантикалық жұптарының табиғатына қарап, энантиосемиялар екіге бөлінеді: номинативтік энантиосемия және эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар. Номинативтік энантиосемия және эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялардың даму ерекшеліктері және олардың мәтінде берілуін мысалдар арқылы айқындалды. Тіліміздегі әр сөзге әртүрлі мағыналық реңк беріп, айта беруге болады, десе де олардың бәрін бірдей энантиосемияларға жатқызуға болмайтындығы қарастырылды.

Кілтті сөздер: Энантиосемия, көпмағыналылық, семантикалық жұп, номинативтік энантиосемия, және эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар.

Кіріспе

Тіліміздегі сырлы, мағынасы құбылып тұратын тілдік бірліктердің бірі энантиосемия – лексикологияның зерттеу нысаны.

Тіл білімі терминдерінің сөздігінде «Энантиосемия (от греч. enantios – противоположий, противоположный + сема – знак). Развитие в слове антонимических значений, поляризация значений. В слове «наверно» устарелое значение «наверняка» и современное «вероятно, по-видимому». В слове «честить» устарелое значение «оказывать честь, проявлять уважение» и современное «бранить, ругать, поносить» [1]. Ал қазақ тіл білімінде энантиосемия құбылысы антонимия аясында қарастырылып

келеді: мәселен, Ж. Мусиннің, А. Жұмабекованың, А. Жүсіповтің, М. Нұрбердиевтің еңбектерін атауға болады. Ж. Мусин «Қазақ тіліндегі антоним сөздер» атты зерттеуінде: «Тілімізде антонимдердің кейде өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатыны бар... Бұл әдетте мысқылдау, шенеу мақсатында қолдану нәтижесінде жасалады да, ирония жасаудың таптырмайтын құралы болады» [2, 190 б.]. Энантиосемия барлық тілде бар құбылыс болғанмен, жеке құбылыс ретінде зерттеп, қарастырғандар санаулы ғана. Мысалы, антонимнің бір қыры ретінде немесе көпмағыналы сөздер аясында қарастырылған.

Зерттеудің нысаны: Энантиосемия түрлері және олардың мағыналарын шектеуші құралдарын анықтау.

Зерттеудің пәні: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Мақсаты: Энантиосемиялардың функционалдық өзгешелігіне, түзілісіне, жасалу жолдарына қарай жіктелісін қарастыру.

Міндеттері:

- Энантиосемияның тіл білімінде зерттелуі, зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне шолу;
- Энантиосемия түрлеріне сипаттама жасау;
- Энантиосемия мағыналарын шектеуші құралдарын анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Байырғы энантиосемиялардың пайда болуы ертедегі тіліміздегі тілдік бірліктерге барып тіреледі. Әрине, ертедегі адамдар тілі өздерінің ойлау дәрежесіне сай болған. Мысалы, бір заттың не құбылыстың бір-біріне қарама-қарсы құбылысын бір сөзбен атау үрдісі болған. Бірақ олардың ойлауының диффузды болғаны тілдің де симпрактикалық болуын шарттаған. Осылай бір заттың екі түрлі қырын атағаны адамдардың ұғымдық ойлау жүйесінен хабар береді. Кейінгі энантиосемиялар да тілімізде басқа жолдармен пайда болмаған. Олардың пайда болу жүйесі де бірінші байырғы энантиосемиялар секілді жолдардан, пайда болу этаптарынан өткен. Кейінгі энантиосемиялардың сөздіктер жүйесінде өзінің арнайы мағынасы беріліп, одан кейін, энантиосемиялы мағыналарға ауысады.

Қырғыз ғалымы Д. Осмоналиева шартты түрде энантиосемияның екі түрін көрсетуге болады деп есептейді: 1) байырғы энантиосемиялар; 2) кейінгі энантиосемиялар [3].

Мысалы, кей түркі тілдерінде баба сөзі ата мағынасында қолданылса, енді бір тілдерде әйел, ене деген мәндерде жұмсалады. Осыған қарап, байырғы энантиосемиялардың жаралу себептерін анықтауда оларды диахрондық сипатта теріп, қарастырған жөн.

Баба. 1. Арғы ата, ұлы ата. 2. Қарт адамды қадір тұтып, құрметтеу мағынасында айтылатын ишарат сөз. Қазақ ұғымында, тіпті жалпы

түркі ұғымында баба сөзі қастерлі, құрметті. Ал енді мына бабай сөзінде ол қалайша керісінше мағынаға көшкеніне таң қаламыз. Бірақ мұндай мағынаның бар екені тілдік дерек. Мына мағыналарына наза аударып көрейік.

Бабай эмоц. 1. Баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мағынасында қолданылған құрметтеу түрі. 2. Жас балаларды қорқытқанда айтылатын сөз [4, 95 б.]. Бірінші мағынасындағы «баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мағынасында қолданылған құрметтеу түрі» тіліміздегі ата+й, аға+й секілді –й тұлғасының мағынасынан туындаса керек. Сондай-ақ бұл сөз неге жас балаларды қорқытқанда айтылады. Себебі қазақтардың ер аданан аяқ тартуымен, сонымен қатар шоқша сақал қоған түсі суықтықтан да болуы мүмкін деген тұжырым жасаймыз.

Энантисемияны тарихи, диахрондық құбылыс ретінде қарастыру жөн, дегенмен, тектес тілдер, диалектілер, говорларда көбірек ұшырасады. Шындығында, тіліміздегі энантисемиялардың көпшілігін кейінгі энантисемиялар толықтырады. Бұл жердегі кейінгі энантисемиялар деп отырғанымыз соңғы жылдары пайда болған энантисемиялар түзеді. Мәселен, қазіргі жастар тілінде қолданылып келе жатқан жынды, қиын секілді сөздер қатарын жатқызамыз.

Энантисемия көпмағыналылықтың бір түрі болған соң, ол да тілдің дамуындағы өте өнімді процесс болып саналады және адам еркінен тыс, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуынан, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен жасалады. Мысалы, шығу сөзін алайық. Бұл жөнінде қырғыз ғалымы Д. Осмоналиева «чығуу – бул бирдей, окшош эле процесс, кыймыл-аракет, бирок ошол процессти ар башка нерсеге колдоногондо карама-каршы натыйжа келип чыгат. Тилдик жаатта алганда, бир эле сөздү эки башка объектиге карата колдонгондо, ал карама-каршы мааниге ээ болуп икалат, антеки эки башка нерсеге карата колдонулган кыймыл-аракеттин өзү карама-каршы натыйжаны берет» [3, 12 б.]. Энантисемия – объективті құбылыс. Кейін пайда болған энантисемиялар көпмағыналылықтың нәтижесінде пайда болған. Ал сөз семантикасының өзгерісін мынадай жағдайлар мен құбылыстар түзеді: 1) әдеби тілдің ауызекі стилі, қарапайым лексика, кәсіптік лексика, жаргон, диалект, говор; 2) табу мен эвфемизмдер; 3) сөздердің эмоционалды-экспрессивтік мағынасын, реңкінің өзгерісін; 4) - сыз қосымшасы, 5) синтаксистік бірліктер, 6) өзге тілден енген сөздер.

Көне немесе байырғы және кейінгі энантисемиялар жаралу өзгешелігі мен механизмі бойынша өз ішінде мынадай айырмашылықтары болады: байырғы энантисемиялар көпмағыналы да, кейін пайда болған энантисемиялардың мағыналары көп емес. Кейінгі энантисемия әу баста бір мағыналы болып қалыптасқанмен, кейін қарама-қарсы мәнді қосып алып,

энантисемиялық мәнге ие болған. Байырғы энантисемиялардың ішінен эмоционалды-экспрессивтік мәнге ие энантисемияларды кездестірмейміз.

Функционалды өзгешелігіне, қарама-қарсы қойылған семантикалық жұптарының табиғатына қарап, энантисемиялар екіге бөлінеді: 1) номинативтік энантисемия 2) эмоционалды-экспрессивті энантисемиялар.

Энантисемиялар эмоционалды-стистикалық жағынан алғанда бейтарап, нейтралды болып келеді де олардың сыңарлары эмоцияны, бағалауды білдірместен, құбылысты, кимыл-әрекетті атап көрсетумен шектеледі. Ал номинативтік энантисемияларды үшке бөліп қарастыруға болады: 1) етістік, 2) атауыштық (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, 3) шылау (союз). Бұлардың ішінен етістік энантисемиялар сан жағынан көп. Мұның себебі етістік семантикалық өзгешелігі, өзге сөздермен қарама-қарсыласу мүмкіндігінің кеңдігімен түсіндіріледі. Энантисемиялардың біраз топтары бар: Пайда (белгілі) болужаралу, жоқ болу, жоғалу (мұндай семантикалық топтағы энантисемиялар тілімізде көптеп ұшырасады). Көбею – көбею, азаю, баю – көбею, азаю.

Етістік энантисемиялардың мағыналары лексикалық құрал, лексика-морфологиялық құрал. Екеуі де қарама-қарсы мәнде қолданылады.

Зат есімнен жасалған номинативтік энантисемиялар. Бұл энантисемияның түрі бір нәрсенің алғашқы шыққан жері, жоғарғы жағы, бастауы – аяғы, ұшы, соны деген мағыналарда жұмсалады.

Шілде – ыстық мезгіл; Шілде – қырық күн шілде суық мезгіл. (Шілдесі жарық көрмеген – өмір сүрген, бірақ ештеңе көрмеген)

Сын есімнен жасалған энантисемиялар: қамсыз – ештеңеден хабары жоқ, қаннен қаперсіз; қамсыз – бәрінен қамсыз болып, ештеңені ойламайтын толысқан деген мағынасы да бар.

Масқара – жаман, масқара – өте көп, күшті.

Жөнсіз – жаман, жөнсіз – керемет, мықты.

Номинативтік және эмоционалды-экспрессивті энантисемиялар бір-бірімен қарама-қарсы мәндерімен ажырайды. Бұл жағынан алып қарағанда олар ұқсастығын байқаймыз, екінші жағынан мынадай айырмашылықтарды байқауға болады:

А) номинативтік энантисемиялар эмоционалды-стистикалық жағынан бейтарап, нейтралды болып келсе, эмоционалды-экспрессивтік энантисемиялардың қарама-қарсы мағынада қолданылуы тікелей эмоцияға, бағалауға байланысты. Ә) Эмоционалды-экспрессивтік энантисемиялар контекст және дайын күйінде қолданылса, номинативтік энантисемияларда мындай шартталуға қарағанда, әлсізрек болып келеді. Сөздің эмоционалды, экспрессивтік, бағалау мағыналары өзара байланыста болады және эмоционалды-экспрессивтік энантисемияларда бұл үшін мағынасы тең

әртүрлі дәрежеде қатысады. Осындай сөздердің лексикалық мағынасы негізінде пайда болып, қалыптасады. Эмоционалды-экспрессивті энантиосемиялар өздерінің маңызы бойынша номинативтік энантиосемиялардан ешбір ерекшеленбейді. Өйткені мұнда бір сөз қарама-қарсы мағынада қолданылады. Бірақ бұл жерде екеуінің ортасында атап айтатындай өзгешелік жоқ деген пікір тұмауы керек. Екеуінің өзара айырмашылығы нәтижесінде мына мәселелерді бөліп көрсетуге болады: 1) эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялардың қарама-қарсы мағынада қолданылуы бағалау және эмоциямен тікелей байланысты болады. Олардың жасалуы, қарама-қарсы мәнде қолданылуы эмоция мен бағалауға байланып тұрады.

Эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар өздерінің табиғаты бойынша өзара өзгешеленіп тұрады. Сондықтан оларды шартты түрде әртүрлі семантикалық топтарға бөліп қарауға тура келеді. Біз бұл жерде әр топқа өзінше тоқталардан бұрын қаралып жатқан мәселеге тікелей байланысы бар эмоционалды мағынасы бағалау және экспрессивтілік деген мәселелерді шешіп алған жөн.

Сөздің эмоциялық мағынасы жайдан-жай пайда болмайды. Ол сөздің лексикалық мағынасы негізінде жасалады. «Лексикалық мағынасы зат пен олардың сипатын атап көрсетуге негізделсе, эмоционалды мағынасы сөйлеушінің осы сипаттар негізінде пайда болған субъективті көзқарасы, бағалауы арқылы анықталады» [5, 48 б.]. Мысалы, Қайғырмашы, кемпірім! Ұйықтап қалғаным бір жағынан дұрыс болыпты, бір керемет түс көрдім деген сөйлемдегі кемпірім сөзі, бір жағынан, жасы ұлғайған, көрі әйел деген мағынаны білдіріп, заттың атын білдірсе, (бұл – оның лексикалық мағынасы) екінші жағынан ішкі сезімді – еркелету мағынасын білдіреді. Бұл – оның эмоционалды мағынасы. Бұл жердегі нақтылайтын, айта кететін нәрсе – ол негізгі лексикалық мағынасының эмоционалды мағынаның тууына негіз болады. Эмоционалды мағына туған кезде лексикалық мағынасы белгілі бір дәрежеде көмескіде қалады [5, 25 б.].

Егер де сөз қарама-қарсы мәнде жұмсалып, эмоционалды мәнді берсе, бұл сөз міндетті түрде бағалау қасиетіне ие деген сөз. Эмоционалды компоненттен ерекшеленіп, сөздердің синтаксистік байланысына қарай, контекст негізінде айқындалады. Бағалауда, негізінен, жақтыру, жақтырмау мәндері бар. Сонымен қатар орташа бағалау түрі де кездеседі. Осыған қарап, бағалаудың үш түрі бар деп санаймыз. Десек те, бағалаудың үш түрінің ішінде ең көп қолданылатындары жақсы және жаман мәндері. Лексикалық мағынаның эмоционалды-экспрессивті энантиосемияға айналуы тұрғысынан ғана қарастырып отырмыз. Ал, негізінен, лексикалық мағынаның ауқымы бұдан да кеңірек. Бұған қоса айтарымыз қазақ тіл білімінде эмоциялық мәнге ие сөздер, экспрессивті мәнге ие сөздер және

бағалауыш мәнге ие сөздер жеке-жеке қарастырылу керек. Бірақ біздің тіл білімінде эмоционалды-экспрессивті сөздер деп қосарланып келген термин арқылы айқындау басымырақ. Эмоционалды бағалауыш лексиканы 2 топқа бөліп қарастыруға болады: 1) ризашылықты білдіретін сөздер, 2) наразылықты білдіретін сөздер. Бұлардың бірінші тобы оң бағаны білдірсе, екіншісі теріс, жақтырмайтын мәнге ие. Бірақ бұл жерде ризашылық пен наразылықтың тууына қандай нақты эмоция мен сезім әсер етеді деген сұраққа эмоционалды-бағалауыш сөздердің бойындағы макросема жауап береді. Сондықтан қырғыз ғалымы А. Сапарбаев мыңға жуық сөздердің өзара 13 (жақсы көру, сүю, жалыну, қолдау, қуаттау, еркелету, разы болу, таң қалу, шошу, өкіну, наразы болу, көңіл айту, жұбату, аяу, бауырына жаны ашу, қарсы болу, жақтырмау, мысқылдау, табалау, масқаралау, жоқтау, армандау, кекету, ашулану, жек көру секілді мәндерін келтірсе, профессор Б. Усубалиев тоғыз (жақсы көру, еркелету, жалыну, разы болу, жақтыру, қуаттау, сұқтану, аяу, қалау-тілек, сұраныс, өтініш, арман, өкініш, аңсау, жақтау, таң қалу, шошу, жақтырмау, жек көру, қарғау, қарсы болу, жекіру, көңіл жұбату, көңіл айту, мысқылдау, табалау секілді семантикалық топтарға бөліп қарайды [6, 46–48 б.]. Бұл бір. Екіншіден, эмоционалды бағалауыш мағынаны білдіретін сөздердің көпшілігі энантиосемиялық қасиетке ие. Разы болу, жақтыру – оң мәні, наразы болу, жақтырмау – теріс мәні болып, қарама-қарсы мәнде қолданылады.

Эмоционалды-экспрессивтік энантиосемияларға байланысты тілдік деректерді жинастыруда, біздің ойымызша, мынадай 2 мәселеге көңіл аударған дұрыс. 1) эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялардың пайда болу және даму себептерін ашып беру және 2) оларды өзара семантикалық топтарға бөлу. Бұл екі мәселені тығыз байланыста қарау керек. Өйткені, біріншіден, эмоционалды-экспрессивтік энантиосемиялар жасалуларына қарай өзара айырмашылығы болмай қоймайды. Және оның қайсысы семантикалық топқа кірерін анықтауда дәл осы мәселе бірінші орында тұрады да, екіншіден, мұндай типтегі энантиосемиялардың әрбірін семантикалық топқа жіктей салу қиын, себебі олардың көпшілігі көпмағыналы, құбылмалы болып келеді. Мысалы, байғұс сөзін алып қарайық: Контекске қарай бірде жаны ашу, бірде кекету, енді бірде еркелету, жақтырмай т.б. секілді семантикалық топқа қосамыз. Бұған қоса олардың мағынасын анықтап, шектеуші құралдардың да көлемі өте үлкен. Мысалы, бұл сөздің мағынасы бір сөйлемнен емес, кей жағдайда бүтіндей бір көркем шығарма атқаруы мүмкін жағдайлар да кездеседі. Тіліміздегі әр сөзге әртүрлі мағыналық реңк беріп, айта беруге болады, десе де олардың бәрін бірдей энантиосемияларға жатқызуға бола ма? Бұлардың ішінен оң және теріс мағынаның актив, жарыса қолданылып, осындай қарама-қарсы мағынада қолдану тұрақты қабылдауға айналып отыр. «Сөз түрүкүмдөрүне

катышына қарай эмоционалды-экспрессивтік энантиосемияларды атоочтук жана этиштик, ал эми кепте колдонулуш деңгээлине карата тилдик жана кептик энантиосемиялар деп ич ара бөлүштүрүп кароо жөн. Тилдик жана кептик энантиосемиялар жаралыш себеп-өбөлгөлөрү боюнча бир-биринен эч бир айырмаланбайт, бирок тилдик эмоционалды-экспрессивдик энантиосемиялардын эки (оң жана терис) мааниси тен, негизинен, элге белгилүү болуп, кырдаалга карай оң және терс мааниде колдонуло берсе, кептик энантиосемиялар жеке турганда бир эле (оң же терс) мааниде колдонулат, же бейтарап абалда болот, ал эми оң же терс мааниси конкреттүү бир кырдаалда ғана жаралат» деген пікірінің жаны бар [3, 19 б.].

Қорытынды

Энантиосемия – бір сөз ішіндегі қарама-қарсы және бір сөздің қарама-қарсы мағынада қолданылуы. Энантиосемиялардың сырлылығы және табылуы бір сөздің қарама-қарсы мән беруінен келіп шығады. Энантиосемияның лексикалық жүйеден орын алатындығын, тілдік құбылыс екенін анықтау үшін оны өзге де лексикалық құбылыстармен салыстырып, теру керек. Антонимдер мен энантиосемиялардың жалпылығы, ұқсастығы қарама-қарсылығында, екеуінің де тең қарама-қарсы мағынасында қолданылуында жатыр. Энантиосемияны антонимияның ғана емес, полисемияның да өзгеше түрі деп қарастыруға да болады. Өйткені энантиосемия мен полисемияны біріктіріп тұрған ортақ семантикалық өзектің болуы. Бірақ көп мағыналы сөздердің мағыналарының өзара байланысу ерекшелігі бір-біріне дәл келмейді. Дәл осы байланысу ерекшелігінің әртүрлілігімен айырмашылығы байқалып тұрады. Ал полисемияда бір өзекке біріккен мағыналар әртүрлі болса, энантиосемиялар әртүрлі қарама-қарсы мәнде жұмсалады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Ученые записки Казанского университета. Серия : гуманитарные науки. Выпуск № 3. Том 151. – 2009.
- 2 **Мусин, Ж.** Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы : Мектеп, 1984.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 10 томдық. – Алматы : Ғылым, 1978. – Т. 1. – 671 б.
- 4 **Осмоналиева, Д.** Кыргыз тилиндеги энантиосемия. 10.02.01 – Кыргыз тили. Авторев. Филология илимдеринин кандидаты окумуштулук даражасин алуу учун жазылган диссертация. – Бишкек, 2007
- 5 **Нурбердиев М. Г.** Араб тіл ғылымындағы энантиосемия құбылысы // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, №6 (96), 2006. 113–115 б.
- 6 **Усубалиев, Б.** Кыргыз тылынн антонимдер сөздугу. – Бишкек, 1998.

References

- 1 Ýchenye zapiski Kazanskogo ýniversiteta. Seria: gýmanitarnye naýki. [Academic records of Kazan University. In Series : Humanitarian Sciences]. Issue No. 3, Volume 151 / 2009. Vypýsk № 3. – T. 151/ 2009.
- 2 **Musin, Zh.** Qazaq tiliniń antonimder sózdigi. [Dictionary of antonyms of the Kazakh language] – Almaty : Mektep, 1984
- 3 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi:10 tomdyq. [Explanatory Dictionary of the Kazakh language : in 10 volumes]. Almaty : Gylym, 1978. – Vol. 1. – 671 p.
- 4 **Osmonalieva, D.** Kyrgyz tilindegi enantiosema. 10.02.01 – Kyrgyz tili. Avtorev. Filologia ilimderinin kandidaty okýmshytlyk darajasın alýú ýchýn jazylgan disertacia. [Enantiosema in kirgiz tilindegi. 10.02.01-Kyrgyz Tili. Autorev. Candidate of philology ilimderinin okumushtuluk darazhasin Aluu uchun written dissertation]. – Bishkek, 2007.
- 5 **Nurberdiev, M. G.** Arab til gýlymyndaғы enantiosema qubylsyy. QazUÝ Habarshysy, Filologia seriasy. [The phenomenon of enantiosema in Arabic language science]. Bulletin of KazNU, Philological Series. No. 6 (96). – 2006. 113–115 b.
- 6 **Usubaliyev, B.** Kyrgyz tylynyn antonimder sózdýgy. [Antonyms of the Kyrgyz rear]. Bishkek, 1998.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

А. Б. Нуртаева, Г. К. Абдирасилова

Виды энантиосемии и средство ограничения их значения

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматриваются типы энантиосемии и их классификация в соответствии с функциональными различиями, структурой и способами возникновения энантиосемии. Энантиосемия – объективное явление. Последующие энантиосемии являются результатом множественного понимания. Хотя энантиосемия является явлением во всех языках, лишь немногие изучили и рассмотрели его. В зависимости от функциональных различий и характера противоположенных семантических пар энантиосемии подразделяются на номинативные энантиосемии и эмоционально-экспрессивные энантиосемии. Особенности развития номинативной энантиосемии и эмоционально-экспрессивных энантиосемий и

их выражения в тексте были определены на примерах. Каждое слово в нашем языке имеет различное значение и может быть произнесено, но не все из них могут быть отнесены к одной и той же энантиосемии.

Ключевые слова: энантиосемия, многозначность, семантическая пара, номинативная энантиосемия и эмоционально-экспрессивные энантиосемии.

A. B. Nurtayeva, G. K. Abdirasilova

Types of entaniosemia and ways of limitation of their meaning

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 18.09.20.

The article discusses the types of enantiosemia and their classification in accordance with functional differences, structure and methods of occurrence of enantiosemia. Enantiosemia is an objective phenomenon. Subsequent enantiosemia is the result of ambiguous understanding. Although enantiosemia is a phenomenon in all languages, only a few have studied and examined it. Depending on the functional differences and the nature of the opposing semantic pairs, enantiosemia is divided into nominative enantiosemia and emotionally expressive enantiosemia. The features of the development of nominative enantiosemia and emotionally expressive enantiosesemias and their expressions in the text were identified by examples. Each word in our language has a different meaning and can be pronounced, but not all of them can be attributed to the same enantiosemia.

Keywords: enantiosemia, polysemy, semantic pair, nominative enantiosemia and emotionally expressive enantiosesemias.

ГТАМР 17.09.91.

<https://doi.org/10.48081/GDJW5195>

С. Оспанов, К. Мырзағалиева

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Ұлы ұстаз тек ағартушылық қызметпен ғана шектеліп қалмай, халық басына төнген қауіп-қатер, нәубет жайында сол кездері шығып тұрған газеттерге хат-хабар, мақалалар жазып, елін қалай да сол қиындықтардан аман алып қалу қамын да жасаған.

1868 жылғы «Уақытша Ереженің» қазақ халқына әкелген қасіретін айтып 1872 жылы Торғай облысы әскери губернаторының атына хат жолдаған да ұлы ұстаз еді.

1880 жылдардағы ашаршылықта ұясын қорғаған қарлығаштай шырылдап, «Оренбургский листок» газетіне қайта-қайта мақала жазып, халқын аман алып қалудың бар амалын қарастырған да Ыбырай болатын.

Жеріміздің тұтастығын, еліміздің бірлігін ойлап, тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларымыздың да бастауында Ыбырай Алтынсарин тұр.

Мақалада Ы. Алтынсариннің 1889 жылдан бастап жер мәселесі жөнінде жазып, қарашекпенділердің елімізге келе бастауы жайлымыдық жерлерді тарылтқанын алғаш айтқаны баян етіледі.

Кілтті сөздер: жер, жайлым, десятина, қарашекпенділер, Уақытша ереже, жұт, Дума, Орынбор, жоба.

Кіріспе

Көрші мемлекеттер жерімізге көз тігіп, кеңдігі мен байлығына қызығумен келеді. Қарыс жерін қасиетті санап, көзінің қарашығындай сақтаған қазақ талай айқастарды бастан кешірді. Бір жағынан Қоқан хандығы, бір жағынан Жоңғарлар қыспаққа алды. Әсіресе, Ресейге тәуелді болған жылдардағы бұлқыныстан туған ұлт-азаттық қозғалыстары қаншама?! Солардың бәрі көбісіне жер мәселесінен басталып отырған.

XX ғасырдың басында Ресей Азиялық Шығысты отарлауды жеделдетіп, Қазақстан жеріне ендеп кіре бастады. Шұрайлы жерлерге орыс шаруалары мен казак әскерлері қоныстанып, жергілікті тұрғындар шөл-шөлейт

аймақтарға ығыстырылды. Жүздеген қоныстанушылар поселкалары пайда болып, жайылым тарылып, жер дауы өрши түсті. Басты күн көрісі мал шаруашылығы болған, кеңдікке үйренген қазақ халқы тығырыққа тіреліп, одан шығудың жолдарын іздестірді.

Зерттеудің нысаны: Бі. Алтынсариннің жер мәселесіне көзқарасын ашып көрсету.

Зерттеудің пәні: Жерді сүю–елді сүю, табиғатты қорғау- отанды қорғау.

Мақсаты: Ұлы ағартушының қазақ жеріне деген көзқарасын айта отырып, халыққа жанашыр тұлға болғанын көрсету.

Міндеттері: Ыбырай жер мәселесін қозғап, жайылым, шабындықтың неге тарылып кеткенін айтады. Міндет- соның себеп-салдарын ашу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

Жерімізге қарашекпенділер қаптап келіп, қоныстана бастаған кезде атамекеніміздің жай-күйі, қандастарымыздың қал-жағдайы жайында алғаш қалам тербеген Ыбырай Алтынсарин еді. Оны 1889 жылдың «Жуырда мен «Орынбор листогіне» Торғай халықтарының басына түскен апаттары туралы мақала жазып жібердім. Осы мақалада қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нарсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде салың суға кетеді» [1,83 б.], – деп, налып өзі де айтқан болатын.

Бұл мақалалар «Жұт туралы», «Қазақ даласындағы аштық туралы» деп аталады.

Қазақстан территориясында жаңа басқару жүйесін енгізіп, отарлық үстемдік ету әдістерін жетілдіруді патшалық Ресей бірнеше кезеңге бөліп жүзеге асырған болатын: «Сібір қазақтарын басқару ережесі» (1822), «Орынбор қазақтарын басқару ережесі» (1824), Орынбор әкімшілігінің «Далалық облыстарды басқару жөніндегі Уақытша ережесі» (1868).

Уақытша Ереже бойынша жаңа басқару жүйесінің енгізілу нәтижесінде штат көбейтіліп, барлық отарлық әкімшілік құрамы ұлғайтылды. Облыстық, уездік басшылық орындарын шенді орыс офицерлері мен шенеуніктері ғана иеленетін болды. Жергілікті халыққа уез басшылығының кіші көмекшісі мен қазақтарға тек «өзін-өзі басқару» орындарының билігі ғана тиді.

Ресей әкімшілігі реформа арқылы қазақ жерін қазына меншігі деп жариялап, қазақтарды отарлау ісін ашық жүргізе бастады.

Ыбырай «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ереже туралы 1868 ж.» деп аталатын жазбасында Ережеге қарсылық білдіре отырып, «өйткені

жер мәселесін шешудің мұндай тәртібі ежелден қалыптасқан жерді пайдаланудың халықтық салт-дәстүріне қайшы келеді» [2, с. 41.], – деп жазған болатын.

Ыбырай жоғарыда аталған екі мақаласында да жұттың, аштықтың түп негізі осы Ережелердің шығуында, отырықшылықты күштеп енгізуде жатқанын айтады. «...дала адамдарының халықтық өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып - білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді», – дейді. – Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нышаны бар ма екен, отырықшы үстем халықпен арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер алды екен, бұл халық қоршаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т.б. осы сияқтыларды біліп алған жөн. Өйткені тұтас ұлтты енжар ұлтқа айналдырумен пара-пар, осындай жай башқұрт халқымен болған деседі, сондай-ақ табиғат заңдарына кішкентай баланы бірден ересек адамға айналдыру мүмкіндігі болатын мысал да жоқ» [3].

Шындығында да халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігімен, күнкөріс көзімен, қалыптасқан салт-дәстүрмен танысып алмай, бірден отырықшылыққа көшіруі үлкен қателік. Қателік қана емес, жауыздық. Оның жауыздық іс-әрекет екенін Ресей империясының «Жерге орналастыру және Жер ісі басқармасының» бастығы Г. Глинканың 1907 жылы 24 наурызда Дала генерал-Губернаторына жазған «Дала өлкесіндегі мұнда әлі орналастырылмаған әлі де тоқтаусыз келіп жатқан қоныстанушылар Сіздің мәртебеңізге сеніп қазақ өлкесінен отарлау мүддесіне сай жеткілікті көлемдегі жертабу ісіне ерекше мән беруге мәжбүр ететіндігі белгілі.

Қоныстанушылардың жерге деген аса қажетті сұранысына арналған өңірлер қатарында Кавдангуль ауданы бар, Семей облысы Павлодар уезіндегі Маралды болыстығы бар» [4].

Переселендерге қазақтың ең құнарлы жерлері тандалып берілгендігін осыдан-ақ байқаймыз.

Г. Глинканың 1913 жылы 11 шілдеде Думада сөйлеген сөзінен де отарлаудың небір құйтұрқы әрекеттері болғаны айқын аңғарылады.

«Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, переселендерге қазақтардан жерді көбірек алу үшін, яғни біз әдіс істеп отырмыз, – деген ол. – Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министрлер советінен ептілік рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа «отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз» дедік. Айтуымыз-ақ мұн екен, қазақтар «отырықшы нормасымен жер бер» деп жабылып сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік» [5].

15 десятина жерге қазақ мал баға ма, әлде егін сала ма?! Жаз жайлауы, қыс қыстауы, күзегі қайда?!

Міне, осының салдарынан ағайындар арасында алауыздық туып, бір-бірімен дауласу, жауласу басталды. Сондықтан да Ыбырай қазақтардың мал бағудағы іс-тәжірибелерін айта келіп: «Осылайша бір жерде орныға отырып...егістік, шабындық немесе жайылымдық жердің әр сілемін қадір тұтатын болды; көбінесе осының салдарынан қазіргі олардың арасында өзара ұрыс-керіс болады, олар кейде қанды төбелеспен, тіпті өліммен де аяқталады [6], – деп жер-су үшін талас күшейе түскенін дәлелді жеткізеді.

1882 жылғы мәлімет бойынша Торғай облысында 1403 орыс қарашекпенділер болса, 1883 жылы ол 10084, 1890 жылғы 30751 жеткен [7,49 б.].

Ыбырайдың жоғарыда айтылған В. В. Катаринскийге жазған хатындағы «Қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді» деген сөзі расқа шықты.

Әкімшілік реформаның негізінде шексіз билікке ие болған патша чиновниктері білгенін естіді, қазақ жерінің байлығын аяусыз тонауға көшті. Аштық, жалаңаштық, қуғын-сүргін, ату-асу, халқымыздың санын күрт төмен түсірді.

Ы. Алтынсарин 1878 жылдың 23 маусымында Ресей Әскері Министрінің атына жолдаған хатында да жер мәселесі сөз болады.

Хат Торғай облысының қазақтары бұл жерде ерте замандардан иеленіп, қоныстанып келе жатқан қалпында 1732 жылы орыс елінің қол астына кіргенін айтумен басталады. Одан әрі бұл жерлердің біраз бөлігі Орынбор казак әскерлеріне беріліп, оған казак даласындағы толқулар әсер еткені, бірақ бұл қозғалысқа аудан қазақтарының еш қатысы жоқтығы, олардың өз ортасына адал қызмет еткені, сол үшін олардың көршілік қандастарынан да көп қорлық және қысым көргені сөз болады.

Автор осы жайттарды баян ете келе: «Уақыт өткен сайын жерді пайдалану мәселесі қазақтар мен қазақтардың арасында көптеген келіспеушілікке әкеп соқты. Оларды көршілік тату қарым-қатынастарынан айырыла бастады. Осы қолайсыздықты жою үшін бұрынғы Орынбордың Генерал-Губернаторының бұйрығымен 1874 жылы әскер және облыс басшылары өкілдерінің қатысуымен комиссия тағайындалды, – дей келіп, комиссия аудан қазақтарының жерге орналасуын ретке келтіру үшін, әрі қазақтар мен қазақтардың мүддесін бірдей қорғау мақсатында оларды бір-бірінен бөліп, шекара белгілеу керектігін айтқаны әңгіме болады. Сондай-ақ, Орынбордың Новолинейный ауданындағы қазақтардың әскеріне бөлінген жерден 800000-нан 1000000 десятинаға дейін жер сол қауандардағы қазақтарға пайдалануға берілсін, сонымен қоса Оралдың сыртындағы жерлерге қазақтардың еркін көшіп қонуына жағдай жасалсын» деген комиссия шешімі Орынбор Генерал-Губернаторының қысқартылуына байланысты орындалмай қалғанын қынжыла жеткізеді. Сөйтіп, 1879 жылы

4 наурызда Министрлер комитетіне баспа жоба ұсынылғанын, ол жоба 1874 жылғы комиссия шешімімен жоққа шығарғанын, бұрынғы жобаның дұрыстығын, кейінгісінің қазақтардың шаруашылығына тиімсіз екенін егжей-тегжейлі түсіндіріп, 1878 жылы 23 мамырдағы заң аудан қазақтарының шаруашылығының іргесін берік етіп, әлеуметтік жағдайларының жақсаруын қамтамасыз ететінін тағы да қайталай жеткізеді.

Хат соңында аудан қазақтарының орыстардың қоластында адал қызмет еткені, сондықтан олар үкіметтің әділ шешім қабылдайтынына сенетінін айта келіп, «Ол 51439 десятин қолайлы жерді алатынына және оларға бөлінген жерлерді Торғай облысына қосады деп сенеді. Ол үшін 1874 жылғы комиссияның шешіміне сәйкес қабылданған 1878 жылғы жоғары мәртебелінің бұйрығын қабылдаса жеткілікті. Осы ауданның қазақтары баладан үлкендеріне дейін, еркектерінен әйелдеріне дейін көз жастарын ағыза отырып сұрайды» [8].

Қорытынды

Қазақтардың жан айқайы мен көз жасын патша үкіметі қайтсін, Ыбырай хаты ескерусіз, тасада қалды.

Генерал-Губернатор Колпаковский 1887–1888 жылдарға берген есебінде Ақмола, Семей, Жетісу облыстарына орыс шаруаларын қоныстандырып, тілдерін әдет-ғұрпын және православие дінін ала келе, оларды жаңа территорияларға ауыстыру және рубасыларын қайта сайлау – қазақтардың рухани болмысына, психологиясына, салт-санасына өзгерістер әкелгенін айтып: «Бұл өзгерістер дала облыстарын басқарудағы 1869 жылғы уақытша жағдайдың әсері деп білемін» [9], – деп масаттана жазды.

Ресей өкіметінің казак елін отарлау саясаты XVIII ғасырдың бірінші жартысында басталып, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында өз мақсатына жетті. Жаңа округтер құрылып, оны аға сұлтандар мен орыс шенеуніктері басқарды. Келе-келе қазақтар бұл биліктен де айрылып, оларға болыстық пен ауыл старшындығы ғана тиді. Сөйтіп ұлан ғайыр казак даласы бодандықтың темір құрсауын киді, құнарлы жерден, жайылымнан шөл, шөлейт аймақтарға қарай ығыстырыла бастады. Әділетсіздік, жазықсыз жазалау, зорлық-зомбылық, жоқтық етек алды. Бұл жайт елдегі толып жатқан проблемалардың бетін ашып, халықтың билеуші тапқа деген ашу-ызасын шектен шығарып жіберді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы : «Рауан», 1991.
- 2 **Алтынсарин, И.** Собрание сочинений в трех томах. – 1976.
- 3 Оренбургский листок, 1880, 13 мая.

- 4 РГИА. Ф.391. Оп. 3. Д. 115. Лл. 48 – 49 об.
- 5 Қазақ. – 1913, 11 маусым.
- 6 Алтынсарин Ы. Қазақ даласындағы аштық туралы. // Оренбургский листок, 1880, 13 апреля.
- 7 **Әбенова, Б.** 1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі, Ақтөбе, 2005.
- 8 Военно-исторический архив г. Москвы. Фонд 1099. Опись 1, Дело 163 // Айқап, № 2 (100). – 2016, маусым. – 59–64 б.
- 9 Қазақстан Орталық мемлекеттік архиві 64 қор, 436-іс. 9 – 10 беттер.

References

- 1 Altynsarinnin tañdamaly pedagogikalıq muralary. [Selected pedagogical heritage of Altynsarın]. – Almaty : «Rauan», 1991.
- 2 **Altynsarın, I.** Sbranie sochineni v treh tomah [Collected works in three volumes]. 1976.
- 3 Orenbúrgskı listok [Orenburg leaf]. 1880, May 13.
- 4 RGIA. f. 391. Op. 3. D. 115. Ll. 48-49 vol.
- 5 Qazaq [Kazakh]. – 1913 June, 11
- 6 **Altynsarın, I.** Qazaq dalasyndaǵy ashtyq týraly. [About the famine in the Kazakh steppe]. // Orenburg leaf. – 1880, April 13.
- 7 Abenova B. administrative reform of 1868 and Orenburg region I, Aktobe, 2005. [Abenova B. 1868 jylǵy ákimshilik reforma jáne Orynbor ólkesi, Aqtóbe, 2005.].
- 8 Voeno-istoricheski arhiv g. Moskvı. [Military-historical archive of Moscow]. The 1099 Fund. Inventory 1, Case 163. In Aikap, No. 2 (100) – 2016. June – 59-64.
- 9 Qazaqstan Ortalyq memlekettik arhivi. Central State archive of Kazakhstan 64 funds, case 436. – P. 9–10.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

S. Ospanov, K. Myrzagalieva

Ибрай Алтынсарин о земельном вопросе

Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова
Республика Казахстан, г. Костанай
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

Великий учитель не ограничивался только просветительской деятельностью, писал переписку, статьи в издававшиеся тогда

газеты об угрозах и бедах народу, заботился о том, чтобы его страна переживала те или иные трудности.

В 1872 году он направил письмо на имя военного губернатора Тургайской области.

В голодные 1880-е годы карлыгаштай, защищавший свое гнездо, вновь и вновь писал статьи в газету «Оренбургский листок» и считал все возможное, чтобы спасти свой народ.

У истоков нашей земли стоит Ибрай Алтынсарин, который боролся за независимость, за единство нашей страны.

В статье говорится, что И. Алтынсарин писал о земельном вопросе с 1889 года, когда карачекпенды начали прибывать в нашу страну, они впервые сузили пастбищные угодья.

Ключевые слова: Земля, ял, десятина, карачек, Временное положение, жут, Дума, Оренбург, проект.

S. Ospanov, K. Myrzagalieva

Ibray Altynsarın on the land issue

Akhmet Baitursynov Kostanay Regional University,
Republic of Kazakhstan, Kostanay.
Material received on 28.08.20.

The great teacher did not limit himself only to educational activities, wrote correspondence, articles in newspapers published at that time about threats and troubles to the people, and took care that his country survived certain difficulties.

In 1872, he sent a letter to the Military Governor of the Turgay region.

In the hungry 1880s, karlygashtay, who defended his nest, wrote articles again and again in the newspaper «Orenburg leaf» and considered everything possible to save his people.

At the origins of our land stands Ibray Altynsarın, who fought for independence, for the unity of our country.

The article says that I. Altynsarın wrote about the land issue since 1889, when the karachekpens began to arrive in our country, they first narrowed the pasture lands.

Keywords: Earth, Yal, the tithe of all fours, Temporary position, state, Council, Orenburg, project.

<https://doi.org/10.48081/ILQX7964>

¹Г. Қ. Рысбаева, ²Р. А. Досжан, ³Ж. Т. Исаева,

⁴Ғ. Ж. Тунгушбаева, ⁵С. А. Алиева

¹Нұр-Мұбарак университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті,;

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

³С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴Каспий қоғамдық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁵М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«ЖАРАТУШЫ КҮШТЕР» КОНЦЕПТІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫМДАР

Бұл мақалада «Жаратушы күштер» концептісіне қатысты культ лексемасын қамтитын сөздердің лексикографиялық сипаттамасы қарастырылады. «Құдай, Алла, Тәңірі, Құдірет, Хақ, Раббы, Жаппар, Жасаған, Жаратқан, Ием» және т.б. культ концептісінің жан-жақты қырларын, семантикасын, олардың бейнелік мағыналарын ашуға және әр лексеманың уақыт ағымындағы мағыналық өзгерістерін анықтауға жол ашады. Қазақ, қырғыз және татар-түрік тілдеріндегі аномастикалық лексикада «Құдай, Алла, Жаратушы» деген атпен байланысты лексемалар бар. Егер тілдік санада бейнелі компоненттердің діни лексемасы үйлесімді болса, онда ұлттың танымындағы символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері байқалды.

Кілтті сөздер: жаратушы күштер, концепт, Құдай, Алла, Тәңірі, Құдірет, Хақ, Раббы, Жаппар, Жасаған, Жаратқан, Ием, ономастика, антропонимдер, культтік лексемалар, діни идиомалар.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінің антропология, психология, философия, логика, мифология, этнография, т.б. салаларымен тығыз байланыста зерттелуі нәтижесінде танылып, ашылып отырған түркі тілдеріндегі культтік фразеологизмдердің мағынасын түрлі аспектіде қарастыру – жаңаша

көзқарастың дәлелі. Тіл білімінде тілді ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Тілдегі әртүрлі бірліктер арқылы халықтың өмір сүру тәжірибесі мен салт-санасынан, әдет-ғұрыптарынан, тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан, наным-сенімдерінен хабардар болуға болады.

«Жаратушы күштер» концептісі қандай да болмасын халықтың рухани-мәдени концептілер жүйесінде өзіндік орны бар концептілерінің бірі. Рухани мәдениет адамдардың қоршаған дүниеге көзқарасы, діни танымы, наным-сенімі, мінез-құлқы, қабілеті т.б. ұғымдар арқылы танылады. «Жаратушы күштер» яғни культ өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі. Культтік лексиканы зерттеу - дінді зерттеу емес, ол тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын, рухани-мәдени өмірін, дүниетанымдық болмысын, наным-сенімін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жан-жақты қарастыру, байымдау болып табылады. Культтік атаулар – кез келген халықтың тілінен орын алған ауқымы кең этнолексикалық қабатты құрайды. «Жаратушы күштер» концептісінің жан-жақты қырларын сан алуан лексикографиялық дереккөздер талпыныс жасайды. Лексикографиялық деректер культ концептісінің тілдік репрезентанттары түрлерінің семантикасын, олардың бейнелік мағыналарын ашуға және әр лексеманың уақыт ағымындағы мағыналық өзгерістерін анықтауға жол ашады. «Жаратушы күштер» концептісіне қатысты культ лексемасын қамтитын сөздердің лексикографиялық сипаттамасы қарастырылады.

Зерттеудің нысаны: Культке қатысты атаулар, культтік фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым-түсініктерді көрсететін, қазіргі көркем мәтіндерде көрініс тапқан мифологиялық, сакральды жүйелердегі, т.б. «культ» концептісінің тілдік репрезентанттарының ұлттық-танымдық мәні мен олардың түркі тілдеріндегі соның ішінде қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктері этнолингвистикалық және этномәдени негізі. Біздің зерттеу аспектіміз – дүниетанымдық тіл білімі.

Зерттеу пәні – культтік ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің, культтік фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктері мен этнолингвистикалық сипаты.

Мақсаты: Тіліміздегі культке қатысты атаулар, терминдер, лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасын ғана емес, сонымен қатар сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін анықтау жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – түркі тілдеріндегі бірліктер культ концептісін танытатын тілдік бірліктер жүйесін зерттеу.

Міндеттері:

- жаратушы күштерге қатысты культтік ұғымды білдіретін тілдік бірліктердің лексикографиялық дефиницияларын талдау және түркі тілдеріндегі культтік ұғымдағы лексемалардың лексика-семантикалық өрісін және оның кеңею үдерісін көрсету;

- культтік фразеологизмдердің адам санасында бейнеленген тілдік, құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жүргізіп, ұлттық-мәдени және танымдық сипатын ашу;

- «Жаратушы күштер» концептілерінің лингвокогнитивтік құрылымын анықтау.

«Культ» ұғымы қазақ және қырғыз этникалық мәдениеттері үшін әмбебап категория болып табыла отырып, мағыналық және басқа компоненттерінде көрінетін өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

Лексикографиялық дереккөздерде тіркелген мағыналарынан байқағанымыздай, аталмыш ұғым қазақ және қырғыз халықтары үшін жоғары дәрежелі абстракциясы бар ұғымдарға жатады. Жоғарыдағы деректер бойынша культ лексемасының тіркелген мағыналарынан абстракттілі, материалдық емес, бір затты құрметтеуге, киелі заттарға табынуға, жаратушы күштерге сыйынуға, жалбарынуға, діни наным-сенімдерге, қатыстылық т.б. ақпараттық, бөліктерін бағамдауға болады. Сондықтан түркі тілдеріндегі (қазақ, қырғыз) аталмыш сөздіктерден алынған культ лексемасы түсіндірмелерінің барлығы бұл тілдердегі аталған концептінің ұғымдық аясын, қабатын құрайтын ерекшеліктерін байқауға болады..

Сөздіктерде берілген мағыналарды жинастырсақ, аталмыш лексеманың мынадай танымдық мағыналарын тіркеуге болады. «Культ» лексемасы «сыйыну», «жалбарыну», «табыну», «құрметтеу» сияқты етістіктер төңірегінде топтастырылған кең ұғым, культ дәстүрлі діндердің, діни наным-сенімдердің әдет-ғұрыптық жағы, дәлірек айтсақ, культ – діннің әдет-ғұрыптық жағы (құрбандық шалу, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу); осы әдет-ғұрыптарды өткізу кезінде қолданылатын құралдар (Құран, жайнамаз, тасбих, садақа, діни адамдардың киімдері, т.б.) төңірегіндегі ұғымдар.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеудің нәтижесі бойынша «Жаратушы күштер» ұғымының тілдік ішкі құрылымында Сыйыну → Жалбарыну → Бас ию → Табыну → Құрметтеу лексемалары өмір сүреді. «Жаратушы күштер» концептісі – көзге көрінбейтін, бүкіл әлемді жаратушы, жарылқаушы ерекше күштер. Ұлттың ерекше дүниетанымды, рухани өмірді әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан түсінуде басты компонент болып табылатын концептінің басты белгілерінің бірі - оның мәдени ренге, бояуға ие болуы. Жаратушы күштер

құрметіне құрбандық шалу, пітір-садақа беру, құдайы беру, Қағбаға бару, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу, т.б. концептуалды фреймдердің жүйесінен тұрады.

«Жаратушы күштер» концептісінің семантикалық өрісі «Құдай», «Алла», «Тәңірі» және «Құдірет», «Хақ», «Рабы», «Жаппар», «Жасаған», «Жаратқан», «Ием», т.б. лексемалардан тұрады.

«Жаратушы күштер» концептісімен байланысты тілдік құрылым бір күннің жемісі емес, ғасырлар бойы жасалып, өшпей, ұмытылмай, өз мәні мен күшін жоймай бүгінге дейін келіп отыр. Бұл ұғымның ұлттық санамызда белгілі, анық тұстарына қарағанда тылсым, жасырын тұстары көп.

«Жаратушы күштер» концептісінің бірі - Құдай сөзінің синонимі ақ сөзі кейбір түркі тілдерінде «құдай» деген мағынаны білдіреді [1, 16 б.]. Ескі діни ұғым бойынша ақ сөзінен «киелі», «қасиетті» ұғымның нышаны байқалады. Л. З. Рүстемовтың сөздігінде: ақ сөзін кірме, араб тілінің «һәкк» сөзі: 1. құқық; 2. әділдік; шындық; 3. міндет; парыз, міндет; 4. құдай деген мағына білдіреді [2, 21 б.]. Қазақ тіліндегі сөздікте: Құдай – бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленеді; алла тағала, тәңір, жаратушы [3, 424 б.]. Парсы тіліндегі сөздікте: Құдай: Ходан – құдай [4, 425 б.]. Қырғыз тіліндегі сөздікте: Кудай (бог): Кудай, тенигр, алда. Кандай экенин кудай билет – қандай экенин құдай біледі; аны кудай билет – оны құдай біледі; кудай сақтасын – құдай сақтасын; кудайға шүкур - құдайға шүкір [5, 52 б.]. Өзбек тіліндегі сөздікте: Худо (бог): Худо, тангри, оллох. Худо берсин – құдай берсін; Худо ярлақасин – құдай жарылқасын; Худо хохласа – құдай қолдаса [6, 77 б.]. Татар тіліндегі сөздікте: Ходай (бог): Алла, худой, тәңре. Алла белсен – алла білсін; Алла сақласын – алла сақтасын; Алла шөкер! – алла шүкір! [7, 42 б.].

Құдай сөзі түркі халықтарында әр түрлі айтылғанымен, мағынасы бірдей. Құдай сөзі – қырғызша – «кудай», өзбекше – «худо», ұйғырша – «худа», түркменше – «худай», татарша – «ходай», қарақалпақша – «кудай» деп аталады. Башқұрт, қарашай-балқар тілдерінде алла, құдай, тәңірі сөзі «алла, аллах» деп аталады.

Құдай сөзі араб тілінен енген «тағала» сөзімен тіркесіп, «Құдай тағала» түрінде де кездеседі. Сөздікте: Құдай тағала – құдай, тәңір жаратқан, жасаған; алла тағала сөздерінің баламасы [3, VI, 428 б.].

Сөздікте: Алла – құдай, тәңірі сөздерінің баламасы, мифологиялық түсінік бойынша бүкіл дүниені, адамзатты, жан-жануарды жаратушы ие [3, I, 227 б.]. Бұл сөз қазақ тіліне ислам дінінің таралуымен байланысты арабтардан ауысқан. Арабша-орысша сөздікте: Араб тілінде аллах /бог, аллах/ құдай, алла дегенді білдіреді [8, 48 б.]. Алла сөзі – ұйғырша, татарша, түркменше, башқұртша, қарақалпақ тілінде «алла» деп аталса, қарашай-балқар тілінде

«аллах», өзбек тілінде – «оллох» деп аталады. Құранда: Алла «қайырымды», «ақылды», «дана», «жасаған дүниенің билігін қолында ұстаған» деген эпитеттермен суреттеледі. Кейде алла сөзіне «тағала» тұлғасы қосарланып, «алла тағала» деп те айтылады.

Сөздікте: «Тағала» сөзі де араб тілінен ауысқан, ал мағынасы – «тәңір, құдай, жаратқан» дегенді білдіреді [3, I, 227 б.]. Яғни діни түсінік бойынша «бүкіл дүниені, адамзатты жаратушы» деген мағынада жұмсалады. Тағала сөзі көбінесе құдай, алла, хақ сөздерімен тіркесіп айтылады: алла тағала, құдай тағала, хақ тағала.

Сөздікте: Тәңір – көне түркі сөзі. Бірінші мағынасы құдай, алла тағала, құдірет дегенді білдіретін діни сөз [3, 66 б.]. Ежелгі түркі ескерткіштер тілін зерттеуші А. Махмұтов «тәңірі» сөзі түркі орхон жазуларында көк/аспан және құдай деген ұғымды білдіретінін көрсетеді [1, 8 б.].

Көне түркі сөздігінде таңғи (тәңір): 1. аспан; 2. құдай; 3. тәңірілік, 4. әмірші (билеуші), мырза. Осы мағыналардың парадигмасынан көрініп тұрғандай, ежелгі түркілердің дүниетанымында кеңістіктің жоғары (үстем) бөлігі аспан, құдай, мырза, адам тағдыры мен өмірлерінің әміршісі ретінде қабылданған. Ежелгі түркі қағандары аспаннан жаралған деп аталды: «Тәңір текті Тәңірден жаратылған түркі Білге қаған бөдке/тақ иесіне отырдым» [9, 206 б.].

«Тәңірі» сөзінің синонимдері – алла, құдай, құдірет, жаппар, жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ием, ие, раббы, хақ. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей, яғни өзара мәндес сөздер. Тәңірі сөзі – қырғыз тілінде – «теңир», ұйғырша – «тәңри», өзбекше – «тангри», татарша – «тенре», қарақалпақ тілінде – «теңир» деп аталады.

М. Қашқари сөздігінде тәңірі сөзінің 1) «құдай»; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы берілген [9, 87 б.]. Ал В. Радлов сөздігінде тәңірі сөзі үш түрлі таңбаланады: таңры, таңгры және тәңірі. Бұның алғашқы екеуі неміс тілінде Gott «құдай» деген бір ғана мағынамен, ал көне түркінің тәңірісі әрі «der Himmel (аспан)», әрі «Gott (құдай)» деп аударылған [10, 24 б.].

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Құдірет – құдай, алла, тәңір, жасаған, жаратушы дегенді білдіретін араб сөзі [3, 434 б.]. Құдірет сөзі «әмір», «алла» және «құда», «құдай» сөздерімен тіркесіп «әмір құдірет», «құдірет алла», «құданың құдіреті», «құдайдың құдіреті» деген тіркестері жасалады. Әмір құдірет – құдай, алла, тәңір деген мағынада. Жаппар – діни ұғым бойынша бар әлемді жаратушы, құдіретті күш [3, III, 682 б.]. Жаратқан – діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі; құдай, тәңір, жасаған, жаратушы [3, III, 682 б.]. Жаратқан сөзі «жалғыз», «алла», «құдай», «бір құдай», «жаппар», «ием», «тәңір» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «жаратқан алла», «жаратқан жалғыз алла», «жаратқан құдай», «жаратқан бір құдай», «жаратқан жаппар құдай», «жаратқан ием», «жаратқан

тәңір» деген тіркестер жасауға қатысады. Осындай тіркестерінің мағынасы «жаратушы құдай, тәңір, аллатағала, жасаған ие» деген мағынада жұмсалады. Жаратушы – діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі [3, VI, 682 б.]. Жаратушы сөзінен «жаратушы бір құдай», «жаратушы жалғыз», «жаратушы жаратты» сөз тіркестері туындаған. Жасаған – құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді [3, 250 б.]. Жасаған сөзі «алла», «құдай», «ие», «ием», «тәңір» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «жасаған алла», «жасаған құдай», «жасаған ие», «жасаған ием», «жасаған тәңір» деген тіркестер жасауға қатысады. Ие – бүкіл дүниенің қожасы, жаратушысы, құдай деген сөз [3, 250 б.]. Ие сөзі «жаратқан», «жасаған», «тәңір» сөздерімен тіркесіп, «жаратқан ие, «жасаған ие», «тәңір ием» деген сөз тіркестері жасалып, «алла, жаратушы, жасаған, құдай» деген мағынада жұмсалады. Раббы – құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді [3, 250 б.]. Хақ – діни ұғым бойынша дүниені жаратқан алла тағала, құдай, тәңірі, жаратушы [11, 707 б.]. Хақтың жазуы, хақ дидарын көрді, хақ жаратты, хақ жаратқан құдай, хақ жаратқан тағала, хақ салған жол, хақ тағала, хақ тағала құдайы, хақ жарады, хаққа тапсырды, хақтың үйі, хақтың ісі, т.б. сияқты тұрақты тіркестер көбінесе эпостық жырларда кездеседі. Хақ культтік сөзі «тағала», «жаратқан құдай», «жаратқан тағала» сөздерімен тіркесіп, «Хақ жаратқан құдай», «Хақ жаратқан тағала» деген фразалар жасап, «құдай, алла, тәңірі, жаратушы ием» деген мағына білдіреді. Хақ тағала – жаратушы құдай, алла, тәңірі деген көнерген сөз.

Жинастырған деректер жиынтығы бойынша «Құдай» сөзінің синонимі «Құдірет», «Хақ», «Раббы», «Жаппар», «Жасаған», «Жаратқан», «Ием» лексемаларының тіркелген мағыналарынан абстрактілі, материалдық емес, рухани ақпараттық ұғымдық аясын, қабатын құрайды.

В. Радлов сөздігінде жаратқан сөзінің синонимі - қайрақан сөзі Сібір түркілерінде (алтайлықтарда, тувалықтарда, телеуіттерде т.б.) «жаратқан иенің қастерлі аты, жебеуші періште» деген мағынаны білдіреді [10, 22 б.]. «Осы анықтаманы Л. Будагов те береді. Сөйтіп, тау-тас сияқты табиғат күштерінің «иесінің» атауы ретінде, яғни табынатын, сыйынатын, қорқатын «тәңірлердің» аты қатарында қайрақан / қайраған сөзі ертедегі қазақтардың да, дәлірек айтсақ, қазақтарды құраған ру-тайпалардың да тілінде жұмсалған деген тұжырымға келуге болады», – дейді академик Р. Сыздық [12, 111 б.].

Демек, «Құдай» концептісінің бірнеше синонимдерінің қазақ және қырғыз, өзбек, татар тілдерінің лексикографиялық деректерінде тіркелген мағыналардың ұқсастықтарын байқадық. Төрт тілде де Құдай сөзінің мағынасын түсіндіруде «Құдай, тәңірі, алла» деген мағынасы қатар айтылады, төрт тілдегі лексемалар мағыналарының ұқсастығы жағынан төрт халықтың ұғымдық, дүниетанымдық ерекшеліктерін аңғартады.

Қарастырылып отырған «Құдай, алла, тәңірі» культтік сөздері араб тілінен енген «күдірет, жаппар, хақ» сөздерімен көбінесе тіркесіп қолданылады. Жаратқан, жаратушы, жаппар, жасаған, жасаған ием, ие дегендер – алла, тәңір, құдай сөздерінің қазақша баламасы, синонимдес сөздер. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей. Олар да «бар әлемді жасаушы ұлы күш, күдірет иесі, яғни құдай, алла, тәңір, жаратушы» деген мағынада жұмсалады.

«Жаратушы күштер» концептісі ономастикалық лексикада – антропонимдерде көрінеді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Кез келген халықтың антропонимиясында жалқы есімдер адам баласы туа салысымен беріледі, олар дүние туралы білімді толықтырады, өзінің аялық семантикасында ерге, әйелге тән тұжырымдық ұлттық дүниетанымды, мәдени-әлеуметтік құбылыстарды бейнелейді. Кісі есімдері халықтың дүниетанымына, мәдени-әлеуметтік құбылыстарға, тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына байланысты танылатын ұғымдармен уәжделеді. Қазақтардың көптеген жалқы есімдері табиғат құбылыстармен, аң-құс, жан-жануарлармен, жер-су, жеміс-жидек, асыл металдармен байланыстырып қойылатын есімдер де көп кездеседі.

Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ тілінде «Құдай, Алла, Тәңірі» лексемаларына қосымшалар жалғану арқылы жасалған тек адам есімдері ғана кездеседі. Мысалы, «Алла», «Құдай», «Тәңірі», «Жасаған», «Жаппар» сияқты культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді сияқты кісі есімдері жасалады. Қазақ халқының ұғымында бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір. Бұл культтік сөздердің астарында «күдай берді», «күдай бере салды» деген танымдық түсінік жатыр.

Дәл осындай ұқсастық қырғыз және түркі-татардың тілдерінің ономастикалық лексикасында «Құдай, Алла, Тәңір» лексемаларымен байланысқан есімдер де кездеседі. Қырғыз тілінде: Алдаберди, Тенирберди, Кудайберди, түркі-татарлардың тілінде: Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов деген есімдері қойылады.

Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің қойылу мағыналары жағынан ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екенін аңғардық. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей. Ал өзбек тілінің ономастикалық лексикасынан «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік лексемаларымен байланысқан есімдерді кездестірмедік.

Культтік лексемалардың бейнелілік компоненттері қазақ, қырғыз тілдік санасында ортақ болып келсе, символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері байқалды. Культтік фразеологизмдер – тілді жасаушы халықтың бір кездердегі ой-санасының, жан-дүниесінің сәулесі іспетті. Сондықтан халықтың дүниеге көзқарасы, көңіл-күйі, алғысы мен қарғысы, қуанышы мен реніші, көз жасы мен қорқынышы, тілегі, батасы – бәрі сол халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланысты [13, 92 б.]. Сондықтан өзіндік ұзақ тарихы бар мұндай тұрақты сөз тіркестері әдеби тілімізге тарихи материал бола алады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, «Жартушы күштер» концептісі лексикалық бірлік бойында сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі арқылы жинақталған аялық білімнің молдылығын, халық дүниетанымында алатын орнының ерекше екендігін танытады. Түркі тілдерінің лексикографиялық материалдары негізінде қазақ және қырғыз тілдеріндегі культ лексемасының ұғымдық, дүниетанымдық ерекшеліктері анықталды.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Махмутов, А.** Архаизмы и историзмы в казахском языке : Автореф. дисс. ... канд. филол. наук [Текст]. – Алматы. : 1963. – 20 с.
- 2 **Рустемов, А. З.** Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алматы, 1989. – 175 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1974–1986. – Т. I – X.
- 4 Персидско-русский словарь. / Под ред. Ю. А. Рубинчика. М. : Советская Энциклопедия, 1970. – 784 с.; Т. 1. – 1983. – 579 с.
- 5 Русско-киргизский словарь. / Под ред. К. К. Юдахин. М., – 1957. – 990 с.
- 6 Русско-узбекский словарь = Русча-узбекча лугат / Институт языка и литературы имени А. С. Пушкина. – Ташкент. С. Ф. Акабиров и др. – 1955. – 734 с.
- 7 Русско-татарский словарь. – М. : Рус.яз., 1991. – 736 с.
- 8 Арабско-русский словарь. / Сост. Баранов Х. К. – М. : Госиздат, 1970. – 948 с.
- 9 Древнетюркский словарь. – Л. : Наука, 1969. – 676 с.
- 10 Опыт словаря тюркских наречий. / Радлов В.В. СПб, 1893. Т. 3. – 1047–1048 с.
- 11 Қазақ тілінің сөздігі. / Жалпы ред. бас. Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

12 **Сыздықова, Р.** Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 272 б.

13 **Рысбаева, Г. Қ.** Түркі тілдеріндегі «тәңірі» сөзінен туындаған культтік фразеологизмдер [Текст] // «Журнал ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы». – А., 2003. – № 4. 92–94 б.

References

1 **Mahmýtov, A.** Qazaq tilindegi arhaızmdar men tarıhızmdar. [Archaisms and historisms in the Kazakh language] [Text] In Abstract. diss. ... cand. philol. sciences. – Almaty, 1963. – 20 p.

2 **Rústemov, A. 3.** Arab-ıran kirme sózderiniń qazaqsha-oryssha túsindirme sózdigi. [Kazakh-Russian explanatory dictionary of Arabic-Iranian borrowed words] [Text]. – Almaty, 1989. – 175 p.

3 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi. [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. [Text] – Almaty : Gylym, 1974–1986. – T. I–X.

4 Parsy-orys sózdigi. [Persian-Russian dictionary] [Text] Edited by Y. A. Rubinchik. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1970. 784 p.; Vol. 1. – 1983. – 579 p.

5 Orys-qyrgyız sózdigi. [Russian-Kyrgyz dictionary] [Text] Edited by K. K. Yudakhin. – Moscow, 1957. – 990 p.

6 Orys-ózbek sózdigi = Orys-ózbek lıgat [Russian-Uzbek dictionary = Ruscha-uzbekcha lugat] [Text]. In Pushkin Institute of language and literature. – Tashkent : S. F. Akabirov, et al. – 1955. – 734 p.

7 Orys-tatar sózdigi [Russian-Tatar dictionary] [Text]. – Moscow: Rus. yaz., 1991. – 736 p.

8 Arab-orys sózdigi. [Arabic-Russian dictionary] [Text] In Comp. Baranov Kh. K. – Moscow : State Publishing House, 1970. – 948 p.

9 Kóne túrki sózdigi. [Ancient Turkic dictionary] [Text]. - L.: Nauka, 1969. - 676 p.

10 Túrki dialektileriniń sózdik tájirbesi. [Experience of the dictionary of Turkic dialects] [Text]. Ed. Radlov V. V. – St. Petersburg, 1893. – Vol. 3. – 1047–1048 p.

11 Qazaq tiliniń sózdigi [Dictionary of the Kazakh language] [Text]. General ed. head. T. Zhanuzakov. – Almaty : Daik-Press, 1999. – 776 p.

12 **Syzdyqova, R.** Sózder aitady [Words speak] [Text]. - Almaty, 1994. – 272 p.

13 **Rysbayeva, G. Q.** Túrki tilderindegi «táñiri» sózinen týndağan kúlttik frazeologizmder [Cult phraseology in Turkic languages caused by the word «Tengri»] [Text] In Journal Bulletin of KazNU. Philological series. – A., 2003. No. 4. – P. 92–94.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

¹G. K. Rysbayeva, ²R. A. Doszhan, ³Zh. T. Issayeva,

⁴G. Zh. Tungushbayeva, ⁵S. A. Aliyeva

Языковые структуры связанные с понятием «Сверхъестественная сила»

¹Университет Нур-Мубарак, Республика Казахстан, г. Алматы;

²Региональный социально-инновационный университет, Республика Казахстан, г. Шымкент;

³Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова, Республика Казахстан, г. Алматы;

⁴Каспийский общественный университет, Республика Казахстан, г. Алматы;

⁵Казахская академия транспорта и коммуникаций имени М. Тынышбаева, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В данной статье рассматриваются концепты относительно культовой лексики «Сверхъестественные силы» в лексикографическом описании дела. Семантическое поле концепта «Сверхъестественные силы» состоит из лексем «Бог», «Аллах», «Божество», «Всемогущий», «Создатель», «Господь», «Всевишний» и т.д. Концепт «Сверхъестественные силы» в антропониме. В антропонимическом лексике казахском, киргизском и татарско-турском языках лексемы связанные с именами «Бог, Аллах, Создатель». Если в языковом сознании культовая лексема образных компонентов совместны, то в символической части в познании нации некоторые очевидные различия. Культовые фразеологизмы – в создатели языка нации когда-то вели разумное понимание, также лучезарно на подобию внутреннего мира.

Ключевые слова: сверхъестественные силы, понятие, Бог, Аллах, Божественный, Всемогущий, Творец, Господь, ономастика, антропонимы, культовые лексемы, религиозные идиомы.

¹G. K. Rysbayeva, ²R. A. Doszhan, ³Zh. T. Issayeva,

⁴G. Zh. Tungushbayeva, ⁵S. A. Aliyeva

Language structures associated with the concept «Supernatural forces»

¹Nur-Mubarak University, Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Regional Social-Innovational University, Republic of Kazakhstan, Shymken;

³Kazakh National Medical University named after S. D. Asfendiyarov Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴Caspian public University,

In this article discusses the concepts of relative religious token «Supernatural forces» in lexicographical description of the case. The semantic field of the concept «Supernatural forces» consists of lexemes like, «God», «Allah», «Divine», «Almighty», «Creator», «Lord», «Almighty», etc. The concept of «Supernatural forces» in Anomalistic lexicon - is seen in Anthroponyms. In Anomalistic vocabulary Kazakh, Kyrgyz and Tatar-Turkish languages associated with the names «God, Allah, the Creator.» If the language consciousness cult lexemes shaped components together, in a symbolic part in the knowledge of the nation some obvious difference. Religious idioms - the creators of the language in the nation once led a reasonable understanding also radiantly on the similarity of the inner world.

Keywords: supernatural forces, concept, God, Allah, Divine, Almighty, Creator, Lord, onmastics, anthroponomy, cult lexemes, religious idioms.

Б. Сағындықұлы, Н. Қуатбеков

Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.,

ПОЭЗИЯДАҒЫ СЫРШЫЛДЫҚ ПЕН САБАҚТАСТЫҚ

Бұл мақалада М. Мұсағитовтың поэзиялық шығармасы алғаш рет сөз болып отыр. Әдебиеттанушы ғалымның еңбектері тарқатылып, шығармаларындағы сыршылдық пен азаматтық өлеңдеріне талдау жүргізіледі. Аталған тақырыптағы өлеңдерінің өзіне дейінгі шығармалармен үндестігі баяндалады. Сондай-ақ, ол өлеңдердің қазіргі уақыт талаптарына сәйкес келіп, өз мән-мағынасын барынша сақтап қалғандығы бекітіле түседі.

Мақалада ақын М. Мұсағитовтың өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ақындармен сабақтастығы нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Әсіресе, М. Жұмабаев шығармашылығымен идея, тақырып, мазмұн жағынан жақындығы екі жақты өлеңдерін талдау арқылы түсіндіріледі. Сонымен қатар мақалада А. Байтұрсынұлы, С. Сейфулин бейнесін ашарлық тұжырымдар бар. Әрі бұлардың барлығы ғылыми пайымдаулар арқылы тиянақталып отырады. Мақаланың жеке тұлғаның шығармашылығын танытудағы рөлі басым. Әрі есімі ұмытыла бастаған М. Мұсағитовтың өлеңдерін бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуді көздейді.

Кілтті сөздер: әдебиет, әдеби сабақтастық, әдеби процесс, алаш әдебиеті, ұйқас, өлең, поэзия.

Кіріспе

Әдебиетті тек-түрге жіктеп, оның поэзиясын, прозасын, драммасын жеке-дара үкілеп отырсақ та, бар мүмкіндігін ашып бере алған жоқпыз. Бір қарағанда, қазіргі ғылыми сұранысты қанағаттандырудан құр алақан да емеспіз. Қазақ ғылымындағы гуманитарлық түс әбден зерттелу мен зерделенуден өтті десек болады. Гуманитарлық ғылымның филологиялық бағыты да бұл көштен қалыс қалмады. Әсіресе, әдебиеттану мен тілтаным барынша тиянақталды. Тіпті, олардың танымдық (когнитивтік), прагматикалық, тұлғатанымдық, салааралық, ғылымаралық, салғастырмалық ізденулерде де көш бастап тұрғаны даусыз. Ақын-жазушы шығармаларын,

олардың тілдік ерекшелігін, сөз қолдану шеберлігін, кейіпкер бейнелеудегі таптырмас әдіс-тәсілдерін, бір сөзбен айтқанда, тіл мен әдебиет саласын орталықтандырып тұратын стилистика саласы да мейлінше өзектендіріліп болды. Дей тұрғанмен осындай қомақты зерделеулерімізден тыс қалып қойған бір сүйем жайт бар. Жайт дегеннен гөрі, бір сүйемдік еңбегі бар замандастарымыздың еленбей қалғаны дер едік. Олар – Тәуелсіздігіміздің алғашқы бесжылдығында мәдени-әдеби дамуымызды қаламының ұшына іліктірген жандар еді. Дұрысы, жеке адам (ғалым).

Зерттеудің нысаны: Әдебиет іліміне шағын бір мақалалық дерекпен келіп-ақ, «ар ісінің» абзалына айналуға болады. Бірақ көп жағдайда мұндай тұлғалардың «әдебиет өмірбаянынан» орын алмай, бірден архив құжаттарына айналып жатуы да таңсық емес. Сондай арда тұтар тұлғаның бірі - Мұсағитов Мүсілім Айтқазыұлы.

Зерттеудің пәні: Егемен еліміздің алғашқы жылдарында жарқ етіп шыққан М. Мұсағитов қалың қауымға бірден танылды. Оның өзінде астана жұртынан қашық жатқан облыс өңірінде жүріп-ақ, қара өлең мен қыр-әнді, пьесалық қойылым мен публицистикалық мақаланы бір адамдай меңгеріп алды. Әрине, «мен білерге» салынып кеткен жоқ. Қайта, қолға түскен деректерді, ауыз әдебиетін, алашшыл әдебиет қорын толығынан пайдалана отырып, оны бар жан-тәнімен іске асырды. Ол сөз өнерінің барлық бағытына қалам сілтеді. «Қара өлеңге дес бермегем» деп мақтана, қиялай соқпаса да, оның жазған өлең-жырларынан өзіндік үні естілетін. Халық көңіліндегі мұң-шерді көрермен көңіліне жеткізудің амалы – драммадан да өзін іздеп тапқан еді. Халық тыңдаса «қазақ айтысын тыңдар, бағалар» деген оймен айтыстың жазба түріндегі өзіндік қолтаңбасын көрсетті.

Мақсаты: Мақалалық ізденіс жас ақын, әдебиетанушы ғалым М.А.Мұсағитовтың поэзиялық шығармашылығындағы талпынысын тарқатуды мақсат етті.

Міндеттері:

М. А. Мұсағитовтың қазақ поэзиясындағы орнын анықтау;

М. А. Мұсағитов өлеңдерінің құрылысын, ұйқас ерекшеліктерін меңгерту;

М. А. Мұсағитовтың сыршылдығы мен алаш әдебиетіндегі сабақтастықты таныту.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ш. Сатбаева мен филология ғылымының докторы С. Қорабаев пікірінше, «Мүсілімнің поэзиялық туындыларының дені – өлеңдер мен дастандар. Олардың тақырыптары да сан алуан. Жоғары адамгершілік парасат, адал достық,

әділдік, кішіпейілділік, халық, ел алдындағы азаматтық міндет жайлы асыл ойлар сөз маржанымен кестеленсе, махаббат, ғашықтық құштарлыққа арналғын сыршыл өлең жолдарынан асқақ сезім айқын сезіледі. Мүсілім өз шығармаларында адамның ішкі жан толғанысын, қуанышы мен қайғысын тебірене жарға қосады. Қысқа лирикалық өлеңдерінде мөлдір сезімнен айнымай, жүрегінде суымай кеткен махаббат иірімдерін, жанын кернеген сағыныш сазын білдіреді» [1, 11]. Шынында да, мұндай психикалық сезімді М. Мұсағитов серік етті. Ол «Қош, Сарыарқа» өлеңінде «Кеш. Тыныштық. Қош айтысып жолдамын. Қош арайлым, жалын құшақ қолдамын. Сарыарқаның ерке желін соңғы рет, Кеудеме алып, тілеп тұрмын қолдауын» деп, қоғамға «сары масаны» әкеледі:

Ызың қаққан Сарыарқалық сар маса,

Бір тамшы қан алып қалшы жармаса.

Сол тамшыны апарып қос өзгеге,

Қуатымыз жатсын деймін алмаса.

Ұлың едім, ұланым деп таныған,

Құлың едім, құланым деп таңдаған.

Сары далам сары алтыннан қадірлі,

Сен – тәңірім, мен Мүсілім тыңдаған.

Біраз жылға қош болғайсың туған жер,

Қиналғанда қасіретпен жуған шер.

Сені ойлаумен таңды тасқа соғармын,

Өне бойдан шыққанынша буған тер.

Қарап отырсақ, М. Мұсағитов өзінің туған жерге деген сүйіспеншілігін барша жұрт жақсы көре қоймайтын сары масамен жеткізеді. Ол басқалар құсап, қансорғыш жәндікті қолымен көлегейлеп, немесе қатты соғып өлтіруді қаламайды. Керісінше оған үмітпен қарайды. Оның өз қанынан нәр алып, басқа біреуге, қажетсініп отырған біреуге, тасымалдаушы ретінде қабылдайды. Сондай-ақ, Сарыарқаның сары даласын ұлы адамзаттық қатарға қосып, пенде қызығар сары алтыннан қадірлі жағын жеткізеді.

Туған жерге қатысты М. Жұмабаевтың да өлеңі бар [2]. Мәселен, Мағжан тілі: Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде туған жер.

Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде

Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер» - деп келсе, Мүсілім сары маса емес, енді өзен боп сарқырайды:

Тәнім біреу, әлденеше жаным бар,

Қаным – өзен, іше алсаңдар қаныңдар.

Өртемендер, мен өргенсем бар ғалам,

Күлге айнарлар, жалынымды таныңдар.

Ақын жаны нәзік. Ол енді табиғатпен сөйлеседі. Тағы бірде ол адами тұлға. Сондықтан «Түн суығына шыдамай от жағады». Бірақ оның басқа да мағынасы бар. Түн қорқыныштың символы, ал от жағу жарқын өмірге құштарлық:

Сыңғырлаған сиқырлы үннен алжастым,
Сылдырлаған күлкі ізінен адастым.
Сырт – құлаған жапырағы қайыңның,
Жасын төкті, мен сонымен мұндастым.
Күн жылуы құшағыма сыймайды,
Түн суығы от жақпауға қоймайды.
Сорлы әлемнің топырағы жанымды,
Астаң-кестең бұзсадағы тоймайды.

Төмендегі өлең жолдары, бір қарағанда, қазаққа таңсық емес жайт. Үлкендеріміздің аузынан естіп, аса көп мән бермейтін танымы мол тәрбиелі өсиеттің ақын аузынан шыққанына куә боласың:

– Етпетіңнен жатпа, балам, дем алсаң,
Жаныңмен жат, ой-дұшпанға қамалсаң.
Ырым жаман етпетіңнен жатуға,
Болмайды, - деп бабаң айтқан ойлансаң.
– О, ұлы ана, өзің де рас, сөз рас,
Шер толқытқан көңіл мұңлы, көзім жас.
Жерге қарап жатқанымның себебі
Дегенім пәс, жүрегім саз, өңім тас.

Қазақы ырымға жат дүниені ақын неге жанына жақын тартты? Мүмкін, себебін түсіндірер:

Жас басыммен етпетімнен жатқаным,
Бұл фәниде ащы, тәтті татқаным.
Мәңгілікте жатармын-ау шалқалап,
Ол жатқаным – қалың ойға батқаным.
Ал мына өлең жолдары ақын аманатын жеткізеді:
Көзім тігіп тас сарайда жатармын,
Аман ба деп келер ұрпақ, қатарым.
Бірзығымыз – бір лап еткен жалын шоқ,
Соны сақта – саған парыз артарым.
Мүсілімнің «тас сарайы» Мағжан ақында «қара тас» еді:
Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.
Тапал, салқын, дым, қараңғы, үңгір, тар,

Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйде кімге естілер ащы зар!

Бір ғасырдың басында өмір сүрген Мағжан ақын мен сол ғасырдың соңында өмір сүрген Мүсілім ақынды салыстыру қос ақын өлеңдерінің тақырып жақындығын, өмірге көзқарастарының бірдейлігін, азаматтықтарын, қоғам сұраныстарындағы қарым-қатысын көрсететін әдеби процесс екендігі сөзсіз. Ал «Әдеби процесс – адамзаттың эстетикалық, рухани құндылықтарының толығуының тарихы» [3, 93].

М. Мұсағитов – сыршыл ақын. Мына бір өлеңде ақын сыршылдығы нәзіктене түседі. Онда қарапайым адамға тән ғашықтық та бар, сонымен бірге табиғат тылсымын танырлық арқа да (ақындық) бар. Табиғат тынысын тек ақын ғана жеткізе алса керек:

Мөлдiрейдi тұнған шық жапыраққа,
Күн қанатын жайғанда атырапқа.
Менiң-дағы жапырақ көздерiмде,
Тамшылар тұр қарамай қапырыққа.
Қия алмайтын қиналсаң да өмiр бар,
Жия алмайтын жандансаң да көңiл бар.
Досым саған ақтарайын сырымды,
Сыя алмайтын кеудемде бiр үнiм бар.
Ақтармасам жанды басқан жалынды,
Кiм түсiнер қайғы қысқан жайымды.
Орман тынып, өзен қашып, тас мүлгiп,
Сұрағандай сен сияқты халымды.
Бiр кездесiп ғашық болдым мәңгiлiк,
Заман емес сүю, күю сәндiлiк.
Жанарынан жарқ еткенде ақ сәуле,
Аяз жылап, қараушы едi Күн күлiп.

Мойын бұрмай елегізген сезімге,
Бой бермеппін шын сүйерлі төзімге.
Жаралаппын жазылмастай жарамды,
Өрлік деген не істетпеген сезімге.

Осы тұрғыдан келгенде, М. Жұмабаевқа қарата айтылған мына байымдаудың орайы келіп тұр. Оның үстіне М. Мұсағитов Мағжан ақынды жанына пір тұтты. Осыдан да болса керек, Мағжандағы нәзіктік оның бойына да жұғысты болды. «Мағжан – сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оны жүрегінен

жас пен қан аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Ол өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсең болса да мән-мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстың ішкі астарына үніледі. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды» [2, 233].

М. Мұсағитовтың қазақы тұрмысқа, қазақтық пен қазақты танытуға қатысты айтары бар. Екінші бір жағынан, бұл өлеңді ұл-қызымыз бен ана, әкемізді, тілі мен дінімізді әспеттеу деп қабылдау керек. Онда «Қазағымды танып ал» өлеңін толық тәмілдейік:

Сары далада ойнаған еркіндіктің желі бар,
Жауласқанын жайратқан сол даланың ері нар.
Жылауы сол – досының ерітетін тоң мұзын,
Ізғары сол – жауының қатыратын от жүзін.
Қазағымның ұлы бар ат жалында тыныққан,
Елін, жерін қорғауда өзін-өзі ұмытқан.
Өз дегенім болады деп өзге ісіне көнбеген,
Жиһаз толы сарайға белін бүгіп енбеген.
Қазағымның қызы бар тал шыбықтай майысқан,
Жатса жүрсе елді аңсап, қабырғасы қайысқан.
Нәзіктігі аумайды шынды басқан мұнардан,
Беріктігі асады тасты тескен шынардан.
Қазағымның қарты бар ата салтын бұзбаған,
Есерлікті көргенде жаны суып мұздаған.
Самал соқса желкілдеп дана селеу сақалы,
«Елмен көрген ұлы той» аузындағы мақалы.

Қазағымда ана бар шуағы жан жылытқан,
Батырлар мен ақындар бауырында тыныққан.
Бейіштегі сәбиін мың толғанып емізген,
Қиналғанда мұң шағып күдайды да келгізген.
Қазағымның қастерлі иман тұнған діні бар,
Бұзылмаған қаймағы, қасиетті тілі бар.
Таусылмайтын күйі, сарқылмайтын жыры бар,
Танымаған танып ал, білмегенің біліп ал!

Қазақтықтан әрі барсақ, алаш алдымыздан шығады. «Керегеміз ағаш, Ұранымыз Алаш» дейтін қазақтың бұл жолға өлең арнамаған ақыны аз-ау, сірә. Кер заман туған уақытта А.Байтұрсынұлы да қолына қалам алып:

Жазған сөз жаным ашып алашыма,
Алаштың адасқан аз баласына.

Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым,
Қараған «Қаратаудың» қаласына, – десе [4], «Не көрсем де алаш үшін көргенім, Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!» дейтін Мағжан ақын:

Қалың елім, қалың кара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын, – деген үгіті басым ой айтады. Мұндай бағыттағы жазылған шығармалар көп. Соның бірі С. Сейфуллиннің еншісінде. Ол өзінің досы туралы жазған бір естелігінде: «Әуелде үш айдай Ғабдолла бәріміз шынжыр кісенінде болдық. Адамшылықтың ары кеткен, зиялы адам суретіндегі құзғындардан көрмеген таршылық жоқ. ...үш-төрт күнде бір ғана нәр су татып, қараңғы, мұз, сұп-суық темір вагонда ай жарымдай болып, Омбыдан Семей барып, одан қайта Омбы алып келіп» деп келетін естелікте әр алаш азаматының көрген құқайы бар [5, 140].

Алаш жұрты мен алаштық ой түзім М. Мұсағитовта одан әрі дамытылған. Бірақ онда жоғарыдағыдай адам айтса төзгісіз қара түнек жоқ. Қайта, қазіргі кездегі жарқын да кемел уақыт жырланған:

Алтай Каспий қоныс қылған жазығым,
Түркістаным – алтын дінгек қазығым.
Шөлің, көлің, орман, тау мен белдерің,
Маңдайдағы тақыметім, қызығым.

Ықылымнан сормен сынар туғанмын,
Күнге барып құлдық кірін жуғанмын.
Сақ, Гүн, Түркі беліндегі баласы
Сен, жаса! – деп ердің белін буғанмын.
Найза ұшы мен қылыш өті көргенім,
Шөпшік еді қалқан етіп көргенім.
Ту талақай қасқыр жұлыс айқаста,
Алаш – ұран өлгенім де ергенім.

Ащы айқаймен ажал-шокпар арбасқан,
Қабакты мұз, көкіректі қар басқан.
Сақ, Гүн, Түркі қайда кеткен ерлерің
Қазанаты бір тебініп жар асқан?!

Бұл, жоғарыда айтқанымыздай, бүгінгі күннің кейпі. Әйтпесе алаш азаматтары, ақындары кешкен қан құйлы заманға М. Мұсағитовтың да айтары анық:

Адам жолы аласарып,
Төмен қарап кеткендей.
Соқпағына су тосарып,
Астынан кеп бүрккендей.

Баратын жер шамы ұзарып,
 Алдынан жел ескендей.
 Өне бойды ызғар қарып,
 Балағыннан өткендей.
 Жаның тәннен ерте тұрып,
 Денеңе у сепкендей.
 Бәз біреулер айла құрып,
 Қанды ішке тепкендей.
 Мойын жарды кейін бұрып,
 Тосам біреу күткендей.
 Ақ сүтіме көк найза ұрып,
 Соған кегім кеткендей.

Алаш ардақтыларын М. Мұсағитов барлық шығармаларына арқау етті. Оларға арнап дастандық толғаулар арнады. Ал арнайы өлең жолдарымен төгілген «Алаш баласына» жолдарының орны бөлек:

Көк жүзінде өрнек бар саған арнап салынған,
 Бәз кезінде бейнет зар жалған қарап жалынған.
 Арыстанның аузында алты алаштың баласы,
 Перзенттері алланың күдіретімен алынған.
 Қияметтің күшіне өз ғұрпымен қараған,
 Аузы күйіп су ішіп қиынына жараған.
 Сынап қосқан қызыл қан от ойнаса алаулап,
 Қызуланып денесі ширатылып тараған.

Ақ уыздан сіңіріп дене бітім құраған,
 Не бір тарпаң асауды жалғыз қолмен бұраған.
 Алты алаштың баласы бақ, дәулетті бұрнағы,
 Ұлың бар ма бүгінде тілемсектен сұраған?

Поэзиялық шығармаларды ақтара отырып, кез келген ақынның тұжырымын философиялық деңгейге көтеруге болады. Осы жағынан келгенде, М. Мұсағитовтың да поэзиялық шығармаларының қай-қайсысының да айтары кең, берері мол дүниелер екеніне көз жетті.

Шағын мақала ақын өлеңдерінің ұйқастығын ғана іздеп қоймай (Бұл ақынның өлең жолдарында ұйқас жоқ деген сөз емес, қайта ұйқасты қуып, жеткізер мағынаның жоқтығынан қашқан ақын толғаныстары бар. Мұндай өлең түзу М. Жұмабаев өлеңдеріне де тән екендігіне талдау барысында көзіміз жетті), ондағы айтылар ойдың салмақтығын тарқатуды жөн санады. Сонымен қатар бұрынырақ өмірден өткен ақындармен, оның ішінде өткен ғасырдың алғашқы отыз жылында қалам тартқан ақындардың өлеңдерімен салыстыра беруді көздеді. Бұл өз кезегінде ақындар тұжырымындағы

сабақтастықты байқатты [6]. Бірін-бірі қуаттап жатқандығына тағы бір көзімізді жеткізді.

«Керілмей қолым бас жаққа жатыр созылып, Рахатқа баттым өліктей тыныш жазылып. Бойымда жүрген наркескен алтын балдағым, Алынар ма екен күндердің күні қазылып? деген Мүсілімнің басқа өлеңдеріне қосылмайтын, жеке тұрақтандыруға бейім, көбі төрт жолдан, бір шумақтан тұратын сөз саптаулар кездесті. Біз мұны өсиет өлең болып келетін шығармалар деп таптық. Бұл, бір жағынан, үлкендер айтар, бүгінгілер қабылдар өсиет сөздер сияқты. «Өсиет өлең – көпшілікке айтылатын уағыз, келелі кеңес түріндегі өлең. Адамдық парыз бен міндетті, ерлік-елдікті тұжырымдап, топтап айтады. ХУ-ХУІІІ ғасырларда ғұмыр кешкен қазақ ақын-жырауларынан бастап, Абайдан бергі ақындарға дейін өмір, қоғам, өнер жайлы өсиет сөздері бар. Кейде терме, кейде толғау, кейде жыр, үгіт-насихат, нақыл, ғибратты сөз үлгісінде келеді. Өсиет өлеңдерді ұрпақтан ұрпаққа айтып жеткізуші сөз атасының сырлы сыпатын сындырмай сақтауға тырысады. Ойы өткір, көркемдігі таңдай қаққызатын, ақиқаты айқын, ойып түсетін топтамалы толғау сөз ұрпаққа үлгі боп қалғандықтан, өсиет деп саналады» [7, 160].

Қорытынды

Тақырып – жалпы ғылымдық мәселе. Кез келген шығарманың болсын, ғылыми мәтіннің болсын мән-жайын ашатын сол қозғалар жайттың тақырыбынан-ақ белгілі болып жатады. Бұл мәселені «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» жай, қарапайым мағынада түсіндіреді: «1) Лекцияның, баяндаманың, шығарманың, жазған еңбектің аты; 2) Шығарманың, еңбектің негізгі мазмұны» [8, 776]. Қалай болғанда да, М. Мұсағитов та өмірде болып жатқан мәселелерден алшақ кете алмады. Мүмкіндігінше, халық ойындағы түйткілді мәселелерді қозғап отырды. Адамның ішкі сезім күйіне, аласапыран пендешілік мінезді жеткізуге де барды. Бұл жайттың бәрі өлең тақырыптарының әр алуандығына алып келді. Бұл – бір. Екіншіден, Қ. Мәшһүр-Жүсіптің әдебиетті оқыту мәселелерін тілге тиек ете отырып айтқаны бізге де бағыт берер бағдаршам болды. Ғалым: «Сөз жоқ, бұл кітаптардың бірінде көп, бірінде аз десек те, әдебиетті оқыту мәселесі қамтылды. Біз бұл еңбегімізде аталған авторлардың ешқайсысын қайталамауды мақсат тұттық. Мектепте әдебиетті оқыту өте жауапты іс. Біз белгілі бір әдебиет, тіл сабақтарын қалай өткізудің жолдарын ұсынып отырмыз. Осы орайда кез келген тақырыпта сабақ өтуді қолға алмас бұрын мұғалімнің алдымен екі жайтты еске алғаны жөн. Оның бірі – сол аталған сабаққа кіріспес бұрын оқушілардың әдеби-теориялық дайындығы болуы керектігі. Атап айтқанда, шығармада орын алған эпитет, метафора, метонимия, кейіптеуді т.с.с. ажыра білерлік шәкірттердің әзірліктері болуы;

екіншісі - өлең мәтіні өтілерде әр оқушы алдында соның көшірмесі жатуы керектігі» дегенді алға тартып еді [9, 5].

Ғалым дәйексөзін келтіргенімізде поэзиялық шығармаларды қалай оқыту керек деген мәселені көтергіміз келіп отырған жоқ. Поэзиядан әдебиеттің теориялық мәселелерін талдаудың жолдарын ұсынуымыз да ойда жоқ. Айтайық дегеніміз – М. Мұсағитов өлеңдерінде де әдебиеттің теориялық сұранысына сай талдауды қажет ететін мәселелердің бар екенін жеткізу болды [10]. Және оның бәрі аға ғалымдардың талдауларынан басталғаны ақиқат. Ендеше, М. Мұсағитов өлеңдеріндегі «жазу тәсілдеріне» көз жүгіртейік, «Көркем әдебиеттің «көркем» болатындық шарттарын» білейік.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Мұсағитов, М. А.** Өмір – өткел. Өлеңдер мен зерттеулер. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1996. – 160 б.
- 2 **Жұмабаев, М.** Шығармалар. 3 томдық. Т. 1. – Алматы : «Білім» баспасы, 1995. – 256 б.
- 3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы : Қазақстан даму институты, 1999. – 752 б.
- 4 **Байтұрсынов, А.** Шығармалары : өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1989. – 320 б.
- 5 **Сейфуллин, С.** Бас томдық шығармалар жинағы. 5-том. Мақала, публицистика. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1988. – 304 б.
- 6 **Сағындықұлы, Б.** Жарқылдап өткен жасындай // «Сарыарқа самалы» газеті. – № 137. – 2014. – 18–19 б.
- 7 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 1996. – 240 б.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 968 б.
- 9 **Мәшһүр-Жүсіп, Қ.** Әдебиетті оқыту мәселелері. – Павлодар : «Brend Print» баспасы, 2011. – 466 б.
- 10 **Айтқазыұлы, М.** Өсиеттер бұлағы. – Алматы : «Үш қиян» баспасы, 2005. – 208 б.

References

- 1 **Musagitov, M. A.** Omir – otkel. Olender men zertteuler. [Life – Bridge. Poems, research]. – Алматы : «the Science» Publishing House, 1996. – 160 p.
- 2 **Zhumabaev, M.** Shygarmalary. T. 1-том. [Compozition. Vol. 1]. – Алматы : «the Learning» Publishing House, 1995. – 256 p.

3 Kazakh adebiati. Ensiklopedia. [Kazakhish literature. Encyciopedia]. – Алматы : Institute of development of Kazakhstan, 1999. – 752 p.

4 **Bainursynov, A.** Shygarmalary : olender, audarmalar, zertteuler. [Compozition : poems, translations, research]. – Алматы : «Zhazushy» Publishing House, 1989. – 320 p.

5 **Seifullin, S.** Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. 5-tom. Makala, publisistika. [Seifullin, S. Five volume Compozition collection. 5- volume. Artikle, journalism]. – Алматы : «Zhazushy» Publishing House, 1988. – 304 p.

6 **Sagyndykuly, B.** Zharkaldap otken zhasyndai // [Soared like lightning]. Pavlodar: «Saryarka samaly» gazetі. – № 137. – 2014. – P. 18–19.

7 Adebiattanu terminderinin sozdigi [Dictionary of literary terms]. – Алматы : «The Native Language» Publishing House, 1996. – 240 p.

8 Kazakh tilinin tusindirme sozdiri [Dictionary of explanatory Kazakh language]. – Алматы : «Daik-Press» Publishing House, 2008. – 968 p.

9 **Mashhur-Zhusip, Kh.** Adebiatti okhytu maseleleri [Probiems of teaching literary]. – Pavlodar : «Brend Print» Publishing House, 2011. – 466 p.

10 **Aitkazyuly, M.** Osietter bulagy. [Spring blessing]. – Алматы : «Three Incline» Publishing House, 2005. – 208 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Б. Сағындықұлы, Н. Куатбеков

Лиричность и преемственность в поэзии

Павлодарский педагогический университет

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В этой статье впервые речь идет о поэтическом произведении М. Мусагитова. А также собраны труды ученого-литературоведа, проанализированы стихотворения о героизме и гражданстве в его произведениях. Созвучие стихов до произведений по данной тематике, излагаются в себе. Также будет установлено, что стихи соответствовали требованиям современного времени и максимально сохранили свои смыслы.

В статье доказана конкретными примерами преемственность поэта М. Мусагитова с поэтами тридцатых годов прошлого века. В частности, творчество М. Жумабаева объясняется тем, что близость с точки зрения идеи, темы, содержания заключается в анализе двусторонних стихотворений. Кроме того, в статье имеются раскрывающие выводы об образе А. Байтұрсынова,

С. Сейфуллина. Все это фиксируется с помощью научных соображений. Статья имеет большую роль в творческом проявлении личности. И, конечно же, эти стихи М. Мусагитова, которые стали забытыми, посвящены памяти сегодняшнего поколения.

Ключевые слова: литература, литературная преемственность, литературный процесс, алашская литература, ритм, стих, поэзия.

B. Sagyndykuly, N. Kuvatbekov

Lyricism and continuity in poetry

Pavlodar pedagogical University
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 28.08.20

In this article for the first time we are talking about the poetic work of M. Musagitov. And also collected the works of a scholar of literature, analyzed poems about heroism and citizenship in his works. Consonance of poems to works on this subject, set out in itself. It will also be found that the poems met the requirements of modern times and kept their meanings as much as possible.

The article proves by concrete examples the continuity of the poet M. Musagitov with the poets of the thirties of the last century. In particular, the creativity of M. Zhumabayev is explained by the fact that the closeness in terms of ideas, themes, content is in the analysis of bilateral poems. In addition, the article contains revealing conclusions about the image of A. Baitursynov, S. Seifullin. All this is fixed by scientific considerations. The article has a great role in the creative manifestation of personality. And, of course, these verses by M. Masagutova, which became forgotten, dedicated to the memory of the present generation.

Keywords: literature, literary continuity, literary process, literary Alash, rhythm, poem, poetry

FTAMP 17.82.30

<https://doi.org/10.48081/PMON6377>

А. Сәркенқызы¹, Ж. Т. Қадыров², А. С. Бейсенбаева³

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

^{2,3} М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОККАЗИОНАЛИЗМДЕР

Тілімізде көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері көп-ақ. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен пар-пар келетін бұл сөз орамдарын жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Сол сан-салалы сөз орамдарын жинап, бір ізге түсірудің маңызы зор.

Мақалада көркем шығармаға ерекше көрік беретін тұрақты тіркестер талданған. Окказионализмдерге ғылыми тұрғыдан сипаттама берілген. Ақын М. Жұмабаевтың тұрақты тіркестерді түрлендіріп, өзіндік авторлық тіркестерді ұсынғаны қарастырылған. Авторлық тіркестер, яғни, окказионализмдердің шығармадағы ролі айқындалған. Олардың мән-маңызы сарапталған. Қазақтың көркем сөзінің құдіреті танылған. Окказионализмдердің ерекшелігі шығарма контексіне сай талданған. Ақын қолданған тіркестер шығармаға ерекше оң бергені сарапталған. Сонымен қатар, М. Жұмабаевтың авторлық тіркестерді қандай мақсатта қолданғаны талданған.

Кілтті сөздер: көркем шығарма, фразеологизмдер, авторлық тіркестер, авторлық мақсат, авторлық қолданыс, окказионализмдер, шығарма, контекст, жаңашылдық.

Кіріспе

Халық тілінде ертеден келе жатқан сөз орамдарының (мақал-мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыр наным-сенім түрлі ой-қиялын, тыныс-тіршілігін, түйсік-түсінігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі ерекше өрнектей білген. Сөз де сыр сандық тәрізді. Сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп баян етіп, халықтың

өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады.

Тұрақты тіркестер – бейне, характер жасауда, қоғам құбылыстарын, табиғат көрінісін бейнелі, көркем суреттеуде, адамның психологиялық жағдайын көрсетуде, ішкі сезімін суреттеуде қолданылатын бірден-бір дайын құрал.

Ата-баба дәстүріне сай ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тұрақты тіркестердің тілімізде алатын орны ерекше құнды. Әдетте әр адам күнделікті өмірде өзін толғантқан келелі ой-пікірлерін жеткізуде небір құрышын қандырар, көңілін селт еткізер тұрақты тіркестерді қолданады. Халық тілінің басқа элементтерімен біте қайнасып келе жатқан фразеологизмдерді оқып танымайынша, оның табиғатына үңілмейінше тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Ана тілінің байлығы мен әуезділігін анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Сөз байлығы сөздің санымен де, мән-мағынасымен де өлшенеді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы және рухани байлығы, экономикасы мен қоғамдық саясаты көрініс тапқан фразеологизмдерде қандай да бір нақты құбылыстың, жағдайдың ерекшелігі көрініп тұрады. Тұрақты тіркестер – кез-келген халықтың рухани байлығының жемісі.

Зерттеудің нысаны: Мағжан поэзиясындағы окказионализмдер.

Зерттеудің пәні: авторлық фразеологизмдер.

Мақсаты: М. Жұмабаевтың сөз құбылтудағы шеберлігін көрсету. Ақын жасаған жаңа тіркестердің жүйелі жолдарын таныту. Фразеологизмдерді авторлық мақсатқа сай қолданылуын зерделеу.

Міндеттері: Тұрақты тіркестердің әртүрлі стилистикалық тәсілдер арқылы трансформацияланып, мағыналық және құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырағанын таныту.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу – осы саладағы өзекті мәселенің бірі.

Ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу – осы саладағы өзекті мәселенің бірі.

Соған қатысты тілші-ғалымдардың аса назар аударуға тиіс жағы – тұрақты тіркестердің құрылымдық-функционалдық қыры және олардың тілдік (узуалды) және сөйлемдік (окказионал) қолданысы. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің тарихи қалыптасқан дағдылы түрлерін авторлық (окказионалдық) қолданыс тәсілдермен байланыстыра қарастыру, біздің ойымызша, олардың тілдік табиғатының мәнін ашып қана қоймай, сонымен бірге тілдік жағдаяттарға байланысты құрылымдық-семантикалық өзгерістер мен мағыналастықтың ерекшеліктерін, стилистикалық мақсаттар мен жеке авторлық қолданыс тәсілдерін, оларды іске асыратын тілдік құралдары мен тілдік тетіктерін көрсетеді.

Тұрақты сөз тіркестерінің жан-жақты теориялық негізі түркітануда: І. Кеңесбаев, З. Г. Ураксин, Г. Н. Ахунзянов, Ш. У. Рахматуллаев, Г. А. Байрамов, М. Ы. Чернов, А. Нұрмаханов т.б.; қазақ тіл білімінде: Ә. Т. Қайдаров, Р. Сыздықова, Р. Сәрсенбаев, Ә. Болғанбаев, Ф. Қалиев, Ә. Айтбаев, Н. Уәлиұлы, С. Сәтенова, Г. Смағұлова және т. б. еңбектерінде жасалды.

Фразеологизмдердің мағыналық түрлеріне көркем туындыларындағы қызметіне, лексика-грамматикалық ерекшелігіне, стильдік ерекшелігіне баса назар аударады. Соңғы кездері фразеологизмдерді зерттеуге жас ғалымдар диссертациялық еңбектер жазды. Олар: Б. Уызбаева, Қ. Қалыбаева, Қ. Сарыбасова т.б.

Халқымыздың осы бір байлығын, асыл қазынасын жоғары бағалайтын кез-келген қаламгер өз шығармасында фразеологизмдерді кеңінен пайдаланады. «Фразеологизмдер шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық калорит береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу, қажетіне жарату «адам жанының инженері» – жазушының шеберлігіне байланысты» – дейді Х. Қожахметова [1, 53 б.].

Жалпы қаламгер тіліндегі тұрақты тіркестерді зерттеу барысында әр қаламгердің фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игергендігін және қаншалықты жаңа түрлерін ұсынғандығын, сол арқылы әдеби тілге қосқан өзіндік үлесін айқындауға болады.

Мағжан жаңа тіркестер жасап, жүйелі жолдарын көрсеткен. Өлеңдерін көркем түрде суреттеу үшін, айтпақ ойын экспрессивті-эмоционалды мәнде бейнелеу мақсатында әдеби тілге жаңа тіркестер әкеледі. Бұл жөнінде Рабиға Сыздық былай дейді: «Заман сырын ұғуға тырысқан, заманмен ілесе отырған ақындар өз тұсында туған жаңа ұғымдарды атау, жаңа образдарды сол заман түсінігімен сай түрде жұмсауға ұмтылады.

Заманға ілесіп отыру – дәстүрлі шарттылықты бұзу деген сөз, қалыпты дүниелерді (стандарт пен штамптарды) ығыстырып, жаңа атауларды, жаңа

сөз тіркестерін, жаңа поэтикалық құралдарды туғызуға жол ашу деген сөз. Демек, бұл тілге, оның әдеби түріне сапалық белгі беретін әрекет» [2, 320 б.].

Фразеологизмдерді авторлық мақсатқа сай қолдану құбылысы, яғни, тұрақты тіркестердің әртүрлі стилистикалық тәсілдер арқылы трансформацияланып, мағыналық және құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылуы жайлы зерттеушілер Н. Уәлиұлы, Ә. Қайдар, Т. Қоңыров, М. Бекбаева, Е. Бектұрғанов, А. И. Ефимов, Л. И. Шоцкая, Г. С. Амиров т.б. еңбектерінде талданады.

«Тілдегі дағдылы қолданыстан тек құбылысты және көркем шығармалардағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық, стиль табиғатын ерекшелейтін мәнді бір заңдылық бар. Ол – окказионализм құбылысы. Окказионализмдер дегеніміз – белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер», - дейді Л. Еспекова [3, 10 б.]. Окказионализмдер белгілі бір шығармада пайдаланылып, контекст арқылы анықталатын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі сөздер, тосын сөздер, бір қолданар сөздер.

Г.Мұратова окказионал сөздердің ерекшеліктерін былай анықтайды: «Окказионализмдердің мағынасы контекспен тығыз бірлікте, әрі үнемі экспрессивті реңкте болады. Сыртқы формасына, жасалу тәсіліне қарай тіл нормасына үйлеспей жасалады» [4, 145 б.]. «Создание и исследование окказиональных вариантов, как уже отмечалось, преследует несколько целей: оживить потускневшие ассоциативно-образные представления, избежать трафарета, шаблонности, динамичность, образность, эмоциональность» [5, 24 б.].

Орыс тіл білімінде жеке автор қолданысындағы сөздерді зерттеу А.Потебня еңбектерінен басталады. Ғалымдар окказионализм сөздердің 3 белгісін атап көрсетеді:

- 1 белгілі бір авторға меншіктігі;
- 2 контекске байланысты болуы;
- 3 жаңашылдығы.

Ақынның тіл шеберлігі сөзді ойнатып, құлпыртып қолдануынан көрінетіні белгілі. Бұндай шеберлік А. Байтұрсынов айтпақшы, адам санасының үш негізіне сүйену барысында жүзеге асады: ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойнау, қиял ісі – мендеу, яғни ойдағы нәрселердің тұрпатына, бейнесіне, ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойнау, көңіл ісі – түю, талғау» [6, 463 б.]. Осы үшеуіне сүйену негізінде ақын зерттеп отырған затты не құбылысты жеткізеді.

Сонымен қатар, ақынның жаңа қолданыстарының пайда болуына негіз болатын осы үш нәрсе.

«Окказионализмдердің пайда болу себептері автордың мақсатты ойына негізделген. Жаңа сөз, тың тіркестердің жасалу тәсілі ХІІ ғасырдан басталса, қазіргі өлеңдердегі окказионализмдер сол тәсілдің жалғасы. Сол дәстүр жалғасы болса да, әрбір қолданыстың өзіндік жаңалығы, авторлық ізденістердің жемісі болып табылады. Қазақтың басындағы мұң-мұқтажы мен қайғы-қасіретіне жүрегі сыздап, халқын қыспақтан алып шығу жолын шарқ ұрып іздеген Мағжанды іші тар қаламдас достары енді көрге сүйреп керіартпа ақын етіп көрсетсе, атқа мінерлер оны қуғын-сүргінге ұшыратады. Сөйтіп, төңірегінен өзін түсінетін бір адам таппай, рухани жалғыздықтан торыққан сәтінде, әділетсіздікке толы бұл өңірден қашып, о дүниенің жұмағына асығады. Ақын ол ойын «сүйген жарым – мейірімді ол қара жер» және «қара жер» ұғымдарын әдейі жақындастыру арқылы жеткізген» [3, 10 б.].

Г. Смағұлова фразеологизмдердің авторлық қолданыстары бойынша мынадай мәселелерге тоқталады:

1 Сөйлем ішінде бірнеше мағыналас фразеологизмдер амплификациялық қатарлар түзеді. Егер екі-үш қатарлы мағыналас фразеологизмдер болса, онда бірқатары – авторлық фразеологизмдер.

2 Мағыналас қатарлар ішінде фразеологизмдердің, әсіресе, лексикалық вариант үлгілері жиі өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы, түкірігі/қақырығы жерге түспеу, қаймағы бұзылмау/шайқалмау.

3 Мағыналас фразеологизмдер қатарларындағы авторлық қолданыстардың жасалуында сыртқы дыбыс үйлесімділігі жиі байқалады.

4 Авторлық қолданыста окказионал фразеологизмдердің мағыналарында ұлттық мәдени ойлау ерекшеліктері, стереотиптер арқылы тұтастай ұлт менталдығын айқындайтын соны тұрақты тіркестер тобы жиі көрінеді. Уақыт өте келе олар фразеологиялық қорға қосылуы мүмкін [7, 149 б.].

Мағжан шығармаларының көзге түсер ерекшеліктерінің бірі – окказионал фразеологизмдердің қолданылуы. Адамның көңіл-күйіне, жан дүниесіне қатысты окказионал фразеологизмдердің тірек сөз ретінде көбінесе көз, жүрек, от, күн, түн, ой, у, жел, жер деген сөздер қолданылады. Мағжан жүрек сөзін түрліше құбылтып, көңіл-күйді мәнді, әсерлі беру үшін соны тіркестер жасайды. Мысалы: дәл жүрекке жасын шашады, жүрегіме қасірет толды, у толды ғой жүрекке, тізе көрсен қара жүрек адамнан, жүрегімде көп жара, жүрегі жас парлағандай, жүрегіне өмір оғы көп тиген, уланды жүрек, жүректі дерт өртейді, ер жүрегі өрт екен, жүректі мастық өртейді, жүрегімді жүзге тілді, Сыздық ердің жүрегі шер, дерт екен, жүрек ерікке ұмтылады, жалынды жүйрік, жас жүрек, интернациональный жүрегі бар. Бұл тіркестер адам сезімінің қаншалықты күйде екенін тереңірек баяндайды.

Сезім көкжиегін көркем түрде асқан шеберлікпен бере білген. Сондай-ақ, ақын поэзиясындағы От, Күн, Ай, У, Көр, Түн сияқты оралымдары мен тіркестері ақын поэзиясының тіл байлығын, тіл көркемдігін нығайтуға ықпал еткендігін көреміз.

Мағжанның «Сағиндым» өлеңінде алыстағы ағайын, туған ел-жұртын еске алғанда неге үнемі Алтын Күн, Қара Жер, Жүйрік Жел, Күміс Көл ақынның аузына қайта түседі? Өзін табиғаттың ажырамас бөлшегі деп сезінетін, сонымен біте қайнасып кеткен ақын Сарыарқаны аңсамағанда қайтеді? Заманы бөлек болса да, Абайдың жалғыздық тағдырын арқалаған ақынның өзінің ортасынан таба алмаған аянышты қара жерден іздеуі, бостандықты жүйрік желден іздеуі, жарық пенен жылуды алтын күннен іздеуі, азалықты мөлдір көлден көруі ағаттық па? Жалпы Мағжан мұрасында От пенен Су, Ай менен Күн, Күн менен Түн, Кең дала, Жүйрік Жел, От көп тілге тиек етіледі. Бір ғана жел сөзінің өзіне қарасақ, түрлі образбен береді: жүйрік жел, жалқау жел, жібек жел. Жел сөзінің өзі Мағжан поэзиясында жүз құлпырып, мың түрленіп, ақынның ішкі дүниесі мен сезім сырларын құбылта атқарады.

Сананы сан-саққа жүгірткен жел сөзіне байланысты тіркестер мен ой-толғамдар қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған. Мағжан қаламы арқылы келген жаңалықтар жеке ақын тұлғасына тиесілі. Ақын сезім дүниесіне әсер еткен ұлттық әдебиет әлеміндегі мұндай жанданған жана тіркестер Мағжан поэзиясында тұнып тұр. Демек, осы бір ғана жел сөзіне байланысты туған тың ой-оралымдар Мағжанның жазу стилін ғана емес, оның суреткерлік ерекшелігін де айқындайды. Мағжан поэзиясына тән мұндай жарасымын тапқан көрікті ойды беретін тіркестер ХХ ғасыр басындағы поэзияға келген жаңа құбылыс деп айтуға болады. Өзіне дейінгі қазақтың мағыналы ой, жанды сөзін қолдануда өзіне тән стильдік шеберлікпен көркемдей отырып, адам жанының мұң-шерлі, қуаныш-сүйінішті сезімін бейнелеуде тың образдар тудырған. Мысалы, Түн баласы көр көзінен жас төгіп, Қалмады көздің нұры, көрге айналдым, Қараны-ақ, ақты – қара дерге айналдым. Қазақ поэзиясында көр сөзі мұншалықты поэтикалық тіркестермен құбылмаған. Қайғы-мұңды, әдемілік-сұлулықты Мағжан ең алдымен адамның көзін көрсетуден бастайды. Жансыз суық көзін қадап ку өлім, «Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Өмірдің азабын, адамын қажытқан ауыр тіршілікті Мағжан басқа ұғымдар арқылы бейнелейді. Қазақ әдебиетінде жылан туралы жалпы түсінік жауыздықтың белгісі ретінде алынады. Мағжан осы жыланның өзіне түрлі мағына береді. Мысалы, Қара жылан – қалың ойлар қаптады, Қалың ой – қара жылан жүректі еміп, Талай жылан арбар, қабан қорқытар деген сөздер арқылы өз басындағы ауыр ойды қара жылан бейнесі арқылы көрсетсе,

әрі заманға қайшы келетін құбылысты елдің қан-сөлін сорып жатқан «сұр жылан» түрінде бейнелейді.

Ақын у деген сөзді тура және ауыспалы мағынада ұтымды қолданады. Мысалы: Жылы төтті у тарады қаныма, «жылы у бойға тарады, Махаббат бір төтті у деген жолдарды алайық. Бұлар бұған дейін кездеспеген тың тіркестер. Махаббат сезімін, ләззат сезімді оқырман қауымға көркем түрде жеткізеді. Сонымен қатар, алдамшы өмір ылғи ғана у береді, у толды жүрекке, жақын жандар қастық уын шашып тұр, кеудеңе у толды ма? өмірін у болды ма? уға толды жас жүрек, қолынан құлдық қорлық уын ішіп, алаш деп – у, қазағым деп қан жұтып деген тіркестер өлең жолдарында кездеседі, мұнда у сөзі ауыспалы мағынада айшықталған. Мағжан поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерін окказионализмдерге жатқызамыз. Өйткені, бұл сөздердің сөздікке кіру қабілеті шектеулі, авторға меншікті сөздер, мағынасын контекст арқылы ғана анықтаймыз, жаңашылдық байқаймыз.

Ақын окказионализмдерді мынадай мақсатта қолданады:

- 1 Ақын өзінің ойын нақты қысқа түрде жеткізу үшін;
- 2 Белгілі бір жаңа ұғымды атау үшін;
- 3 Экспрессивті-эмоционалды ренкін білдіру үшін;
- 4 Заттың толық мән-мағынасын аша алмайтын сөзге синоним тудыру үшін;
- 5 Автор белгілі бір жағдайға өз сезімін ерекше көрсету үшін;
- 6 Өлең жолдарының әуезділігін сақтау үшін.

Жеке дара сөз өнері саңлақтарының қатарынан көрінетін М. Жұмабаев поэзиясының әсері, ықпалы талас тудырмайтын жағдай. Мағжан шығармашылығындағы фразеологизмдердің қолданысына екі тұрғыдан баса назар аударуға болады. Яғни, біріншіден, қаламгердің өмір сүрген кездегі әдеби тілдің ерекшелігін көрсете білуі, екіншіден, жазушының өзіндік сөз қолдану шеберлігін, қазақтың көркемсөз өнерін танытуы.

Қорытынды

Халқымыздың сан ғасырлық асыл қазынасы – көркем сөз үлгілерін, сөз саптаушы, көркемдігін, сұлулығын аса жоғары бағалайтын кез-келген қаламгер өз шығармасында сол үлгілерді заман озған сайын құлпыртып, жаңғыртып, жаңартып пайдаланады. Оның ішінде, әбден қалыптасқан, даяр қалпында жұмсалатын тұрақты тіркестер қолданысын зерттеу, жалпы ақын-жазушылар тілін зерттеу – өзекті мәселенің бірі.

Тұрақты тіркестердің узуалды және окказионал қолданысы тілші-ғалымдар назарында. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді авторлық қолданыс тәсілдерімен байланыстыра қарастыру, тұрақты тіркестердің мән-мағынасын ғана ашып қоймай, сонымен қатар автордың жеке қолтаңбасын айқындауға, тілдің құрылымдық-семантикалық өзгерістері мен мағына ерекшелігін

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Қожахметова, Х.** Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы : 1992. – 53 б.
- 2 **Сыздық, Р.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы : 1993. – 320 б.
- 3 **Еспекова, Л.** Қадыр Мырзаліев поэзиясындағы окказионализмдер. – Алматы : 1998. – 10 б.
- 4 **Мұратова, Г.** Қазақ әдебиетіндегі окказионал сөздер, Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1991. – 145 б.
- 5 **Тұрабаева, Г. К.** Окказиональное преобразования пословиц и поговорок : Автореф. канд. филол. наук. – Алматы : 1989. – 24 б.
- 6 **Байтұрсыннов, А.** Ақ жол. – Алматы : 1991. – 463 б.
- 7 **Смағұлова, Г.** Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері : Филол. ғыл. докт. диссер. авторефераты. – Алматы : 1998. – 149 б.

References

- 1 **Kozhakhmetova, H.** Frazеologizmderdiń kórkem ádebiette qoldanylyú. [The use of phraseology in fiction]. – Almaty, 1992. – 53 p.
- 2 **Syzdyq, R.** Qazaq ádebieti tarıhınyń máseleleri. [Problems of the history of kazakh literature]. – Almaty, 1993. – 320 p.
- 3 **Espekova, L.** Qadyr Myrzaliev poeziyasındaǵy okkazionalizmder. [Occasionalism in the poetry of Kadyr Myrzaliyev] – Almaty, 1998. – 10 p.
- 4 **Muratova, G.** Qazaq ádebietindegi okkazional sózder. [Occasional words in Kazakh literature]. – Almaty, 1991. – 145 p.
- 5 **Turabaeva, G. K.** Okkazionalnoe preobrazovaniia poslovits i pogovorok. [Occasional transformation of messages and speeches]. – Almaty: 1989. – 24 p.
- 6 **Baitursynov, A.** Aq jol. [AK Zhol] – Almaty, 1991 – 463 p.
- 7 **Smagulova, G.** Maǵynalas frazeologizmderdiń ulttyq mádeni aspektileri [National cultural aspects of semantic phraseology]. – Almaty: 1998. – 149 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

А. Саркенқызы¹, Ж. Т. Кадыров², А. С. Бейсенбаева³

Окказионализмы в поэзии Магжана Жумабаева

¹Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан,
^{2,3}Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Республика Казахстан, г. Петропавловск.
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В нашем языке очень много душевных, художественно значимых и разнообразных устойчивых выражений. Многогранные устойчивые выражения и словосочетания, относящиеся к языковой сокровищнице, наш народ использует уместно. Схожие с пословицами и поговорками выражения высоко ценятся и сохраняются народом. Поэтому важным является собрать и классифицировать это разнообразие значимых слов.

В данной статье рассмотрены устойчивые выражения, придающие произведениями эстетику. Дана характеристика окказионализмам с научной точки зрения. Рассмотрены измененные устойчивые сочетания поэта М. Жумабаева, предложены его авторские сочетания. Произведениях определена роль авторских сочетаний, то есть, окказионализмов. Их значение проанализировано. Особенности окказионализмов были рассмотрены в соответствии с контекстом произведения. В статье анализировались фразы использованные поэтом. Кроме того, рассмотрена с какой целью М. Жумабаев использовал авторские сочетания, окказионализмы.

Ключевые слова: художественное произведение, фразеологизмы, авторские сочетания, авторская цель, авторское использование, окказионализмы, сочинения, контекст, новаторство.

A. Sarkenkyzy¹, Z. T. Kadyrov², A. S. Beisenbayeva³

Occasionalisms in the poetry of Magzhan Zhumabayev

¹Military Institute of the National Guard of the Republic of Kazakhstan,
^{2,3}M. Kozybayev North Kazakhstan University»,
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.
Material received on 28.08.20.

In our language there are a lot of sincere, artistically significant and diverse set expressions. Our people use appropriately the multifaceted set expressions and word combinations related to the language treasury. Expressions, which are similar to proverbs and sayings, are highly valued

and preserved by people. Therefore, it is important to collect and classify this variety of meaningful words.

This article discusses the set expressions that add aesthetics to works. A characteristic of occasionalisms from the scientific point of view is given. Changed set combinations of the poet M. Zhumabaev are considered, his author's combinations are proposed. The role of author's combinations, that is, occasionalisms, is defined in the works. In addition, it is considered the purpose of using the author's combinations by M. Zhumabaev. Their value is analyzed. The peculiarities of occasionalisms were considered in accordance with the context of the work. The article analyzes the phrases used by the poet.

Keywords: fiction work, idioms, author's combinations, author's purpose, author's use, occasionalisms, compositions, context, innovation.

FTAMP 811.512.122

<https://doi.org/10.48081/GMB14219>

Э. С. Сейсенбиева, Қ. Қ. Мәдібаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

XIX ҒАСЫР ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭКЗЕГЕТИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

Берілген мақалада XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүрдің ерекшелігі мен жеке шығармашылық ақындардың дастандарына әсері туралы айтылады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде әдеби мұрадағы дін негіздерін насихаттау, түсіндіру бағытындағы шығармалар ұзақ жылдар бойы қисынсыз айыпталып, шетқақпайланып, көркемдік өрістегі елеулі бағыт мәнінде ғылыми айналымға тартылмай келеді. Мәселені түбегейлі зерделеуге кезеңдік саяси-идеологиялық ұстанымдар елеулі ықпал етті. М. Әуезовтың XIX ғасыр әдебиетін экзегетикалық тұрғыдан зерделеуі де қарастырылады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты қазақ әдебиетінің тарихындағы мейлінше өнімді шығармашылық дәуір – XIX ғасырдағы әдеби мұраның өзекті мазмұнын құраған экзегетикалық дәстүрді тарихи алғышарттар, көркемдік негіз, ұстанымдар ауқымында тануды ғылыми зерттеуге тарту қисындарын пысықтау бағыттарымен айқындалады.

Қазақ әдебиетінің бай мазмұндағы елеулі желі – діни-ағартушылық бағыттың XIX ғасырдағы көркемдік өрісі тұрғысында тың пайымдаулар жасалған.

Кілтті сөздер: мұсылмандық ағартушылық, экзегетикалық дәстүр, дастан, нәзирагөйлік, эпос, қисса, қажылық, насихат өлең, мінәжат, діни уағыз, иман, сопылық поэзия.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 1984 жылы жарық көрген 15-томында басылған. «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» атты зерттеуде (1933 жылғы «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығында жарияланған – Қ.М.) 1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы деп көрсетілген кезең қазақ әдебиетінің даму тарихында елеулі із қалдырды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы шаруашылық, қоғамдық, саяси жағдайлардың Ресейдің қолтығындағы отар елдерге нендей ықпалы болғандығын, оның әдеби мұрадағы таңбасын күні кеше ғана саяси тұтқыннан, түрмеден шыққан Мұхтар Әуезов мейлінше тайсақтамай, сырғақтамай батырып-батырып айтып өткен.

«Бұрын бектің құлы, пұлы болған көп крестьян, жерден кетіп, өндіріс жұмыскері болған соң, өндіріс капиталы дәуірлей бастады. 60-70 жылдар деген кез Ресей өндіріс капиталының тайсақтап, құтыра, құлшына өскен кезі болады.

Сүйтіп тасы өрге домалап, дегені боп келе жатқан өндіріс капиталы қызылы* толып, кемеліне келген сайын аранын аша береді.

Ресей ішінде өз керегіне жарайтын жұмыскер күші, шикі зат құрып, сауда жолын, ішкі майданын түгел бунап, уысына сыйдырып алған соң, енді онды-солдан, жақын мен алыстан, базар, отар неше алуан шикі зат дегендерді көкесп, аңсай бастайды. Сол ретте бұрынғы Ресейдің шалаштары боп тұрған Сібір, Қазақ өлкесі, Түркістан, тіпті арғы Қашқар, қала берсе жақын Қытай-маңғұл өлкесі бәр-бәрін де керегіне жаратпақ, көлеміне тартпақ болады. Осы жақтардың шикі затын, кенін, ен-байлығын ұдайы жемі есебінде үзбей алып тұруды талап етеді. Ол үшін бұрынғы бұл өлкелердегі саяси қоғамдық шаруашылық құрылысты сол қалпында қалдыруға болмайды. Бұлар да жаңағы өндіріс капиталының шарт талабына сәйке келетін тәртіп орнатуға тиіс, Ресей патшалығына шала қарағандай болып, әлі баяғы феодалдық қалпын сақтап келе жатқан өлкелер болса, ерекше ескі құрылыстар болса, енді соларды құлату, күйрету керек» [1, 274 б.].

Не құлатылды, қалай күйретілді? Қазірде бұл белгілі тарих болып көрінеді. Жалпы, жаппай жаулаған жойқын капитализмнің ендігі қазақ тұрмысына екпіні тимеген тұсы жоқ. Төбеден төніп тұрған саясаттың зор көлеңкесінен ығысқандай болып, «тапшылдық төңірегінде» бір-екі сөз қыстыра кетіп, Мұхтар Әуезов ел әдебиетінде алабөтен жаңа ағыстар туғызған заман қалін бүге-шігесіне дейін тексеріп, түгін қалдырмай, тауыса сипаттап, саралап кетеді.

Түркістанның осы кезде Ресейге қаратылуы 1869 жылдың уақытша заңы, әкімшілік реформалардағы түппиғыл...

Мұхтар Әуезов, сөзге сыр сіңірудің асқан ұстасы, осында қазақ даласында әлгі түппиғылдарға зор тегеуірінімен көлденең тұрған дін жайын бейтарап қалді баяндағандай болғансып, негізінде айрықша мән беріп, тоқталып өтеді.

«Бұған қайшы келетін, ескілікке тартатын шығыстың қияс, қыңыр қарсылығы бар. Ол – ислам діні. Соның әсерімен алысып, мүмкін болса қазақ өлкесі, қазақ елінен соның да тармағын жазу керек. Бұдан туатын миссионерлік (қазақты христиан дініне шоқындыру сияқты).

Аздап берілетін оқу-білім, орысша тәрбие – түптің түбінде көпшілік көшін осылай бұруға тиіс.

Міне, Ресей тарихының 60-70 жылдарда әкелген жаңалықтары осылар болатын» [1, 275 б.].

Отар болып отырған өлкеде осыған орай туындаған жағдайлардың ел әдебиетіндегі соншалықты қапысыз, қанық суретін, зор таңбасын Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихында» (Қызылорда, 1997 жыл), «Зар заман ақындары» бөлімінде жеріне жеткізе айтты.

1933 жылы сәл орағыта, таптың өңгімесін қосақтап отырып, сонда да болса ел басына туған үмітсіздіктің, шарасыздықтың шындығын бүркемей, бұқпай жеткізуге тәуекел жасаған.

«Қоғамдық тұрмыстағы салт-санадағы билеуші үстем таптың күйі, көбінесе, енді осы жаңғырған заманның қалпымен үйлесу, келісу жағына ауысады. Сонымен ортақ тіл таппақ, соның аңғарына қарай жөңкілмек болады. Бұл күнді қостаушының өзі қазақ ішінде бір-ақ түрлі тап емес, әралуан. Соның бір тобы бұрынғы бектік дәуірінде үстемдік алып келген аталы жуан аруақ сүйектері. Енді соның алдыңғы қатары заман тонын киіп, әуеніне басу үшін жаңада айтылған өзгешелік, жаңалықтың бәрін қостау жолына шығады. Әкім болумен қатар, оқып білім алу, сауда қылу, ұлықпен үйлесу, дегеніне елді көндіру, базарды қостау, өндіріс капиталының тәуір тұтынушысы болу талабына қарай басады» [1, 276 б.].

Мұхтар Әуезов сол тұстағы ел ішінің, әлеуметтік топтардың, дағдылы салттан заман ырқына бейімделу, көндіру беталыстарына егжей-тегжейлі саралау жасайды. Астары ауыр ақиқаттармен күрсауланған «су түбіне кеттің жұрттың» дүрбелең, дүбілген дүниедегі құлқы, қылығы, шері...

«Әдебиеттегі осы күйдің мысалын Мұрат, Шортанбайдан бір көрсек, Абай, Алтынсарыұлынан тағы көреміз. Бұлардың кейбірі ескіліктің көлеңкесінде қап, құр соны қимағандықты айтса, екінші біреулер әралуан жолмен үйлесуді, құптауды мақұл көреді [1, 276 б.].

Далаға сауданың жайылып орнығуы, «сауып ішер сүті жоқ, мініп көрер күші жоқ» ақша дейтін пұлдың төрге озуы, елдің құтын несие жұтқан саудагер заманның сұм пиғылы, қулық сауған құлқынан секем алған, тіксінген қара жұрт жапатармағай әлекке түсіп, жанталас әрекетке тартылған.

Мұхтар Әуезов жаңа заман көшіне ілеспеске амалы қалмаған қилы әлеуметтік топтардың жандалбасасын зор қоғамтанушылық өреде талқыға тартады.

Осында кейінде көп шу болған, үрей туғызып, еске салуға тыйым салынған мұсылмандық ағартушылықтың фактісін арғы-бергіден мензеп айтып отырады.

«...Үшіншіден, осы жаңағы соңғының барып иық сүйейтіні – отар елдердің әсересе жақын шығыс капиталшыларының ұстанған тартыс негізі – діншілдік, исламшылдық.

...Бір жағынан «исламшылдық», «түрікшілдік» сияқты тартыс әдісін түсіне бастайды. Сонымен қатар дүние ғылымын оқып, сырт қалпын түзеп, Ресей капиталымен бәсекеге жарау үшін, жаңа оқу жәдитшілдік сияқтыларды да шет жағалап қостай бастайды [1, 277 б.].

Әуезов шығыс топырағындағы замана ыңғайында өрістеген ағартушылық, азаттық күрес бағыттары фактісін бар елеулі мәнінде бастау көздерін, орталық тұлғаларын келтіріп отырып, айналымға тартты.

«Міне, осындай таптық алдыңғы қатардағы санашылығы татар-мұсылман ғаламында Шагабурдин Маржани, Қайым Насыри, Ысмағұл Гаспринский сияқтылар болса, қазақта Абай, Алтынсарыұлы сияқтылар да біраз қазақ ерекшеліктерін ала кірген либерел буржуаға айналды» [1, 278 б.].

Осы буржуазияның тасасында ұлт ұғымы тұрды. Сақтана, сараң сөйлегендей, ара-тұра «бұра тартып» мін таққандай болып отырып, көкейіндегісін ірікпей, сарқып айтпай қоймайтын Әуезов өнегесі бұнда да сәулеленіп тұр.

«Осымен бұл дәуірдің ақындары, әсіресе Абай жалғыз өз тұсының айнасы ғана емес, өзінің алдындағы бірқатар заманды да сөз қылып, суретке басып, өзі де танып, өзгеге де нық танытып кеткен ақын болады» [1, 279 б.].

Зерттеудің нысаны: XIX ғасырдағы экзегетикалық дәстүр

Зерттеудің пәні: XIX ғасырдағы діни нысандар.

Мақсаты: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр, дін негіздерін ұғындыру мұраттарының көркемдік шешім табуын қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттары ауқымында пәндік зерделеу; жеке тұлғаның осы негіздегі шығармашылық даралық сипаттарын XIX ғасырдағы саяси ахуал, көркемдік дәстүрлер ауқымында тарихи тұғыр, сабақтастық әдеби ықпалдастық, жаңашылдық, ұлт тағдырындағы түбегейлі рухани әлеуеті мәнінде жүйелі ғылыми зерделеу болып табылады.

Міндеттері: XIX ғасыр әдебиетіндегі жеке шығармашылық тұлғалардың экзегетикалық дәстүр ауқымындағы өзіндік ұстаным бағыттарына тарихи-әдебиетілігіне мән беру;

Әдеби мұрадағы экзегетикалық үдерісінде ұлттық таным, ұлттық сана тұтастығына пайымдаулар жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Сол дәуірдің заман күйін ашқан ақындарының бірі, бірі болғанда да дәл Әуезов атап айтатын Абайдай ірі тұлғаның алдындағы бірегейі – Шортанбай Қанайұлы.

XIX ғасырдың 30 жылдарындағы француз қоғамын әйгілі Бальзак жобалаған 100 томдық «Адамзатқа әжуа» циклінің 90 пәленбай романында қалт жібермей бақылап, армансыз ақтарып-төңкеріп, сілкілеп, сіңіріп жазған.

Зерттеушілер дерегіне қарағанда кейінге сақталып жеткен 3000 жолдың о жақ, бұ жағындағы өлең-толғауларында Шортанбай ақын да сол өз заманын, XIX ғасырдың белгілі бір кезеңіндегі қазақ өмірін, берекесі қашқан отар елдің қалпын, ынтымағы ыдыраған ел адамының мінез-құлқын, тұтас тергеп, түгелімен, суретшілдікпен қалыптады.

1933 жылғы оқулыққа енген «Шортанбай шығармалары» атты тараушада Мұхтар Әуезов өзі 1927 жылы зар заман ақындарының айтулы өкілі есебінде тоқталған Шортанбай Қанайұлының әдебиет тархындағы оқшау тұғырын және бір бұлтартпас негіздерінде орнықтырды.

Бір мөнде, 1927 жылғы «Зар заман» атау-ұғымы басқа бағытқа ойысқандай «алдамшы» әсер туғызып отырып, Шортанбайдың алабөтен, ықпалды шығармашылық бағытының айрықшалықтарын таңбалап, бөліп атайды.

«Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың 60–70 жылдарында кеп шыққан бір ағынды көрсетеді. Тарихи, қоғамдық жағынан алғанда, бұл түрдегі әдебиет шығармалары XIX ғасырдың алғашқы жарымында болған үлгілерден басқаша боп, өзгеріп кетеді» [1, 280 б.].

Ендігі «басқаша, ерекше сарын» қазақ жеріндегі отарлық езгіге қарсы бір ғасырға жуық жалғасқан ұлт-азаттық көтерілістердің жеңіліс тауып, батырлардан бас кеткен заман күйімен, қазақ жерден тұтас айрылып, «жаңа заңға» бағынған дәуірдің шері, ыза мен намыс бұған наразылық сарыны болатын.

Айта жүрер сөз болсын,

Дағдарған сорлы халқыма,

Мың қабат бетім жуылған,

Көзден аққан жасыма, – дейді бір толғауында Шортанбай ақын.

Бұл жөнде Сәбит Мұқанов:

«Шортанбайдың «көзінен мың қабат жас ағызған» не? Әрине, ол, патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың көтерілісі басылғаннан кейінгі басына түскен ауыртпалық зары.

1783 жылдан басталған қазақ халқының көтерілісі, 1850 жылдары, уақытша мылтық күшімен басылды десек, содан кейінгі жылдардағы халық басына түскен қиыншылықты Шортанбай өзі өлгенше шын ықыласын сала, бойдағы бар ақындық талантын жұмсай, халық қайғысын халықпен бірдей қайғыра, халықпен бірдей жылай өтті. Сол кездегі қазақ тұрмысынан Шортанбайдың жыры шолмаған ешбір сала жоқ» [2, 124 б.].

Сәбит Мұқанов Шортанбай жырларына Мұхтар Әуезов пікірімен үндес, «Қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуір» деп баға берді.

Шортанбай көпке жайылып бара жатқан құлық, кесепат мінездерді дәл Бальзакша мізбақпай «тіркеуден өткізеді». Ұлтына қорған болар амал таппағанда ауытқып бара жатқан елдік пен кісілікке атам заманнан ізгілік тірегі болып игілік жайған діннен дауа іздейді.

«Сол үстегі халге ырза болмай, алдыңғыдан ерте бастан түңіліп, шошып, артына қарай шегіне күніренгенде, олардың аузынан шыққан сөздің бәрі «зар» боп, мұң, уайым, заман уайымы боп шығады. Уақытындағы көп зардың, көп дерттің бірі боп дін жайы да араласады. Дін әлсірейді деген уайымды шығарып, үй іші тұрмыстың бұрынғы феодалдық, рушылдық заманындағы қалпы өзгеріп бара жатқанын зар етеді» [1, 282 б.].

Шортанбай ақынның өз тұсындағы әдебиет бағытын айқындай түсетін «Тар заман», «Бала зар», «Опасыз жалған», «Осынша азды ел неден», «Байды құдай атқаны» сынды толғаулары аумағында шығармашылық даралық сипаттарына зер салған Әуезов, Шортанбайдағы дін жайын түгесіп, түп-төркінен тарқатып өтеді.

Іргелі елдің, елдіктің ежелгі исламдық иланымына, мұсылмандық ұстанымдарына қауіп төнген...

Мұхтар Әуезов шетжағалатып отырып XIX ғасырдағы Ресей патша үкіметі тарабынан жүргізілген миссионерлік мүддеге қарсылық – мақсатты түрде кең жайылған мұсылмандық ағарушылықтың мән-жайын ілгерілете түгендеп, тауыса талқылайды.

Көпшілікке ұғымдылық, даралық айрықшалығы бұрынғы Бұхар жыраумен салыстырғанда «көзге ұрып» тұрған Шортанбай туындыларының түптірегі дін екендігін, бұлай болуының себебін Әуезов құбылысты тұтас танып-меңзеген көреген, сезімтал білгірлікпен айтты.

«Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақын да осы болуға ылайық. Бірақ соның кітап жолындағы ұстазы, үлгісі: Орта Азия мен иран, араб сопылары.

Орта Азия топырағында XII–XIII ғасырларда жарыққа шығып кейінге көп ғасырларға желісін тартып келген «тас жауып» сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мұриті қып алған сияқты. Әрине бұның себебі құр ғана еліктеу емес. Бір кезде «сопылық» ақындығын туғызып өрістетіп келген Орта Азиядағы шаруашылық, қоғамдық, тарихи жағдай – Шортанбай тұсында қазақ топырағында да, өзіне лайықты жағдай тапқан болу керек» [1, 283 б.].

Шортанбайдың «зар-замандарының» көп үлгі, көп сарыны, көп құбыжық белгілері Қожа Ахмет Иассаuidің «Дивани кикметіне» ұқсайтынына зер салуында Әуезовтің ненің жайын да түгендеп, айғақтап, көп жұмбақтан

сыр аңдатып отыратын айтқыштығы дін тарихына жетіктігімен де айрықшаланады.

XII ғасырдың 30-40 жылдарындағы, Қарахан мемлекеті ыдырағаннан кейінгі Мауараннахрдағы тарихи жағдай тұрғысында екі жақты езгіде қалған халық тұрмысына, Иассауи жасаған дәуірге меңзеп сөйлейді» [3, 23 б.]. Шортанбайдың әдебиет тарихындағы озық шығармашылық бағытын ілгеріде зар заманның жайында кең шолып қараған Әуезов 1933 жылы да айтқанынан қайтпағанын, қайтпайтынын, қайта алмайтынын «сездіріп» алады. Шортанбай ақындығының реалистік, әлеуметтік беталысын дін күйімен қабыстырмай сөйлемей – мәселе осынданы меңзеу.

1959 жылғы әдеби мұра тағдыры тағы бір талқыға түскен айтулы конференцияда Шортанбайға ғана тиесілі болғандай бұлтартпай телініп, шошына түскен болып басым айтылған дін әңгімесі осы, 1933 жылғы оқулықтағы ұстанымдарға қарайлап айтылған, ішінде «бүкпесі» бар сыр екендігі анық. Терістеп отырып, сөзге ілік етіп, қайткенде қалтырмаудың қайласын қамдау. Ел жоғын жоқтаушының бұлтағы, бұрылысы қаптаған саяси ойындарға сай, дабыра жасамай, үнсіз ұғынысқан күйі.

Діннің бар «пәлесін» Шортанбайға ысырып тастау бір қарағанда асыл өзегі – исламдық құндылықтарға байланған әдеби ұлы мұра – ұлт қорғанының түп мүддесінде топалаң, тобыр заманның аузын алу.

Шортанбай ақын дінге қатысты осы «жаланы», жапаны тұтас көтеріп алуға, «құрбандыққа шалынуға» қақылы да, лайықты да болатын.

Қазаққа, XIX ғасырда дін жолында да зор қауіп төнгенде Шортанбай исламның орнығу, таралу тарихында аты қалған озық дін қайраткерлерінің күрес өнегесінде қызу қуатпен рухани майданға түсті. Хақтың жолын, Алла сүйіп жаратқан Адамның мәртебесін толғады. Қорғады. XIX ғасырдың өмір фактісінде, тарихи жағдайында дін жолындағы күрестің озық өнегесін қалыптастырды. Мұсылмандық ағартушылықтың ұзақ, арналы тарихындағы белгілі бір дәуірдің озат, тегеурінді өкілі мәнінде жасап, танылды.

Мұхтар Әуезов Шортанбай толғауларындағы замана орайындағы түбегейлі беталыс, тастүйін дін сөзін үгіт ету айрықшалықтарын ақынның көпке ұғынықты тілмен сөйлеу мақсұтымен айқындайды. «Көптің» ұғынықты тілі – ғасырлар көшіндегі рухани қорғаны, мұсылманшылықтың игіліктерін сіңірген тілі.

Шортанбайтануда, жалпы қазақ әдебиетінің тарихындағы негізгі бағытында ислам өркениеті, ислам дінінің орнығу, таралу жолдары, соның ішінде Орта Азияға, Қазақстанға келуі туралы ислам тарихын зерттеуде нендей деректер бар деген мәселе – өзекті.

Әдебиеттің әу бастан Алланың барлығын, бірлігін дәріптеуден бағыт алғандығы тұрғысында әлемдік озық әдеби үрдістердің бар құнары, бар

артықшылығы дін ізгілігімен астасып кеткендігі, соның ішінде қазақ сөз өнерінің ұлы мазмұнында сала-сала зерттеулерге сұранып тұрған құбылыс, құпиялар жеткілікті.

Құдайдан беземіз деген кеңестік жүйенің көлеңкесінде Құдайын «ұмытуға» мәжбүр етілген бір озық, сормандай дарынның жеке бас құжатындағы «дінсіз» («неверующий») атты мәлімдеме көп жайға меңзейді. Сол «дінсіздіктің» зауалына ұшырағандар көп...

Бальзак «Шегірен былғарыда» меңзеген құдірет, Достоевский, Толстой, Булгаков «Ақ гвардияда» Турбиннің аяқ асты сауығып кетуімен астастырған тылсым күш, Шығыс қиссалары, қазақ эпостары, ертегілері, қазақтың ілгеріден, беріде ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардан аты жеткен ақын-жырауларының сөз мұрасындағы асыл өзек... Дін.

Қорытынды

ХІХ ғасыр әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр бағытында жекелеген шығармашылық тұлғаларға мұрасы бойынша арнайы зерттеу жасауда төмендегідей нақтылы тоқтамдар жасалды:

Қазақ әдебиеті тарихындағы, соның ішінде ХІХ ғасыр әдебиетіндегі діни-ағартушылық мұраттар ежелгі исламдық ағартушылық, Құран желілері, шығыстық дін қиссалары, сопылық поэзия бағыттары мен сабақтастықта өрістеген көркемдік ағымды түзді.

ХІХ ғасырдағы діни-ағартушылық, зар заман ақындары шығармашылығы белгілі бір тарихи алғышарттар ауқымында, көркемдік дәстүр сабақтастығында рухани айналымға ұласты.

Қазақ әдебиетіндегі діни, мұсылмандық бағыттың кең өріске ұласуында Абай ақындығының аса елеулі ықпалы болды. Абайдың ақын шәкірттері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әсет Найманбайұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Уәйіс Шондыбайұлы және т.б. эпикалық дәстүр дамытуында мұсылмандықтың ізгілік іргетас ұстанымдарын дәріптеді.

Қарастырылып отырған мәселені кешенді ғылыми зерттеулер ауқымында көркемдік заңдылықтар тұтастығында зерделеу қилы себептерден кенжелеп қалып отырды. Қазіргі кезеңде қазақ әдебиетінің тарихында ықпалды, бай көркемдік мазмұн түзген ХІХ ғасырдағы экзегетикалық дәстүр дискурсы арнайы, толымды зерттеулерге зәру.

Пайдаланған деректер тізімі:

1 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 15. – Алматы : «Жазушы», 1984. – 328 б.

2 **Мұқанов, С.** Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер, 2-басылуы. – Алматы : «Арыс», 2002. – 272 б.

3 **Ахметбек, А.** Қожа Ахмет Иассауи : көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1998. – 112 б.

4 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы. – Т.15. Мақалалар, зерттеулер, – 1984. – 328 б.

5 **Әуезов, М.** Абайтану дәрістері. – Алматы : «Рауан», 1994. – 160 б.

6 **Қамзабекұлы, Д.** Руханият. – Алматы : «Қазақпарат», 1997. – 258 б.

7 **Қалижан, У.** Діни ағартушылық ағым – ол да бір мектеп : (ХІХ ғ. екінші жартысындағы діни ағартушылық ағым және оның өнімдері туралы) ақиқат. 1998, – № 9. Б. 58–63.

8 **Мырзахметов, М.** Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. Алматы : Ғылым, 1982. – 296 б.

9 **Мырзахметов, М.** Сборник материалов по мусульманству. – Спб., 1899. С 22, 38–47.

10 **Мәдібаева, Қ,** Мүлік Д. Көркем шығармадағы тарихи тұлға. Талдықорған, 2018. – 218 б.

References

1 **Aueзов, M.** Jırma tomdıq shyǵarmalary jınaǵy [A collection of works in twenty volumes]. Volume 15 – Almaty : «Zhazushy», 1984. – 328 p.

2 **Mukanov, S.** Qazaqtyn XVIII-XIX ǵasyrdaǵy ádebietiniń tarihyan ocherkter [Essays on the history of Kazakh literature of the XVIII-XIX centuries]. 2nd edition. – Almaty: «Arys», 2002. – 272 p.

3 **Ahmetbek, A.** Qoja Axmet Iassaıy : kómekshi oqy quraly [Hodja Ahmed Yassawi : an auxiliary textbook]. – Almaty : «Category», 1998. – 112 p.

4 **Áyезov M.** Jırma tomdyq shyǵarmalary jınaǵy. [Aueзов M. A collection of works in twenty volumes]. – Almaty : Zhazushy. – Т. 15. Articles, researches.-1984. Page 328

5 **Aueзов, M.** Abaytanıy dáristeri [Abai lectures]. – Almaty : Rauan, 1994, – 160 p.

6 **Qamzabekuly, D.** Rıxaniyat [Spirituality]. – Almaty : Kazinform, 1997, – 258 p.

7 **Kalizhan, U.** Dini aǵartıshylyq aǵym – ol da bir mektep : (XIXǵ. ekinshi jartısyndaǵy dini aǵartwshylyq aǵym jáne onyń ónimderi twralı) aqıqat [The religious enlightenment movement is also a school : the truth (about the religious enlightenment movement in the second half of the XIX century and its products)]. – 1998. – № 9. P. 58–63.

8 **Myrzaxmetov, M.** Muxtar Áyезov jáne Abaytanıy problemalary [Mukhtar Aueзов and problems of Abai studies]. – Almaty : Science, 1982. – 296 p.

9 **Myrзахmetov, M.** Sborník materialov po mýsýlmanství [Collection of materials on Islam]. – St. Petersburg, 1899. – P. 22, 38–47.

10 Mádibaeva Q, Múlik D. Kórkem shyǵarmadaǵy tarihi tulǵa [Property D. A historical figure in a work of art]. – Taldykorgan, 2018, – 218 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Э. С. Сейсенбиева, К. К. Мадибаяева

Религиозные традиции казахской литературы в XIX веке

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье рассказывается об особенностях экзегетической традиции в казахской литературе XIX века и ее влиянии на былины отдельных поэтов. При изучении истории казахской литературы произведения, направленные на пропаганду и разъяснение основ религии в литературном наследии, на протяжении многих лет необоснованно обвиняются, и не вовлекаются в научный оборот как значимое направление в области искусства. Периодические политические и идеологические позиции оказали существенное влияние на радикальное изучение проблемы. Также рассматривается экзегетическое исследование литературы XIX века М. Ауэзовым.

Основная цель данной статьи – изучить пути наиболее продуктивного периода в истории казахской литературы, логику использования экзегетической традиции в XIX веке, в контексте исторических предпосылок, художественных основ и принципов, составляющих ключевое содержание литературного наследия XIX века.

Значительная линейка богатой литературы казахской литературы выполнена в художественном поле XIX века религиозного и образовательного направления.

Ключевые слова: мусульманское просвещение, физическая традиция, эпос, назареизм, эпос, рассказ, паломничество, пропагандистская поэма, молитва, религиозная проповедь, вера, суфийская поэзия.

E. S. Seysenbieva, K. K. Madibayeva

Religious traditions of Kazakh literature in the XIX th century

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 28.08.20.

Abstract The article describes the peculiarities of the exegetical tradition in the Kazakh literature of the 19th century and its influence on the epics of individual poets. When studying the history of Kazakh literature, works aimed at promoting and explaining the foundations of religion in the literary heritage have been unreasonably accused for many years, and are not involved in scientific circulation as a significant direction in the field of art. Periodic political and ideological positions have had a significant impact on the radical study of the problem. The exegetical study of 19th century literature by M. Auezov is also considered.

The main goal of this article is to study the paths of the most productive period in the history of Kazakh literature, the logic of using the exegetical tradition in the 19th century, in the context of historical prerequisites, artistic foundations and principles that make up the key content of the literary heritage of the 19th century.

A significant line of rich Kazakh literature is made in the artistic field of the 19th century, religious and educational trends.

Keywords: Muslim enlightenment, physical tradition, epic, Nazarene, epic, story, pilgrimage, propaganda poem, prayer, religious preaching, faith, Sufi poetry.

<https://doi.org/10.48081/HUZC3477>

Ш. Б. Сейітова, А. А. Қасымова, Ш. А. Доскеева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

САЛЫСТЫРМАЛЫ АЙМАҚТЫҚ ОНОМАСТИКА КЕҢІСТІГІ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН, ТАУЛЫ АЛТАЙ, БАЯН ӨЛГЕЙ ӨҢІРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада Шығыс Қазақстан өңірінен жинақталған жер-су аттары мен Алтай өңірі, Баян Өлгей аймағына жасалған экспедиция негізінде қол жеткізген ономастикалық номендер салыстырмалы-тарихи, диахрониялық, этимологиялық тұрғыдан қарастырылады. Топонимдердің алтайлық, ежелгі түркілік ортақ түбірлері анықталып, лексика-семантикалық белгілері ажыратылады. Жалпы алтай тілдеріне тән ономастикалық белгілер мен түркі тілдерінің ономастикалық белгілері салыстырылады. Сонымен қатар, жер-су атауларының жасалу жолдарына сипаттама беріледі. Өңір топонимдерінің жасалу жолдарындағы ортақ белгілер анықталады. Ортақ белгілерге сүйене отырып, жер-су атауларының қалыптасуындағы жалпы алтайлық және көне түркілік негіздер ажыратылады. Нәтижесінде, тілге тиек болған Шығыс Қазақстан, Таулы Алтай, Баян Өлгей өңірлерінде қолданыс тапқан жер-су атауларының ұқастықтары мен айрмашылықтары олардың қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланыстылығы анықталады.

Кілтті сөздер: ономастикалық кеңістік, ортақ түбір, топонимика, түркі тілдері.

Кіріспе

Қазіргі әлемдік жаһандану заманында ұлттық бірегейлік пен бірлікті кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрбір қазақтың азаматтық парызы. Ұлттық бірегейлік дегеніміз – ортақ құндылықтар. Ортақ құндылық дегеніміз – ең алдымен әрбір адамға ананың сүтімен даритын ана тілі, ұлттық тілі. Ұттық тіл – бүкіл халықтың ғасырлар бойынша басынан кешкен тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткеретін құрал. Олай болса, кез келген халықтың ұлттық болмысы, ерекшелігі тілінде сақталады. Яғни, ана тілі – елдігімізді білдіретін ұлттық кодымыз болып табылады.

Зерттеудің нысаны: Салыстырмалы аймақтық ономастика кеңістігі (Шығыс Қазақстан, Таулы Алтай, Баян Өлгей өңірлері негізінде)

Зерттеудің пәні: Салыстырмалы аймақтық ономастика

Мақсаты: Ұлттық кодымыздың сақталуын, ұрпақтан ұрпаққа бұрмаланбай, сол қалпында жетуін қадағалау, сыртқы себептердің салдарынан халық жадынан сөніп бара жатқан ұлттық белгілерімізді жаңғырту алға қойған үлкен мақсатымыз болып табылады.

Міндеттері:

Шығыс Қазақстан өңірінің ономастикалық кеңістігін ғылыми негізде қарастырып, әрбір атауға сонау көне түркі заманынан бүгінгі күнге дейінгі ерекшеліктеріне этимологиялық тұрғыдан сипаттама бере отырып, өңір топонимиясының ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан аймағы бойынша қол жеткізген тілдік материалдарды саралау барысында, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісін жүзеге асыру үшін Ресей Федерациясының қарамағындағы Алтай Республикасы Қосағаш ауданына, Монғол Республикасының Баян Өлгей аймағына экспедиция жасалды. Экспедиция барысында мыңға жуық сөз жинақталды. Алайда салыстырмалы талдауда 200 жуық топоним қолданылды. Себебі топонимдердің жасалу жолдары ұқсастығы салдарынан барлық атауларды қолдану қажеттілігі туындамады. Сонымен бірге кейір лексика-семантикалық мағыналары жағынан ортақ белгілері жоқ атауларға да талдау жасауды жөн көрмедік. Экспедиция нәтижесі бойынша түркілік ортақ түбірлер анықталды, монғол тілінен енген кейбір топонимдердің лексика-семантикалық белгілері ажыратылды, жалпы алтай тіліне тән ономастикалық белгілер мен түркі тілінің ономастикалық белгілері салыстырылды.

Аймақтың ономастикалық кеңістігі дегеніміз өңірдің географиялық атауларының құрылымы, аймақтың топонимиясының жалпы құрылымдық типологиясы, топонимикалық сөзжасам құралдары, топонимдердің лексика-семантикалық құрамы, топонимикалық семантиканың номинация тәсілдері мен белгілері бойынша зерттелуі, топонимдердің басқа тілден ену тәсілдері, топонимдердің этимологиялық тұрғыдан талдануы және т.б. Ономастиканың ғылым ретінде дамуындағы мұндай индуктивті кезең өте маңызды болып табылады. Өйткені, жоғарыда аталған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде әдістемелік тұрғыдан жинақталып зерттелген, пысықталған кең көлемді аймақтың тіл материалдарын түгел қамтитын деректер шеңберінің бассейні пайда болады. Ертеректе ономастика тарих, география, археология сынды ғылым салаларының қолданбалы көмекші саласы қызмет атқарса, бүгінгі таңда тіл ғылымының жеке саласына айналып, басқа ғылым салаларымен тығыз байланыс орнатуда. Бұл жайында қазақ топонимиясының этномәдени

ерекшеліктері мен когнитивтік сипатын зерттеген ғалым Қ. Рысберген «Топонимика қоғамдық жаратылыстану бағыттарының әдіс-тәсілдеріне, деректік-ақпараттық базасына сүйенетін мынадай бірнеше саланы камтиды: лингвомәдениеттану, лингвогеография, лингвоэтнозоология, лингвофольклористика, полеолингвистика нейролингвистика, лингвофилософия, психоллингвистика, компьютерлік лингвистика және т.б.», – деп [1; 14], топонимиканың басқа ғылым салаларымен байланысын айқын көрсетеді.

Қазақ тіл ғылымында ономастикалық зерттеулер ХХ ғасырдың 40-жылдарынан басталады. Бұл ретте, Ф. Қоңқашбаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ә. Қайдар, А. Ысқақов, кейін келе, А. Жартыбаев, Қ. Рысберген, Ж. Бұғыбаева, М. Әлімбаев, С. Иманбердиева, Б. Бияровтардың есімдерін атай аламыз. ХХ ғасырдың 60-жылдарында қазақ топонимикасы бойынша жарық көрген екі жұмысты атай аламыз. Бірі – география саласының маманы Ф. Қоңқашбаевтың 1951 жылы жарық көрген «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» атты еңбегі. Ал екінші – Қазақстан географиялық атауларын тарихи-лингвистикалық бағытта зерттеген А. Әбдірахмановтың 1954 жылы қорғалған «Некоторые вопросы топонимики Казахстана» атты кандидаттық диссертациясы. 1959 жылы А. Әбдірахманов диссертациялық еңбегін толықтырып, «Қазақстанның жер-су аттары» атты монографиясын жариялайды. Сондай-ақ, Тіл білімі институтының ономастика бөлімі де 1961 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ жер-су атаулары бойынша тұрақты түрде аса маңызды еңбектер жариялап келеді. Тіл білімі институты қызметкерлерінің жариялаған еңбектері тілші ғалымдар тарапынан кеңестік кезең (1961–1991 жж.) және тәуелсіздік кезең (1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін) деген екі үлкен топта қарастырылады.

Түркі тілдерінің ономастикалық кеңістігі сонау М. Қашқаридан бастап, бертін келе, В. Бартольд, В. Радлов, П. Мелиоранский тарапынан қолға алынады. Таулы Алтай өңіріндегі топонимия бойынша аймақтық зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарына О. Т. Молчанова, К. Б. Самтақова, В. Н. Тавдыкин, А. Т. Тыбыкова және т.б. жатқызуға болады.

Шығыс Қазақстан өңірі топонимдері мен Таулы Алтай өңірі, Баян Өлгей аймағы топонимдері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралау барысында алдымен негізгі ұқсастықтар жайында айтуға болады.

Топоним жасаудағы басты белгі топонимдердің жасалу жолы болып табылады. Ең алдымен топонимдер сол жердің физикалық-географиялық ерекшелігін немесе, сол ерекшеліктің бір белгісін сипаттау мақсатында туындайды. Мәселен, Қосағаш аймағында «Айгулак» өзен атауы, «Қызыл таш» жер атауы, «Терісаққан» өзен атауы, «Көккөл» көл атауы, «Қаракөл» көл атауы «Ақтал» жер атауы және т.б. топонимдер жердің, өзеннің түсіне,

ерекше белгілеріне байланысты спонтанды түрде берілген атаулар деп ойлаймыз. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан өңірінде де «Мұзды бұлақ» бұлақ атауы, «Ойқұдық» жайлау атауы, «Өгіз тау» тау атауы және т.б. жер-су аттары да сол аймақтың немесе сол жердің ерекше бір белгісіне сәйкес берілген деген пікірдеміз. Яғни, географиялық атауларды дұрыс саралау үшін топонимнің қандай объектімен сәйкес келетінін міндетті түрде білу қажет. Сондай-ақ, кез-келген географиялық объект әртүрлі қасиеттерге мен белгілерге ие болады, ал топоним жасауда тек бір ғана белгі аталады. Атаулардың көпшілігі ең алдымен сол жерді қоршаған ортаның табиғи белгілерін сипаттаумен, бір ғана белгіні атаумен ерекшеленеді. Топонимдер индикатор тәрізді географиялық объектінің негізгі ерекшеліктерін нақты сипаттайды. Географиялық объектілердің көптеген атауларының пайда болуына, көбінесе қолдан жасалған, шаруашылық қызмет салаларына қатысты жалпы сөздер қатысады. Алдымен олар географиялық терминология саласына өтеді, содан кейін өз мәнін алады және топонимдерге айналады.

Шекаралас аймақтар арасындағы тағы бір ұқсастық – ортақ қатарларға жіктелуі. Мысалы, өзен-көл атаулары көбінесе, су, суу, гол, кол, нур, көл сөздерінің қатысумен жасалады. Бұлардың ішінде монғол тілінен енген атаулар да топоним жасауға қатысады. Монғол тілінен аударғанда гол – өзен, нур – көл деген мағына береді. Таулы Алтайдың Қосағаш ауданы Монғол мемлекетімен шекаралас аудан болғандықтан, оның жер-су атауларында монғол тектес сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, Карасу, Көккол және т.б. Сонымен қатар, аймақ топонимикасында «усть, устиги – үстіңгі», «орто-орта», «алтығы – төменгі» сөздерінің кең орын алуы көптеп кездеседі. Бұл Шығыс Қазақстан топонимикасына да тән қасиет. Мәселен, Алтай өңірінде «Усть сена», «Усть иша», «Усть кан», «Усть кокса», «Орталық» деген атауларды кездестіруге болады. Ал Шығыс Қазақстан жер-су атауларында Усть-Каменогорск (Үст Кемен), «Орта», «Орта Күнгей», «Орта Қарауыл» деген топонимдер сөзімізге дәлел бола алады.

Тіл ғылымында топонимдерді қалыптастырудың өзіндік факторлары болады. Ғалым Н. Подольскаяның пікірі бойынша бұл факторларға лингвистикалық, физикалық-географиялық және тарихи факторлар жатады [2]. Жер-су атауларының пайда болуының басты себебі, адам баласының өзі мекендеген аймақты белгілеу қажеттілігінен туындайды. Ең ірі географиялық аймақтың атаулары бірінші кезекте аталады, өйткені олар өте белгілі және кеңінен танымал болып келеді. Сондай-ақ, Үлкен өзендердің бассейндері халықтың шоғырлануында белгілі бір рөл атқарғанын атап өткен жөн. Көптеген өзендердің атаулары жағалауын мекендеген халықтың ерекше белгілерімен, қасиетімен аталғаны да белгілі. Сондай-ақ, топонимдерге қарағанда гидроним атаулары ұзағырақ сақталатынын атап

өткіміз келеді. Мәселен, бүгінгі таңдағы кейбір ірі өзендердің атаулары сонау көне түркі заманынан сақталған. Атап айтқанда, «Ертіс өзені» көк түрік ескерткіштерінде «Ертіс өгүз» деген нұсқада орын алады. Сондай-ақ, Қосағаш ауданында кездесетін «Чуя» өзенінің де этимологиясы теренде жатыр деп ойлаймыз. Өзеннің қалыптасуына негіз болған атау – «чу». Алайда, чу сөзін көне түркіден бүгінге дейін әртүрлі топшылауға болады. Мәселен, М. Қашқариде «чуш башы» су басы немесе өзеннің бастамасы деген тіркес кездеседі. Сондай-ақ, Қазақстан аймағында, «Шу» аймағы да бар. Ал Қырғыз тілінде «Чу» өзеннің бір саласы деген мағына береді. Көне түркі тілінде Шу-чу-су болып өзгеріске ұшыраған деген пікірлерді де көрдік. Көк түрік ескерткіштерінде су сөзі «сувв» деп қолданылады. Яғни түркі тілдерінің сөз басындағы с дыбысын ч, ш дыбысына айналдыратын топтарда су сөзінің чу, шу болып айтылу кездеседі. Ал көне тибет тілінде чу – өзен, өзеннің сағасы деген мағына береді. Бұл атаудың қалыптасуына көне түркілік емес тибеттік сөз негіз болуы әбден мүмкін.

Жоғарыда аталған өңір топонимдерін салыстыруда қол жеткізген тағы бір ұқсастық – жер-су атауларының құрамындағы сын есімдердің, соның ішіндегі түстердің қолданысы. Топонимдерді тілдік тұрғыдан, этимологиялық тұрғыдан талдауда осы сын есімдер мол мағлұмат береді. Мәселен, Қосағаш ауданы топонимдерінің құрамында ақ, ала, боро, буурыл, жирен, кара, сур, көк түстері жиі орын алады. Жер-су атауларының құрамындағы «Ақ» сөзі көп жағдайда түс атауын ғана емес, сонымен қоса, егер бір гидроним атауында кездесе, мұздай суық, тұнық, таза, мағыналарын береді. Егер «Ақ» сөзі антропоним құрамында орын алса, жақсы, ақжарқын, текті, адал, кең, мол деген мағыналарда қолданылады. Мәселен Қосағаш ауданы бойынша Актел, Актоли, Актал, Ақ Айры атаулары сөзімізге негіз бола алады. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша осы Ақбұлақ, Ақжайлау, Ақшатау, Ақтүбек, Ақши атауларының құрамындағы ақ түсі сол елді мекеннің географиялық ерекшелігін сипаттайды. Бұнымен бірге Алтай аймағының топонимдері қатарында ақ мағынасында чаган/шаган сөздері кездеседі. Бұл сөз монғол тіліндегі цаган-ақ дегенді білдіреді (сөздік монғол). Мәселен, Чаганка, Чаган Бургазы атауларының құрамындағы чаган/цаган сөздері – монғол тіліндегі түс атауының дыбыстық өзгеріске ұшыраған формасы. Шығыс Қазақстан өңірінде бұл топонимдердің Шаған деген нұсқасы орын алады.

Қосағаш аймағында «ала» түсімен қолданылатын топонимдердің көбі хайуанаттармен байланысты болып келеді. Сондай-ақ, «ала» түсі сонау көне түркі тілінен келе жатқан көне түркілік сөз болып табылады. Монғол тілінде бұл сөз «алаг» түрінде қолданылады. Ғалым А. М. Шербактың пікірінше, монғол тіліндегі «алаг» түс атауы көне түркі тілінен енген кірме сөз болып

табылады [3, 21]. Бүгінгі қазақ тілінде де «ала» түрінде қолданылады. Бұдан басқа да түстерді кенінен сипаттауға болады.

Сондай-ақ, «Кызыл» түсі топоним жасаудағы ең жасампаз түс деуге болады. Себебі құрамында «кызыл» сөзі орын алған Алтай өңірінің, Баян Өлгей өңірінің және шығыс Қазақстан өңірінің топонимдері аз емес. «Кызыл» түс атауы ретінде сонау көне түркі тілінен бері қолданылып келеді. Кейбір көне түркі этнонимдерінде де кызыл түс орын алады. Топоним құрамында келіп кызыл түс сол жердің реңін, шексіздігін, гидроним құрамында келіп судың тазалығын, тұнықтығын сипаттайды. Кызыл деп аталатын су көп жағдайда лас, лай, таза емес суларды сипаттауда қолданылады. Мысалы, Кызыл Таш, Кызыл Ажу, Кызыл Аркыт атаулары Қосағаш ауданында кездеседі. Баян Өлгей аймағында Кызыл үй, Шығыс Қазақстан өңірінде Кызылтас, Кызылту және т.т.

Ең көп қолданысқа түсетін тағы бір түс атауы - «қара». Алтай өңірінде бұл сөз «кара» деп қолданылады. «Қара» көне түркілік негізді түс атауы. Бір ғана Қосағаш өңірінде бір сыңары «кара» сөзмен берілген 23 атау бар: Кара Агач, Кара Адыр, Кара Кол, Кара Кайа және т.б. Баян Өлгей аймағында да «қара» сөзімен берілетін атаулар көптеп кездеседі. Мысалы: Қарақобы, Қаратау, Қарасу, Қаракөл және т.т. Көріп отырғанымыздай, дәл осы атаулардың кейбірі Шығыс Қазақстан топонимикасынан да орын алады. Бұдан аймақтардың ономастикасында орын алған ұқсас атаулар бір тілден екінші тілге көшкендіктен емес, сол аймақтың физикалық ерекшелігіне байланысты берілсе керек деп ойлаймыз.

«Көк» деген түс атауымен берілетін топонимдер барлық аймақтарда кездеседі. Көк түсі көне түркі тілінен келе жатқан атау. «Көк» түсі алтай тілінде 1) көк, 2) көгілдір, 3) жасыл (шөпке қатысты), 4) сұр, 5) боз, 6) аспан, 7) тәңір, 8) жасыл шөп, 9) піспеген, 10) шексіздік ұғымдарын білдіреді. Осы ұғымдар тілдегі топоним жүйесінің жасалуына жеке-жеке негіз бола білген. Мәселен, Көк Суу, Көк Кайа, Көк Жап, Көк Таман, т.т. Баян Өлгей аймағында Көктұмсық, Көкқошын тәрізді атаулар орын алады. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша Көкбаасту, Көкбұқа, Көкашы т.б. атаулардың жасалуына «көк» сөз негіз болған.

Шығыс Қазақстан аймағында да, Алтай Республикасы Қосағаш ауданында болмасын топонимдердің жасалуына көптеген ортақ физикалық-географиялық терминдер қатысады. Мәселен, Таулы Алтай өңірінің жер-су атауларының құрамында су, чу (өзен), гоол (өзен), кан/кам/кем (өзен), сала (өзеннің сағасы) нур (көл), кол (көл), булак, кыр, сор, адыр, кунгей, мукур (қысқа жер), ой, ош (сел), ула (тау мағынасында), даба (тау), чёл (шөл), туу (тау), жазы (жазық), сас (балшық), камр (монғол тілінен қысқа жартасты жер деген мағына береді), таш (тас), тош (мұз), тобрак (шаң), ойык (ой),

кайа (жартас), арка (жота), жар, айры (өзен сағасы), ачык (жазық) болчок (кішкентай төбе), төн (төбе), айан (жазық), межелик (төбе, төбешік), боом (жартас шығынқысы), жыраа, белтир (өзеннің бастамасы), болчок (кішкене төбе) және т.б. көптеген жалпы алтай, көне түркі, монғол, тыва, қазіргі алтай тілдерінен алынған географиялық терминдер орын алған. Яғни, бұл аймақтың топо жүйесінің тарихын сонау ең көне алтай заманы, көне түркі кезеңінен бүгінгі күнге дейін жетелейді. Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін жер су атауларының құрамында орын алатын географиялық терминдер тас, төбе, қыр, ой, тау және т.т. топоним жасауда маңызды бірліктер болып табылады. Екі өңірдің де атауларында кездесетін географиялық терминдер қатары өте кең. Қолданыстарында дыбыстық тек дыбыстық айырмашылықтар бар.

Сондай-ақ, екі өңірге де тән ортақ ерекшелік – топоним жасауда екінші сыңар ретінде дене мүше атауларының қатысуы. Мысалы, баш (бас), бут (аяқ), жүрек (жүрек), ич (іш), кабак (кірпік), кабырга (кабырға) және т.б.

«Баш» көне түркі тілінен бері қолданыстағы сөз болып саналады. Географиялық атаулар құрамындағы «баш/бас» сөзі таудың басығ биік шың мағынасын береді. Мәселен, бұл сөзге байланысты Алтай өңірінде Ак Башту Төнг, Ат Бажы, Шығыс Қазақстан өңірінде Омар басы, Сарыбас тәрізді атаулар кездеседі.

«Бел» сөзі де көне түркі тіліне тән сөз. Негізгі мағына адамның белі географиялық атауларда тау жотасы, жердің ортасы деген мағына береді. Монғол тілінде «бэл» формасында қолданыла отырып, топонимдер құрамында орын алады. Қосағаш ауданында бұл сөзге байланысты Аржаан Бел, Белеш, Белаши деген топонимдерді кездестірдік. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша Белтерек, Сарыбел атаулары жоғарыда аталған атаулардың жасалуымен ұқсас келеді.

«Бут» аяқ мағынасында қолданылатын сөз, географиялық атауларда өзеннің төменгі жағы, таудың етегі мағынасында қолданылады. Бұл қолданыс Алтай өңірі бойынша кең тараған, Шығыс Қазақстан аймағында орын алмайды. Мәселен, Бут өзені, Жантық Бут және т.б.

Сонымен қатар Алтай өңірінің топонимдері құрамында «жүрек» сөзі кең қолданыс тапқан. Бұл сөз көп жағдайда кішкене төбешік мағынасын береді. Атап айтқанда, Уйтту Жүрек, Кара Жүрек, Манжерок (Мең жүрек) атауларын көрсетуге болады.

Алтай өңірінің географиялық атауларын қалыптастыруда кабак (кабақ), көс (көз), төс (төс), мөбн (мойын), кулак (құлак), мандай (мандай), киндик (кіндік) және т.б. дене мүше атаулары көптеп қатысады. Бұған Төрт Көс, Кабакты, Кулагаш, Анг Кулак, Кара Мангдай, Мөбн Булак, Киндикту көл атаулары дәлел бола алады. Шығыс Қазақстан аймағы бойынша Кіндікті, Мойынбұлақ тәрізді жер атаулары сәл дыбыстық айырмашылықтарды

ескермегенде жоғарыда аталған атаулармен ұқсас келеді. Бұл бір атаудың екінші жерге берілуі емес, топоним жасауда бір әдістің қолданылғандығын және тілдердің туыстастық белгілерін көрсетеді.

Алтай Республикасы Қосағаш өңірі мен Шығыс Қазақстан өңірі физикалық-географиялық ерекшелігі, табиғаты өте ұқсас келеді. Сол себепті өңірлердің топонимикалық жүйесінде де ұқсастықтарды байқауға болады. Сонымен қатар ертеректе Қосағаш өңірінде Қазақстаннан көшкен қазақтардың тұрақтап қалуы да біршама атаулардың ұқсастығын көрсетеді. Мәселен, Қосағаш ауданында кездесетін Балхаш өзені, Шығыс Қазақстандағы Балқаш атауымен ұқсас келеді. Жергілікті халық бұл атаудың қазақтармен бірге келгендігін айтады. Жоғарыда кейбір кездейсоқ атаулардың да ұқсастығын аңғардық.

Жер-су атауларының қалыптасуында өсімдік атаулары да үлкен роль атқарады. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша ағаш, қайың, қарағай, қараған, ши, т.б. өсімдік атаулары көптеген топонимдердің жасалуына негіз болған. Қосағаш өңірінде де бұл тәсіл анық байқалады. Мәселен, «Қош ағаш» (Қос ағаш) атауын алып қарайтын болсақ, атау қос және ағаш сөздерінің бірігуінен жасалған. Жергілікті халық бұл атауға байланысты бірнеше тұжырымдар келтіреді. Соның бірі, ауданның физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты. Қосағаш ауданы Алтай өңірінің басқа жерлеріне қарағанда таулы-тасты, тақыр болып келеді. Алтайдың бай орманды мұрасы Қосағаш ауданына тақай бастағанда, азайып жоғалады. Міне, осы ерекшелігіне орай, Қосағаш өңіріне тақағанда адамдар «Қош ағаш!» деп орманмен қоштасады-мыс. Сол «Қош ағаш» кейін «Қош ағач» деген жердің атауына айналады. Сонымен қатар, Қосағаш аймағында ерте кезде тастақ, тақыр жерде жалғыз екі ағаш өсіп тұрады. Ағашсыз тақыр өлкеде бұл екі ағаш белгілі бір кездесу нүктесіне, жөн сұрасу белгісіне айналады. Уақыт өте келе, жергілікті халық бұл жерді осы екі ағашты белгі етіп алып, «Қос ағач», яғни қос ағаш орналасқан жер деген атаумен атап кеткен екен деген да тұжырым жоқ емес. Қалай болғанда да, жердің атауының бір сыңарын ағач/ағаш деген өсімдік атауы құрайды. Атауды жасауға қос/қос деген сын есім және ағач/ағаш деген зат есім қатысады. Дәл осы тәсілмен, мәселен, қара деген сын есім мен ағаш деген зат есімнің бірігуінен Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін «Қарағаш» деген жер атауы жасалады.

Алтай өңірінің топонимдерінің жасалуында тува тілінен енген «тыт» – ағаш сөзі ерекше орын алады. Мәселен, Тытугем, Аркыт, Көңб Тыт т.б. Шығыс Қазақстан өңірінде тыт сөзінің қатысуымен жасалған атаулар кездеспейді.

Салыстыру жасалған өңірлер бойынша ұқсастықтармен бірге айтарлықтай айырмашылықтар да жоқ емес. Мәселен, Қазіргі Баян Өлгей

аймағындағы атаулардың барлығы қазақ тілінде айтылғанда жасалу үлгісі, дыбысталуы, компоненттік құрамы ұқсас болып жатады. Алайда, жергілікті халықтың айтуынша, Баян Өлгей өңіріндегі жер-су атауларының барлығы дерлік монғол тілінде берілген. Ресми құжаттардың барлығында монғол тілінде жазылады. Қазақ тілінде берілетін атаулар өте сирек кездеседі. Жергілікті халықтың қазақ тілінде айтылып жүрген атаулары калькалау тәсілімен аударылған тек халық арасында қолданылатын атаулар ғана болып табылады. Мәселен, Цаган нур – Ақкөл, Даян нур – Даян көлі, Сагангол – Ақсу, Далын тоға – Жетпіс төбе және т.б. Алтай өңірінің де топонимика саласында калькалау әдісі халық арасында көптеп кездеседі. Мысалы: Кызыл Кыр – Касногорка, Ак суу – Белоречка және т.б. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша бұл тәсілдің қолданысы кездеспеді.

Қорытынды

Сонымен қорыта келе, зерттеу жүргізілген өңірлерде жер-су атауларының өзіндік айырмашылықтары мен ұқсастықтары ажыратылды. Атап айтқанда, топонимдер құрамындағы көне түркі тілінен бері қолданылып жүрген сөздер барлық өңірлерде орын алады. Ол сөздердің топонимикалық атауларда кездесуі бізге ортақ түркілік, жалпы алтайлық топонимика саласынан мол мағлұмат береді. Сонымен қатар, түс атауларының, өсімдік атауларының, адамның дене мүше атауларының жер-су атаулары құрамында өз мағынасында немесе ауыспалы мағынасында көрініс табуы ортақ түбір мағынасын тудырады. Яғни, уақыт сынына қарамастан жалпы алтайлық, көне түркілік белгілерімізді топонимикамыздан табу және көпшілік қауымға таныту арқылы біз өткенімізді танимыз, баға жетпес тамыры тереңде жатқан тарихымызды тіліміз арқылы танимыз. Осылайша, ұлттық кодымызды бекіте түсеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Рысберген, Қ. Қ.** Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері : филолог.ғыл.д-ры ... дисс. – Алматы, 2010. – 300 б.

2 **Подольская, Н. В.** Программы и инструкции для сбора топонимического материала на восточнославянской территории // Восточнославянская ономастика. – М., 1972. – С. 166–175

3 **Щербак, А. М.** Тюркско-монгольские языковые контакты в истории монгольских языков / Ин-т лингвист, исслед. РАН; Ин-т гуманитар, исслед. АН Республика Саха (Якутия). – СПб. : Наука, 2005. – 195 с. : ил. – ISBN 5-02-027002-4.

4 **Әбдірахманов, Ә. Ә.** Топонимика және этимология. – Алматы : Ғылым, 1975. – 58 б.

5 **Жанұзақ Т.** Қазақ ономастикасы (Атаулар сыры). – Алматы : Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

6 **Бияров, Б.** Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері : монография. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

7 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі : (Диуани лұғат-ит-түрік), 3 томдық шығармалар жинағы / қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : Хант, 1997. – Т. 1. – 30 б.

8 **Сағидолда, Г. С.** Түркі-монғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология. – Астана : Кантана Пресс, 2011. – 355 б.

9 **Хабшай, С., Миніс, Ә.** Моңғолша-қазақша сөздік. – Ұланбатор : Улсын хэвлэлийн газар, 1954. – 304 б.

10 **Мамырбекова, Г. М.** Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.

References

1 **Rysbergen, K. K.** Kazakh toponimiyasynyn lingvokognitivtik jane etnomadeni negizderi: filologiya gyl-ry...diss. [Linguocognitive and ethnocultural bases of Kazakh toponymy : diss. on phil. sciences]. – Алматы 2010. – 300 p.

2 **Podolskaya, N. V.** Programmy i instrukcii dlya sbora toponimicheskogo materiala na vostochnoslavjanskoy territorii [Programs and instructions for the collection of toponymic material in the eastern Slavic territory] In East Slavic onomastics. Moscow, 1972. – 166–175 p.

3 **Sherbak, A. M.** Turksko-mogolskiye yazikovye kontakty v istorii mogolskih yazikov [Turkic-Mongolian language contacts in the history of Mongolian languages]. In Institute of linguistic researches. RAS; Institute of humanitarian researches. AS Republic of Sakha (Yakutia). – St. Petersburg: Nauka, 2005. – 195 p.

4 **Abdirakhmanov, A. A.** Toponimika jane etimologiya [Toponymy and etymology]. – Алматы : Gylym, 1975. – 58 p.

5 **Zhanuzak, T.** Kazakh onomastikasi (Ataular syry) [Kazakh onomastics (Secret of names)]. – Алматы : Daik-Press, 2007. – 524 p.

6 **Biyarov B.** Jer-su attarynyn sozjasamdyk ulgileri: monografiya [Word-formation patterns of place-names : monograph]. – Алматы : State Languages development institute, 2012. – 460 p.

7 **Kashkari, M.** Turik tilinin sozdigi : (Diwani Lugati't Turk). 3 tom dik shigarmalar jinagy [Dictionary of the Turkish language: (Diwani dictionary-it-turk): Collection of works in 3 volumes]. / Translated into Kazakh by A. Egeubay, who wrote the foreword and scientific comments. – Алматы : Hant, 1997. – V.1. – 30 p.

8 **Sagidolda, G. S.** Turki-mongol tildik bailanysy : toponimiya jane frazeologiya. [Turkic-Mongolian linguistic connection : toponymy and phraseology]. – Astana : Kantana Press, 2011. – 355 p.

9 **Habshai, S., Minis, A.** Mongolsha-kazakhsha sozdik [Mongolian-Kazakh dictionary] – Ulan-Bator : Ulsyn Khevleliin Gazar, 1954. – 304 p.

10 **Mamyrbekova, G. M.** Kazakh tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: State Language Development Institute, 2017. – 656 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Ш. Б. Сейитова, А. А. Касымова, Ш. А. Доскеева

Сравнительное региональное ономастическое пространство (на материалах Восточного Казахстана, Баян Олгей и Горно-Алтайского края)

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
Республика Казахстан, г. Семей.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматриваются топонимы с точки зрения сравнительно-исторического, диахронического, этимологического аспектов, собранные из Восточно-Казахстанской области, и ономастические номены, полученные в результате экспедиции в Алтайский край, Баян Олгейский регион.

Выявлены Алтайские и древнетюркские общие корни топонимов и выделены лексические и семантические особенности. В целом сравниваются ономастические черты алтайских и тюркских языков. Кроме того, дается описание способам формирования топонимов. Выявлены общие черты в формировании топонимов региона. Исходя из общих черт, выделяются общие алтайские и древнетюркские основы в формировании топонимов. В результате выяснилось, что сходства и различия топонимов, используемых в упомянутых регионах Восточного Казахстана, Алтая, Баян Олгей, тесно связаны с этапами их формирования.

Ключевые слова: ономастическое пространство, общий корень, топонимика, тюркские языки.

Sh. B. Seiiitova, A. A. Kassymova, Sh. A. Doskeeva

Comparative regional onomastic space (Based on materials from East Kazakhstan, Bayan Olgey and the Gorno-Altay regions)

Kazakh Humanitarian Law Innovation University,
Republic of Kazakhstan, Semei.
Material received on 18.09.20

The article deals with toponyms from the point of view of comparative-historical, diachronic, etymological aspects collected from the East Kazakhstan region, and onomastic nomens obtained as a result of an expedition to the Altai territory, Bayan Olgey region.

Altaic and ancient Turkic common roots of toponyms are identified and lexical and semantic features are highlighted. In general, the onomastic features of the Altaic and Turkic languages are compared. In addition, a description of methods for forming toponyms is given. Common features in the formation of toponyms of the region are revealed. Based on the general features, the common Altaic and ancient Turkic bases in the formation of toponyms are distinguished. As a result, it turned out that the similarities and differences of toponyms used in the mentioned regions of East Kazakhstan, Altai, and Bayan Olgey are closely related to the stages of their formation.

Keywords: onomastic space, common root, toponyms, Turkic languages.

<https://doi.org/10.48081/XREL4079>

С. Н. Сүтжанов, Б. Ш. Құралқанова, А. Имантай

Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ТАРИХИ РОМАНДАҒЫ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМНІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Мақалада Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен кейіпкерлер жүйесі зерделеніп, туындыдағы тарихи шындық пен көркемдік шешімінің ара қатынасы ашып көрсетілген.

Тарихи оқиғаны, тарихи тұлғаны сомдауда көркем прозамызда тамаша үлгі – М. Әуезов дәстүрі бар еді. Ұлы суреткердің қаламынан туган «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерумен бірге ұлттық әдебиетте өміршең дәстүр қалыптастырды. Өзінің шығармашылық жолында оннан астам роман жазған Рамазан Тоқтаров аса күрделі де қиын, көтерер жүзгі орасан зор тақырып – Абай тақырыбына барды. Жазушы Абай туралы үлкен туындысына роман-хамса деген атау берді. Сөйтіп қарымды қаламгер қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық енгізді. Суреткер мұрағат құжаттарында кездесетін құрғақ деректерді қайталаумен шектеліп қалмай, Абай өміріндегі тарихи шындыққа сөйкес келетін деректерді шеберлікпен көркемдік дәрежеге көтере алған. Бұл – тарихи шындықты, тарихи тұлғаны қазіргі заман тұрғысынан танып, бағалағанын айқындайды. Ол дүниеге әкелген «Абайдың жұмбағы» романы – жанр талаптарына толығымен жауап беретін көркем туынды. «Абайдың жұмбағы» романы – өз алдына жекелей қарастырып, жүйелі зерттеуді қажет ететін туынды. Мақалада осы мәселеге назар аударылған.

Кілтті сөздер: тарихи роман, тарихи шындық, көркемдік шешім, жанр, әдеби дәстүр.

Кіріспе

Қазақ прозасының дамуына үлкен үлес қосқан әрі оның әр алуан жанрында туындылар жазған Рамазан Тоқтаров өзінің Абай туралы үлкен туындысын роман-хамса деп атаған еді. Сөйтіп қарымды қаламгер қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық енгізді. Жалпы әдебиетте прозаның, соның

ішінде роман сынды күрделі жанрдың неше түрлі үлгісі, яғни екі томдық дилогия, үш томдық трилогия, төрт томдық эпопея жанрлары бары мәлім. Ал, Р. Тоқтаров болса, қазақ әдебиетіне бес кітаптан тұратын жаңа туындысына роман-хамса деген атау берген.

Жазушының екінші бір жаңалығы – шығарманың ұлы ақын Абай туралы жазылғандығы. Осыған дейін заңғар жазушымыз М. Әуезов алып келген Абай өмірі жайындағы эпопеядан артық қандай шығарма жазылуы мүмкін деген сұрақтың тууы заңды да. Рас, осы тұста оқырманды түрлі ойларға жетелейтін мәселелер туындайтыны анық.

Зерттеудің нысаны: тарихи шындықтың көркемдік шешім табуы

Зерттеудің пәні: романдағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің ара қатынасы

Мақсаты: Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен кейіпкерлер жүйесін зерделеу, оның тарихи шындығы мен көркемдік шешімін ашып көрсету.

Міндеттері:

- тарихи және көркемдік шындық мәселесіне тоқталу;
- тарихи романдағы шындықтың көркемдік шешім табу жолын нақты шығарма негізінде талдау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижелері

Бұған дейін Абай өмірінен мол ақпарат беретін ұлы классигіміз Мұхтар Әуезовтің жазған әйгілі эпопеясы бар екені әлемге аян. Сол еңбегі арқылы бүкіл дүние жүзі М.Әуезовті де, Абайды да бүгінгі таңда танып отыр. Бұл шығарма арқылы бәріміздің жадымызда қалыптасқан ұлы ақынның бедерлі бейнесі қалды. Ендеше бұл хамсаның жазылуы, жарыққа шығып, жариялануы қаншалықты дұрыс? Расында да қарап бақсақ, дұрыс екен. Бұл жайында шығарманың прологындағы автордың өзі берген дәйекті дәлелдерінің біреуін келтірейік.

«Әр дәуір, заман талабы оның ғарышты кезген өз уақытының мерейі үстем Абайын сомдай береріне шүбә келтіріп болмас» [1, 8], – дейді ол романға жазған кіріспесінде.

М. Әуезов Абайды ұлы ұстаз, кемеңгер ақын, данышпан ойшыл, халқымыздың рухани көсемі деп танытты. Барлық заманда да «Абайдың сөзі өлмейді, Абайдың аты өшпейді» деп Абайды қазақ халқының жадында қалдырды. Алайда заман өзгереді. Заманмен бірге Абайдың өзі мен сөзі өзгермесе де, Абайды қазіргі таңда ұғынатын қазақтың ой-санасы өзгереді. Осылайша әр заманда Абайды ұғынғысы келген әр қазақтың ойында сол заманға тән өзіндік төл Абайы қалыптасады. Былайша бір сөзбен айтқанда әр заманның, әр кезеңнің өз Абайы бар. Ал, Тоқтаров болса әрдайым әр кезеңде жаңа қырларынан танылатын Абайды бізге өзгеше жағынан жария

етті. Авторда М.Әуезовті қайталау немесе онымен бәсекелу мүлде жоқ. Осыған дейінгі Абай өмірінің, сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігінің өзгеше бір қырлары мен сырлары, тарихи деректердің шындықпен сәйкестігі, туындының көркемдік шешімі, оқиғалардың баяндалу реті мен суреттелуі, бұған дейінгі біз білмей келген Абайдың жаңа бейнесі осы шығармада толығымен қамтылған. Бұл – Р. Тоқтаровтың басты жаңалығы болды.

Кемел қаламның әбден толысқан, төрт тарабын түгел байыптаған шағындағы әрі азаматтық, әрі суреткерлік ерлігі ұлы Мұхтар Әуезовтен кейін қай қазақ үшін де алдырмас қамалдай аяулы тақырыпқа барып, «Абайдың жұмбағы» романын жазып шығып, қол қысқа қиын кездерде Алматы әкімдігінен демеуші тауып, оны кетпектей кітап етіп бастырып шығаруы еді. «Абайдың 40 түрлі жұмбағы бар. Солардың жауабын іздедім» деп айтып отырады екен жазушы. Бірақ әсте «Жауабын таптым» деп ізденістерін тоқтаптай, керісінше үнемі толғанысқа толы ізденіс үстінде жүрген екен. «Абайдың жұмбағы» қай тұрғыдан алсақ та, аңсарлы да мазасыз ізденіс күйін кешкен, мүлдем жаңашыл бағыттағы, өзі де сан қилы жұмбаққа толы жампоз роман. Өмір-тіршілікте олай болмағанын біле тұра жазушы Абайды Кенесарымен неге жүздестіреді, Шоқанмен неге жолықтырады? Қаламгердің астарлы қиялынан туған бұл көркемдік тәсілге де қарабайырлап қарауға болмас. «Өз қолынан енді өз ыркы» кетіп қалған «қалың елі, қазағы, қайран жұртының» ендігі халі, ендігі күйі, тағдыр-талайы не болмақ деген күніреніс-толғаныспен ой теңізіне ескек салған Абай даналығын көреміз романдан. Хакімнің көзі жеткені, жазушының да астарлап айтқысы келгені: Кекілік тауда шаһид кешкен Кенесарымен бірге қарумен қаржасудың, найза ұшының заманы өтіп кетті, ендігі жерде қазаққа іштен байып қайта түлеу, өз надандығымен күресуі ғана қалды. Ұлттың ұлы мұратының ұшпағына осындай күрес жолы ғана жеткізбек. Осы алтын арқау қанық тартылып, қапысыз көрсетілуі Р. Тоқтаров романының талассыз табысы болатын. Әуезовтен кейін ел жаңарған елу жыл өткенде Абайдың жұмбағын табу жолында пішіндік жағынан да, мазмұндық-көркемдік тұрғыдан да жаңа қияға құлаш ұрған кесек туынды деген қысқа қайырыммен түйіндесек те болады.

Ұлы ақынның «Мен – бір жұмбақ адаммын» деп келер ұрпаққа ой тастап, өзінің көптің бірі немесе жай адам еместігін айтып кеткенін біз жақсы білеміз. Бұлай деуінің себебін ашу мақсатына талантты жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» атты эпопеясын өмірге әкелді. Одан кейінде Абай ғұмырнамасына қызыққан зерттеуші-ғалымдар мен жазушылар да осы еңбектің негізінде біршама ғылыми-зерттеулер жазып, әртүрлі мұрағаттарға сүйеніп, Абайдың өміріне тікелей қатысты материалдар жинастырып, «Абайдың жұмбағының» шешуін табуға тырысты. Бұлардың қатарында әрине біз сөз қозғап отырған аса дарын иесі Рамазан Тоқтаров та бар еді.

Жазушы романда Абайдың поэзиясы мен өмірінің әлі де болсын ашылмаған қырларына, оның шексіз де шетсіз әлеміне ене отырып, ақынның жұмбақ жаратылысының сырын іздейді. Ол кезіндегі белгілі бір себептермен айтылмай қалған, уақыттың еншісінде кетіп бой тасалаған, жылдар мен ғасырлардың тұнғығына еніп бара жатқан оқиғалар мен қилы тағдырлардың сырын ашып, сол кезеңнің ел өміріне әкелген өзгерістерін, Абай дәуірінің тұрмыстық-әлеуметтік, қоғамдық көріністерін барынша қамтуға тырысты.

Роман-хамсаға пролог қып автордың: «Ұйқысынан жаңа оянған марғау қазақ даласында Ибраһим Құнанбайұлындай теңдесі жоқ кемеңгердің дүниеге келуі кездейсоқтық па, әлде заңдылық па? Бір Абайда сан кісінің саралы өмірі тұр. Абай қазынасы біздің қолымызда болса, дана адамның өзінің өмірден не алғаны, қалай алғаны – жұмбақ. Ол жұрт көрмегенді көрді, қалай сезінді, түсінік-түйсігі қай дәрежеде қалыптасты? Не нәрселерге көбірек әсерленді?» [1, 4], – деген өз-өзіне қойған толғандыратын сұрақтары бар. Бұл сұрақтарға жауап іздеу мақсатында Тоқтаров өзіне дейін жазылған зерттеулер мен шығармаларға көңіл аудармай қойған жоқ. Ол үшін өзіне дейін жазылған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бірінші орында тұрды. Енді осы жердегі ең басты мәселе – дүние жүзіне әйгілі шығарманы қайталамау, ақын өміріне байланысты мағлұматтарды іздестіру, бұған дейінгі мәлім болған ақпараттардың өзін қайтадан тексеріп, жаңа заман биігінен көз жібертіп, жинақталған құжаттардың құндылығын ескеру барынша қажет болды.

«Роман-хамсада Әуезовпен бәсекелесу де, оны қайталау да, әсіресе Әуезовті қайта қарау әрекеттері де атымен жоқ. Мұнда үлкен өмірдің біз білетін-білмейтін өзгеше бір қырларын ашу, өзгеше бір деректерін діттеу, өзгеше бір оқиғаларын баяндау, соларды келістіре суреттеу арқылы бұрын білетін Абайдың бұған дейін білмей келген жаңа бір бейнесін мүсіндеп шыққан көркем хикая бар. Соның барлық өткелегінен өтіп келгенде, біз жарық дүниеге шыр етіп келген сәби күнінен бастап бақиға аттанған қайғылы сағатына дейінгі 59 жыл өміріне түп-түгел куә болып, көз алдымызға таныс Абайдың бұрын өзіміз көрмеген бейтаныс әулие бейнесін елестетеміз» [2, 5], – деп жазады бұл шығарма туралы Ж. Ысмағұлов.

«Абайдың жұмбағы» романының оқиғалар желісі мезгіл жағынан да, кеңістік жағынан да сонша кең болғанымен, жазушы деректің ықпалында кетпейді. Сол дәуірдің мол оқиғасын барынша сығымдап суреттейді. Алайда, әр тарихи оқиғалардың мәнін-мағынасын кейде кейіпкер сөзімен беретіні де бар. Мәселен, Кенесары мен Шыңғыс хан, Саққұлақ шешен, Мәшһүр Жүсіп сынды кейіпкерлерді біз шығармадан олардың өздерін көргендей әсер аламыз. «Бұл ретте өмір құбылысын суреттеуден талдау мен бағалау

эмоциялық мазмұнынан гөрі рациональдық жүйе, сезім сырынан гөрі ақыл тезі басымырақ көрініс береді» [3, 28].

Бұл – тарихи шындық көрінісін, тарихи тұлға мінезін қазіргі заман тұрғысынан танып, бағалау қаламгердің эстетикалық нысанасы ғана емес, шығарманың концепциясы да екенін нақтылайды. Соның негізінде тарихи тұлға бейнесін жасаудағы көркемдік жаңа жетістіктерге жетелейді. Осылайша тарихи шығармаға қойылатын негізгі принцип, суреттеудің эстетикалық нысанасы және жазушының концепциясы өзара байланысты болып, көркемдік күрделі тұтастыққа айналады. Осы үрдіс Р. Тоқтаровтың туындысында жанр табиғатына сәйкес түрлі сипатта көрініс тапқан. Шығармадағы тағы бір ерекшелік – тарихи деректерді, тарих көздерін шығарма арқауына молынан енгізгендігі. Байқағанымыздай, бұл процесс те оқиғалар желісін суреттеу барысында айрықша көзге түсіп отырады.

Ұлы ақын айналасындағы халық мұңын жоқтаған ақын-жырауларымыз жайында, қол бастаған батырлар, ел басқарған хандар, сол кезеңде өмір сүрген ғалымдар мен ірі дарын иелері турасында Р. Тоқтаров өз романының «Толғақ», «Жұлдыз», «Құрбандық», «Қызғаныш», «Хақиқат мекені», «Нұрсипат» деген бес кітабында кеңінен суреттеп, заман бейнесін толық ашып көрсетуді мақсат еткен. Аты-жөндері кезінде аталмай қалған, немесе тоталитарлық саясат желеуімен бұрмаланған, өмірде болған адамдар жөнінде көптеген мағлұматтармен қатар, көркем суреттелген шындықты көруге болады. Қаламгер өз шығармасын жазу үстінде жинаған, оқыған, зерттеген, қорытқан фактілерін, тарихи деректерді көңіл елегінен, талғам таразысынан өткізіп барынша мол қамтыған. Соған орай жаңа кейіпкерлер санаты да романда мейлінше көп. Кенесары хан, Наурызбай, Ағыбай батыр, Үмбетей жырау, Тәттімбет күйші, сұлтан Шыңғыс Уәлиұлы, Мұса Шорманов, Ахмет-Риза хазрет, Абаймен тұстас өмір сүрген замандастары – Шоқан, Ыбырай, Достоевский, Құдайберді, Долгополов, Михаэлис, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Әлихан Бөкейханов, тағы да басқа тарихи тұлғалар «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының кейіпкерлері болып табылады.

Ақын өмір сүрген заман, қоғамдық жағдай Ресей империясының дәуірлеу кезеңімен тұстас келді. Осы тұста патшалық билік орындарының тапсырмасымен келген немесе патша үкіметіне қарсы шығып қазақ даласына айдалып келгендер романда кеңінен көрініс табады. Қазақтардың жан басы мен мал санының есебін алу үшін келген Виктор Ивашкевич пен Адольф Янушкевич, шекара бастығы генерал-майор Вишневский, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г. Х. Гасфорт, П.Я. Измаилов, Абай өмірінде елеулі орын алған ұстазы Е.т.т.П. Михаэлис, пікірлес достарына айналған Н. И. Долгополов, С. Гросс, романда кездесетін т.б. тарихи тұлғалар Абай төңірегін, көркемдік аясын кеңейте түседі. Осы шығармадан Абайдың қуғын-

сүргінге ұшырап келген шет ел ғалымдарымен байланысын, олардың тигізген әсерлері мен көмектерінің қандай дәрежеде болғанын айқын байқай аламыз.

Абайдың бойындағы аса зор дарыны мен даналығын, үздіксіз еңбегі мен ізденісін, ақынның үлкен творчестволық тұлға болып қалыптасып, жетіліп, кемеліне келгенін, ұлы тұлғаның мінез даралығын, қайталанбас келбетін бейнелеу қаламгер үшін оңайға тимегенін көреміз. Роман-хамсаның өн бойында данышпан Абайдың ақыл-парасатының тереңдігі мен ойының ұшқырлығы, даналық қасиеті, асқан ақындығы, әділ төрелігі айқын көрсетіледі. «Р. Тоқтаров Абай дәуірі мен сол заман адамдарының тарихи шындыққа сай өзіндік бейнелерін жасайды. Романдағы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері сол суреттелініп отырған дәуір шындығына сәйкес келеді. Мысалы, уақыт шындығын суреттеуді мақсат тұтқан қаламгер Қодар оқиғасының Абайдың он үш жасында емес, кішкентай кезінде болған оқиға екенін тарихи шындыққа сай суреттеп өз көркемдік шешімін береді» [4, 87].

Суреткер мұрағат құжаттарында кездесетін құрғақ деректерді қайталаумен шектеліп қалмай, Абай өміріндегі тарихи шындыққа сәйкес келетін фактілерді шеберлікпен көркемдік өреге көтерген. «Абай және архив» деген кітапта ұлы ақын өмірбаянына қатысты деректер үш кезеңге бөлініп жүйеленеді: «Бірінші кезең – Абайдың ел басқару ісіне араласқан, соған байланысты дау-шар, сот-тергеуге тартылған 1866-1884 жылдар арасын қамтиды. Екінші кезең – 1885 жылы Шар бойында Қарамола дейтін жерде өткен съезд және сонда Абайдың қатысуымен жазылып, қабылданған Заң Ережесі төңірегіндегі құжаттар мен деректерге қатысты. Үшінші кезең – 1898-1903 жылдар арасын қамтитын құжаттар» [5, 8]. Романда осы тарихи шындықтар да орынды көрініс тапқан.

Енді сол туындының арқалаған жүгі қандай, оның көркемдік ой-қиялы мен түйін-шешімі қалай өріліп, қай биіктен көріне алған – әдебиет сүйер қауымның назар аударары осы мәселе болмақ. Жоғарыда айтқанымыздай, бес кітаптан тұратын роман-хамсаның әрбір кітабы – өз алдына бір ұзақ хикая, бас-аяғы дөңгеленген тұтас бір әлем, жеке жылғалары арғы замандардан бастау алып келіп, бүгінгі кемерін керней жатқан бір-бір дария тәрізді кең тынысты өмір айдыны. Ондағы тіршілік еткен әртүрлі қимыл-өрекет иесі адамдар нөпірінің бірқатары бізге М. Әуезов эпопеясы және басқа дерек көздері арқылы бұрыннан таныс адамдар, ал бірқатарын еміс-еміс естігеніміз болмаса, даралық өмір өрісін, бітім-болмысын өзіміз-ақ анық біле бермейтін бейтаныс таныстар. Әрқайсысындағы негізгі оқиға ұйытқысы болған басты кейіпкерлер кітап тақырыбынан кейін жақша ішінде көрсетілген.

Солардың бәрін бір-бірімен жалғастырып, тұтас бір көркемдік әлеміне біріктіріп тұрған ортақ өзек – жарық дүниеге келер сәтінен, келген күнінен бастап бақилыққа дейінгі алпыс жылға тақау уақыт желісіне тартылған

Абай өмірі. Атақ-даңқтары қазақ сахарасына кеңінен тараған небір тарихи тұлғалар, ел бастаған шешендер өмір сахнасынан осы есімге байланысты көрініс беріп, тағдыр-талайлары осы төңіректе тоғысып жатады.

Қорытынды

Түйіндей айтқанда, жазушының творчестволық қиялының, көркемдік концепциясының мәнінде оның биік суреткерлік нысанасы бары анық байқалады. Бұл тұрғыдан келгенде, қаламгердің суреткерлік шеберлігі, тілдік, стильдік ізденістері сол кезеңдегі қазақ прозасында дара көрінгені әрі оқырман қауымды өзіне бірден аударғаны бірден көзге түседі. Бұған бұл роман-хамса жөнінде өз кезінде жарияланған сын-пікірлер мен кейінгі кезде аталмыш жазушы шығармашылығына арналып жазылған ғылыми диссертациялық еңбектер айқын дәлел болмақ.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Токтаров, Р.** Абайдың жұмбағы. – Алматы : Өл-Фараби, 1999. – 752 б.
- 2 **Ысмағұлов, Ж.** Абай жұмбағының терең тұңғықтары // Қостанай таңы, – 2000, 4 шілде.
- 3 **Рахымжанов, Т.** Романның көркемдік әлемі. – Алматы : Ана тілі, 1997. – 221 б.
- 4 **Хамзин, М.** Қазіргі қазақ романы. – Қарағанды, 2001. – 270 б.
- 5 Абай және архив – Алматы, 1995. – 216 б.
- 6 **Қирабаев, С.** Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы : Жазушы, 1998. – 219 б.
- 7 **Нұрғали, Р.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана : Күлтегін, 2003. – 528 б.
- 8 **Серікқалиев, З.** Ақ жол. – Алматы : Ана тілі, 1990. – 463 б.
- 9 **Дәдебаев, Ж.** Шымырлап бойға жайылған. – Алматы : Жазушы, 1988. – 189 б.
- 10 **Майтанов, Б.** Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы : Жазушы, 1987. – 232 б.

References

- 1 **Toqtarov, R.** Abaidyń jumbaǵy. [The secret of Abay] – Almaty: al-Farabi, 1999. – 752 p.
- 2 **Ysmaǵulov, J.** Abai jumbaǵynyń tereń tuńǵyqtary [Deep meanings of the Abay mystery.] In Kostonay morning, – 2000, July 4.
- 3 **Rahymjanov, T.** Romannyń kórkemdik álemi [The artistic world of the novel]. – Almaty : Native language, 1997. – 221 p.

4 **Hamzin, M.** Qazirgi qazaq romany. [Modern Kazakh novel.] – Karaganda, 2001. – 270 P.

5 Abai jáne arhiv. [Abay and the archiv] – Almaty, 1995. – 216 P.

6 **Qirabaev S.** Keńes dáýirindegi qazaq ádebieti [Kazakh literature of the Soviet era.] – Almaty : Writer, 1998. – 219 p.

7 **Nurǵali, R.** Qazaq ádebietiniń altyn ǵasyry. [The golden century of the Kazakh literature] – Astana : The Kultegin, 2003. – 528 p.

8 **Serikqaliev, Z.** Aq jol [Bright way.] – Almaty : Native language, 1990. – 463 p.

9 **Dádebaev, J.** Shymyrlap boǵa jaylǵan [Excitement fills the body] – Almaty : Writer, 1988. – 189 p.

10 **Maitanov, B.** Qaharmannyń rýhani álemi. [The spiritual world of the hero]. – Almaty : Writer, 1987. – 232 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

С. Н. Сутжанов, Б. Ш. Куралканова, А. Имантай

Художественный вымысел и действительность в историческом романе

Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье изучена система персонажей и конфликт в романе Р. Токтарова «Тайна Абая», раскрыто соотношение исторической реальности и художественного решения в историческом произведении.

Творчество Мухтара Ауэзова является образцом в традиционной исторической прозе, где роль исторической фигуры показана через призму исторической личности. Роман-эпопея «Путь Абая», созданная пером великого художника, подняла казахскую литературу на мировой уровень и сформировала живую традицию в родной отечественной литературе. В своем творчестве Рамазан Токтаров, автор более десятка романов, обратился к самой сложной и такой важной теме как Абай. Писатель не ограничивался дублированием сухих данных, содержащихся в архивных документах, а художественно обрамлял данные, соответствующие историческим реалиям жизни Абая. Это говорит о том, что историческая реальность и историческая личность была анализирована и оценена с точки зрения современности. Роман «Тайна Абая», рожденный писателем Рамазаном Токтаровым, является художественным произведением, полностью отвечающим требованиям такого рода

жанра. Роман «Тайна Абая» — это особое произведение, которое требует всестороннего и систематического изучения. Данная статья посвящена изучению этой важной проблемы.

Ключевые слова: исторический роман, историческая реальность, художественное решение, жанр, литературная традиция.

S. N. Sutzhanov, B. Sh. Kuralkanova, A. Imantai

Fiction and reality in a historical novel

Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 18.09.20

The article examines the system of characters and conflict in R. Toktarov's novel «The secret of Abai», reveals the relationship between historical reality and artistic solutions in a historical novel.

Mukhtar Auezov's novel is a model in traditional historical prose, where the role of a historical figure is shown through the prism of a historical person. The novel-epic «The way of Abai», created by the pen of the great artist, raised Kazakh literature to the world level and formed a living tradition in the native literature. In his novel, Ramazan Toktarov, the author of more than a dozen novels, addressed the most complex and important topic as Abay. The writer did not limit himself to duplicating dry data contained in archival documents, but artistically framed data corresponding to the historical realities of Abai's life. The novel «The secret of Abay» is a special work that requires a comprehensive and systematic study. This article is devoted to the study of this important problem.

Keywords: historical novel, historical reality, artistic solution, genre, literary tradition.

FTAM 16.21.37

<https://doi.org/10.48081/LBRM9638>

В. А. Шнайдер, Ф. Қ. Резуанова

¹Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы;

e-mail: ¹wladimir_a@mail.ru; ²galiabanu_k@mail.ru

КЕЙБІР ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ S, Ş, Z, Ž ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада тарихи фонетикаға байланысты бұрын-соңды зерттелмеген тың мәселе көтеріледі. ХІХ ғасырдағы түркі тілдеріндегі s, ş, z, ž дауыссыз дыбыстар тіркесімінің сөз басында қолданылу ерекшелігі туралы айтылып, оның қазіргі қазақ тіліндегі көрінісіне талдау жасалады. Көтеріліп отырған мәселе Брюке, Сиверс, Лепсиус, Радлов еңбектеріне сүйене отырып қарастырылады. Зерттеу жұмысына нысан етіп алынып отырған с-ш дыбыстарының түркі тілдерінде алмаса қолданылу заңдылығы сөз етіледі. Қыпшақ-ногай тобындағы тілдердің басқа көптеген түркі тілдерінен ерекшеленетін басты бір фонетикалық белгінің бірі «ш» дыбысының жсі қолданылуы болып табылады. Қазақ тілінде «с» дыбысы қолданылатын орында бірқатар түркі тілдерінде тек сөз басында ғана емес, сөз ортасы мен аяғында да «ш» дыбысы қолданылады. Авторлардың айтуынша, қазіргі қазақ әдеби тілі мен говорларына көз жүгіртсек, бір тілдің өзінде түркі тіліне бейімді с<ш алмасуларын аңғаруға болады. Тіпті кейбір с-ш алмасуы ауызекі тілде де, әдеби тілде де қатар да қолданылу фактілерінің болуы нақты мысалдармен тұжырымдалады. Көркем әдебиетте олардың, керсінше, яғни «ш» дыбысының орнына «с» дыбысының қолданылатынына көңіл аудартады. Қазақ тілінде сөз басында «ш» дыбысы қолданылатын орында басқа түркі тілдерінде қандай дыбыстар жұмсалатыны сөз болады.

Кілтті сөздер: дауыссыз дыбыстар, түркі тілдері, ерекшеліктері, айырмашылығы, ұқсастығы, алмасуы, қолданылу, диалект, қазіргі қазақ тілі

Кіріспе

Сөз ішінде дауыссыз дыбыстардың қолданылуы әр түрлі түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын белгісі болып табылады. В. В. Радлов өзінің «Фонетика» еңбегінде әр диалектіде (ғалым түркі тілдерін диалекті терминімен көрсетеді – авт.) сөз басындағы дауыссыз дыбыстарға жеке-жеке тоқталып, мысалдар арқылы бекітіп, жеке түркі тілінің айырмашылығын немесе түркі тілдерінің сөз басында белгілі бір дыбысты қолданудағы ұқсастықтарын айқындаған.

Біз әңгіме етпек болып отырған дыбыстардың физиологиялық сипатын В.В.Радлов заманының көрнекті ғалымдары Брюке, Сиеверс, Лепсиус еңбектеріне сүйене отырып былайша ұсынады:

s (с) [Брюкеде s1, Сиеверсте s2] үнсіз, альфеольді жасалған спирант дауыссыз дыбыс. Айтылуы барысында тіл қозғалысы үлкен саңылау (канавка) құрайды. Бұл дыбыс орыс тіліндегі «сам, сад» сөздеріндегі «с» дыбысы тәрізді, неміс тілінің «s» дыбысына ұқсас айтылады. Кейбір жеке адамдар «s» дыбысын айтуда тіл ұшын жоғары таңдайға тигізеді. Сөз басында көптеген диалектілерде, мысалы, қырғыз тілінде өте тұрақты. Солай болуы нәтижесінде салдыр арқылы да айтылады [1, XY].

В. В. Радлов «с» дыбысының сөз басында қолданылуы жөнінде келтіріп отырған мысалы қазіргі қырғыз тілі болса керек, себебі қазақ тілі үшін бұл дыбыс көпшілік жағдайда тұрақсыз болып «ш» дыбысымен алмасып қолданылады.

š (ш) [Сиеверсте š2] үнсіз, тіл алды спирант дыбыс. Тіл денесінің жалпайып көлденең болуынан жасалады. Брюке бұл дыбысты (s1, x2 немесе s2, x3) екі дыбыстың қолданысы деп түсінеді. Бұл дыбыс неміс тілінің «sch», орыс тілінің а, о, у дауыстыларынан кейін келетін «ш» дыбысына сай [1, XY]. Қазіргі қазақ тіліндегі «ш» дауыссыз дыбысына сәйкес келеді.

z (з) [Сиеверсте z2, Брюкеде z1] «s» дыбысына дыбысталуы сәйкес келетін үнді, спирант дыбыс. Орыс тілінің «з» дыбысына, неміс тілінің «sehen» сөзіндегі «s» дыбысына сай [1, XY]. Дыбысталуы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі «з» дыбысына ұқсас болып келеді.

ž (ж) [Сиеверсте ž, Брюкеде žu] «ш» дыбысына айтылуы сәйкес келетін үнді, спирант дыбыс. Француз тілінде «jouir» сөзіндегі «j» немесе орыс тіліндегі «ж» дыбысына айтылуы ұқсас [1, XY]. Қазіргі қазақ тіліндегі «ж» дыбысына сай келетін дыбыс.

Дара тіл алды дауыссыздарға қарағанда ызың «š» дыбысы көпшілік диалектілерде кездеседі (Абақан диалектісіндегі кейбір говорлардан басқа) және айтылуда үнді ызың «ž» дыбысына ұқсас болып келеді. Ол тек, негізінен, шығыс диалектілерде және қырғыз тіліне тән болып келеді. Бұдан басқа Орта Азия және оңтүстік диалектілерде кездеседі. Палатальданған тіл

алды «š», «ž», «z» дыбыстары тек Волга диалектісінде, ал «s» тек Башқұрт диалектілерінде кездеседі.

Зерттеудің нысаны: түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың сөз ішінде қолданылу ерекшеліктері

Зерттеудің пәні: түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесі

Зерттеудің өзектілігі: Тарихи фонетика, түркі тілдері дауыссыздар жүйесін зерделеу нәтижесінде қазіргі қазақ тілі консонантизм жүйесімен ұқсастығы, я болмаса, айырмашылықтарын саралап, тілдің даму деңгейін айқындау тақырыптың өзектілігін дәлелдей түседі.

Мақсаты: түркі тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі «s», «š», «ž», «z» дыбыстарының қолданылу ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау.

Міндеттері:

түркі тілдеріндегі кейбір дауыссыз дыбыстарының қолданылу дәрежесін анықтау;

«s», «š», «ž», «z» дауыссыз дыбыстарының түркі тілдерінде қай позицияда қолданылатынын айқындау.

Зерттеудің өзектілігі және теориялық негіздері мен практикалық маңызы Тіл тарихына қатысты пәндерді оқытуда қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Еңбекте сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы кейбір түркі тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі «s», «š», «ž», «z» дыбыстарының қолданылу позициясы айқындалып, ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды.

Түркі тілдеріндегі құранды (күрделі) тіл алды дауыссыздар ішінде «č» дыбысы негізінен түркі сөздерінде кездеседі, ал «ğ» (d+ ž) керсінше, кірме сөздерде қолданылады. Мысалы, čaq (шақ), čuk (шық), čıqa (мата), čüğü (шіру), сол сияқты ğıgar (бүйрек), ğap (жан), ğadi (жалмауыз), ğütlä (бәрі), ğäpk (соғыс, ұрыс). Әсіресе, тіл алды спирант дыбыстар ішінде үнсіз «s» және «š» дыбыстары негізінен түркі сөздерінде қолданылса, кірме сөздерде ز, ض, ط, таңбалары арқылы белгіленетін үнді «z» дыбысы қолданылады. Мысалы, žikig (хабар), žägin (бай), žätap (заман), žarag (залал, зиян), žalıt (залым) [1, XYIII].

В. Радлов XIX ғасырдағы кейбір түркі тілдеріндегі s, š, z, ž дауыссыз дыбыстардың қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып төмендегідей тұжырымдарын ұсынған.

Ол өзінің «Фонетикасында» түркі тілдерінің басым көпшілігінде «š» және «s» дыбыстары сөз басында тұрақты қолданылатынын және спирант дыбыстардың ішінде ең жиі кездесетін дыбыс екендігін талдап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «s» барлық түркі тілдерінде де сөз басында

қолданылады. Алайда, жалпы түркі тілдерінде «s», ал чуваш тілінде «с» таңбасымен беріледі.

Ал «š» дыбысының қолданылуында сәл ауытқулар кездеседі. Бұл дыбыс қойбал және қач диалектілерінде сөз басында қолданылмайды. Оның орнына үнсіз «j» дыбысы жұмсалады.

Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің басқа көптеген түркі тілдерінен ерекшеленетін басты бір фонетикалық белгінің бірі «š» дыбысының жиі қолданылуы болып табылады. Яғни қазақ тілінде «s» дыбысы қолданылатын орында бірқатар түркі тілдерінде тек сөз басында ғана емес, сөз ортасы, аяғында «š» дыбысы қолданылады. Нақтылай түссек, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде «s» дыбысы қолданылса, ұйғыр, қырғыз, өзбек, өзірбайжан, түрік, гагауыз, қырым татарлары, башқұрт, түрікмен, татар тілдерінде «š» дыбысы қолданылатын байқау қиын емес.

Қазақ тілінде сөз ортасында кездесетін «s» дыбысы, мәселен, *kisi*, көне түркі тілінде, қырым татарлары, осман түріктері тілінде: *kiši*; қазақ тіліндегі *tös*, *tösö*, алтай, төлеуіт, шор, тілдері мен волга, қарайым диалектілерінде: *töš*, *töšö*, осман түріктері, көне шағатай тілінде, тараншы диалектісінде: *töšä*, ал алтай, төлеуіт тілдерінде кейде *š* арқылы айтылады: *töšö*. Міне, мысалдардан байқап отырғанымыздай, тіпті сонау көне түркі тілінен бастап көптеген кейінгі түркі тілдерінде «s» дыбысының орнына (қазақ тіліндегідей) «š» дыбысы қолданылады.

Қазақ тілінде сөз соңында кездесетін «s» дыбысы (*bes*), басқа түркі тілдерінде: *bäš*, *beš*, *biš* түрінде ұшырасады. Қазақ тіліндегі *ğas*, бараба диалектісінде: *jaš*, қазан, төлеуіт, осман, шағатай тілдерінде: *jaš*, қарайым, волга диалектілерінде: *jas*, ұйғыр, алтай тілдері мен қырым диалектісінде: *još*, көне түркі тілінде: *jaš* түрінде жұмсалады. Бұл алмасу түркі тілдері арасындағы фонетикалық бірлікті, не ерекшелікті танудың бір белгісі болып табылады. Бірақ қазіргі қазақ әдеби тілі мен говорларына көз жүгіртсек, бір тілдің өзінде де жалпы түркі тіліне бейімді с<ш алмасуын аңғаруға болады. Қазақ тілі заңдылығына қарама-қарсы ауызекі тілде «с» орнына «ш» қолдану, әсіресе, оңтүстік өңірде ұйғыр, қырғыз, батыста татар, башқұрт аралас отырған қазақтар тілінен байқалады. Мысалы, әдеби тілде қолданылатын ұқсас, ұйқас, ауыс, масқара, қоста, қыс т.б осы тәрізді сөздер бұл өңір қазақтарының аузында ұқшаш, ұйқаш, ауыш, машқара, кошта, қыш түрінде қолданылып жүр. Бұлай айту көрші халықтардың әсерінен болғандығын растай түсу үшін кейбір түркі тілдерімен салыстырып көрейік:

Кесте 1

өзбек тілі	қырғыз тілі	түрікмен тілі	қазақ говоры	қазақ әдеби тілі
Шамол	Шамал	Шемал	шамал	Самал
Тош	Таш	Даш	Таш	Тас
Тошла	Ташта	Ташла	Ташта	Таста
Ұхша	Оқшо	Оқшо	Ұқша	Ұқса

Тіпті түркі тілдерінде кейбір с-ш алмасуы ауызекі тілде де, әдеби тілде де қатар да қолданылуы фактілері жоқ емес. Мысалы,

Досыннан біреу де жоқ, дұшпан сансыз [2,43].

Ендігі не дұспандардың қарызын [2,197].

Көркем әдебиеттен келтірген мысалда біз, керсінше, яғни «ш» дыбысының орнына «с» дыбысының қолданылуын байқап отырмыз. Бұл бір тілдің ішіндегі құбылыс болса, жалпы түркі тілінде де осы алмасуды сөз басынан аңғаруға болады. Мысалы, қазақ тілінде сөз басында «ш» қолданылатын орында башқұрт тілінде «с», татар тілінде «ч» дыбысы қолданыла алады:

Кесте 2

қазақ тілі	башқұрт тілі	татар тілі
Шықты	Сықты	Чықты
Шаш	Сәс	Чәч
Шешен	Сәсен	Чәчән

Қорытынды

Сонымен, қазіргі қазақ тіліндегі шұғыл, қатан, тіл алды «ш» дыбысы көне түркілік дәстүрді сақтай отырып, сөздің барлық позицияларынан еркін көріне алады. Жергілікті говорларда «ч» дыбысымен сөйлейтін көрші халықтардың әсерінен қазақ ауызекі сөйлеу тілінде «ш» дыбысының «ч» дыбысымен алмастырылып айтылуы жиі кездеседі. Мысалы, чач (шаш), қач (қаш), кетші (кечі) т.б. Бұлай айту, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік өңірі мен шығысына тән ерекшелік болып табылады. Сол сияқты «с» дыбысы да барлық түркі тілдеріне тән қолданылатын дыбыс. Тек позиция тұсынан алып қарағанда сөз басында негізінен барлық түркі тілдерінде еркін және тең дәрежеде қолданыла алса, сөз соңында қолданылуында бір тілдерде, мысалы қазақ тілінде, сол еркіндікті сақтап қалса, келесі бір тілдерде «ш» дыбысымен алмасып қолданылу XIX ғасырдың өзінде-ақ аясы тарылғанын аңғарамыз. Мысалы, жабыс – ұйғыр тілінде: жабуш, қазан, бараба диалектілерінде: жабыш;

жуас – төлеуіт диалектісінде: јобош, қатч диалектісінде јобаш; тартыс – түрік тілінде: јыртыш; жұмыс – қарайым диалектісінде: јумуш; тас – көне түркі, ұйғыр, түрік, шағатай, алтай, төлеуіт, шор, қатч, қойбал тілдері мен диалектілерінде; тош т.б.

Міне мысалдардан көріп отырғанымыздай, түркі тілдерінің басым көпшілігі сөз соңында «с» орнына «ш» дыбысын айтады.

Сонымен қатар В.В. Радлов өз еңбегінде жалпы түркілік «б» дыбысының орнына Чуваш тілінде «ђ» (ш) дыбысының қолданылатынын атап өтеді (еңбектің 189 тарауы).

Сөз басында «ğ» (ж) дыбысы қолданылатын тілдер қатарында В.В. Радлов тек қырым татарлары, әзірбайжан, осман түріктері, шағатай диалектісі, волга диалектісі, башқұрт, қазақ-қырғыз тілі және якут тілдерін атаған. Қалған түркі тілдерінде бұл дыбыстың сөз басында қолданылуы туралы мәлімет берілмеген. Оның өзінде ғалым бұл дыбыстың сөз басында қолданылуын «z» дыбысы тәрізді кірме сөздермен байланыстырып ğap (жан), ğadu (жалмауыз) ğütlä (бәрі, жұмыла), қырым татарлары тілінде: ğiñ (жын), ğin (пұт-қытай сөзі) тәрізді тараншы диалектісінен бірнеше мысалдар келтіру арқылы дәлелдеп көрсеткен. Тек шағатай диалектісі мен қазақ-қырғыз тіліне келгенде, ғалым бұл дыбысты түркі сөздерінен де, әсіресе, қазақ тілінде түркі негізді сөздерден жиі байқауға болатынын атап кетеді. Мысалы, шағатай тілінен ğiñ (шұлғау) және қазақ тілінен ğaqsy (жақсы), ğät (жет), ğoq (жөк), ğöp (жөн), ğüz (жүз), ğurt (жүрт) тәрізді сөздерін келтіреді.

Ғалымның пікірінше, көптеген түркі тілдерінде қазақ тілінде қолданылатын орында сөз басында жартылай дауыссыз «i» дыбысы қолданылады. Бұл пікір қазір де ғалымдар арасында қолдау тауып жүр және түркі тілдерін осы қасиетіне қарай «ж» дыбысты (ж - окающие) және «й» дыбысты (й- окающие) деп бөлуге мүмкіндік береді деп көрсетеді. Мысалы,

Қазақ тілінде: жарық, жуас, жаз, жүт, жота, жұдырық, оқу, жағармын;

Төлеуіт тілінде: йарық, йаш, йас, йыт, йода, йөдүрүк, йуу, йаһармын;

Чуваш тілінде және басқа көпшілік түркі тілінде «j», ал қазақ тілінде «ğ» дыбысы қолданылатын орында «ç» дыбысы қолданылады. Мысалы, çuk (жөк) = juq, ğoq, çur (жаз) = jaz, ğaz, çyI (жол) = jol, gol, çer (жер) = jar, jir, ğer т.б. [3, 157].

Сөз соңында қолданылатын дауыссыздар қатарында В. Радлов ерекше талдау жасаған дыбыстар қатарында *Žž* дыбысының түркі тілдеріндегі қолданысын атап кетуге болады.

Ž (ж) дыбысы қазіргі қазақ тілінде сөз соңында қолданылатын фонема ретінде қарастырылғанмен, тек кірме сөздермен ғана байланыстырылады. Мысалы, гараж, лаж, мұқтаж, тәж т.б. Яғни түркі негізді сөздер соңында мүлде кездеспейді десек те болады. В. В. Радлов еңбегінде (257 тарау) түркі

тілінде «z» дыбысына сәйкес айтылатын «ğ» дыбысы мен «ž» (ж) дыбыстары тек кірме сөздерде ғана сөз соңында кездесетіндігін айта отырып, әзірбайжан тілінде жазба тілді білетін адамдар тілінде «ğ» дыбысы сөз соңында тіпті сөз мағынасын ажыратушылық қызметте де қолданыла алатындығын да айтып кетеді. Мысалы, ағ сөзі ашығу мағынасында болса, ас тұлғасы аш (есікті аш) мағынасында жұмсалады. Екі сөзді бір-бірінен мағына жағынан ажыратып тұрған «ğ» және «ç» дыбыстарының қолданылуы деп ескеріп кетеді. Жалпы түркі тілдерінде бұл дыбыстың сөз соңында сирек қолданылатынына В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігі қамтыған материалдар арасынан бір-ақ тәж сөзінің ғана болуы айғақ бола алады.

Жалпы алғанда, байырғы қазақтың тілінде сөз басында «z» (з) дауыссыз дыбысының өте сирек қолданылғандығы бәрімізге мәлім. Тіпті сөз соңында төл сөздерде кездескеннің өзінде-ақ бұл фонема санаулы қаз, қыз, жаз, таз, сөз, саз, соз, өгіз, ал сөз ортасында қазан, таза, қазақ тәрізді санаулы ғана сөздермен шектелген. Сөздің абсолют басында бірен-саран кірме сөздер (заман, заң, зұлым, зар т.б.) болмаса, негізінен қолданбағаны көне түркі және орта ғасыр жазба материалдарынан белгілі. Соңғы жүз жыл көлемінде орыс тілі арқылы енген сөздердің көптеп келуімен байланысты бұл дыбыстың қолданылу аясы сөздің бірінші және екінші позициясында едәуір кеңейіп отыр. Мысалы, сөз басында зауыт, забой, сөз ортасында база, физика, поэзия, резина, дивизия, ваза. т.б.

XIX ғасыр түркі тілдерінің кейбіреулерінде (басым бөлегінде бұл дыбыс сөз басында кездеспейді) «z» дыбысы сөз басында сирек болса да ұшырасады. В. В. Радлов пікіріне сүйенсек, «s» және «š» дыбысының сөз басында қолданылуы түркі тілдеріне тән құбылыс болса, «z» дыбысы кірме сөздерде қолданылған. Мысалы, zäman (қырым татарлары) zäman (қазақ тілі), zalim (қырым татарлары), zalym (қазақ тілі). Кейбір сирек жағдайда түркі негізді сөздерде де кездесетінін ескеріп, ғалым қазақ тілінен zuyı (зырыл), zumga (зымыра) тәрізді сөздерді мысалға алады. Жалпы бұл дыбыстың кірмелігін, сөз басында таза айтылуының қиындығын дәлелдейтін басқа түркі тіліндегі бірен-саран жағдайда қазақ тілінде де «z» дыбысына басталатын сөздердің алдынан қысаң дауысты дыбыстың қосылып айтылу фактісі бар. Мысалы, ызалан-залан, ызакор-зақор, ызың-зың, ызындан-зындан, ызарлау-зарлау. Яғни бұл дыбысқа басталатын сөздер де бәрі дерлік болмаса да «л», «р» және екі қатаң дауыссызға басталатын сөздер алдында протезалық құбылысын құрай алады.

Сол сияқты, В. Радловтың пікірінше, бұл дыбыстың сөз соңында кездесуін XIX ғасырда қырғыз тілінен, бараба диалектісінен, түрік тілінен, шағатай және бірен-саран басқа тілдерден байқауға болады. Ал қалған

көпшілік түркі тілдерінде сөз соңында қазақ тілінде «z» (з) қолданылатын позицияда «с» қатаң дыбысын айту қалыптасқан. Мысалы,

Қазақ тілінде: жауыз,

Бараба диалектінде: жавуз,

Ұйғыр тілінде: жавус.

Қазақ тілінде: жұлдыз,

Алтай, Тува, Бараба, Қуарық тілдері мен диалектілерінде: жылдыс,

Ұйғыр тілінде: жулдус.

Сол сияқты қазақ тілінде: наурыз (парсы сөзі), қазан диалектінде наурус, қазақ тілінде намаз (араб сөзі), ұйғыр тілінде намаз, қазақ тілінде тажаз, төлеуіт тілінде тајыс, қазақ тілінде тоз, лебедь, сағай, қойбал, қуарық диалектілері мен алтай, шор тілдерінде тос. Бірақ, керсінше де, яғни басқа түркі тілдерінде сөз соңында «з» айтылатын орында қазақ тілінде «с» дыбысы айтылатынын да айтып кеткен жөн. Мысалы, осман түріктері тілінде доз, қазақ тілінде тос, сол сияқты талаз- талас т.б. Өте сирек жағдайда қазақ тілінде сөз соңындағы «з» айтылатын орында қазан диалектінде «і» дыбысының айтылуы да ұшырасады. Мысалы, жаз-жаі.

Қорыта айтқанда, В. Радлов заманындағы, яғни XIX ғасырдың II жартысында түркі тілдерінде қолданылған s, š, z, ž дауыссыз дыбыстарының сол дәуірдің өзінде әр тілде қолданылуында өзіндік ерекшеліктері болғандығы айқын. Қазақ тіліне қатысты айтылған ой-тұжырымдары бүгінгі тілдің болмысын толығымен таныта алатын құнды материал болып табылады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Radloff, W. W.** Phonetik der nördlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882. – 395 s.
- 2 **Аймауытов, Ж.** Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1989. – 157 б.
- 3 **Киекбаев, Ж. Ф.** Хәзәрге башқорт теленә лексикаһы мен фразеологияһы. – ӨФӨ, 1966. – 258 б.
- 4 **Шнайдер, В. А. В. В.** Радлов және түркітану ғылымы : Монография. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 275 б.
- 5 **Шнайдер, В. А.** Түркі және қазақ тілдері вокализм жүйесіне қатысты В. В. Радлов ұстанымдарының интеграциясы. – Павлодар, 2010. – 126 б.
- 6 **Берікбай Сағындықұлы.** Таңдамалы туындылары. – Алматы, 2009. – 379 б.
- 7 **Мырзабеков, С.** Қазақ тілі дыбыс жүйесі. – Алматы, 2001. – 297 б.
- 8 **Мырзабеков, С.** Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы, 2001. – 305 б.

9 **Абуов, Ж.** Сингармоническая основа восприятия тюркской речи. – Алматы : «Ғылым», 1997. – 192 б.

10 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 452 б.

References

- 1 **Radloff, W. W.** Phonetics of North Turkic languages. [Phonetik der nördlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882. – 395 p.
- 2 **Aimautov, Zh.** Таңдамалы шығармалары [Selected works] – Almaty, 1989 – 157 p.
- 3 **Kiekbayev, Zh. G.** Házarge bashqort teleneñ leksikahy men frazeologiahы [Modern language in the vocabulary of the Bashkir language, phraseological units are changed] – Ufa, 1966. – 258 p.
- 4 **Schnaide, V. A. V. V.** Radlov jáne túrkitaný gylymy : Monografia. [V. V. Radlov and Turkology : Monograph. – Nur-Sultan, 2019. – 275 p.
- 5 **Schnaider, V. A.** Túrki jáne qazaq tilderi vokalizm júesine qatysty V.V. Radlov ustanymdarynyñ integrasiyasы [Integration of the positions of V. V. Radlov in relation to the system of vocalism of the Turkic and Kazakh languages] – Pavlodar, 2010. – 126 p.
- 6 **Berikbay Sagyndyk.** Таңдамалы тындылары [Selected works] – Almaty, 2009. – 379 p.
- 7 **Myrzabekov, S.** Qazaq tili dybys júesi [Kazakh language sound system] – Almaty, 2001. – 297 p.
- 8 **Myrzabekov, S.** Qazaq tiliniñ aitylym sózdigi. [Dictionary of pronunciation of the Kazakh language] – Almaty, 2001. – 305 p.
- 9 **Abuov, Zh.** Singarmonicheskaja osnova vospriatia túrksoi rechі [Syngarmonic basis of the perception of the Turkic speech]. – Almaty, «Science», 1997. – 192 p.
- 10 **Zhubanov, K.** Qazaq tili jónindegi zertteyleler [Research on the Kazakh language] – Almaty, 1999. – 452 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

В. А. Шнайдер¹, Г. К. Резуанова²

Особенности применения гласных s, š, z, ž в некоторых тюркских языках

¹Университет «Туран-Астана»,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

²Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,

Республика Казахстан; г. Нур-Султан,

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматриваются особенности употребления согласных звуков s, š, z, ž в тюркских языках XIX века и дается анализ употребления этих звуков в современном казахском языке. Объект исследования рассматривается на основе работ известных ученых, как Брюке, Сиверс, Лепсиус, Радлов. Говорится о закономерности соответствия, взаимозаменяемости звуков «с» и «ш» в тюркских языках. Эти звуки могут быть взаимозаменяемыми даже на одном и том же языке. Иногда в литературном языке вместо звука «ш» может использоваться звук «с». Все это доказывается конкретными примерами. По приведенным примерам можно увидеть то, что если в казахском языке в начале слово используется звук «ш», во всех остальных тюркских языках может использоваться звук «с».

Ключевые слова: согласные, тюркские языки, особенности, различие, сходство, обмен, употребление, диалект, современный казахский язык

B. A. Schneider¹, G. K. Rezuanova²

Features of using vowels s, š, z, ž in some Turkic languages

¹University «Turan-Astana»,

Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

²S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,

Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Material received on 18.09.20

The article discusses the features of using the sounds s, š, z, ž in the Turkic languages of the XIX century and analyzes the use of these sounds in the modern Kazakh language. The objects of the study are examined on the basis of the works of famous scientists like Brucke, Sievers, Lepsius, Radlov. It speaks of the regularity of correspondence, interchangeability of the sounds «c» and «w» in the Turkic languages. These sounds can be used interchangeably even in the same language. Sometimes in the literary language, instead of the sound «š», the sound «s» can be used. All this is proved by concrete examples. From the examples given, it can be seen that if the sound «sh» is used at the beginning in the Kazakh language, the sound «c» can be used in all other Turkic languages.

Keywords: consonants, Turkic languages, features, difference, similarity, exchange, usage, dialect, modern Kazakh language

FTAMP 17.82.09

<https://doi.org/10.48081/REDZ1500>

Д. Ысқақұлы¹, Ш. Сағатова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

А. БАЙТҰРСЫНОВ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

Бұл мақалада алашшыл қазақ әдебиетінің классигі Ахмет Байтұрсыновтың аудармашылық өнерінің әлеуметтік қырлары қаратырылған. И. А. Крылов мысалдарының Абай аударған нұсқаларымен салыстыру жасалған. Абай аудармаларының негізгі сипаты эстетикалық басымдыққа ие болса, Ахмет Байтұрсынов аудармалары танымдық, моральдық сипатқа ие. Абай И. Крылов мысалдарының көркемдік жағына баса назар аударса, А. Байтұрсынов оның әлеуметтік тақырыптарды қозғаған шығармаларына көңіл бөледі. Осының негізінде Абай мен А. Байтұрсынов аудармаларының түпнұсқа мен аударма арасындағы дәлдік пен мазмұндық айырмашылықтарына талдау жасалған. Абай мен А. Байтұрсынов аудармаларына эстетикалық, моральдық, танымдық сипат тұрғысынан талданған.

Кілтті сөздер: мысалдар, аударма, аударманың әлеуметтік сипаты.

Кіріспе

А. Байтұрсыновтың «Қырық мысалының» 1909 жылы Петербургте басылып шығуы ұлттық әдебиетімізбен бірге қазақтың саяси өміріндегі елеулі оқиғаға айналды [1]. М. Әуезовтің сөзімен айтатын болсақ, «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» [2, 47 б.] болды.

В. А. Тихомирова мысалдарды «тілдік құрылымның әртүрлі деңгейінде вербалданатын нақты ұлттық-мәдени танымдар мен құндылықтарды іске асырудың белсенді ортасы» деп санайды [3, 12 б.].

Абай орыс мысалшысынан аударғанда негізінен эстетикалық принцип тұрғысынан келіп, оның тәрбиелік, ағартушылық жағына мән берсе, Ахмет мысалдардың моральдық, танымдық сипатын ескере отырып, оған саяси-

әлеуметтік жүк артқан; яғни қазақ қоғамында орын алып отырған әлеуметтік теңсіздікке қарсы шыққан. Абай И. А.Крыловтың көркемдігі кемел туындыларын көбірек аударса, Ахмет назарды әлеуметтік мән-мазмұнына бұрады; Абайдың аудармалары көбіне түпнұсқаға жақын немесе дәл келіп жатса, Ахметте көп жағдайда еркін; Абай көркемдік кестесін дәлірек беруге ұмтылыққыраса, Ахмет саяси-әлеуметтік салмағын баса түседі. Екі ақын аудармаларының мұндай қырлары олардың шығармашылық, идеялық бағыт-бағдарын айқын көрсетеді; Аудармалары арқылы Абай эстет ақын көрінсе, Ахмет күрескер ақын ретінде танылады.

Зерттеудің нысаны: А. Байтұрсынов аударған мысалдардың әлеуметтік сипаты.

Зерттеудің пәні: И. А. Крылов мысалдарының қазақ тіліне аударылған нұсқалары.

Мақсаты: Абай И. А.Крыловтан көбіне көркемдігі жоғары деген мысалдарын тандап, қазақшалағанда онымен өнер жарыстырғандай болады. Бұл тақырыпты сен осылай жырласаң, мен былай жырлар едім деп, өзінің мықтылығын көрсетеді. Ахмет аудармалардың көркемдігінен гөрі оның әлеуметтік жағына көбірек көңіл бөлген сияқты. Оның аударған мысалдарының сипаты да, оған жазған кіріспе өлеңі де осыны аңғартады. Ахмет көбіне саяси-әлеуметтік мәні бар, адам бойындағы кейбір келеңсіз кемшіліктерді аяусыз сынайтын мысалдарды аударған. Адам түзелмей, олардың арасындағы қарым-қатынастарда әділеттік орнамай, алдау-арбау, арамзалық, зұлымдық, озбырлық, бірін-бірі қанаушылық сияқты қауымды іштей ірітіп, жегідей жейтін жағымсыз құбылыстар құрымайынша, адамгершілік принциптері салтанат құрмайынша, қазақ оңбайды деп білген Ахмет қалам қуатын да осы жолға бағыттайды.

Міндеттері:

И. А. Крылов мысалдарының Абай аударған және А. Байтұрсынов аударған нұсқаларына шолу жасау;

осы аудармаларды түпнұсқамен салыстыра отырып, дәлдік пен мазмұндық айырмашылықтарына талдау жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Абай аударған мысалдардан Ахмет жетеуін аударыпты. Олар: «Қарға мен түлкі», «Жарлы бай», «Ала қойлар», «Сорлы болған мұжық», «Бұлбұл мен есек», «Емен мен қамыс», «Өгіз бен бақа» [1].

«Бедный богач» И. А. Крыловта – 74 [4, 188 б.], оның аудармасы «Жарлы бай» Абайда – 97 [5], Ахметте – 104 жол [1, 34 б.]. И.А.Крылов мысалының қысқаша мазмұны төмендегідей. Жарлы өзінің лашығында жатып, мен бай болсам, сараң болмай, жұрттың бәріне жақсылық жасар едім деп қиялға кетеді. Бір кезде сиқыршы ма, сайтан ба, біреу кіріп келіп, «сен бай болғын

келсе, мына қалтаны ал; ішінен ақша алсаң қанша болса да шыға береді; бірақ қалтаны суға тастап, ақшаны барып жарат» деп, оны тастап кетеді. Жарлы күнімен, түнімен қалта ішінен ақша суырып, ертеңіне оны өзгенге тастаймын деп ойлайды. Ертеңіне ол ойынан айнып, тағы да бір күн алайын дейді. Дүниеге құныққаны сонша, жарлы күні-түні тамақтануға да уақыты жоқ, қалта ішінен ақшаны суыра береді, суыра береді. Күндер, апталар, айлар, жыл өтеді. Жарлының құр сұлдері қалады. Ең соңында әбден қалжыраған жарлы тоғызыншы миллионды есептеп жатқанда, қайтыс болады.

Абай осы мысалды негізінен дәл аударған. Азын-аулақ ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, түпнұсқада жарлының лашығына кіріп келетін сиқыршы ма, сайтан ба, әйтеуір біреу болса, Абайда «жәдігәй ме, шайтан ба» әйтеуір бір адам кіріп келеді. И. А. Крыловта ой түйіні жоқ болса, Абай мысалдың соңынан

«Алтын қайда, сөз қайда?

Қу нәпсіден не пайда?» деген моральді ұсынады [5].

Ал Байтұрсынов болса, «Жарлы байда» түпнұсқадан еркін кеткен. Ахметтің жарлысы – кәдімгі

«Аяқта етігі жоқ, баста бөрік,

Үстінде жыртық көйлек кір-кір, тозған» қазақтың сіңірі шыққан кедейі.

Ахметтің жарлысы мен бай болсам;

«Жылқымды, қымызымды, қойымменен

Жұмсар ем қонағыма, тойымменен.

Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып,

Күнде той, күнде қызық ойынменен»-

– деп, нағыз қазақтарша, қазақы танымменен қиялға шомады [1, 34-б.].

Жарлы ойланып жатқанда «ақсақал ақ сәлделі таяқ қолда» «бір қарт» кіріп келеді. «Орнынан кедей тұрып сәлем берді.» Орысшасында кіріп келген біреу сәлемдеспей, бірден сөйлеп кетеді. Абайда да «бір адам» «келе сала сөйлейді.» Ахмет аудармасындағы кіріп келген ақсақалды кісіге жарлының орнынан тұрып сәлем беруі – қазақ үшін қалыпты жағдай. Бұл жерде автордың тағы бір аңғартып отырғаны – жарлы кедей болғанымен де оның адамгершілігі жоғары еді. Ол дүниенің соңына түсіп, қызығына батқан кезде бұрынғы адами ойларынан, қалпынан айрылып, аяғы өліммен бітеді.

И. А. Крыловтың «кошелек», «червонец» сөздерін Абай «дорба», «алтын» деп аударса, Ахмет «әмиян, шилан», «ділда» деп алған.

«Мінеки, – деді, – енді мен де баймын!

Байлар мен жұрттан асқан сайма-саймын.

Құдайым бермегенде жаттым ұйықтап;

Тұрғанда құдай беріп, неге ұйықтаймын?!

Шығарсам қазір алтын үй алатын,

Онан соң бір жүз мыңнан бие алатын,
 Көшкенде жүктерімді атқа артам ба,
 Тағы да алтын керек түйе алатын.
 Бір жақсы кең қонақ үй тағы керек,
 Келсе де қанша қонақ сия алатын.
 Ол үйге жібек көрпе, жастық, кілем-
 Болмайын қонақтардан ұялатын.
 Сияр мен мына алтын - қойға деді,
 Аналар қатын алсам тойға деді.
 Жұмсармын мұнан соңғы алтындарды
 Қаражат, киім-кешек бойға деді» [1, 35-б.] -

деген жолдардағы қазақ тұрмысымен тікелей байланысты сөз тіркестері түпнұсқада жоқ Крыловта тек үй, экипаж, саяжай, тіпті деревня сатып алсам деген жарлының арманы бар. Ал Ахмет өз кейіпкерін нағыз қазақша армандатқан. Әрбір қазақтың осылайша ойға берілуі нанымды. Иванның жарлысы ақша санаймын деп, ақырында шашы аппақ құдай болып, әбден арып-ашып сарғайып, тоғызыншы миллионда қайтыс болса, Ахметтің жарлысы да сақал шашы ағарып, арығаннан қу сүйегі қалып, ақылынан адасып, жынды болып, «оныншы миллионда санап жатып» «баяғы лашығында жан тапсырады».

А. Байтұрсынов та Абай сияқты мысалдың соңынан негізгі ұсынылған ой қорытындысын береді:

«Бір емес, толып жатыр осындай кеп,
 Бар болып жоқтың ісін істейтін көп.
 Малы көп, көңілі жарлы адамдарға
 Ат қойған қанша теріс жарлы бай деп?
 Жаман ғой жарлылық күй адамзатқа,
 Жақсы емес рақатсыз байлық-бақ та.
 Мал жиып бай болуды талап еткен,
 Жадына бұл кенесті ұғып сақта!» [1, 36 б.]

«Бедный богач» мысалында И. Крыловтың айтпақ болғаны адамды басқаның бәрін қойып, дүние қушылықтың соңына түсіп кетудің ақыры жақсылыққа соқтырмайтынын ескерту болса, Абай «қу нәпсіден» сақ болуға шақырады. Ал Ахмет осы идеяларды дамыта отырып, өз ойларын үстеген. Дүниең бола тұрып, оны игілігіне жаратудан жалтарма, өмірде малы көп болғанмен көңілі жарлы адамдар, яғни сарандар кездеседі; адам болып өмір сүру үшін оған дүние керек, «рақатсыз байлық – бақ та» жақсы емес дегендей, өмірдегі байлықтың мәніне тереңдей түседі.

И. А. Крыловтың «Осел и соловейн» [4, 70 б.] Абай «Есек пен бұлбұл» деп аударыпты. Мысал И. Крыловта – 29 [4, 70 б.], Абайда - 28 [6, 57 б.],

Ахметте – 48 жол [1, 16 б.]. Азын-аулақ толықтыруларына қарамастан, Абай мен Иванның мысалдары бір-біріне негізінен сәйкес келеді. Түпнұсқада, Ахметте есек бірден бұлбұлды көріп, оған ән салшы деген өтінішін айтса, Абайдың есегі

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы
 Сонырқап жатқа кетті қай-қайдағы.
 Қанғырып өлкені өрлеп келе жатып,
 Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.» [6, 57-б.]

Бұл жерде Абайдың есегіні әбден тойып, «сонырқап», не істерін білмей келе жатқанда, бұлбұлға кездесіп, ән салуын сұрауы өте нанымды шыққан. Есектің сөзі түпнұсқада да, Абайда да, Ахметте де көлемі, айтары жағынан шамалас. Ал бұлбұлдың ән салуы орысшасында – 12, Абайда – 8, Ахметте – 12 жол. Әнді тыңдап болған соң, есектің бұлбұлға айтқан сөздері де шамалас. Орысшасындағы тауықты (петух) Абай «әтеш», Ахмет «тауықтың айғыры», «қораз» деп алған. Мысалдың орысшасындағы

«Услыша суд такой, мой бедный Соловей
 Вспорхнул и – полетел за тридевять полей» [4, 70 б.]

деп аяқталуын Абай

«Бұл сықылды сыншының сөзін естіп,
 Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті» [6, 57 б.]

– деп, дәлме-дәл аударса, Ахмет

«Бұл сөзге жәбірленіп Бұлбұл қатты,
 Сөз тыңдап одан әрі тұра алмапты»

– деген екі жолды өз жанынан қосып

«Есекке сынатпасын құдайым деп,
 Пыр етіп ұшыпты да кетіп қапты» [1, 16 б.]

– деп, негізінен дәл берген. Тек Абай «көз көрмеске» деп алған «тридевять полейді» қалдырып кеткен.

Негізгі ойын И. А. Крылов «Избави бог и нас от таких судей» [4, 70 б.] – деп түйіндесе, Абай:

«Демеймін мені мазақтасын,
 Я жақсын, я жақпасын.
 Сүйтсе де мұндай сыншыдан
 Құдайым бізді сақтасын»-

– деген бір шумақпен аяқтайды [6, 57 б.]. Ал Ахмет болса, қазақ оқырманына мысалдың тағылымын екі шумақпен ұғынықты күйде береді:

«Ал енді мұнда қандай ғибрат бар?

Есектей іс атқарар көп адамдар.

Сар жезден саф алтынды айырмайтын

Дүниеде бар емес пе не надандар.

Есектей қалпы кейбір адамдардың,
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.
Асылды жасықпенен танымайтын
Сынынан сақта, алла, надандардың» [1, 17-б.].

Әрине, бұл жерде де ойды орысшасындағыдай бір-екі жолмен түйіндей салуына болатын еді, бірақ Ахмет аударманың түпнұсқаға сай келуінен гөрі, өзінің күпі киген қара қазағына түсініктірек болуын басты назарда ұстаған.

И. А. Крыловтың «Левь состаревшийся» [7, 182 б.] мысалын А. Байтұрсынов «Қартайған арыстан» деп аударыпты [1, 27 б.]. Орысшасы – 24, қазақшасы 48 жол, яғни аудармасы екі еседей көлемді.

Аң патшасы қартайып жатқанда, бұрын бетіне келе алмайтын Ат, Қасқыр, Өгіз аяғымен теуіп, тісімен тістеп, мүйізімен сүзіп, ақыларын алып жатады. Бір кезде есек те келіп, жанды жерінен теуіп, өшін алуға оңтайланады. Аудармада қартайғанда қорлық көріп жатқан Арыстанның монологына көңіл бөліңкіреп, 12 жолды құраса, ол түпнұсқада 5-ақ жол [1, 27 б.]. Орысшасының соңында мораль жоқ. Қазақшасында үш шумақ ой түйіні бар.

«Қартайған Арыстанды» дәл аудармаға жатқызуға болады; тек Арыстанның 12 жолдық монологі мен соңындағы тағы да 12 жолдық ой қорытындысы көлемін көбейтіңкіреп тұр. Соңғы ой түйініндегі

«Ерлер бар заманында дәурен сүрген,
Дұшпанын ерегіскен жалғыз бүрген.»
«Басыңнан бақыт күні ұшқан күні
Құл-құтан басынады малайың да»-

– деген сияқты тіркестер көркемдігі де, айтар ойы да қазақилығымен ерекшеленеді [1, 28 б.]. Осы сияқты мақал-мәтелге сұранып тұрғандай сәтті тіркестер А.Байтұрсыновтың мысалдарында жиі кездеседі.

«Адамдар құр даурықпас ақылы мол» («Екі бөшке») [1, 44 б.].
«Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» («Аққу, шортан һәм шаян») [1, 5 б.].
«Шығар ма тасқа егін еккенменен?» («Маймыл») [1, 8 б.].
«Күнәсі күндегеннің жаман қатты» (Өгіз бен бақа») [1, 10 б.].
«Опа жоқ құр айласыз мықтылықтан» («Емен мен қамыс») [1, 11 б.].
«Кісіге таза жолдас табу қиын,
Көбін-ақ дос етеді мал мен бұйым» («Арыстан, киік һәм түлкі») [1, 19 б.].
«Қас болған жақынымен ақырда оңбас» («Ағаш») [1, 25 б.].
«Өнерсіз қара күште жоқ қасиет» («Кісі мен арыстан») [1, 38 б.].
«Залымдар айран ішіп, аман кетіп,
Момындар тұтылып жүр шелек жалап» («Аңдарға келген індет») [1, 45 б.].
«Бұлттай жерге жаумай, суға жауған» («Қара бұлт») [1, 49 б.].
Иттерге таласса да жарасады» («Иттің достығы») [1, 50 б.].

«Адам аз алдын болжап анық білер» («Ала қойлар») [1, 55 б.].
«Ұрлығын ұры қоймас түлкідей-ақ» («Түлкі мен қарашекпен») [1, 58 б.].
«Күнәлі біреу ойдан, біреу тілден» («Қарашекпен мен қой») [1, 60 б.].
«Жақсыны жақсы деген мақтау емес,
Жаманды жаман десең, болмайды өсек» («Есек пен үкі») [1, 62 б.].
«Қалпынан есек асып ат болмайды» («Есек пен үкі») [1, 62 б.].

А.Байтұрсынов мысалдарын көбіне қарапайым халықтың кәдесіне жарату мақсатымен ауызекі сөйлесуде көп қолданылатын сөздерді, тіркестерді жиі қолданады:

«Семірді Түлкі тұлыптай боп» («Түлкі мен Қарашекпен») [1, 58 б.].
«Бастан құлақ садаға» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13-б.].
«Не қара басты, қара басқыр» («Шымшық пен көгершін») [1, 6 б.].
«Шекірейіп жан біткенге патшамын деп,
Мақтанып жүруші едің судай тасып» («Кісі мен арыстан») [1, 38 б.].
«Сидіған жаман киік өтіп кетті...» («Арыстан, киік һәм түлкі») [1, 19 б.].
«Тырайып қалды» («Малшы мен маса») [1, 70 б.].

Осындағы асты сызылған сөздер образдың табиғилығын арттырып, өмірге жақындатыңқырап тұрғаны рас. Сол сияқты халықтың сөйлеу мәнерін де тиісті жерінде орынды қолданып отырған.

«Уа!» – деп Қасқыр сонда көзін ашты» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13 б.];
«Уа!» – деді, – көретін де күн бар екен» («Қарға мен түлкі») [1, 21 б.];
«Е, жұртым! Нәпсімізді тыя алмадық» («Аңдарға келген індет») [1, 45 б.];
«Ау, жаным, – Қыдыр айтты, – енді жетер» («Қайыршы мен Қыдыр») [1, 64 б.];

«Қазағым, сал құлағың нақылыма» («Өзен мен Қарасу») [1, 68 б.];
«Құдайым, жолдас қылма жамандарға» (Шал мен Жұмыскер») [1, 33 б.].

Осындағы «уа!», «е, жұртым», «ау, жаным», «қазағым», «Құдайым» секілді қаратпа сөздер біріншіден, оқырман назарын өзіне аударса, екіншіден, оған эмоциянальды, экспрессивті сипат дарытып тұр, үшіншіден, қазақтың шешендік өнеріндегі дәстүрлі тәсілді тиімді пайдаланып, мәтіннің қарапайымдылығын, табиғилығын, ұғынықтылығын арттыра түскен.

Ахмет қазақтың мақал-мәтелдерін, тұрақты сөз тіркестерін орынды жерінде тиімді пайдаланып отырады. Бұларды көбіне мысалдың ой түйінін берерде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ретінде пайдаланады. Мысалы:
«Өлін білмес, әлек» («өгіз мен Бақа») [1, 10 б.];
«Ұялған тек тұрмайды» («Сары шымшық») [1, 57 б.];
«Не ексең, соны орасың» («Қасқыр мен Мысық») [1, 52 б.];
«Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» («Аңдарға келген індет») [1, 45 б.];

«Сыйға сый» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13 б.];

«Садаға бастан құлақ» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13 б.];
 «Алланың, адам басы, добы» («Шымшық пен көгершін») [1, 6 б.];
 «Аузынды құрғақ қасық босқа қажар» («Сорлы болған мұжық») [1, 79 б.];
 «Жазмыштан – озмыш озбас» («Шымшық пен көгершін») [1, 6 б.].

И. А. Крылов мысалдарын қазақ тіліне аудару барысын бағамдағанда, А. Байтұрсынов та орыс мысалшысының туындыларын аударғанда оның түпнұсқадағы формасы мен стилін сақтауды мақсат етпей, тек негізгі ойларын ғана алып, қажетті жерінде ары қарай дамыта түсіп, жаңа шығарма жазған. Сондықтан да Ахметтің қайсыбір мысалдарын аударма деп те, төл туынды деп те қарауға болады [8, 18 б.].

Қазақтың демократияшыл бағыттағы ақын-жазушылары әдебиеттің адам өміріндегі аса маңызды ролін ескере отырып, дәуір талабына сай оны насихаттық мақсатқа, тәрбие құралына айналдыра білген. Сауаты ашылмаған, ұлттық сана-сезімі әлі толық қалыптаспаған, әлеуметтік экономикалық жағынан кенже қалып, мүлгіп жатқан халқын оятуға әдебиеттің күдірет күшін барынша пайдаланды. Ыбырай, Абайдың білім-ғылымға, өнерге, еңбек етуге, жаман қылықтардан арылуға шақырған шығармалары әдебиеттің тамаша үлгілері болып табылады. ХХ ғасыр басындағы ағартушы демократ қаламгерлер де халықтың сана-сезімін оятып, демократиялық даму жолына түсіруде әдебиет аса тиімді күрес майданына айналды.

А. Байтұрсынов шығармашылығының өзіне тән сыпаттарының бірі ретінде оның публицистикалық қасиетін атап айтар едік. Бұл әсіресе оның мысалдарынан анық көрінеді. Ол орыс мысалшысы И. А. Крыловтың мысалдарын қазақша сөйлеткенде осы дәуір талабын, әлеуметтік мәселені бірінші орынға қойып, оның оқырманға берер тағылымдық, тәрбиелік жағын көздеп отырды. Сонықтан да «Қырық мысалдың» шығуы кезінде үлкен әдеби оқиға болумен бірге саяси-әлеуметтік өмірде де жаңа сөз ретінде қабылданып, ұлттық сана-сезімнің оянуына тарихи еңбек сіңірді. Сондықтан да А. Байтұрсыновтың аудармаларында кездесетін публицистикалық элементтерді оның кемшілігі деп емес, тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты туындаған өзіндік ерекшеліктері деп қараған жөн. Сонымен бірге әдебиеттің дәуір үнімен үндесіп жатуы оның өміршендігінің бірден-бір белгісі дейтін болсақ, А. Байтұрсынов аудармаларының еңсесін биікке көтеріп тұрған оның заманауилығы, қоғамдық өмірдің зәру мәселелерін батыл көтере білгендігі, бодан қазақтың сана-сезімін оятып, азаттық жолына үндеген жалынды насихаты екендігі де есте болған жөн. Ахметтің ұлылығы сол – ол бір күндік мәселені емес, халықтың ұлт болып ұйысуы, бақытты өмір сүруі үшін аса қажетті мәселелерді көтере білуінде. ХХ ғасырдың басында атойлап Ахметтер көтерген әлеуметтік-мәдени мәселелер күні бүгін де, арада ғасыр өткеніне қарамастан, яғни ХХІ ғасырда да өз зәрулігін жойған

жоқ. Демек, ұлттың – ұлт болып қала беруі үшін аса маңызды мәселелерді көтеріп, халқының асыл мұрасын байытқан, Абай сияқты, Ахмет жырлары да бүгін де, ертеңде еліміздің өркендей беруіне қызмет ете беретін болады.

А. Байтұрсынов мысалдарының басты ерекшелігі онда көтерілген мәселелердің әлеуметтік мәнінің күштілігінде жатыр. Ахмет И. А. Крылов мысалдарын аударуға әлеуметтік тұрғыдан келіп, өз идеяларын халыққа жеткізуге тырысқан. Ол идеялар негізінен халықты адамгершілікке, азаттыққа, сол жолға күреске үндейтін озық ағартушылық-демократиялық бағытта көрінді.

Ахмет аудармаларының тағы бір ерекшелігі негізінен түпнұсқадағы мазмұнға сай келіп отырғанымен де көп жерлерінде өзінше еркін кететін тұстары да баршылық. Ахаң дәлме-дәл аударды дегеннің өзінде де қазақ оқырманының ерекшеліктерін ескере отырып, өзгертулер, толықтырулар жасап отырады. Яғни, қаламгерді сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени жағдайы мәжбүрлеген.

И. А. Крыловтың мысалдарында көбіне ой түйіндері берілмесе, Ахметте бірлі-жарым болмаса, барлығында дерлік, мәтінде суреттелетін оқиғадан туындайтын ой қорытындылары беріледі. Мұнысы кейде қысқа, кейде ұзақ. Осы ой түйіндерінде мысалдың негізгі идеясын ауызға шайнап бергендей, оқырманына түсінікті түрде, ашық жеткізеді. Кейде ол ойды ары қарай өрбітіп, тереңдете түседі, қазақтың қым-қуыт өмірінің өзекті мәселелерін көтереді. Мұндай жағдайда мысал аудармашының өзіндік ойларын оқырманға жеткізудің бір сатысы, ретінде қызықты формасы пайдаланылады, өзінше өрнек танытады. Кейбір ой қорытындылары ұзақ келіп, жеке тұрғанда да бас-аяғы бүтін моральдық тақырыпқа арналған өлең сияқты.

А. Байтұрсыновтың аудармалары негізінен 11-12 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Оларда ауыз әдебиетінің, әншілік дәстүрдің ырғағы, сипаты анық байқалып тұрады. Халықтық фольклордағы хайуанаттар жайлы ертегі-аңыздардағы таным-түсініктер аудармаларда тиімді пайдаланылған. Ауыз әдебиетіндегі сөз саптау, бейнелеу құралдары, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері Ахметте шебер пайдаланылған.

М. Әуезов Абайдың аудармалары жайлы айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Бұнысы – аударма ғана емес, Европа, Шығыс әдебиеті тарихында көп ғасырлар бойы тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінде де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойларды өзгерте жырлауы әдейі істелетін, өзіндік тумаларда жақын болып шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің кейіпкерлерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар» [9, 4 б.]. М. Әуезовтің Абайдың аудармалары хақында айтқан осы пікірі А. Байтұрсынов аудармаларының

сипатына да дәл келеді. Біз осы пікірді сәл бұрып айтсақ, ол аударды деп жүрген мысалдардың көпшілігін аударма дегеннен гөрі И. А. Крыловтың сарынымен жазылған А. Байтұрсыновтың төл туындылары деп тану керек.

Орыс ақыны Жуковскийдің «аудармашы прозада құл да, поэзияда бәсекелес» [10, 51 б.] дегені бар. Абай И. А. Крыловты аударғанда барлық жағынан да оның шын бәсекелесі бола білді. Ал Ахмет болса, орыс мысалшысының туындыларын тәржімалағанда негізінен оның әлеуметтік мәніне мән беріп, оның ойларын ары қарай дамытып әкетіп, бәсекелестікті оның идеялық жағынан жасады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынов орыс мысалшысы И. А. Крыловтың мысалдарын аударып, кей жағдайларда сюжетін ғана пайдаланып, еркін жырлау арқылы сол кездегі қазақ қоғамында орын алған кемшіліктерді шебер көрсетіп, оларды ащы сынға алды; отар болып әлсіреп жатқан халқын аллегориялық кейіпкерлері азаттық үшін күреске шақырды; кең далада еркін өмір сүреген көшпелі елі жақсы білетін хайуанаттар өмірінен алынған мысалдар арқылы туған халқының сана-сезімін оятуға, сөйтіп әлеуметтік дамуға ықпал етуге тырысты. Ең бастысы Мұқағалидың

«Күпі киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын»

дегеніндей, И. А. Крыловтың орысша шүлдірлеген мысалдарын үстіне қазақтың қара шапанын, басына түлкі тымағын кигізіп, халқымыздың кеңбайтақ сахарасында қазақша сөйлетті; қазақ әдебиетіне жаңаша түр, жаңаша мазмұн, жаңаша ойлар әкеліп, қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, рухани қазынасын байыта түсті.

Пайдаланған деректер тізімі

